

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Заң факультеті

Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасы

ӘОЖ 341.6

Қолжазба құқығында

НҰРТАН АЗАМАТ ЕРЛАНҰЛЫ

**Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін
мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары**

8D04201-Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
заң ғылымдарының кандидаты,
профессор,
А.А. Нукушева

доктор PhD,
профессор
М.Н. Абилова

Шетелдік ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының докторы,
профессор
Э.Э. Юхневичус
(Гданьск)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2026

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ШЕТЕЛДІК СОТ ПЕН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ	16
1.1 Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың маңыздылығы: теория және практика тұрғысынан.....	16
1.2 Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесінде алатын орны.....	29
1.3 Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейде құқықтық реттеу.....	37
2 ШЕТЕЛДІК СОТ ПЕН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ	49
2.1 Тану – шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындаудың алғышарты мен ерекшелігі.....	49
2.2 Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін танудан бас тарту негіздері.....	63
2.3 Шетел шешімдерін мәжбүрлеп орындатудан бас тартудың әмбебап негіздері мен халықаралық орындаудың принциптер жүйесі.....	83
3 ШЕТЕЛДІК СОТ ПЕН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУДЫ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТЕНДІРУ	104
3.1 Қазақстан Республикасының территориясында шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ұлттық тетіктері.....	104
3.2 Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың халықаралық тетіктері.....	116
ҚОРЫТЫНДЫ	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	135
ҚОСЫМША А - Зерттеу нәтижелерін Астана қаласы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының практикасына енгізу туралы акт.....	150
ҚОСЫМША Ә - Зерттеу нәтижелерін Бірінші экономикалық арбитраждың практикасына енгізу туралы акт.....	151
ҚОСЫМША Б – Қазақстан Республикасы жоғарғы сотының нормативтік қаулысы.....	152
ҚОСЫМША В – Шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулық.....	154
ҚОСЫМША Г – Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы конвенцияның жобасы.....	157

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЕК	– айлық есептік көрсеткіш
АК	– Азаматтық кодекс
АПК	– Азаматтық процестік кодекс
АДЖЖСОМ	– Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының
туралы Заң	мәртебесі туралы заң
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГФР	– Германия Федеративті Республикасы
ЕО	– Еуропа Одағы
ЕАЭО	– Евразиялық экономикалық одақ
ж.	– жыл
ЖС	– Жоғарғы Сот
ЖШС	– Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ИДРХО	– Инвестициялық дауларды реттеу бойынша халықаралық орталық (ICSID)
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚХТ	– Қазақстандық халықаралық төрелік
ҚХР	– Қытай Халық Республикасы
МАЭС	– Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот
МЕРКОСУР	– Оңтүстік Америка елдерінің ортақ нарығы
НЙК	– Нью-Йорк Конвенциясы
т.б.	– тағы басқалар
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
т.с.с.	– тағы сол сияқты
ЮНСИТРАЛ	– Біріккен ұлттар ұйымының халықаралық сауда құқығы бойынша комиссиясы
Ad hoc	– бір ретке
Checklist	– іс-әрекеттерді жүйелеу үшін жасалған тексеру парағы
Lex arbitri	– төрелік елінің заңы
Lex fori	– сот елінің заңы
Lex rei sitae	– мүлік орналасқан елдің заңы
Lex personalis	– жеке тұлғаның жеке заңы
Lex societatis	– заңды тұлғаның жеке заңы
SWOT	– (strength – күш, қуат, weak – әлсіздік, opportunity – мүмкіндік, threat – қатер) – нақты саладағы құбылысты немесе ресурстарды талдау үшін пайдаланатын қысқарған сөз
WJP	– World Justice Project/дүниежүзі бойынша заң үстемдігін алға тартатын халықаралық ұйым

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың құқықтық негіздері мен заманауи талаптары мәселелерін зерттеуге бағытталған. Диссертацияда шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлі түрде орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негіздері қарастырылды. Оның ішінде мұндай шешімдерді орындатудың маңыздылығына; оларды орындауды реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесіндегі орнына; шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды құқықтық реттеу негіздеріне назар аударылды. Зерттеуде шетел шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың ерекшелігі ретінде тану мәселесі қарастырылды. Тану мен орындаудан бас тарту негіздері талданып, халықаралық атқарушылық іс жүргізудің принциптер кешені ұсынылды. Сондай-ақ, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды заманауи талаптарға сәйкестендіру мақсатында оның ұлттық және халықаралық тетіктері ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде заңнама мен практиканы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әр адамның өз құқықтарын заңға қайшы келмейтін тәсілдермен қорғау хақы Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 1-тармағында бекітілген [1]. Бұндай тәсілдер арасында сот пен төрелік негізгі орын алады. Олар шығарған шешімдердің орындалуы арқылы субъектілердің құқықтары мен бостандықтары қалпына келтіріліп, әрі қарай жүзеге асырылуға мүмкіндік беріледі.

Жаһандану мемлекеттердің экономикалық дамуына серпін беретін халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және қолдауға ықпал етеді. Халықаралық кооперацияның негізгі түрлерінің бірі – шетелдік инвестициялар мен тауар-ақша айналымы. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына 2025 жылғы 8 қыркүйекте жасаған Жолдауында баса көңіл бөлінген. Жолдауда елімізге қомақты инвестиция тарту керек екендігі және іскер азаматтардың әлеуетін толық ашу мәселесі күн тәртібінен түспегендігі туралы айтылып, тиісті құқықтық базаны жаңғырту қажеттігіне де назар аударылған [2]. Осындай инвестициялар мен кәсіпкерлердің өзара әрекеттесуі және ынтымақтастығы барысында әртүрлі елдердің соттары мен төреліктерінде қаралып, шешімін табатын азаматтық-құқықтық және коммерциялық даулар туындауы заңды құбылыс.

Бұл жағдайда соттар мен төреліктер шешім шығарғанда ғана емес, әрі қарай олар толық орындалған жағдайда құқықтық реттеу тетігі өз нәтижесіне жетіп, субъектілердің бұзылған немесе даулы құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері нақты қалпына келеді. Демек, негізгі мәнге ие фактор – шешімдердің уақытылы орындалуы. Халықаралық кооперацияның, сондай-ақ

адамдардың, тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен өндірістің еркін қозғалысы қаншалықты кеңейе түссе, туындайтын дауларды жедел әрі тиімді шешудің және тиісті сот пен төрелік шешімдерін дер кезінде орындаудың аса қажеттілігі де соншалықты айқын көрінеді. Ал азаматтық айналымға қатысушының өзінің пайдасына шешілген сот актісін орындау мүмкіндігінен айырылуы оның заңды құқықтарын іс жүзінде іске асыруына кедергі келтіреді, себебі шын мәнінде өндіріп алушының пайдасына жасалатын іс-әрекеттер жүзеге асырылмаса, оның құқығы қағаз жүзінде ғана расталып қалады.

Қазіргі таңда сыртқыэкономикалық байланыстың кеңеюі бүкіл әлем бойынша орналасқан соттар мен төреліктерде қарауға жататын шетел элементімен күрделенген даулар санының да көбеюіне әсерін тигізіп жатыр. Бұл, өз кезегінде, Қазақстан аумағында оларды тану мен мәжбүрлі түрде орындатуды көздейтін шетелдік соттар мен төреліктер шығарған шешімдер санының жылдан жылға артуына алып келеді. Мәселен, ресми статистикалық есептерге сүйенер болсақ [3], 2016 жылы Қазақстанның аумағында осындай шешімдер бойынша 77 атқарушылық іс жүргізу қозғалған болатын. 2016 жылдың аяғында олардың ішінен 44 шешім орындаусыз қалған. Ал 2024 жылдың аяғында сырттан келген шешімдердің жалпы саны 5393-ке жеткен болатын. Олардың 716-сы ғана 2024 жылдың аяғында сот орындаушылары тарапынан орындалып, қалған 3669 атқарушылық іс орындалмай қалған. Осылайша, тек орындауға жататын істердің көбеюіне ғана емес, әртүрлі себептермен орындалмай қалған шешімдердің саны айтарлықтай өскені де байқалады. Шешімдердің орындалмау себептері әртүрлі болуы мүмкін. Қалай болғанда да, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тиімді орындау проблематикасының маңызы зор, себебі ол жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруді көздейді.

Шетелдік шешімдердің орындалуы – мемлекеттің халықаралық аренадағы беделінің ғана емес, сонымен қатар ел ішінде құқықтарды қорғау мен қалпына келтіруді құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етудің де тиімділігінің өлшемі болып табылады, себебі атқарушылық іс жүргізудің сапасы адам құқықтарымен тығыз байланысты.

Алайда шетелдік соттар мен төреліктер шығарған шешімдердің барлығын орындау мүмкін болмайтындай жағдайлар да туындайды. Ол, өз кезегінде, азаматтық айналымның тұрақтылығы мен болжамдылығына кері әсерін тигізеді. Бұған мемлекеттердің ұлттық заңнамаларындағы айырмашылықтар және әрбір елдің өз ұлттық құқықтық шектеулері себеп болады. Осылайша, бүгінгі таңда шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен орындауда келесідей мәселелер кездесетінін осы тақырыпты зерттеу барысында анықтадық:

1) халықаралық құжаттар мен әр елдің заңнамасында бағалауға жататын, мазмұны анық емес ұғымдар бекітілген (мысалы, өзара түсіністік, жария тәртіп және т.с.с.). Бұл ұғымдардың мазмұны бойынша теория мен практикада нақты түсінік қалыптаспаған. Жария тәртіп ұғымы құжаттар мен нормативтік актілерде бекітілгенімен, сот практикасында жылдар бойы қолданылғанымен,

әлі күнге дейін оған нақтылық берілмеген. Соның салдарынан жария тәртіп ережесін соттар тарапынан кең мағынада асыра пайдалану жағдайлары жиі кездеседі. Өзара түсіністік дәлелденуі тиіс және ол принцип тұрақтылықты қамтамасыз етпейді;

2) осы саланы реттейтін халықаралық құжаттардың нормалары міндеттемелі және императивті түрде бекітілмеген, сәйкесінше, әр юрисдикцияларда осы халықаралық құжаттардың нормаларын қолдануда әртүрлі практика қалыптасып қойғанын талдау барысында анықтадық, яғни нормаларды қолдануда бірізділік жоқ деген сөз. Олай болса, бірізділікті қамтамасыз ете алмайтын құжаттың қандай пайдасы бар? - деген сұрақ туындайды;

3) халықаралық атқарушылық іс жүргізудің принциптер жүйесі еш жерде бекітілмеген, ал теорияда және халықаралық құжаттарда фрагмент түрінде берілген принциптер аморфты сипатта (мысалы, тиімділік принципі) және жүйеленбеген күйде қалып қойған. Ал принцип дегеніміз құқықтық қатынастарды реттеуде болжамдылықты қамтамасыз ететіндей объективті өлшемшарттарға негізделген тұрақты, нақты және бір мағыналы болуы керек;

4) өңірлік деңгейде айтарлықтай бірыңғайландыруға қол жеткізілгенімен, халықаралық құжаттарда шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың тетігі ашылмаған, яғни негізінен халықаралық құжаттар тану процедурасын ғана қамтиды да, әрі қарай шешімдерді орындатудың әртүрлі юрисдикцияларға ортақ тетігі көрініс таппаған. Сонымен қатар, әлемдік деңгейде біріздендіруге қол жеткізу қажет, себебі шетелдік шешімдердің еркін қозғалысын қамтамасыз етсек, тұлғалардың құқықтарын дүниежүзі бойынша қалпына келтіруге мүмкіндік туады;

5) ҚР-ның атқарушылық іс жүргізу заңы шетел элементімен күрделенген мәселелерді арнайы түрде реттеуге бағытталмаған. Оның нормаларын талдау негізінде заң шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың ерекшеліктерін ескермейді деген қорытынды жасалды. Оған қоса, біздің заңнамамен таныс емес шетелдік өндіріп алушылар үшін олардың өз пайдасына шығарылған шетелдік шешімдерді орындау бойынша жүйелі де түсінікті нормалар ұсынылмаған. Олай болса, олардың құқықтарын қалпына келтіру қиындық туғызатыны анық.

Осы тәріздес факторлар шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатуда азаматтық айналымның тұрақсыздығы мен құқықтық айқынсыздығына негіз болатын бірқатар мәселелердің бар екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, аталған факторлар осы зерттеудің қажеттілігі мен уақытылығын, сонымен қатар, маңыздылығы мен өзектілігін негіздейді.

Шешімдерді орындау саласында нақты құқықтық негіздері мен тұрақты тәжірибесі жоқ әрі субъективтік құқықтардың қалпына келуіне толық кепілдік бере алмайтын мемлекет (әсіресе шешімдерді орындау мүмкіндігі тұрғысынан) капитал тарту үшін тартымды бола алмайды. Мысалы, шетелдік инвесторлардың олардың өз пайдасына шығарылған шешімдерді орындатуға құқығы бар. Ал шетелдік шешімдерді танудан және орындаудан бас тартудың

нақты негіздерінің және бұл салада құқықтық айқындылықтың болмауы инвестициялардың елден кетуіне әкелуі ықтимал. Жалпы алғанда, егер шетелдік контрагент белгілі бір мемлекетте өз құқықтарының қорғалуына сенімсіз болса, ол сол елдің субъектілерімен келісімшартқа бармайды. Бұл өз кезегінде мемлекеттің тауар-ақша айналымына тікелей әсерін тигізеді. Сәйкесінше, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатумен байланысты қатынастарды реттеу жаңа форматқа өтуді, сонымен қатар, ұлттық және халықаралық тетіктерді әзірлеуді қажет етеді.

Зерттеу тақырыбына қатысты теориялық тұжырымдарды талдау және оларды қолданыстағы заңнамамен және тәжірибемен салыстыру құқық қолдану саласында белгілі бір қайшылықтардың бар екенін көрсетті. Мұндай қайшылықтар құқықтық реттеудің тиімділігін әлсіретіп, практикалық тұрғыдан іске асыруда кедергілер туындатады. Сондықтан шетелдік шешімдерді орындау тетігін жетілдіру ең алдымен осы бағыттағы теориялық зерттеулердің дамуына, соның негізінде заңнамалық және нормативтік базаның жаңаруына әсер етеді.

World Justice Project (WJP) деректеріне сәйкес, азаматтық іс жүргізу аясындағы тиімді орындау көрсеткіші бөлігінде заң үстемдігі индексі бойынша Қазақстан жаһандық рейтингте 143 елдің ішінде 31-орынға ие болып отыр. Бұл көрсеткіш 0-ден 1-ге дейінгі шкалаға сәйкес 0,61 ұпайға тең. Бұл көрсеткіш өте жоғары деңгейде болғанымен, Германия, Франция, Ұлыбритания сияқты елдерден әлі де артта екенімізді көрсетіп отыр [4]. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында [5] негізгі басымдылық ретінде сот төрелігінің сапасын жақсарту белгіленген. Аталған жоспарға сәйкес 2029 жылға қарай халықтың сот жүйесіне деген сенімінің деңгейі 58%-ға дейін артады. Ал осы көрсеткішке жету мүмкіндігі сот пен төрелік шешімдерінің дер кезінде және тиімді орындалуымен тікелей байланысты екені анық.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, азаматтық және коммерциялық қатынастардың трансшекаралық деңгейде табысты жүзеге асырылуы жағдайында бұл мәселені қазіргі кезеңнің басты басымдықтарының бірі ретінде қарастыруға негіз бар екенін айтып кеткен жөн.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Бұл тақырып кешенді сипатқа ие және азаматтық іс жүргізу құқығы, халықаралық жеке құқық, халықаралық коммерциялық төрелік және атқарушылық іс жүргізу салаларындағы теориялық зерттеулерді қамтиды.

Қазақстан Республикасында осы тақырып аясындағы жекелеген мәселелер В.Т. Конусованың [6], С.А. Саринаның [7] диссертациялық жұмыстарында қарастырылған. В.Т. Конусованың диссертациясы Қазақстандағы мемлекеттік емес тәсілдерді жан-жақты зерттеуге бағытталған алғашқы жұмыстардың бірі болды. Аталған авторлар зерттеулерінде негізінен төрелік саласына көңіл бөлген. Осыған байланысты шетелдік төрелік шешімдерін тану мен орындау мәселесіне тек өз жұмыстарының мақсаты шеңберінде назар аударған. Біздің диссертациялық жұмысымыздың тақырыбына С.А. Акимбекованың [8] 2012 жылы Бішкек қаласында заң

ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін қорғаған диссертациялық жұмысы ең жақын болып келеді. Алайда бұл жұмыс Қазақстанның атқарушылық іс жүргізу заңнамасы енді қалыптасып, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау саласындағы реттеу даму үстінде болған кезде жазылып, негізінен, азаматтық процесс тұрғысынан қарастырылған. Оның үстіне, бұл диссертация қорғалғаннан бері 13 жыл өткен, ол мерзім ішінде заңнаманың кемшіліктері айқындалып, трансшекаралық қатынастардың форматы едәуір өзгерді. Басқа осы тақырып аясындағы диссертациялар арасында М.А. Акимбекованың [9] еңбегін атап өтсе болады. Бұл еңбектегі соңғы бөлімшеде Қазақстанның территориясында инвестициялық төреліктердің шешімін тану мен орындаудың қысқаша түрде құқықтық тетігі қарастырылған. Сонымен қатар, М.Н. Абилованың халықаралық жеке құқық саласы бойынша 2015 жылы қорғалған [10] диссертациясы осы жұмыстың кейбір мәселелерін (оның ішінде, өзара түсіністік, жария тәртіп ұғымдарын) талдау үшін пайдалы болды.

Көптеген жағдайларда шешімдерді мәжбүрлеп орындатудың мәселелері азаматтық процесстік құқық, атқарушылық іс жүргізу құқығы, ал шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалуы болса, халықаралық жеке құқық пәнінен жазылған оқулықтарда қарастырылады.

Қазақстандық авторлардың арасында азаматтық процесс пәнінен оқулық жазған М.А. Аленовты [11], З.Х. Баймолдинаны [12] атауға болады. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалу мәселелері М.К. Сулейменов, Г.Т. Казиева мен А.Е. Дуйсенованың [13], А.К. Калдыбаев пен А.Линниктің [14] және т.б. авторлардың әртүрлі басылымдарда жарияланған еңбектерінде көрініс тапқан.

Өкінішке орай, Қазақстанда осы қарастырылып жатқан тақырып аясында монография түріндегі ауқымды еңбек жарық көрмеген.

Ресей Федерациясында бұл тақырып жоғары деңгейде зерттелу үстінде. Ресейде әртүрлі жылдары диссертация қорғаған авторлар арасында келесілерді атап өтуге болады: Б.Р. Карабельников [15]; М.О. Лиц [16]; С.С. Сорокина [17]; Р.В. Зайцев [18]; К.А. Малюшин [19]; Н.А. Чурилина [20]; А.А. Костин [21]; К.Е. Сюрмеев [22]; О.А. Шеповалова [23]; В.И. Гильманова [24]; В.И. Барциц [25] және т.б.

Сонымен қатар, қорғалған диссертацияларының негізінде осы тақырып аясында монография жариялаған келесідей Ресейлік авторларды атап өткен жөн: Б.Р. Карабельников [26]; И.В. Гетьман-Павлова [27]; А.И. Бессонова [28]; А.А. Костин [29]; А.А. Костин [30] және т.б.

Зерттеудің теориялық негізін жалпы құқық теориясының, азаматтық іс жүргізу құқығы мен атқарушылық іс жүргізу теориясының іргелі қағидалары мен осы бағыттағы кейбір ресейлік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде баяндалған тұжырымдамалық көзқарастар құрайды. Д.Х. Валеевтің [31], И.В. Дробязкинаның [32], В.А. Гуреевтің [33], А.С. Мамыкинның [34], В.В. Ярковтың [35] және т.б. жарияланымдарында баяндалған жалпы азаматтық процесс құқығы теориясының іргелі қағидалары зерттеудің теориялық негізі болып табылады.

Диссертациялық зерттеу барысында халықаралық жеке құқық, халықаралық коммерциялық төрелік пен халықаралық азаматтық процесс мәселелері төңірегіндегі ресейлік авторлардың ғылыми еңбектері мен оқулықтары үлкен қызығушылық тудырды, себебі негізінен бұл тақырып аталған салалардың аясында қарастырылады. Мәселен, халықаралық жеке құқық саласындағы классикаға айналған М.М. Богуславскийдің [36], И.В. Гетьман-Павлованың [37], Г.К. Дмитриеваның [38], В.П. Звековтың [39], Л.А. Лунцтың [40], Н.И. Марышеваның [41] және т.б. авторлардың зерттеулері бұл мәселені халықаралық жеке құқық тұрғысынан талдауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ шетелдік авторлар George A. Bermann [42], Sanders P. [43], Cheshire мен North [44], Т. Бендевский [45] және басқалардың еңбектерінен теориялық тұрғыдан да, салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан да қажетті әрі маңызды материалдар табуға болады.

Осылайша, қарастырылып отырған салада ғылыми зерттеулердің белгілі бір қоры қалыптасқанын атап өтуге болады.

Алайда шетелдік және қазақстандық авторлар тарапынан жүргізілген зерттеулердің айтарлықтай көлеміне қарамастан, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау мәселелерін халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процесс және атқарушылық іс жүргізу тұрғысынан кешенді түрде зерделейтін ғылыми жұмыстар осы уақытқа дейін жүргізілмеген. Бұл мәселе, әдетте, оқулықтарда қысқаша түрде немесе оның жекелеген қырларын ғана қамтитын ғылыми жарияланымдарда қарастырылады. Дегенмен қолданыстағы заңнама мен сот практикасын талдау осы бағытта терең әрі жүйелі теориялық зерттеулер жүргізудің өзектілігін айғақтайды.

Зерттеу **мақсаты** – шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысындағы атқарушылық іс жүргізу мәселелерін кешенді түрде зерттеп, өндіріп алушылардың мүдделерін заманауи талаптарға сай қамтамасыз ететін ұлттық және халықаралық тетіктерін ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен практикасын, сондай-ақ, халықаралық реттеуді бірыңғайландыру жолымен жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу болып табылады.

Осы зерттеу шеңберінде қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі **міндеттер** айқындалды:

1. Өндіріп алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің тәсілі ретіндегі шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудың маңыздылығын дәлелдеу.

2. Шетелдік элементімен күрделенген дауларды қарау нәтижесінде шығарылған сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін құқық нормалар жиынтығының құқықтық жүйеде алатын орнын айқындау.

3. Шетелдік шешімдерді тану мен орындау бойынша халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде қабылданған құжаттарға шолу жасап, оларды талдау негізінде құқықтық реттеуді әрі қарай жетілдірудің жолдарын ұсыну.

4. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың алғышартын қарастыру.

5. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздерін жүйелеп, оларды қолдану бағыттарын анықтау.

6. Шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудан бас тартудың әмбебап негіздерін және халықаралық орындауды қамтамасыз ететін принциптер кешенін әзірлеу.

7. Шетелдік шешімдерді тану және оларды әрі қарай мәжбүрлі түрде орындатудың халықаралық және ұлттық деңгейдегі тетіктерін жетілдірудің тиімді жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату бойынша туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні – шетелдік шешімдердің орындалуын реттейтін нормалар, теорияда қарастырылатын және практикада туындайтын мәселелер, сондай-ақ халықаралық құжаттар мен кейбір шет мемлекеттердің заңнамасы.

Зерттеудің теориялық және нормативтік негіздері. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Қазақстан Республикасының, сондай-ақ алыс және жақын шетелдің заңгер-ғалымдарының азаматтық іс жүргізу құқығы, халықаралық жеке құқық және атқарушылық іс жүргізу салаларындағы ғылыми еңбектері пайдаланылды. Зерттеудің нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, ұлттық заңнама, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану және орындау жөніндегі практика, сондай-ақ бірқатар шет мемлекеттердің заңнамасы құрады. Сонымен қатар зерттеліп отырған тақырып бойынша Интернет желісіндегі web-ресурстар материалдары да қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Жалпы алғанда бұл зерттеу доктриналық және эмпирикалық әдістердің жиынтығына негізделген. Зерттеу міндеттерін орындау барысында жалпығылыми және арнайы әдістер қолданылды. Атап айтқанда, осы тақырыптың негізгі сұрақтарын қарастыру және нәтижелерді алу үшін талдау мен синтез, индукция мен дедукция, тарихи әдіс, жүйелеу, құрылымдық-функционалдық әдіс, сондай-ақ модельдеу және SWOT талдау әдістері қолданылды. Арнайы әдістердің қатарында салыстырмалы-құқықтық талдау, дәлелдеу мен ресми-құқықтық әдіс және сот статистикасын талдау әдістері қолданылды. Олардың ішінде талдау, синтез және дәлелдеу зерттеудің барлық кезеңдерінде қолданылған жалпығылыми әдістер болып табылады. Ал ресми-құқықтық әдіс ерекше орын алып, оның негізінде халықаралық құжаттар мен нормативтік актілердің нормалары мен ережелері сараланды.

Индуктивтік әдіс нақты кейстер мен құқықтық актілерді талдау негізінде шетелдік сот шешімдерін тану және орындау практикасындағы заңдылықтарды айқындауға мүмкіндік берген болса, дедуктивтік әдіс осы заңдылықтарды халықаралық азаматтық процестің, халықаралық жеке құқықтың және атқарушылық іс жүргізудің жалпы ережелерімен өзара сабақтастыруға жол ашты, бұл өз кезегінде талдаудың кешенділігін және жасалған қорытындылардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.

Тарихи әдіс диссертацияның шетелдік шешімдерді тану мен орындатуды реттейтін құқықтық актілердің дамуын қарастыру, сондай-ақ, олардың осы

саланың дамуына ықпал ететін заңдылықтары мен өзгерістерін айқындауда басшылыққа алынды.

Зерттеудің жекелеген мәселелерін зерделеу және құқықтық базаны, сондай-ақ шетелдік шешімдерді тану мен орындау ережелері мен тетіктерін жетілдіруге қатысты ұсыныстарды негіздеу үшін көбінесе салыстырмалы-құқықтық әдіс пайдаланылды. Бұл тәсіл әртүрлі юрисдикциялардың доктринасы, заңнамасы және сот практикасына сүйене отырып, елдер бойынша жария тәртіп ұғымының салыстырмалы сипаттамасын жасауға мүмкіндік берді.

Жүйелеу әдісі шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау тәртібін талдау барысында тиісті алгоритмді әзірлеу және ұсыну үшін қолданылды.

Құрылымдық-функционалдық әдіс соттар мен төреліктердің шешім шығаруынан бастап, оларды орындау нәтижесінде өндіріп алушының құқықтарының қалпына келуіне дейінгі құқықтық реттеу тетігінің элементтері арасындағы өзара әрекеттестік сипатын айқындауға мүмкіндік берді.

Контент-талдау әдісі сот практикасын талдау барысында қолданылған негізгі әдістердің бірі болды. Бұл әдіс соттар тарапынан шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану және сот орындаушылар тарапынан ол шешімдерді орындау барысында жіберілетін елеулі қателіктерді анықтап, талдаудан өткізіп, осы зерттеу нәтижесінде тиісті қорытындыға келуге көмектесті.

Модельдеу әдісі мен SWOT талдау әдісі жұмыстың 3-бөлімінде шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау нұсқаулығын әзірлеуде, сондай-ақ осы тетікті жетілдіруге қатысты ұсыныстарды қалыптастыруда негізгі әдістер ретінде қолданылды.

Аталған әдістердің кешенді қолданылуы зерттеу тақырыбы аясындағы проблемалық тұстарды айқындап қана қоймай, шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау тетігін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеуге де жағдай жасады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесілермен анықталады:

1. В. Конусова, С. Сарина, С. Акимбекованың диссертациялық жұмыстары Қазақстанның атқарушылық іс жүргізу заңнамасы енді қалыптасып, төрелік саласындағы реттеу даму үстінде болған кезде жазылған. Соңғы он жылда бұл мәселе диссертация деңгейінде көтерілмеген. Ал осы уақыт ішінде көптеген геосаяси өзгерістер орын алып, құқықтық қатынастар қалыптасып, заңнама қолданысқа еніп, оны қолдану практикасында кемшіліктер де айқындалды. Бұл жұмыс заманауи талаптарды ескере отырып жазылды;

2) шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселелері халықаралық жеке құқықтың, халықаралық азаматтық процесс пен халықаралық коммерциялық төрелік салалары бойынша жазылған әдебиеттерде қарастырылады және оларда бұл тақырыпқа біржақты көңіл бөлінеді. Осы жұмыста тақырып кешенді түрде, атқарушылық іс жүргізу ережелерін қоса алғанда, зерттелді;

3) жұмыста бұның алдындағы зерттеулерде ұсынылмаған шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың алгоритмі жасалып, оның негізінде нұсқаулықтың жобасы әзірленіп отыр;

4) шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың халықаралық принциптері қазақстандық доктринада бұған дейін ұсынылмаған;

5) жария тәртіп пен өзара түсіністік мәселелері шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау барысында құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету тұрғысынан қазақстандық доктринада бұрын зерттелмеген;

6) бұл жұмыста қазақстандық зерттеушілер әлі қарастырмаған бірыңғайландыру мәселесінің шешімі ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Өзара түсіністік ұғымы бұлыңғыр сипатқа ие, анықталуға жатады және құқық қолдану тәжірибесінде құқықтық айқынсыздықты туғызады. Халықаралық сыпайылық принципіне келер болсақ, ол шетелдік шешімдерге құрметпен қарауды білдіреді және оның мазмұны анық болып табылады. Траншекаралық айналымның тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету үшін шетелдік сот шешімдерін тану кезінде қолданылатын өзара түсіністік принципін халықаралық сыпайылық принципімен ауыстыру қажет.

2. Шетелдік төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылатын жария тәртіп туралы ескертпенің қолдану өлшемшарттарын нақтылау қажет. Бұл ретте ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысының жобасы әзірленді (Қосымша Б). Жария тәртіп ұғымы тар мағынада қолданылуы керек және оның мазмұны ҚР құқықтық жүйесінің іргелі принциптері мен аса императивті нормаларын қамтуы тиіс. Іргелі принцип ретінде ҚР Конституциясының «Адам және азамат» атты II бөлімінде бекітілген ережелерді, ал аса императивті нормалар ретінде ҚР АҚ-нің 1091-бабында бекітілген ережелерді қарастыру қажет.

3. Танудан бас тарту негіздері халықаралық және ұлттық құжаттарда, теория мен практикада мәжбүрлеп орындатудан бас тарту негіздерінен ажыратылуы керек. Тану мен орындау – екі өзара байланысты, бірақ мазмұны жағынан бөлек іс-әрекет болып табылады. Тану – орындау үшін қажетті алғышарт, ал орындау – өндіріп алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру болып табылады. Халықаралық құжаттар танудан бас тарту негіздерін бекіте отырып, орындау тетіктерін толыққанды ұсынбайды. Осыған байланысты халықаралық құжаттарда әмбебап атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың келесі негіздерін бекітуге ұсынылды:

- атқару құжатының жарамсыздығы не күшінің жойылғандығы;
- орындау үшін атқару құжатын ұсыну мерзімінің өтіп кетуі;
- атқару құжатында оны орындату үшін маңызды болып табылатын мәліметтердің болмауы;
- атқару құжаты бұрын орындалып қойылуы;
- атқару құжатын орындатуға ол үшін уәкілеттігі жоқ тұлғаның жүгінуі;
- атқару құжаты ол орындатуға жататын жері бойынша берілмеуі;
- борышкердің мәжбүрлеп орындатудан иммунитетінің болуы;
- осы атқару құжатымен қатар тағы қосалқы атқарушылық істің жүргізілуі;
- нақты объективті себептерге байланысты (олар жойылғанша) атқару

құжатын орындатуға мүмкіндіктің болмауы .

Осындай әмбебап сипатқа ие негіздер дүниежүзілік деңгейде қолданылса, бірізділік пен құқықтық айқындылыққа қол жеткізуге болады.

4. Шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың нақты бекітілген принциптерінің жоқтығы анықталды. Осыған байланысты орындау принциптері ретінде логикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты келесі принциптер кешенін тануды ұсынамыз:

- 1) халықаралық сыпайылық – шетелдік шешімдерге құрметпен қарау;
- 2) шешімдердің еркін қозғалуы – шетелдік шешімдердің дүниежүзі бойынша кез келген территорияда орындалуына мүмкіндік берілуі;
- 3) нақты байланыс – шетелдік шешімдердің нақты аумақта орындалуы;
- 4) орындау аумағының аса императивті нормаларын бұзбау – шетелдік шешімдерді орындау кезінде әр мемлекеттің ұлттық заңнамасының елеулі ережелерінің сақталуы;
- 5) өндіріп алушының құқықтарын қорғау – шешімді мәжбүрлеп орындату арқылы өндіріп алушының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерінің қалпына келтірілуі;
- 6) құқықтық айқындылық – шешімдерді орындау тетігінің нақтылығы;
- 7) жәрдемдесу – шешімдерін орындау кезінде мемлекеттердің бір-біріне құқықтық көмек көрсетуі.

Ұсынылып отырған принциптер нақтылық пен әмбебаптыққа негізделеді. Ол, өз кезегінде, дүниежүзі бойынша шетелдік шешімдердің орындатылу процедурасын жеңілдетеді. Осылайша, бұл принциптер азаматтық айналым аясында өндіріп алушылардың құқықтарын қалпына келтіруге кепіл бола алады.

5. Шетелдік өндіріп алушыларда өз пайдасына шығарылған шешімдерді басқа елде мәжбүрлеп орындату үшін қолайлы және түсінікті ақпараттың жоқтығы анықталды. Жүргізілген талдау нәтижесінде атқарушылық іс жүргізудің барлық кезеңдері жүйеленіп, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату алгоритмі әзірленді. Бұл алгоритм шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысында өндіріп алушыға ұсынылуы тиіс. Алгоритм – заңнамадағы шашыраңқы, жүйеленбеген нормаларды, логикалық тізбекпен жинақтауды қарастырады. Оған сүйеніп, шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулық ұсынылды (Қосымша В). Бұл нұсқаулықтың заңи күшін қамтамасыз ету мақсатында, оны «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына сәйкес атқарушылық іс жүргізу саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекіткен жөн.

6. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің айналымы әлемдік деңгейде болғандықтан, оның негіздері бірыңғайландырылған болуы тиіс. Реттеуді жаһандық деңгейде біріздендіру мақсатында Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы бірыңғайландырылған әмбебап халықаралық конвенция (Қосымша Г) әзірленуі керек. Бұл құжатта шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдеріне қатысты бірдей ережелер қарастырылуы тиіс, себебі тану мен орындау рәсімі бір. Алайда, оларды тануға

және орындауға қатысты бөлек тетіктерді реттейтін ережелер бекітілуі керек. Сонымен қатар, конвенция аясында осы тетіктердің орындалуын дүниежүзі бойынша үйлестіріп отыратын Халықаралық сот орындаушылар палатасы құрылуы тиіс. Бұл палата қазіргі таңда өз функцияларын номиналды түрде ғана атқарып, атқарушылық іс жүргізу саласына айтарлықтай ықпал етпейтін Халықаралық сот орындаушылар одағын алмастыруы керек.

Зерттеудің **практикалық маңыздылығы** айқын болып табылады, себебі зерттеу сот орындаушыларының шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындау барысында атқарылатын іс-әрекеттерін жетілдіруге, осы саладағы ҚР қолданыстағы заңнамасын жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, алынған нәтижелер мен әзірленген қағидалар әрі қарай ғылыми зерттеулерде, сондай-ақ «Халықаралық жеке құқық», «Халықаралық төрелік», «Халықаралық азаматтық процесс» және «Атқарушылық іс жүргізу» пәндерін оқыту процесінде кеңінен пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, осы зерттеудің нәтижесі ретінде ұсынылып отырған шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау алгоритмі (оның негізінде нұсқаулық) (Қосымша В) шетелдік өндіріп алушыларға өз көмегін тигізетіні анық.

Ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі теориялық қағидалардың әдіснамалық тұрғыдан негізделуімен, сондай-ақ шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау мәселелерін зерттеудегі шетелдік және қазақстандық еңбектердің заманауи теориялық және практикалық әзірлемелеріне сүйенген автордың тұжырымдамалық көзқарасымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Диссертацияны қорғаушының жалпы алғанда 26 ғылыми жарияланымы жарық көрген, олардың 15-і атқарушылық іс жүргізу мәселелеріне арналған.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша 10 жарияланымда көрініс тапқан.

Диссертацияда қамтылған жекелеген қағидалар, қорытындылар мен ұсынымдар автордың 5 мақаласында жарияланған, аталған мақалалар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға арналған 2-тізімге енген басылымдарда жарық көрген [46; 47; 48; 49; 50].

Бір ғылыми мақала Scopus (Скопус) дерекқорына енгізілген CiteScore (СайтСкор) көрсеткіші бойынша 63% процентильге ие халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланды [51].

Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған қорытындылар автор тарапынан халықаралық конференция [52] мен халықаралық форумда [53] баяндалып, басқа да басылымдарда [54] жарық көрген. Сондай-ақ, автордың атқарушылық іс жүргізудің маңызды мәселелері жөніндегі пікірі сараптамалық қорытынды түрінде [55] жарияланған.

2017-2025 жылдар аралығындағы зерттеу нәтижелері оқу процесіне

қолданылып, сондай-ақ Астана қаласы Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы (Қосымша А) мен Бірінші экономикалық арбитраждың (Қосымша Ә) тәжірибесіне енгізілді.

Осы зерттеудің нәтижелерін толыққанды апробациядан өткізу мақсатында диссертант 2025 жылғы 1 қазанда QAZAQ RADIOSY-ның «Мінбер» бағдарламасының тікелей эфирінде «Заң және тәртіп: сот шешімдерінің орындалуы» тақырыбында сұхбат берді. Сараптамалық сұхбат аясында автор тыңдаушылардың назарын атқарушылық іс жүргізудің маңыздылығына назар аудара отырып, елдегі сот шешімдерін орындаудың негізгі аспектілерін түсіндіріп, Қазақстанда шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау бөлігінде түсініктемелер берді [56]. Сондай-ақ, 2025 жылғы 6 қазан күні диссертант Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында «Шетелдік сот және төрелік шешімдерін Қазақстанда тану және тиімді орындау: сот орындаушылары мен судьялардың тәжірибесі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, өткізді [57].

Диссертацияның құрылымы мен көлемі: Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық зерттеу 149 бет көлемінде баяндалған.

1 ШЕТЕЛДІК СОТ ПЕН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың маңыздылығы: теория және практика тұрғысынан

Шетел элементімен күрделіленген жеке-құқықтық даулар сот пен төрелік арқылы қаралып, шешіледі. Оның ішінде (әрине, әрбір бөлек алынған елдің ішкі заңнамасын ескере отырып), жалпы ережелерге сәйкес, кез келген жеке-құқықтық сипаттағы дау нақты бір елдің соттылық ережелеріне сәйкес сот арқылы, ал коммерциялық және инвестициялық даулар көбінесе екі тараптың еркімен жасалған келісімнің негізінде төрелік арқылы шешімін тауып жатады.

Сот дауларды шешудің үйреншікті тәсілі болса, төрелік орта ғасырларда әртүрлі елдердің көпестері арасында туындаған дауларды шешудің жеке тәсілі ретінде қалыптасып [6], эволюцияның ұзақ жолын өтіп, қазіргі таңда дауларды шешудің барлық балама тәсілдерінің ішінде өзіне лайықты орын алды. Бүгінгі таңда төрелік сұранысқа ие және оған жүгіну жағдайларының саны да өсуде. 2025 жылы White & Case жүргізген зерттеудегі респонденттерден алынған сауалнама нәтижелеріне сәйкес олардың 87% трансшекаралық дауларды шешу тәсілі ретінде төрелікті таңдайтыны анықталды [58]. 2021 жылдан кейінгі төрелікке деген сұраныс біраз төмендеген болса, зерттеулерге сәйкес 2023 жылдан бастап төрелікке жүгінулердің саны қайта күрт өсті [59]. Бұндай өзгеріс 2020-2021 жылдары COVID пандемиясы кезінде трансшекаралық айналымның төмендеуіне байланысты орын алған. Алайда қазіргі таңда әртүрлі елдің кәсіпкерлері ең тиімді институт ретінде төрелікке жүгінуін тоқтатқан емес, себебі төрелік икемді, жылдам әрі жоғары деңгейде мамандандырылған институт болып саналады. Сонымен қатар, респонденттердің пікірінше, төрелік оның құпиялылық принципіне негізделетіндігіне, тараптарға кең мағынада ерік (төрелікті және төрешілерді таңдау, төреліктің өтетін орны мен қолданылатын құқықты және кейбір жағдайда регламентті таңдау мүмкіндігі) берілетіндігіне, юрисдикция қақтығысуы жағдайында төрелікті таңдаған тараптардың келісімі құқықтық айқындылықты қамтамасыз ететіндігіне және оған шиеленіс деңгейін төмендету қасиеті тән болғандықтан, тараптар арасында дау туындаған жағдайда да серіктестікті сақтауға кепіл беретіндігіне байланысты сотқа карағанда артықшылықтарға ие болып отыр. Осы себептермен төрелік сотпен тең тиімді институттардың бірі болып саналады [60]. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында дауларды баламалы жолмен шешу тәсілдерінің дамуына аса көңіл бөлінген. Оларды қолдану арқылы соттардың жүктемесі азайып, сот төрелігін іске асыру сапасы артатыны туралы айтылған. Осыған байланысты олардың тұрақты негізде кеңінен қолданылуын ынталандыратын шаралар қабылдау маңыздылығына назар аударылған болатын [61]. Сол себепті дауларды балама жолмен шешу тәсілі ретіндегі төреліктің тиімділігі жалпы мемлекеттік деңгейдегі атқарылатын міндеттердің ішіне кіріп, ол арқылы

дауларды шешу сот жүйесінің жүктемесін азайтып, дауды кәсіби деңгейлері жоғары мамандардың қарауына жол ашады.

Жоғарыда келтірілген сауалнама респонденттері төрелік шығарған шешімнің дүниежүзі бойынша орындалу мүмкіндігін де атап өтті. Алайда төрелік шешімдерін тану мен орындауда көптеген мәселелер бар [13]. Олардың ішіндегі ең бастысы 1958 жылғы НҰК қолданудағы бірізділіктің жоқтығы [62-64] және әртүрлі елдердің жария тәртіп ұғымына көзқарасы мен заңнамаға сәйкес нақты даудың төрелікте қаралатын даулар қатарына жататындығы. Бұл трансшекаралық қатынастарды реттеуде тұрақсыздыққа әкеліп, төрелік шешімінің орындалмау тәуекелін туындатады, себебі практика немесе ұстаным бірізді болмаса, нормалардың қолданылуы сан-алуан болып қалыптасады. Ол, өз кезегінде, шығарылған шешімнің бір елде орындалып, екінші елде орындалу мүмкіндігінен айырылатындығына себеп болады. Ал сот шешімдеріне келетін болсақ, бұндағы ең басты мәселелерінің бірі – өзара түсіністік принципін қолдану. М.К. Сулейменов айтып кеткендей, Қазақстанда өзара түсіністік принципі заңнама деңгейінде бекітілсе де, соттар оны қолданбақ түгілі, оның бар екенінен де бейхабар [65]. Сөйтіп, өз пайдасына шығарылған шешім қолында болса да, өндіріп алушы барлық дерлік жағдайларда оны орындатып, бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіретіндігіне кепіл жоқ.

Қазіргі заманда құқықтық және демократиялық мемлекеттердің барлығы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының құндылығын негізге алады. Кез келген тұлғаның құқық субъектісі, оның ішінде халықаралық құқық [66, 67] және ұлттық құқық субъектісі ретінде қарастырылуға және өз құқықтарын қорғауға хақы бар. Еліміздің Конституциясы ең қымбат қазына ретінде адамды және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын таниды [1]. Осыған сәйкес, адам құқықтарын құрметтейтін кез келген елдің нормативтік құқықтық актілерінде сот төрелігіне қол жеткізу, сондай-ақ сот органдарына жүгіну арқылы құқықтарды қорғау мәселелеріне айрықша мән беріледі.

Құқықтары бұзылған жағдайда әркімнің оларды құзыретті органдар арқылы қалпына келтіру мүмкіндігі негізгі халықаралық құжаттарда да [68], Еліміздің Ата заңының 13-бабының 2-тармағында да бекітілген [1]. Бұл норма кез келген адамды құқықтық кеңістікте қорғаудың негізгі кепілі болып табылады. Осылайша, әрбір адам сот төрелігін жүзеге асыру мақсатында өзінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Өтінішті (талап қою, шағым және т.б.) қарау нәтижелері бойынша Конституцияның 76-бабының 3-тармағына сәйкес ҚР аумағында міндетті күші бар шешім шығарылады [1].

Алайда бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау тетігі тек тұлғаның сотқа жүгіну, оның нәтижесінде сот актісінің шығарылып, оның заңды күшіне енуімен ғана шектелмейді. Субъективтік құқықтарды қалпына келтіру тетігінің жүзеге асырылуындағы соңғы нүктені шығарылған шешімдердің тиімді әрі уақытылы орындалуы қояды. Демек, сот жүйесі жұмысының тиімділігі сот орындаушыларының ұлттық заңнаманы қатаң түрде сақтап, өз міндеттерін мінсіз атқаруына тәуелді. Өз кезегінде, атқарушылық іс

жүргізудің сенімді жүйесін қалыптастыру, сот билігінің беделін арттырудың басты белгісі [46], ал шығарылған шешімдерді орындау адам құқықтарын қалпына келтіру тәсілдерінің бірі болып табылады [53]. Азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің бұзылған құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері тек шығарылған шешімдердің орындалуынан кейін қалпына келтірілетіні анық.

Атқарушылық іс жүргізу құқықтық реттеу тетігінің соңғы сатысы әрі сот ісін жүргізудің межесі болып табылады. Шын мәнінде, егер сот шешімі орындалмайтын болса, сот ісін жүргізудің маңыздылығы неде? Ал субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруді көздейтін шешімдерді орындату барысында нақты нәтижеге қол жеткізілмесе, заңның әділдігі мен сот шешімінің заңға сәйкестігі қандай мәнге ие болмақ? Осыған байланысты сот жүйесінің жұмысын бағалау және сот билігінің беделі қабылданған шешімдердің саны мен сапасымен ғана емес, ең алдымен шешімдердің орындалуымен және тұлғалардың субъективтік құқықтары қалпына келтірілуімен айқындалатыны жөніндегі қоғамдық пікірмен келіспеуге болмайды. Соттың шығарған шешімдерінің сапалы әрі уақытылы орындалуы тікелей сот орындаушысының жұмысына байланысты.

Өз кезегінде, атқарушылық іс жүргізудің тиімді жүйесі әрбір елдегі сот жүйесі тиімділігінің де көрсеткіші болып табылады, себебі ол сот шешімін жүзеге асырудың соңғы және шешуші кезеңі. Сот шешімі әділеттілікті орнатып, субъективтік құқықтарды қалпына келтіру мақсатында шығарылады. Ал осы шешімнің орындалуы арқылы сот билігінің беделі нығайып, заң үстемдігі орнатылады.

Оның үстіне, В.В. Ярков атап өткендей, мәжбүрлеп орындату жүйесі экономикалық жағынан да маңызды [69]. Яғни, атқарушылық іс жүргізудің мәжбүрлі түрде қолданылатын шараларының заңда бекітілуі әрбір субъектінің өз міндеттерін алдын-ала әрі тиісті түрде орындауға себеп болады. Олардың заңға сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етеді. Сол арқылы атқарушылық іс жүргізу саласы өз превентивтік функцияларын да атқарады.


Осы себептерге байланысты, сот актілерін уақтылы әрі тиісті түрде орындаудың маңыздылығына ешқандай күмән болмау керек.

Шетелдік сот және төрелік шешімдерін тиімді орындау мәселесі де айырықша маңызға ие. ҚР Конституциясының 1-бабының 2-тармағында Республика қызметінің негізгі қағидаттарының бірі ретінде бүкіл халықтың игілігіне бағытталған экономикалық даму айқындалған [1]. Экономикалық даму, ең алдымен, Қазақстан Республикасы субъектілерінің өзге мемлекеттердің субъектілерімен өзара іс-қимылы арқылы шетелдік инвестицияларды тартуды және азаматтық айналымды дамытуды көздейді. Шетелдік инвестицияларды тарту мәселесі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйекте жарияланған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында да негізгі өзекті мәселе ретінде көтерілді [2]. Жаһандану дәуірінде бөлек бір мемлекеттің экономикалық

дамуы басқа елдермен және олардың кәсіпкерлік субъектілерімен өзара іс-қимылсыз мүмкін емес. Бүгінде трансшекаралық мәмілелердің саны өскенін байқауға болады. Сондай-ақ ұлтаралық некелердің, білім беру, мәдениет, туризм және басқа да салалардағы ынтымақтастықтың артуы байқалады. Мұның барлығы, түптеп келгенде, шетел элементі бар даулардың сандық әрі мазмұндық тұрғыдан өсуіне ықпал етуде. Мұндай даулар Қазақстан Республикасының соттары мен төреліктерінде ғана емес, сонымен қатар өзге мемлекеттердің юрисдикциялық органдарында да қаралуда. Демек, жоғарыда атап өтілгендей, осындай істерді қарау нәтижесінде тараптардың бірінің мүддесіне сай шығарылған шешімдердің міндетті түрде орындалуы – сәйкесінше тұлғалардың құқықтарын қалпына келтіруді білдіреді.

Шетелдік юрисдикциялардағы сот органдарының шешімдерін тану мен орындау проблематикасы бірқатар себептерге байланысты айырықша мәнге ие, оның ішінде ең бастысы мұндай сот шешімдері жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, тіпті кей жағдайда олардың өмірлік маңызды мүдделеріне тікелей әсер ететіндігі айқын [25]. А. Узелац сот шешімдерінің орындалмауы немесе олардың орындалуының негізсіз кешіктірілуін, адам құқықтарының бұзылуына тікелей ықпал ететін жағдайларды талдай келе, мұндай құқық бұзушылықтардың мысалы ретінде Еуропалық адам құқықтары жөніндегі соттың шешімдеріне тоқталады. Ғалымның пікірінше, сот актілерінің орындалмауы – жекелеген оқиғаларға тән құбылыс қана емес, керісінше, өтпелі экономикасы бар мемлекеттерге ортақ жүйелік сипаттағы мәселе болып табылады [70].

Теорияда атап өтілгендей, сот шешімдерінің аз деңгейде орындалуының себептері әрқилы. Бір жағынан, бұл борышкерлер мен өндіріп алушылардың тарапынан орын алатын құқықты теріс пайдаланумен байланысты болса, екінші жағынан, мәжбүрлеп орындатудың ұйымдастырылуындағы объективті әрі субъективті кемшіліктердің салдары болып табылады [71]. Сонымен қатар, В. Барциц айтып кеткендей, тиімді орындаудың кедергілерінің бірі – жалпы алғанда, сотқа немесе төрелікке, мемлекет пен оның құқық жүйесіне деген сенім мәселесі [25, с. 147-148]. Бұл тұрғыда сот актілерінің жыл сайын артуы сот орындаушыларының қызметіне де тікелей ықпал ететіні сөзсіз. Мәселен, 2016 жылы халықаралық және шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдеріне байланысты орындауда болған атқарушылық іс жүргізулердің жалпы саны бар болғаны 77 іс болды. Ал соңғы бес жылдың статистикасына назар аударсақ, шетелдік шешімдердің негізінде 2020 жылы – 823, 2021 жылы – 726, 2022 жылы – 979, 2023 жылы – 1854, 2024 жылы – 3632 атқарушылық іс қозғалды (1-сурет). Яғни шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде Қазақстан Республикасының территориясында орын алған атқару істерінің саны жылдан жылға өсіп жатқанын көруге болады.



Сурет 1 – 2020-2024 жылдардың ішінде шетелдік шешімдердің негізінде қозғалған атқарушылық іс жүргізу саны


Осы жылдардағы орындауда болған атқарушылық іс жүргізудің жалпы санын алдыңғы есепке алынатын кезеңдерде аяқталмағандармен қоса алар болсақ, 2024 жылдың соңына қарай олардың саны 5393-ке дейін өскенін көруге болады [3] (2-сурет).



Сурет 2 – 2020-2024 жылдар ішінде шетелдік шешімдердің негізінде орын алған атқарушылық іс жүргізудің статистикасы

Сонымен қатар, мысал ретінде 2024 жылдың көрсеткіштерін талдасақ (3-суретті қараңыз), жоғарыда көрсетілген аяқталған 1724 істің ішінен, жыл соңындағы көрсеткішке сәйкес сот орындаушылары бар болғаны 716 шетелдік

шешімді орындаған екен. 324 атқару құжатты борышкерлер өз еркімен, олар сот орындаушысына ұсынылмай тұрып, орындаған болып шықты. Бұдан бөлек, 600-ден астам өтініш өндіріп алушыларға қайтарылған болса, 54 іс қысқартылды. Сондай-ақ, 260 шетелдік шешім бойынша сот орындаушылар заңда көрсетілген негіздермен атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартқан [3]. Ал жалпы алғанда 2024 жылдың ішінде орындауда болған 5393 істен 3669 атқарушылық іс жүргізу әртүрлі себептермен орындалмаған күйінде қалып отыр.



Сурет 3 – 2024 жылдың аяғына шетелдік шешімдер бойынша аяқталған атқарушылық іс жүргізу саны

Осылайша, біз Қазақстан Республикасының аумағында орындалуға жататын шетелдік сот және төрелік шешімдері санының артуын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі себептерге байланысты орындалмай қалған шешімдердің де көбею үрдісін байқаймыз. Тиісінше, Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғалардың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруді қаншалықты қамтамасыз етеді; осы саладағы халықаралық міндеттемелерін толық көлемде орындай ма; елімізде шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындауда қандай да бір (соның ішінде жасанды) кедергілер жасалмай ма; сондай-ақ шешімдердің орындалмауы өтініш берушінің (өндіріп алушылардың) өз қателіктерінен туындап отыр ма? деген қисынды сұрақтар туындайды.

Шетелдердің шешімдерін орындамау әртүрлі себептерге негізделуі мүмкін. Олардың бір бөлігі объективті сипатқа ие болып, қолданыстағы заңнама мен халықаралық құқықтық актілердің ережелерінен туындайды.

Сонымен қатар, орындалмау фактілері кейде тікелей өтініш беруші тарапынан жіберілген қателіктерге де байланысты болады.

Бұл мәселелерге тәжірибе тұрғысынан тоқтала кетейік.

Мысалы, 2016 жылғы 16 мамырда Алматы қаласының МАЭС №7527-16-3-1/3502 ұйғарымымен Минск қаласы экономикалық соты 2016 жылғы 28 қаңтарда шығарған ұйғарымын Қазақстанның аумағында тану және орындау туралы «Слодыч» кондитерлік фабрикасы» АҚ-ның өтінішін қараусыз қалдырды. Аталған ұйғарымға сәйкес «Зеленая ветка» ЖШС-нен 3 184 АҚШ доллары мөлшерінде негізгі қарызды, 48 980 АҚШ доллары көлемінде өсімпұлды және 2 529 АҚШ доллары мөлшерінде мемлекеттік бажды өндіріп алу көзделген еді. Сот ашық сот отырысында өтінішті қарау барысында Минск қаласының экономикалық сотының 2015 жылғы 30 қарашадағы тиісті түрде рәсімделген және куәландырылған шешімінің көшірмесі өтініш берілген кезде ұсынылмағанын анықтады. Аталған олқылық өтінішті сот отырысында қарау кезінде де жойылған жоқ. Өтініш материалдарына «Шешім көшірмесі» деп аталған бір парақ қоса тіркелген, алайда онда шешімнің уәждеу және қарар бөліктері болмаған, сондай-ақ беттер парафирленбеген. Өндіріп алушыны құқықтық мирасқорға ауыстыру туралы 2016 жылғы 28 қаңтардағы ұйғарымды мәжбүрлеп орындалуға жататын дербес сот актісі ретінде тануға болмайды, себебі ол сот шешімінің туындысы болып табылады. Бұдан бөлек, осы сот актісін шығарған сот оның беттерін парафирлемеген. Өндіріп алушының борышкер сот отырысына қатыспай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік соттың сот актісін мәжбүрлеп орындауға келісім білдіргені жөніндегі уәжін сот негізсіз деп тапқан. Оның үстіне, атқару парағын беру туралы өтінішке қосымша талап етілетін түрде куәландырылған актінің түпнұсқасы немесе оның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі берілуге тиіс. Өтінішті қарау нәтижесінде сот оны қайтаруға негіздер бар деген қорытындыға келген [72]. Көріп тұрғанымыздай, бұл жағдайда шетелдік шешімді орындау мүмкін еместігі өтініш берушінің өз кемшіліктерімен байланысты болған. Сол себептен өндіріп алушы өз құқықтарын қалпына келтіре алмаған.

Одан бөлек, сот практикасын талдау барысында айқындалған ауқымды мәселе – шетелдік шешімдерді тану мен орындаудан бас тарту сот тарапынан құқық нормаларын қате немесе заңнан (халықаралық құжаттан) ауытқып қолдануы.

Мәселен, ҚР Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылғы 11 шілдедегі №6001-17-00-3гп/396 қаулысында осындай жекелеген қателіктер анықталған. РФ Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы Халықаралық коммерциялық төрелік соттың (бұдан әрі – ХКТС) 2016 жылғы 24 тамыздағы шешіміне сәйкес «Интерфарма-К» акционерлік қоғамы тарапынан «Фармстандарт» ЖАҚ (*жария акционерлік қоғамы*) пайдасына өндіріп алу көзделген. «Фармстандарт» өз пайдасына шығарылған шешімді Қазақстан Республикасының аумағында тану және мәжбүрлеп орындату туралы өтінішпен жүгінді. Алматы қаласының МАЭС 2016 жылғы 6 желтоқсандағы ұйғарымымен аталған өтінішті қанағаттандырудан бас тартты.

Содан кейін, 2017 жылғы 8 ақпанда жоғарғы сатыдағы сот осы ұйғарымды өзгеріссіз қалдырған болатын.

«Фармстандарт» ЖАҚ өз өтінішінде соттардың процестік нормаларды бұзғанын алға тартып, шығарылған сот актілерінің күшін жоюды және істі бірінші сатыдағы сотта жаңадан қарауға жіберуді сұраған. Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төменгі соттар істі қарау барысында өрескел процессуалдық бұзушылықтарға жол бергенін анықтаған.

Мәселен, жергілікті соттар «Фармстандарт» ЖАҚ өтінішін қанағаттандырудан бас тарта отырып, аталған шешімде оның заңды күшіне енгені туралы белгі мен ерікті орындау мерзімі көрсетілмегенін негізге алған. Алайда ХКТС Регламентінің 44-параграфының 1 және 2-тармақтарына сәйкес шешім шығарылған күннен бастап түпкілікті әрі міндетті сипатқа ие болады. Шешімде белгіленген мерзім ішінде тараптар оны өз еркімен орындауға тиіс. Шешімде мұндай мерзім көрсетілмесе, ол дереу орындалуға жатады. Сонымен қатар, ХКТС регламентінде шешімдердің заңды күшіне енгені туралы белгі қою қарастырылмаған. Оған қарамастан, «Фармстандарт» ЖАҚ шешімнің заңды күшіне енгенін растайтын 2016 жылғы 19 қазанда берілген ХКТС анықтамасын ұсынған. Сондай-ақ, жауапкер «Интерфарма-К» АҚ-на төрелік талқылау орны мен уақыты туралы тиісті және дер кезінде хабарлау фактісін дәлелдейтін құжаттарды да қоса тіркеген. ҚР Жоғарғы Соты аталған дәлелдемелер 1993 жылғы 31 наурызда қабылданған Минск Конвенциясының 53-бабының талаптарына толық сәйкес келеді деген қорытындыға келген. Демек, тану мен орындау туралы өтінішті қараған жергілікті соттардың ұйғарымдары негізсіз.

Сондай-ақ бірінші сатыдағы сот «Фармстандарт» ЖАҚ өтінішін қарау барысында ҚР АПК 425-1-бабының 7-тармағын бұза отырып, өндіріп алушыға оның өтініші қаралатын уақыты мен орны туралы хабарламағаны да анықталған болатын. Бұл процестік заңның өрескел бұзушылығы апелляциялық сатыдағы сот тарапынан да тиісті назарға алынбаған.

Осылайша, сот алқасы шешімді орындаудан бас тартуды заңсыз деп танып, төменгі сатыдағы соттардың даулы актілерінің күшін жою және істі бірінші сатыдағы соттың жаңа қарауына жіберу қажет деп шешкен [73]. Шынында да, жоғарыда аталған жағдайлар шетелдік шешімдерді танудан және орындаудан бас тартудың негіздерімен қамтылмайды. Сонымен қатар, өндіріп алушыны оның өтінішін қарау туралы хабардар ету міндетті болып табылады.

Тағы да бір анықталған соттың қателігі – А.А.С.-тың Лондон қаласындағы Коммерциялық соттың Жоғарғы сот төрелігі сотының 2013 жылғы 31 шілдедегі сырттай шешімін тану және Қазақстан Республикасының аумағында орындау туралы өтінішіне байланысты шығарылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2016 жылғы 20 сәуірдегі №3гп-242-16 қаулысында көрініс тапқан. Бұл шешім бойынша «Шымкентсырасы» ЖШС-нен А.А.С.-тың пайдасына ақша сомасын өндіріп алу көзделген.

Оңтүстік Қазақстан облысының МАЭС 2014 жылғы 21 қарашадағы ұйғарымымен А.А.С.-тың «Шымкентсырасы» ЖШС-нен борыш сомасын өзінің

пайдасына өндіріп алу туралы жоғарыда аталған бұйрықты тану және Қазақстан Республикасының аумағында орындау жөніндегі өтініші қанағаттандырылған.

Алайда апелляциялық сот алқасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы ұйғарымымен бұл сот ұйғарымының күші жойылды. А.А.С.-тың өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылған болатын. Кассациялық сот алқасының 2015 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын қолдаған болатын. Алайда Жоғарғы Сот анықтағандай, апелляциялық және кассациялық соттардың бұл қорытындылары қате болып табылады және материалдық құқық нормаларына қайшы келеді. Оның себебі келесіде: апелляциялық және кассациялық сот Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі арасында халықаралық шарттың болмауын негізге алды. Сонымен қатар, НЙК тек төреліктердің шешімдеріне қатысты ғана қолданылатынын алға тартқан. Лондон қаласының соты берген бұйрығы төрелік шешімге жатпайтынын да атап өткен.

Бұл кейстегі қателік – соттардың АПК-нің 425-бабына сәйкес (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі редакциясында [74]) халықаралық шарт болмаған жағдайда шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тану кезінде қолданылатын өзара түсіністік принципін ескермеуінде.

Бірінші сатыдағы сот өзара түсіністік принципіне сүйене отырып, өтінішті қанағаттандыру туралы орынды шешім қабылдаған болатын. Яғни, халықаралық шарттың болмауы сот актісінің күшін жоюға негіз бола алмады.

Бірінші сатыдағы сот ұйғарымының күшін жоюдың негіздерінің бірі ретінде апелляциялық сатыдағы сот АПК және халықаралық құқық нормаларын бұзып, жауапкерге Жоғарғы Сотта сот талқылауы туралы хабарланбағанын көрсетті. Алайда іс бойынша жауапкерге сот процесі туралы тиісті түрде хабарланғаны анықталды: талап арыз көшірмесі DHL қызметі арқылы жіберіліп, «Шымкентсырасы» ЖШС қызметкеріне тапсырылды. Бұл жайт түбіртектегі қолтаңба арқылы расталады және іс материалдарында бар.

Осылайша, Жоғарғы Соттың сот алқасы төменгі сатыдағы соттар тарапынан анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының МАЭС 2014 жылғы 21 қарашадағы ұйғарымын күшінде қалдыру, ал апелляциялық сот алқасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы және кассациялық сот алқасының 2015 жылғы 15 шілдедегі қаулыларының күшін жою туралы шешім шығарған [75]. Шындығында, халықаралық шарт болмаған жағдайда шетелдік сот шешімдері өзара түсіністік принципіне сәйкес танылуы және орындалуы тиіс. Осы тұрғыда сот өтінішті қанағаттандыру немесе оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарар алдында өзара қарым-қатынастың бар-жоғын анықтауы керек еді.

Жалпы алғанда, дұрыс қорытынды шешімді атап өтіп, қаулының мәтінінде Жоғарғы Сот алқасының тарапынан өзара түсіністік принципін қолдану мәселесін шешу кезінде ҚР Азаматтық кодексінің 1089-бабына жасалған сілтемесі дұрыс емес деп санаймыз. Бұл бапта шетел құқығын өзара

түсіністік негізінде қолдану Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті шет мемлекеттегі ұқсас қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығын қолдануға болатын-болмайтындығына қарамастан, сот шетел құқығын қолданады – делінген [76]. Яғни, аталмыш бапта өзара түсіністік негізінде шетелдік құқықты қолдану туралы айтылады, алайда бұл бапта шетелдік сот шешімдерін тану және орындау кезіндегі өзара түсіністікті қолдану туралы айтылмаған. Сол себептен, Жоғарғы Сот тарапынан өзара түсіністікті қолданумен байланысты айтылған пікірімен келісе отырып, ҚР АҚ-нің 1089-бабына сілтеменің жасалуы орынсыз деп санаймыз.

Соттың қате көзқарасын көрсететін Қазақстандық тәжірибенің тағы бір жағдайын қарастырайық.

2024 жылғы 25 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы «China Development Bank»-тің (Қытай Даму Банкі) Қытай халықаралық сауда-экономикалық төрелік комиссиясының 2021 жылғы 14 наурыздағы шешімін тану және Қазақстан Республикасының аумағында орындау туралы өтінішін қарау қорытындысы бойынша №6001-24-00-3гп/279 қаулысын шығарған.

Анықталғандай, «China Development Bank» (бұдан әрі – Банк) аталған өтінішпен сотқа жүгінген. Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 28 шілдедегі ұйғарымымен өтінішті қанағаттандырудан бас тартылды. Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 3 қазандағы ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалған.

Іс материалдарына сүйенетін болсақ, 2021 жылғы 14 наурызда талап қоюшы – «China Development Bank» (Қытай Даму Банкі) және жауапкер – «International Financing Company KZ Establishment» арасындағы дау бойынша Қытай халықаралық сауда-экономикалық төрелік комиссиясының төрелік соты шешім қабылдағаны анықталды. Бұл шешім шығарылған сәттен бастап күшіне енді (бұдан әрі – Төрелік шешім). Талап қоюшының өкілі сотқа өтініш бере отырып, жауапкердің банкке кепілге берген мүлкі – «FIAL» БК (ЖШС) Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 42А мекенжайында орналасқанын көрсетті. Сол арқылы төрелік шешімді мәжбүрлеп Қазақстан Республикасының аумағында орындауды сұрады.

Қорытындыларымен апелляциялық алқа да келіскен бірінші сатыдағы сот өтінішті қанағаттандырудан бас тартып, мына жағдайларды негізге алады:

- даудың тараптары – ҚР-ның резидент емес тұлғалары;
- борышкер ҚР аумағында орналаспаған;
- жауапкердің Ақтөбе қаласында орналасқан мүлкі (атап айтқанда, «FIAL» БК ЖШС жарғылық капиталының 100% үлесі) ҚР аумағында төрелік шығарған шешімді мәжбүрлеп орындату үшін негіз болмайды, себебі «FIAL» БК ЖШС даудың тарапы болған жоқ;
- өтініш беруші төрелік шешімнің Қытай Халық Республикасында мәжбүрлеп орындау үшін ұсынғандығы туралы құжатты табыс еткен жоқ.

Жоғарғы Соттың сот алқасы қаулыда жергілікті соттардың жоғарыда аталған қорытындылары негізсіз екенін көрсетті.

Жалпы ережеге сәйкес, ҚР ратификациялаған халықаралық шартында өзгеше белгіленбеген жағдайда, актілерді тану және орындау шарттары мен тәртібі заңмен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы мен ҚХР НҰК қатысушылары болып табылады. Сонымен қатар, ҚР мен ҚХР арасында 1993 жылғы 14 қаңтарда Бейжіңде қол қойылған Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарт [77] ратификацияланған.

НҰК-ның 5-бабында көрсетілген төрелік шешімін танудан бас тарту негіздерінің ешқайсысы орын алмаған. Төрелік шешімнің өзі де бұл нормаға қайшы келмейді. Шешім шығарылған кезде барлық рәсімдер сақталған. Жауапкердің де құқықтары толығымен сақталған, себебі ол тиісті түрде төрелік талқылаудың басталғаны және шешімнің шығарылғаны туралы хабарланған. Сондықтан Конвенцияның 5-бабында көрсетілген негіздердің ешқайсысы бұзылмағандықтан, төрелік шешімі Қазақстан Республикасының аумағында орындалуға тиіс.

Өтінішті қарау қорытындысы бойынша ҚР Жоғарғы Соты жаңа шешім шығарып, даулы ұйғарымдардың күшін жойды. Сонымен бірге, «China Development Bank»-тің (Қытай Даму Банкі) 2021 жылғы 14 наурыздағы Қытай халықаралық сауда-экономикалық төрелік комиссиясының төрелік сотының шешімін тану және оны Қазақстанның аумағында орындату туралы өтініші қанағаттандырылды. Шешім танылып, ол бойынша атқару парағы берілген [78]. Расымен де, заңнамада және халықаралық құжаттарда шетелдік төрелік шешімдерін танудан бас тартуға болатын негіздердің жабық тізбесі қарастырылған. Сот осы тізбеден тыс шығып, істің жеке мән-жайына сүйене отырып орындаудан бас тартуға құқылы емес. Сонымен қатар, біздің ойымызша, мұндай сот практикасына жол беруге болмайды, себебі ол тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруден негізсіз бас тартуға әкеледі, бұл сот тарапынан құқық нормаларының елеулі бұзылғанын білдіреді.

Көрсетілген барлық жағдайларда соттардың құқық нормаларын дұрыс қолданбауы себебінен өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруден бас тартылуы мүмкін еді. Ал алғашқы шешім қабылданғаннан кейін өндіріп алушы оны әрі қарай дауламаған кезде, соттың қателіктері анықталмай осындай қаншама жағдайлар орын алғанын айту қиын. Бұл мәселе практикада көп кездеседі, себебі кейбір қателіктер байқалмай қалады немесе тараптар оларды апелляциялық тәртіппен даулаудан бас тартады.

Сондай-ақ қазақстандық және шетелдік сот практикасында жиі қолданылатын шетелдік төрелік шешімдерін танудан және орындаудан бас тартуға негіз болатын жария тәртіп ережесі. Диссертацияның 2-бөлімінде бұл мәселе тереңірек талданады. Сол себептен, осы жерде жария тәртіп ережесін қолдану кей жағдайларда шетелдік шешімдерді тану мен орындаудан негізсіз бас тартуға әкелуі мүмкін екенін атап өтумен ғана шектелеміз.

Іс жүзінде «жария тәртіп» ұғымын әртүрлі түсіндіру мен қолдану жағдайлары да кездеседі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұл ұғым әр елде әрқалай түсіндіріледі. Ағылшын-саксондық құқық жүйесіне тиесілі елдерде жария тәртіп тар мағынада түсіндіріледі және халықаралық жария тәртіп ұғымына негізделеді, ал роман-германдық құқықтық жүйеге кіретін елдерде жария тәртіп көбінесе ұлттық жария тәртіп ұғымына сүйене отырып түсіндіріледі. Қытайда жария тәртіп ұғымы «жария және қоғамдық мүдде» ұғымымен ауыстырылды. Dongfeng Garments Factory of Kai Feng City and Taichun International Trade (HK) Co. Ltd., v. Henan Garments Import & Export (Group) Co. (1992) кейсінде Қытайдың Орта Халық Соты төрелік шешімнің жергілікті экономикаға зиян келтіре алатынын алға тартып, оны танудан және орындаудан бас тартқан. Ал Hainan Machinery Import and Export Corporation and Donald & Mc Arthy PTE-Ltd кейсінде Сингапурдың Жоғарғы Соты жария тәртіптің бұзылғаны туралы дәлелдемелерді қабылдамаған. Сингапурдың Жоғарғы Соты төрелік шешімін тану және орындау туралы өз шешімінде төрелік шешімінде заңсыздық не алаяқтық белгілерінің болмағанын көрсетті, бұл аталған төрелік шешімін тануды талап етеді, өйткені Сингапур халықаралық төрелік орталығы болып танылған және оның шешімдері шетелде орындалатын еді [79]. Англияда жария тәртіптің түсінігі өте берік, оны, біздің пікірімізше, судьялар тарапынан ең дұрыс деп тануға және бағалауға болады [80]. Алайда сот практикасында жария тәртіпті дұрыс түсінбеу жағдайлары жиі кездеседі (шетелдік шешімдерді орындауға қатысты ғана емес), бұл кейбір жағдайларда қате салдарға, соның ішінде шетелдік төрелік шешімін орындамауға әкелуі мүмкін [81-83].

Мәселен, Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 сотының 2017 жылғы 4 шілдедегі ұйғарымын қарастырайық. «Э» микроқаржы ұйымы» ЖШС-нің өзіне тиесілі соманы өндіріп алу құқығын растайтын төрелік шешіміне атқару парағын беру туралы өтінішпен жүгінеді. Алайда аталған сот ол өтінішті қанағаттандырудан бас тартады. Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2017 жылғы 23 тамызда бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын күшінде қалдырды. Сот талап қоюшының өтінішін қанағаттандырудан бас тартуды төрелік шешімінің Қазақстан Республикасының жария тәртібіне сәйкес келмеуімен негіздеген. Жоғарғы Сот бұл жағдайда соттар жария тәртіптің қандай бұзушылық екенін нақты және айқын негіздемегенін атап өткен [84]. Біздің ойымызша, төрелік шешімінде сыйақы тәртібінің, мерзімі мен мөлшерінің көрсетілмегені жария тәртіптің бұзылуына жатпайды. Сонымен қатар, ҚР Азаматтық кодексінің 1090-бабына сүйенер болсақ, жария тәртіп туралы төрелік шешімі шетелдік құқық нормаларын қолдана отырып шығарылған жағдайда ғана қарастырылатын ереже екенін көруге болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар – жоғары тұрған орган төменгі сатыдағы соттардың қандай да бір бұзушылықтарын анықтап, нәтижесінде өтініш беруші атқару парағын алып, бұзылған құқықтарын қалпына келтірген жағдайлар болып табылады.

Бұл мысалдар өтініш берушілердің де, соттың да қателіктерінің әртүрлілігін растап қана қоймайды, сондай-ақ төрелік немесе сот шығарған және заңды күшіне енген шешімнің өзі бұзылған құқықтарды толық қорғаудың кепілі емес екенін анық көрсетеді. Сондай ақ, егер шешімнің орындалуына қол жеткізуге мүмкіндік болмаса, онда құқықтар мен мүдделерді қалпына келтіру және қорғау туралы айту да қиын болады.

Біз жүргізген талдау нәтижелері көрсеткендей, бұзылған құқықтарды қорғау – әр адамның негізгі құқықтарының бірі болып табылады. Р.В. Зайцев пен С.А. Акимбекова жазғандай [18, 8], мемлекет өз аумағында шетелдік шешімдерді тануы мен орындауы арқылы адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша конституциялық функцияларын атқарады. Бұзылған субъективтік құқықтарды қалпына келтіру атқару жүйесінің дұрыс және тиімді жұмыс істеуіне байланысты. Оның сапасы, өз кезегінде, ҚР заңнамасын жетілдіруге және рәсімдік шаралардың дұрыс әрі толық орындалуына тәуелді.

Сот органдарының осындай тәжірибесі жалғастырылған жағдайда (жоғарыда көрсетілгендей), Қазақстанға трансұлттық қатынастарды дамытуға ұмтылатын және Мемлекет басшысының шетелдік инвестицияларды тарту стратегиясын қолдайтын мемлекет ретінде өзінің имиджін сақтау әрі күшейту қиынға соғады. Шынында да, инвесторларды тарту және елдің одан әрі экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін олардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғау және қалпына келтіруге мүмкіндік беретін жағдайларды, соның ішінде құқықтық базаны, құру қажет. Бұл арқылы шетелдік өндіріп алушыларға өз пайдасына шығарылған шешімдерді айқын ережелерге сүйене отырып мәжбүрлеп орындатуға жағдай жасалады, ал Қазақстанды халықаралық аренада адам құқықтарын қолдайтын мемлекет ретінде білетін болады.

Тұтастай алғанда, атқарушылық іс жүргізудің маңыздылығы туралы (ішкі немесе шетелдік сот немесе төрелік шешімдерінің орындалуына қарамастан) теорияда кеңінен айтылған [46, с. 157-162; 35, 31] және атқарушылық іс жүргізу маңызды салалардың бірі екені анық. Айтылып кеткендей, атқарушылық іс жүргізу құқықтық реттеу тетігіндегі соңғы кезең болып табылады. Ол тұлғалардың субъективтік құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сол арқылы атқарушылық құжатта көрсетілген талаптардың жүзеге асырылуына жол ашылады. Яғни, құқықтарды іс жүзінде қалпына келтіруге көмектесетін шығарылған және күшіне енген сот шешімінің өзі ғана емес. Осы сот шешімі бойынша нәтижелі және тиімді атқарушылық іс жүргізу құқықтық реттеу тетігінің маңызды сатысы екенін мойындау қажет. Сонымен қатар, Д.Х. Валеев өте орынды атап өткендей «құқықтық нормалар тиімділігінің мәселелері – бұл заңнама сапасын, құқық қолдану қызметін және құқық субъектілерінің құқықтық сана деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін жалпы теориялық мәселе» [85]. Демек, құқық нормаларының тиімділігі олардың сапасымен тығыз байланысты. Бұл ретте, сапа актілердің санына емес, олардың мазмұнына және тиімді орындалуына тәуелді. Ал тұлғалардың құқықтарын қалпына келтіру осындай актілердің орындалуымен байланысты болады. Ол, өз кезегінде,

ұлттық заңнама мен халықаралық актілердің заманауи талаптарға сай, ыңғайлы әрі жетілдірілген болуымен байланысты.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ. Сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату – маңызды. Сол кезде құқықтық реттеу тетігі толығымен жүзеге асырылады. Шетелдік сот және төрелік шешімдерін Қазақстанның территориясында орындату арқылы өндіріп алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтіріледі. Мемлекеттер өздерінің атқарушылық іс жүргізу ерекшеліктерімен таныс емес шетелдік өндіріп алушыларға, олардың ішінде инвесторларға да, құқықтық реттеу жағынан қолайлы жағдай жасауға тиіс.

1.2 Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесінде алатын орны

Алдыңғы бөлімшеде атап өткеніміздей, сот жүйесінің тиімділігі едәуір дәрежеде сот орындаушыларының қызметімен айқындалады және онымен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, сот жүйесінің қызметі мен атқарушылық іс жүргізуді реттейтін нормалар арасында да өзара тығыз байланыс байқалады. Шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау мәселелері бірқатар оқулықтарда «Халықаралық азаматтық процесс» пен «Халықаралық коммерциялық төрелік» атты бөлімшелер шеңберінде халықаралық жеке құқықтың саласына жатқызылған [40, 38, 86]. Теорияда мұндай ұстаным олардың ортақ бастауынан, өзара ықпалдастығынан, материалдық-құқықтық және іс жүргізу институттарының өзара тәуелді байланыстарынан туындайды деп түсіндіріледі [39]. Басқа жағдайларда шетелдік актілер бойынша атқарушылық іс жүргізу сұрақтары «Халықаралық азаматтық процесс» шеңберінде бөлек қарастырылады [32]. Алайда осы күнге дейін шетелдік шешімдерді орындау мәселесі аталған құқық нормалары жүйесінен тыс қарастырылмаған. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл арада халықаралық азаматтық процесс нормалары мен шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатуды реттейтін нормаларды ажырату қажет. Ол, өз кезегінде, құқық нормаларының дұрыс жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты, халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процес, сондай-ақ шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалуын реттейтін нормаларды жеке қарастырудың маңызы зор.

Біздің пайымдауымызша, шетелдік сот шешімдерін орындауды реттейтін нормалар мен халықаралық азаматтық процесс ережелері халықаралық жеке құқық аясында қарастырылмауы тиіс. Өйткені олардың реттеу пәні әртүрлі. Халықаралық жеке құқық шетелдік элементімен күрделенген жеке құқықтық қатынастарды коллизиялық және материалдық-құқықтық тәсілдің қосындысы арқылы реттеп, қолданылатын құқықты анықтау мәселесін шешеді. Тарихи тұрғыдан алғанда бұл құқықтың негізін коллизиялық нормалар құрайды және олар дау туындаған кездегі қолданылатын құқықты анықтауға бағыт береді. Халықаралық азаматтық процесінің нормалары жария-құқықтық сипатқа ие болып, шетел элементімен күрделенген жеке-құқықтық қатынастардан

туындаған дауды сот арқылы шешуді реттейді. Халықаралық коммерциялық төрелік нормалары да трансшекаралық коммерциялық қатынастардан туындайтын дауларды жеке-құқықтық тәсіл арқылы реттеуді және төрелікте іс қарауды көздейді. Сондықтан, белгілі бір мемлекеттің аумағында туындайтын шетел элементімен күрделенген даулар халықаралық азаматтық процестің нормалары негізінде сот арқылы шешіледі. Сонымен қатар, біздің ойымызша, дауларды шешудің жеке құқықтық тәсілі болып табылатын халықаралық коммерциялық төрелік халықаралық жеке құқықтың бір тармағы ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда шын мәнінде бұл екі сала «халықаралық» болып саналмайды. Оның себебі халықаралық жеке құқық шеңберінде сот тек өз елінің коллизиялық нормаларын негізге алатындығында. Азаматтық сот ісін жүргізу әрдайым *lex fori*, яғни сот ісін қарайтын елдің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады да, процеске қатысты қолданылатын іс жүргізу құқығын таңдау мәселесі мүлдем туындамайды, ал халықаралық коммерциялық төрелікте *lex arbitri*, яғни төрелік орналасқан елдің құқығы басымдыққа ие болады. Алайда, аталған нормалардың ешқайсысы шығарылған шешімнен кейінгі іс-әрекеттерді реттеуге бағытталмаған және халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процесс немесе халықаралық коммерциялық төрелік нормаларымен шетелдік сот пен төрелік шешімдеріне қатысты орын алатын атқарушылық іс жүргізу қамтылмайтыны көрініп тұр. Олардың функциялары басқа: халықаралық жеке құқық – қолданылатын құқық бойынша дау туындағанда көмегін тигізсе, халықаралық азаматтық процесс пен халықаралық төрелік нормалары – сотта немесе төрелікте іс қараудың рәсімін, оның нәтижесінде шешім шығарылып, ол заңды күшіне енгенге дейін реттейді. Ал атқарушылық іс жүргізу нормалары (атына сай) шығарылған және күшіне енген шешімдерді әрі қарай орындатып, өндіріп алушының құқықтарын қалпына келтіру процедурасын реттеуге бағытталған.

Мәселені айқын ажырату үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы мен Германия Федеративтік Республикасының заңды тұлғасы арасында сатып алу-сату шарты жасалған жағдайды мысал ретінде алып қарастырайық. Аталған шарт шеңберінде тараптардың міндеттемелері шарт ережелерімен ғана емес, тараптар таңдаған қолданылатын құқық нормаларымен де реттеледі. Осы сәтте туындайтын құқықтық қатынастар халықаралық жеке құқықтың объектісі болып табылады. Мәселен, шарт тараптарының бірі (мысалы, қазақстандық заңды тұлға борышкер) өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаса, тараптар арасында құқықтық дау туындайды. Бұл жағдайда егер тараптар арасында төрелікті таңдау туралы келісім жасалса, онда дау сол төреліктің қаралу пәніне айналады (*lex arbitri нормалары негізінде*). Ал басқа жағдайларда тараптар арасында туындаған дау азаматтық сот ісін жүргізудің басталуына негіз болады. Бұл құқықтық қатынас дауды қарайтын және шешетін тиісті мемлекеттің азаматтық процестік құқық нормаларына сәйкес реттеледі (*lex fori*). Бұл ретте қолданылатын материалдық құқықты тараптар өздері таңдайды, не болмаса сот немесе төрелік орган оны коллизиялық нормалар негізінде айқындайды. Дауды мәні бойынша қарау мен шешу азаматтық процесс немесе төрелік талқылау

аясында жүзеге асырылады. Ол, өз кезегінде, сот актісінің немесе төрелік шешімнің шығарылуымен аяқталады. Сот актісін немесе төрелік шешімін орындау мәселесі осы кезеңнен бастап туындайды. Бұл кезеңнен бастап сот актілерін немесе төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату атқарушылық іс жүргізудің пәніне айналады. Осылайша, борышкер қазақстандық заңды тұлғаның өзі немесе оның мүлкінің орналасу жері бойынша атқарушылық іс жүргізу ҚР аумағында орын алады. Әрі қарай өндіріп алу аясындағы іс-әрекеттерді ҚР сот орындаушылары жүзеге асыратын болады. Яғни, құқықтық қатынастардың жоғарыда берілген тізбегінен олар әртүрлі құқықтық мәнге ие екенін және оларды реттейтін нормалар құқықтық реттеу тетігінің әртүрлі сатыларында қолданылатынын көруге болады. Сонымен қатар, халықаралық жеке құқықтықтың мақсаты шетел элементімен күрделенген жеке-құқықтық қатынастарды реттеумен шектеліп, қолданылатын құқыққа сілтеме жасайды. Халықаралық азаматтық процесс пен халықаралық коммерциялық төрелік аталған қатынастардан туындайтын дауларды сот немесе төрелік арқылы шешуді ғана реттеп, шешім шығарумен шектеледі. Яғни бұл нормалар жиынтығы шығарылған шешімді орындатуды қамтымайды. Шешімдерді орындау үшін құқық жүйесінде арнайы нормалар – атқарушылық іс жүргізу нормалары қарастырылған.

Әрине, аталған құқық нормалары арасында тығыз байланыс бар, олардың барлығы шетел элементімен күрделенген қатынастарды реттейтін тетікті басынан аяғына дейін толыққанды жүзеге асыруға көмектеседі. Халықаралық жеке құқықпен реттелетін қатынастардың жеке-құқықтық, билікке тәуелсіз табиғатын жоққа шығару мүмкін еместігін Л.П. Ануфриева орынды атап өткен. Мұны елемей ұлттық құқық жүйесінің жария-құқық салаларымен немесе халықаралық құқық жүйесімен ара-жігін шатастыруға әкелер еді [87]. Сонымен қатар, Л.П. Ануфриева халықаралық азаматтық процесс пен шетелдік сот шешімдерін орындауда жария-құқықтық қырдың бар екенін де мойындайды [88]. Яғни, барлық нормалар бір құқық жүйесін құратындықтан, олар бір-бірімен ішкі тығыз байланыста және өзара-әрекеттестікте болатыны анық. Алайда, реттелетін қатынастардың сипатына байланысты олардың функциялары бөлек болғандықтан, әрбір реттеуші нормалар жиынтығының құқық саласында және осы реттеу механизмінде өзіндік орны бар деген сенімдеміз.

Енді жоғарыда келтірілген мысалды жалғастырайық. Дауды қарайтын А мемлекеті сотының немесе төрелігінің міндеті қолданылатын құқыққа сәйкес Б мемлекетінің аумағында орындалуға тиіс шешім шығару болып табылады. Ал процестік нормаларға сәйкес осы шешімді тану және оны орындау туралы ұйғарым шығару Б мемлекеті сотының міндеті болады делік. Әрі қарай шешімді орындау Б мемлекетінің аумағындағы сот орындаушысының міндетіне жатады. Ол атқарушылық іс жүргізуді реттейтін ұлттық заңнама нормаларына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатуды реттейтін нормалар кешені ұлттық құқықтағы атқарушылық іс жүргізу саласының ішіне кіретінін білдіреді. Сол себептен, біздің ойымызша, шетелдік сот пен төрелік

шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды реттейтін нормалар жиынтығы ұлттық атқарушылық іс жүргізудің институты ретінде қарастырылуы тиіс, себебі пәні, әдістері, субъектілері жағынан ішкі шешімдер мен сырттан келген шешімдерді орындауды реттейтін нормалар ерекшеленбейді, алайда сырттан келген шешімдерді реттейтін нормалардың объектісі шетелдік шешімдер болғандықтан, атқарушылық іс жүргізу рәсімін құқықтық реттеу тұрғысынан бұл жәйт қосымша ескерілуі қажет. Яғни, құқық теориясында берілген анықтамаға сүйенсек [89], атқарушылық іс жүргізу – біртекті қоғамдық қатынастардың нақты алынған кең саласын оларға тән заңи тәсілдер арқылы бір принциптер мен функцияларға негізделген құқық нормалары жиынтығы арқылы реттеп, құқық жүйесінің ішіндегі құқықтық сала түріндегі ірі элементі болып табылады. Ал құқықтық институт – осы кең саланы құрайтын қоғамдық қатынастардың ішіндегі мазмұны жағынан жақын қатынастарға әсерін тигізетін өзара байланысы бар нормалардан тұратын ережелер жиынтығы болса, ол – шетел сот пен төрелік шешімдерін реттейтін нормалардан тұрады. Яғни, атқарушылық іс жүргізу дербес құқық саласы. Ал шетелдік шешімдердің орындалуын реттейтін нормалар жиынтығы оның институты болып табылады деген ойдамыз.

Атқарушылық іс жүргізу – құқық қолдану органдары актілерінің негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату нәтижесінде бұзылған құқықтар мен мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған тетікті реттейтін нормалар жиынтығы болып табылады. Атқарушылық іс жүргізудің пәні мен оның құқық жүйесіндегі орны туралы көзқарастарды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа жататын авторлар атқарушылық іс жүргізуді азаматтық процестің (немесе азаматтық процестік құқықтың) ажырамас бөлігі (немесе сатысы) ретінде қарастыру қажет деп есептейді [19]; авторлардың екінші тобы атқарушылық іс жүргізудің ерекшелігі сот орындаушыларының билік өкілеттіктері бар арнайы субъект болуымен түсіндіріп, оны әкімшілік құқықтың бөлігі ретінде қарастырады [48, 33]; үшінші топтағы авторлар атқарушылық іс жүргізу құқығын дербес нормалар жиынтығы ретінде қарастырады [48, 19, 69, 90].

Біздің пікірімізше, атқарушылық іс жүргізу – құқық жүйесінде ерекше орын алатын дербес құқық саласы. Оның құқық салаларына тән өзіндік пәні бар. Сондай-ақ ол осы пәнді құрайтын құқықтық қатынастарды арнайы құқықтық әдістер арқылы реттейді [48]. Сол себептен оны азаматтық процестен ажыратуымыз керек. Атқарушылық іс жүргізудің пәні сот шешімдері мен өзге де актілерді орындау барысында туындайтын құқықтық қатынастарды қамтиды. Атқарушылық іс жүргізу барысында қалыптасатын қатынастар сот шешімі қабылданып, ол заңды күшіне енгеннен кейін туындайтын соттан тыс құқықтық қатынастар болып табылады. Бұл қатынастардың басты мақсаты – бұзылған құқықтарды қалпына келтіру. Мұндай құқықтық қатынастар құқықтың өзге салаларына тән емес, сондықтан олардың пәні осы құқық саласына тән айрықша сипат береді.

Атқарушылық іс жүргізу әдісіне қатысты, құқықтың бұл саласы қатынастарды императивтік және диспозитивтік әдістердің үйлесімі арқылы реттейді деген көзқарас қалыптасқан [90, с. 10], бұл ретте, атқарушылық іс жүргізу әдісінің ерекшелігі – оның борышкер үшін императивтік, ал өндіріп алушы үшін диспозитивтік сипатқа ие болуында. Мұнда императивтілік атқарушылық іс жүргізуде билік пен бағыну қатынастарының қалыптасуымен байланысты екенін атап өткен жөн. Ал диспозитивтілік, өз кезегінде, атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың нақты іс-әрекеттерді жасау немесе оларды жасаудан бас тартуды таңдау мүмкіндігіне негізделеді. Осылайша, атқарушылық іс жүргізу құқықтық қатынастарды екі әдісті үйлестіре отырып реттейтінін көруге болады. Демек, субъективтік құқықтарды қалпына келтіру барысында әрі императивтік, әрі диспозитивтік шаралар қолданылады. Соған қарамастан, атқарушылық іс жүргізу саласындағы реттеуде императивтік сипат басымдыққа ие [48]. Мәселен, егер борышкер сот актісін өз еркімен орындаса, атқарушылық іс жүргізу мүлде қозғалмайды. Ал борышкер құжатты ерікті түрде орындамаған жағдайда атқарушылық іс жүргізудің мәжбүрлі нысаны басталады.


Осылайша, осы құқық саласының дербестігі туралы қорытынды жоғарыда көрсетілген. Екі негізгі өлшеммен (пәні мен әдістері) қатар оның құқықтық қайнар көздерінен, субъектілік құрамының ерекшеліктерінен, принциптері мен арнайы міндеттерінен де туындайды. Мәселен, ҚР атқарушылық іс жүргізу АІЖжСОМ туралы ҚР Заңымен реттеледі. Яғни атқарушылық іс жүргізу нормалары ҚР АПК-тің аясынан тыс шығарылған. Сот орындаушысы мен тараптар (борышкер мен өндіріп алушы) атқарушылық іс жүргізудің негізгі субъектілері болып табылады. Ал азаматтық процестің негізгі субъектісі – сот, ал тараптары – талап қоюшы мен жауапкер. Яғни, азаматтық процестегі басты субъект – судья. Ал атқарушылық іс жүргізудің орталық субъектісі сот орындаушысы болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізу мен азаматтық процестің ерекше мақсат-міндеттері бар. Біріншісі атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуды көздесе [91], екіншісі осы атқарушылық құжаттың негізі болатындай субъектілердің құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шешім шығаруды мақсат етеді [92]. Демек, азаматтық процесс дауды қарау нәтижесінде шешім шығаруды қамтамасыз етсе, атқарушылық іс жүргізу шығарылған шешімдерді уақытылы орындауды реттейді [48].

Сонымен қатар, атқарушылық іс жүргізу мен азаматтық процестің принциптерін де ажырату керек. Өйткені құқықтың әрбір саласы реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекшелігіне сәйкес, сол салаға ғана тән іргелі принциптерге сүйенеді (4 және 5 сурет).



Сурет 4 - Атқарушылық іс жүргізудің негізгі принциптері



Сурет 5 - Азаматтық сот ісін жүргізудің қағидаттары

Азаматтық процестің принциптері ҚР АПК-нің 2-тарауында [92], ал атқарушылық іс жүргізудің негізгі принциптері ҚР АІЖЖСОМ туралы заңының 3-бабында қарастырылған [91]. Яғни, екі саланың принцип түрінде негізделген құндылықтары да бөлек екенін көруге болады.

Жоғарыдағы суреттерден көріп тұрғанымыздай, екі саланың принциптері де әртүрлі. Және олар осы салалардың пәніне сәйкес келеді. Азаматтық процестің қағидаттары әділ сот төрелігінің жүзеге асырылуын және субъектілердің құқықтарын сот арқылы қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Олар сот ісін жүргізу барысында қолданылады. Ал атқарушылық іс жүргізу принциптері шығарылған шешімдерді уақытылы әрі тиімді орындауға бағытталған. Олар атқару құжатын орындау барысында қолданылады. Сол себептен де атқарушылық іс жүргізу азаматтық процестен ажыратылуы тиіс деген ойдамыз.

Демек, атқарушылық іс жүргізу, басқа да атқару құжаттарымен қатар орындалу аумағында сотпен берілген атқарушылық құжаттар негізінде шетелдік шешімдерді орындауға байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды қоса алғанда, ұлттық құқықтың дербес құқық саласы болып табылады деген қорытынды жасаймыз. Ал шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау осы саланың институты болып, пәні, әдістері, субъектілері, қайнар-көздері жағынан бірдей құқықтық қатынастарды реттейтін басқа да бірқатар нормалардың жиынтығынан тұратын институттармен қатар атқарушылық іс жүргізу саласын құрайды.

Құқық теориясында құқықтық институттың келесідей сипаттамалары белгіленген: 1) ол әрдайым құқық нормалары жиынтығынан тұратын кешен; 2) бұл нормалар қатынастардың нақты түрін реттеуге бағытталған; 3) құқықтық институт осы қатынастар шеңберінде өзінің реттеуші қасиетін жүзеге асырады; 4) құқықтық институтқа ішкі құрылым тән, ол құқық жүйесі ішіндегі біртекті субъектілерді, объектілерді, құқықтар мен міндеттерді біріктіретін біркелкі нормалардың байланысын білдіреді [89, с. 226]. Аталған сипаттама шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындауды реттейтін нормаларға тән келеді: ұлттық құқықтың ішіндегі атқарушылық іс жүргізуді реттейтін ірі саланың ішіндегі біртектес объектілерге (басқа елдің соты немесе басқа елде орналасқан төрелік шығарған сырттан келген шешімдер) қатысты ерекше субъектілердің (міндетті түрде шетелдік өндіріп алушы) қатысуымен байланысты туындайтын құқықтық қатынастардың жиынтығын реттейін нормалар болып табылады.

Айтылғандарға байланысты, қазіргі қолданыстағы заңда «Халықаралық, шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдерін орындау» атты тек бір бап (5-бап) арналғаны дұрыс емес деп ойлаймыз, себебі АІЖЖСОМ туралы заң сырттан келген шешімдердің реттелуін қарастырмағандықтан, шетелдік өндіріп алушылардың құқықтарын қалпына келтіруге құқықтық кепіл жасамағандай көрінеді. Ал ол, өз кезегінде, Қазақстанның халықаралық аренадағы адам құқықтарын қолдайтын мемлекет ретіндегі имиджіне нұқсан келтіріп, шетелдіктердің құқықтарына және заңды мүдделеріне құрмет көрсетпеуі

ретінде қарастырылуы мүмкін. Біздің ойымызша, қолданыстағы заң арнайы «Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату» атты бөліммен толықтырылуы керек. Ол бөлімнің баптары: халықаралық орындаудың принциптерін (мысалы, осы жұмыстың 2.3-бөлімшесінде ұсынылған), өндіріп алушы мен борышкердің құқықтары мен міндеттерін, сырттан келген шешімдерді орындаудан бас тарту негіздерін (мысалы, осы жұмыстың 2.3-бөлімшесінде ұсынылған), шетелдік өндіріп алушыға ол жасайтын қадамдар тізбегін (мысалы, осы жұмыстың 3.1-бөлімшесінде ұсынылған нұсқаулыққа сәйкес), сот орындаушылары шетелдік шешімдерді орындау барысында назар аударатын ерекшеліктерді және т.с.с. ережелерді қамтуы тиіс. Осылайша, атқарушылық іс жүргізудің барлық нормалары бір нормативтік актіде толыққанды әрі жүйелі түрде жинақталып, осы саланың дербестігінің дәлелі болар еді.

Сонымен қатар, Қазақстандық ғалымдар арасында атқарушылық іс жүргізу көбінесе азаматтық процестің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Мәселен, бұл пікірді М.А. Аленов та қолдайды [11]. Осыған байланысты да, өкінішке қарай, Қазақстанда атқарушылық іс жүргізуге жеткілікті көңіл бөлінбейді. Бұған дәлел – білім беру мекемелерінің «Құқық» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларында атқарушылық іс жүргізу дербес міндетті пән ретінде орын таппағаны. Біздің ойымызша, кез келген заң университетінде азаматтық іс жүргізу құқығынан тыс «Атқарушылық іс жүргізу құқығы» пәніне ерекше көңіл бөлінуі керек, себебі азаматтық процестен тыс қалған атқару құжаттарын орындаудың ерекшеліктері өте көп. Бұл арқылы атқарушылық іс жүргізудің және сот орындаушыларының мәртебесін көтеруге, сондай-ақ болашақ заңгерлерді сапалы дайындауға мүмкіндік туады [48]. Әдетте ҚР жоғары оқу орындарында студенттер азаматтық құқық пен азаматтық процесс бойынша толыққанды білім алады. Алайда шешімдерді орындау бойынша біртұтас білім мен дағдыларды қалыптастырмайды, себебі атқарушылық іс жүргізу бөлек пән ретінде емес, азаматтық процестің соңғы бөлімі ретінде оқу бағдарламаларында қарастырылған [48]. Сондықтан студенттерде құқықтық реттеу тетігінің толық циклі (материалдық құқық – процестік құқық – атқарушылық іс жүргізу) туралы түсінік қалыптаспайды деп болжануда. Ал бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау тетігі тек құқыққолдану актісін шығару және оның күшіне енуімен ғана шектелмейтіні жоғарыда анықталды. Яғни, актілер орындалғаннан кейін ғана тұлғалардың және мемлекеттердің бұзылған немесе даулы құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтіріледі. Оған қоса, әдетте, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындау тақырыбы не Халықаралық азаматтық процесс немесе Халықаралық жеке құқық пәні аясында соңғы тақырып ретінде қарастырылып, ол тақырыпқа әдетте уақыт тапшылығына байланысты көп көңіл бөлінбейді. Осылайша құқықтық реттеу механизмінің барлық сатыларын меңгермеген мамандар дайындалу үстінде. Біздің ойымызша, заманауи талаптарға сай заңгерлер осы кездегі қарқынды дамып жатқан халықаралық айналымның сын-қатерлеріне бетпе-бет кездескенде оларға төтеп беріп, жұмыс істеуге

дағдылануы керек. Осыны ескере отырып, «Құқық» мамандығы бойынша білім беретін әрбір жоғары оқу орнында «Атқарушылық іс жүргізу» міндетті оқу пәні ретінде енгізілуі керек. Сол пән аясында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін ҚР мәжбүрлеп орындату ережелеріне баса көңіл бөлінуі қажет.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, шетелдік сот пен төрелік шығарған шешімдердің орындалуын реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесінде алатын орнын анықтадық. Бұл нормалар халықаралық жеке құқық саласының ішіндегі халықаралық азаматтық процесс пен халықаралық коммерциялық төрелік бөлімдерінде қарастырылмауы тиіс, себебі бұл салалардың әрқайсының өзіне тән функциялары бар. Халықаралық жеке құқық шетел элементімен күрделенген қатынастарда қолданылатын құқықты анықтауға көмектессе, халықаралық азаматтық процесс пен халықаралық коммерциялық төрелік трансшекаралық қатынастардан туындайтын дауларды шешуді реттейді. Осы бөлімшеде анықтағанымыздай, бұл салалар шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды реттейтін нормаларды қамтымайды. Ал атқарушылық іс жүргізу сот пен төреліктердің дауды шешу бойынша жасалған жұмысы нәтижесінде шығарылған шешімдердің мәжбүрлі түрде уақытылы орындалуын реттейді. Бұндай нормалар ұлттық құқық шеңберінде атқарушылық іс жүргізу саласының аясында қарастырылған. Сонымен қатар, егер атқарушылық іс жүргізу дербес сала болып табылса, шетелдік шешімдерді орындатуды реттейтін нормалар жиынтығы осы саланың ішіндегі институттардың бірі болып табылады. Бұл институт атқарушылық іс жүргізу саласының ішіндегі субъектілерімен және объектілерімен ерекшеленетін құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталатын нормалар кешенінен тұрады.

1.3 Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейде құқықтық реттеу

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау бір аумақтың шекарасынан тыс шығатын экономикалық қатынастарының қарқын дамуымен байланысты. Бұл үрдістің тарихына теорияда сипаттама берілген [93]. Бір елдің соты немесе төрелігі шығарған шешімдерін басқа аумақта орындау институтының тарихы оның құқықтық реттелуінің қалыптасуында көрініс тапқаны анық. Осы бөлімшеде қарастырылатын құқықтық реттеудің қалыптасқанына дейін әрбір ел шетелдік шешімдерді тек ұлттық заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын. Бұл кезеңді бірыңғайландыру алдындағы қатаң ұлттық кезең деп атауға болады. Ал 1923 жылдан бастап төрелік шешімдеріне қатысты Төрелік ескертпелер туралы Женева хаттамасы қабылданғаннан бастап бірыңғайландыру үрдісі басталып, қазіргі таңдағы қолданыстағы НҰК төрелік шешімдерін орындау тарихындағы ең жарқын серпіліс болды. Сот шешімдеріне келер болсақ, бірыңғайландыру көбінесе аймақтық деңгейде сәтті жүзеге асырылып, 2019 жылғы Гаага конвенциясының қабылдануымен жаңа деңгейді көздеп тұр. Біздің тақырыбымызды оның мақсатына сай әрі қарай ашу үшін осы саланың құқықтық реттелуінің қалыптасуы мен қазіргі жағдайына шолу жасау қажет деп есептейміз.

Теорияда айқындалғандай, «бір мемлекеттің соты шығарған сот шешімінің қолданылуы сол мемлекеттің аумағымен шектеледі. Аумақтан тыс сот юрисдикциясын жүзеге асыру тиісті шарттар жасасу арқылы халықаралық-құқықтық реттеуді қажет ететін мемлекетаралық қатынастарды тікелей қозғайды» [16]. Осылайша, шетелдік шешімдерді орындау халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейлерде реттеледі. Бұл құжаттарда, әдетте, тану мен орындау рәсімі сот шешімдері мен төрелік шешімдеріне қатысты бөлек қарастырылады.

Шетелдік соттардың шешімдерін тану және орындау мәселелері Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық көпжақты шарттармен реттеледі. Олардың арасында 2002 жылғы Кишинев конвенциясы [94], 1992 жылғы Киев келісімі [95], 1998 жылғы Мәскеу келісімі [96] бар. Аталған шарттар посткеңестік кеңістікте орналасқан мемлекеттер (Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Әзірбайжан, Армения, Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Украина және Грузия) соттарының шешімдерін өзара тануды және орындауды көздейді. Сонымен қатар, Қазақстан Еуропа елдерінен – Грузия, Литва, Түркия; Азия елдерінен – Вьетнам, Үндістан, Корея Халық-Демократиялық Республика, Моңғолия, Пәкістан, Біріккен Араб Әмірліктері; ТМД елдерінен – Әзірбайжан, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстанмен құқықтық көмек туралы екіжақты шарттар жасасты [97]. Бұл құжаттарда негізінен соттың шетелдік сот актілерін немесе төрелік шешімдерін тану және оларды мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру жөніндегі қызметі реттеледі. Яғни, Қазақстан Республикасында аталған мемлекеттердің сот органдары шығарған шешімдері жоғарыда көрсетілген құжаттар негізінде танылып, орындалады.

Халықаралық коммерциялық төреліктің артықшылықтарының бірі – шет мемлекет аумағында шығарылған төрелік шешімдерін тану және мәжбүрлеп орындаудың қалыптасқан жүйесінің болуы. Қазіргі таңда шетелдік төрелік шешімдерін тану және орындау саласы барынша реттелген болып саналады.

Т. Бендевский көрсеткендей, «халықаралық коммерциялық төреліктердің тауарлар мен қызметтердің халықаралық айналымы саласындағы шарттар бойынша дауларды шешудегі маңыздылығын, сондай-ақ мемлекеттердің құқықтық жүйелеріндегі шетелдік төрелік шешімдерін тану және орындау шарттары мен рәсімдеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып, әмбебап сипаттағы халықаралық конвенциялар аясында шетелдік төрелік шешімдерін тану және орындау шарттарын біріздендіру тәжірибесі қалыптасты» [45].

1923 жылы Төрелік ескертпелер туралы Женева хаттамасы қабылданып, оған Еуропаның 13 елі, сондай-ақ Бразилия, Үндістан, Жапония, Тайланд және Жаңа Зеландия қосылды. Хаттаманың мақсаты – шетелдік тұлғалардың қатысуымен болатын дауларды жалпы даулардан бөліп қарастыру және шешім шығарылған мемлекеттердің аумағында олардың орындалуын қамтамасыз ету болды. Дегенмен хаттаманың елеулі кемшілігі – төрелік шешімдерін олар қабылданған аумақтан тыс орындауды көздемеуі, яғни оның реттеу саласының тым тар болып қалуында еді. Женева хаттамасы қабылданғаннан кейін көп ұзамай, 1927 жылы Шетелдік төрелік шешімдерін орындау туралы Женева

конвенциясы қабылданды. Т. Бендевский жазғандай, «бұл Конвенция хаттаманың қолданылу аясын кеңейтуді көздеп, шетелдік төрелік шешімдерді орындау процесін айтарлықтай жеңілдетті» [45, с. 430]. Нәтижесінде, ол төреліктердің қалыптасуы мен дамуына, сондай-ақ дауларды шешудің төрелік тәртібін нығайтуға елеулі ықпал етті. Женева конвенциясы 1923 жылғы Төрелік ескертпелер туралы Женева хаттамасына толықтыру ретінде қабылданды және оған тек Женева хаттамасына қол қойған мемлекеттердің ғана қосылуға мүмкіндігі болды. Конвенция өз күшіне енгеннен кейін шығарылған төрелік шешімдеріне ғана қолданылды (6-бап). Алайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық коммерциялық қатынастардың қарқынды дамуына байланысты Женева хаттамасы мен Женева конвенциясының ережелері күн сайын кеңейіп келе жатқан халықаралық коммерциялық қатынастардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмады, себебі бұл құжаттарда бірнеше кемшілік болды. Мәселен, 1923 жылғы хаттама ережелері айтарлықтай икемді болмады, рәсімдер толыққанды реттелмей, ұлттық заңнамаға қатты тәуелді болды. 1927 жылғы конвенцияға келер болсақ, ол тек 1923 жылғы хаттамаға қатысушылар арасында ғана қолданылып, көп бюрократиялық рәсімдерді талап ететін. Сонымен қатар, НЙК қабылдауға белсенді атсалысқан профессор Питер Сандерстің пікірінше, 1927 жылғы Женева хаттамасының ең негізгі проблемасы – «қос экзекватура» принципі болған [43]. Осы ережеге сәйкес, бір елдің төрелігі шешім шығарғаннан кейін, ол бойынша ең алдымен сол аумақтағы сот арқылы атқару парағын алу қажет еді. Содан кейін ғана шешім орындауға жататын аумақтың сотына жүгініп, мәжбүрлеп орындату үшін өтініш берілетін. Кейіннен бұл талап НЙК III-бабымен жойылды. Аталған норманың бекітілуі төрелік шешімдерін орындау рәсімін айтарлықтай жеңілдеткен үлкен «қадам» болды.

Қазіргі уақытта шетелдік төрелік шешімдерін тану және орындау рәсімін халықаралық деңгейде біріздендірген негізгі құқықтық акт НЙК болып табылады. НЙК халықаралық сауда қатынастарының кеңеюіне байланысты қабылданып, даулар туындаған жағдайда оларды әділ әрі бейтарап түрде шешуді қамтамасыз етуді мақсат етті.

Бұл Конвенция шын мәнінде әмбебап халықаралық акт болып табылады, қазіргі таңда оған БҰҰ-ға мүше 193 мемлекеттің 172-сі қосылған [98]. НЙК ерекшелігі келесіде. Осы құжатқа қатысушы болып табылмайтын мемлекеттер үшін де шетелдік төрелік шешімдердің танылуы мен орындалуын қамтамасыз етуді көздейді. Осының нәтижесінде Конвенцияның аумақтық қолданылу аясы қатысушы мемлекеттердің ресми санынан айтарлықтай кең. Іс жүзінде Конвенция әлемдегі кез келген мемлекеттің аумағында шығарылған төрелік шешімнің орындалуына мүмкіндік береді. Алайда мемлекет Конвенцияға қосылған кезде оның құқықтық режимін Конвенцияға қатысушы емес мемлекеттердің аумағында шығарылған шешімдерге қолдану мүмкіндігін шектейтін ескерту жасауға құқылы [38, с. 617]. Жалпы алғанда, НЙК ең үлкен үлесі – төрелік шешімдердің танудан бас тарту негіздердің тізбесін ұсынғанында.

Б.Р. Карабельников НҰК диссертациялық зерттеуді арнаған авторлардың бірі болып табылады. Ол бұл Конвенцияның табысты болуы мен кең қолданыс табуына оның прагматикалығы мен ықшамдылығы себеп болғанын атап өтеді [15]. Конвенцияға сәйкес, «шетелдік төрелік шешім» деп тану және орындау сұралатын мемлекеттен өзге мемлекеттің аумағында шығарылған шешім түсініледі (I-бап). Көріп отырғанымыздай, Конвенция төрелік шешімнің *шетелдік* сипатын айқындау үшін тек бір ғана өлшемді – шешімнің шығарылған орнын қолданады. Осыған сәйкес, егер шешім шет мемлекеттің аумағында шығарылса, ол шетелдік болып есептеледі. Бұл қағида институционалдық төреліктердің де, *ad hoc* төреліктердің де шешімдеріне бірдей қолданылады. Алайда мемлекеттердің ұлттық құқығында төрелік шешімнің «*шетелдік*» сипатын айқындаудың өзге тәсілдері де кездеседі. Мысалы, Германия Федеративтік Республикасында шетелдік шешімдер қатарына осы елдің аумағында шығарылған, бірақ шетелдік іс жүргізу нормалары сақтала отырып қабылданған шешімдер де жатады. Сондықтан қаралып отырған I-бапта қосымша қағида көзделген: шетелдік деп сондай-ақ ол орындалатын мемлекетте ішкі болып саналмайтын шешім танылады [38, с. 616-617].

Әрине, Конвенция қабылданған кезде өзекті де, қажетті де болды. Дегенмен ондаған жылдар өткен соң оның шетелдік төрелік шешімдерді қазіргі заманғы тану және орындау талаптарына толық сәйкес келмейтінін, яғни ескіргенін де айту қажет. Мәселен, НҰК ол қабылданған кездегі төреліктің классикалық нысанына бейімделген және қазіргі таңдағы төреліктердің жаңа форматын (мысалы, онлайн формат немесе электрондық сауда төрелігі) ескермейді; заманауи заңнама мен қоғамдық қатынастардың дамуы НҰК көзделген төрелік шешімдерді танудан бас тарту негіздерінің айқын болғанын талап етеді, ал бұл конвенцияда берілген негіздер қазір талап етілетін құқықтық айқындылықты қамтамасыз етпейтіндей тым жалпылама түрде берілген және өте кең болып келеді; осы күндердің жағдайымен салыстырғанда конвенция қабылданған кездегі жаһандық экономиканың интеграциялануы төмен деңгейде болған. Конвенцияны дәлме-дәл түсіндіретін болсақ, оның ережелерінің міндетті сипаты жоқ екенін байқауға болады. Мысалы, Конвенцияның V-бабының I-тармағында төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің негізгі тізбесі берілген, онда «төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартылуы мүмкін» деп көрсетілген. Демек, бұл норма императивті емес, диспозитивті сипатта тұжырымдалған. Ал императивті емес нормалардың орындалуы екіталай. Оның нормалары міндетті сипатта болмағандықтан, қолданудағы бірізділіктің болмауы үлкен мәселелердің бірі. Әр елде НҰК қолдануда әртүрлі практика қалыптасқан [63, р. 67-84; 64, р. 1080-1108]. Ол, өз кезегінде, трансшекаралық қатынастарды реттеуде тұрақсыздыққа әкеліп, шығарылған шешімнің орындалмау тәуекелдерін тудырады. Сонымен қатар, Конвенцияның атауына қарамастан, ол орындау тетігінің мәселелерін қамтымайды, сондықтан оның атауында көрсетілген функцияны толық емес, тек жартылай – яғни тану бөлігі бойынша ғана орындайды деп айтуға болады,

демек, тек танудан бас тарту негіздері ғана унификацияланған. Ал қазіргі таңда әлем бұл сұрақта барлық процедуралардың біріздендірілуін талап етеді. Тағы бір мәселе – Қазақстан Республикасы НҰК 1995 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде қосылды. Қазақстан бұл Конвенцияны ратификациялаған жоқ, тек оған қосылды, дегенмен ол реттеу саласы бойынша маңызды құжаттар қатарына жатады. Қосылу ратификацияға қарағанда халықаралық міндеттемеге қатысудың неғұрлым еркін нысанын білдіреді және, әлбетте, елдің ұлттық заңнамасын халықаралық құжаттың мазмұнына сәйкестендіруге әсер етеді. Қосылудан туындайтын проблемаларға байланысты осы Конвенцияны ратификациялау қажет деген пікір бар [99]. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы заңының 11-бабына сәйкес ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың қатарына нысанасы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылатын шарттар жатады [100]. Демек, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін ҚР территориясында тану мен оларды әрі қарай орындату тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірумен байланысты болғандықтан, НҰК расымен де ратификациялаудан өтуі керек еді.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы мәселелердің бірі – санкцияларға және арнайы әскери операцияға байланысты Ресей Федерациясының НҰК қатысуы шектелді [101]. Ресей көптеген халықаралық келісімдерден шығып кеткенімен, орындалуға жататын сот және төрелік шешімдерінің едәуір бөлігі әлі де осы елге қатысты болып отыр. Оның ішінде Қазақстанда да орындауға жататын шешімдер бар. Осыған байланысты туындап отырған негізгі мәселе: Ресей Федерациясынан шыққан төрелік шешімдері Қазақстан Республикасында орындалған кезде НҰК ережелері қолданылады, ал Қазақстаннан шыққан шешімдерді Ресей Федерациясында орындату кезінде НҰК қолданылмайды. Осылайша Ресейде Қазақстандық төреліктердің шешімдерін орындату барысында Ресей өзінің Азаматтық процестік кодексін басшылыққа алып отыр. Демек, НҰК қолданылуы екіжақты сипатқа ие болмай отыр. Бұл жағдайды, «келісімдер орындалуы тиіс» принципіне қайшы келеді деп бағалауға да болады. Осыған байланысты, егер Қазақстан мен Ресей арасында НҰК қолданылмаса, төрелік шешімдерін тану мен орындауды реттейтін екі елдің ұлттық заңнамасынан басқа екіжақты келісім керек пе? - деген сұрақ туындайды.

Конвенцияның барлық кемшіліктерін ескере отырып, біздің ойымызша, әлемдік қауымдастық бұл құжатты толыққанды жаңғыртуы тиіс.

НҰК-на негізделе отырып, оны дамыту мақсатында басқа да халықаралық актілер қабылданды.

1961 жылғы «Сыртқы сауда төрелігі туралы» Еуропалық конвенцияны (бұдан әрі – Еуропалық конвенция) [102] ҚР 1995 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес ратификациялады. Еуропалық конвенцияның маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның 2-бабының 1-тармағына сәйкес, жария құқықпен реттелетін заңды тұлғалардың қатысуымен болатын төрелікке де таралуы.

Бұған дейін төрелік дауларды тек жеке құқықтық субъектілер арасында туындаған қатынастар бойынша ғана қарай алатын. Еуропалық конвенцияда да төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің тізімі берілген. Ол тізім НҰК көзделген тізімге қарағанда біршама тар болып келеді. Сонымен қатар, бұл Конвенцияның бір кемшілігі бар: оған Ұлыбритания, Швейцария және Швеция сияқты елдер қосылмаған. Ал бұл мемлекеттер қазір Еуропада халықаралық төрелікті жүргізу үшін ең жиі қолданатын елдер болып саналады. Бұл конвенция төрелік саласын реттегенімен, зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты аса маңыздылығы жоқ екенін атап өткен жөн.

Шетелдік инвестицияларды тартуға деген қызығушылықтың артуына байланысты инвесторлардың мүдделерін қорғауға бағытталған көпжақты құжатты қабылдау қажеттілігі туындады. Мұндай құжатты әзірлеу және бекіту міндетін Дүниежүзілік банк өз мойнына алды. Нәтижесінде 1966 жылғы 14 қазанда күшіне енген «Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғалары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы» Вашингтон конвенциясы (бұдан әрі – Вашингтон конвенциясы) [103] қабылданды. Қазақстан Республикасы бұл Конвенцияны 2004 жылғы 9 шілдедегі ҚР Заңымен ратификациялады. Вашингтон конвенциясын іске асыру аясында Вашингтон қаласында Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (бұдан әрі – ИДРХО) құрылды. Конвенция орталықтың құрылымы, юрисдикциясы, сондай-ақ оның шеңберінде жүргізілетін бітімгершілік рәсімдер мен төрелік қараудың ережелері реттейді. Бұл Конвенция инвестициялық қызметтен туындайтын дауларды шешуге арналған. Оның тараптары, әдетте, мемлекет немесе оны өкілдік ететін кез келген орган мен шетелдік инвестор болып табылады.

ИДРХО төрелігі шығарған шешімдерді тану мен орындау тараптар үшін міндетті болып табылады. Алайда конвенцияға сәйкес белгіленген ерекшелік – істе ұтылған тарап ИДРХО Бас хатшысына шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы. Бұл конвенцияны да біз әрі қарай назарға алмайтын боламыз, себебі оның реттеу аясына тек инвестициялық дауларды арнайы орталықта қарау кіреді.

Сот шешімдерін тану мен орындауды реттеу саласында біріздендіру және әмбебаптық жоқ, себебі бұл салада ең болмаса НҰК деңгейіне жеткен құжат қабылданбаған. Қазақстан мынадай конвенцияларға қатысушы болып табылады: 1980 жылғы 25 қазандағы Сот төрелігіне халықаралық қолжетімділік туралы конвенция [104], 1954 жылғы 1 наурыздағы Азаматтық процесс мәселелері жөніндегі конвенция [105], сондай-ақ 1965 жылғы 15 қарашадағы Шетелде азаматтық немесе сауда істері бойынша сот және соттан тыс құжаттарды тапсыру туралы конвенция [106]. Бұл құжаттар тек сот ісін жүргізу рәсімдерін реттеуді көздейді да, шешімдерді орындау мәселелерін қамтымайды.

Маңызды қадам ретінде 2019 жылғы 2 шілдеде Азаматтық және сауда істері бойынша шетелдік сот шешімдерін тану және орындау туралы конвенцияның [107] қабылдануын атауға болады. Бұл құжат Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференцияларының көпжылдық еңбегінің нәтижесі.

Көптеген сарапшылар оның сәтті аяқталу ықтималдығы төмен екенін атап өткен еді [108]. Аталған Конвенцияға 39 мемлекет қатысушы болып табылады [109], алайда Қазақстан олардың қатарында жоқ. Бұл конвенцияның біріздендіру деңгейі туралы сөз қозғау әлі ерте, себебі қатысушылар саны жеткіліксіз. Конвенцияның басты артықшылығы – оның мазмұнының жан-жақты әрі егжей-тегжейлі болуы, сондай-ақ сот шешімдерін тану және орындау мәселелерін біріздендірген алғашқы құжат болып табылатындығында (айта кету керек, одан бұрын, 1971 жылғы 1 ақпандағы Азаматтық және сауда істері бойынша шетелдік шешімдерді тану және орындау туралы конвенция қабылданған. Алайда бүгінгі күні оның қатысушылары небәрі Албания, Кипр, Кувейт, Нидерланд және Португалиямен шектеледі [110]). Бұл Конвенцияның да кемшілігі – орындауға қарағанда шетелдік сот шешімдерін тану мәселелеріне көбірек назар аударылуы.

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану және орындау рәсімдерінің қайнар көздерін шолуды жалғастыра отырып, ТМД елдері аясында қабылданған келісімдерді қарастыруды қажет деп санаймыз. Әдетте, шетелдік төрелік шешімдеріне қатысты НҰК-нің ережелері қолданылуы тиіс. Ал соттардың шешімдеріне келер болсақ, А.Н. Кузнецов орынды айтқандай: «жалпы юрисдикция соттарының шешімдеріне азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шарттардың нормалары қолданылады» [111, с. 139].

ТМД елдерінің сот шешімдеріне қатысты мынадай келісімдерді атап өткен жөн: 1. 1993 жылы Минск конвенциясы [112]. 2. 1992 жылы Киев келісімі [95]. 3. 1998 жылғы Мәскеу келісімі [96]. 4. 2002 жылғы Кишинев конвенция [94].

Аймақтық деңгейдегі негізгі келісімдердің бірі – 1992 жылғы Киев келісімі [95]. Оған Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы және Украина қол қойған. Киев келісімінің 7-бабының талаптарына сәйкес, қатысушы мемлекеттер өзге қатысушы мемлекеттердің құзыретті соттарының заңды күшіне енген шешімдерін тануға және орындауға міндетті. ТМД-ға қатысушы бір мемлекеттің құзыретті соты шығарған шешімдер ТМД-ға қатысушы басқа мемлекеттердің аумағында орындалуы тиіс. Осы келісімнің 3-бабына сәйкес құзыретті соттардың шешімдері деп «жалпы юрисдикциядағы соттардың, төрелік (шаруашылық) соттардың, аралық соттардың, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуымен істерді шешу құзыретіне жататын өзге де органдардың шешімдері» түсініледі. Бұл ретте, 1992 жылғы Келісімде шетелдік соттардың шешімдерін орындау тәртібі туралы нақты нұсқау жоқ, бұл өз кезегінде аталған шартты түрліше түсіндіруге әкеліп, оны қолдануды қиындатады. Жалпы алғанда, бұл келісім көбіне тек шаруашылық дауларды қарау мәселелеріне қатысты.

1998 жылғы Мәскеу келісімін [96] Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 30 желтоқсандағы ҚР Заңына сәйкес ратификациялап, ол 2001 жылғы 9

қаңтарда күшіне енді. Келісімге Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы қол қойды. Осы Келісімнің басты артықшылығы – шетелдік сот шешімдерін орындаудың оңайлатылған тәртібінің көзделуі. Атап айтқанда, құзыретті органдар әділет органдарына жүгінбей, өзара іс-қимыл жасайды. Шешімді орындау көзделген мемлекеттің құзыретті соты тану мәселесін шешпейді. Сонымен қатар, тану туралы ұйғарым шығарылмай, атқарушылық құжат берілмей, шешім орындауға жіберіледі.

ТМД-ның шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісімі [95] және оған 1998 жылғы Қосымша келісім төрелік шешімдерін тану мен орындау мәселесін біршама өзгеше түрде реттейді. Мұндай айырмашылықтар шаруашылық дауларды қарау тәсілінің ерекшеліктерімен айқындалады. Біріншіден, Келісімде көзделген дауларды қарау тәртібі тек коммерциялық төреліктерге ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік төрелік соттар мен жалпы юрисдикция соттарына да қолданылады. Екіншіден, Келісім тараптардың өзара келісіміне қарамастан, міндетті юрисдикцияны көздейді. Сонымен қатар, Келісім шешімді тану мен орындау ұғымдарын бір-бірінен нақты ажыратады [38, с. 619].

Мәскеу келісімінің 3-бабына сәйкес, «бір Уағдаласушы Тараптың құзыретті сотының заңды күшіне енген шешімі екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында даусыз тәртіппен орындалады» [96]. Бұл келісімде борышкер мүлкін өндіріп алу процедурасы мен тәртібіне айырықша көңіл бөлінеді. Сонымен бірге, келісімде шешімді орындаудан бас тарту негіздерінің қатарында «жария тәртіп туралы ереже» көзделмеген. Тұтас алғанда, келісімнің ережелері егжей-тегжейлі ашылмағанымен, оны шетелдік сот шешімін орындау рәсімін бірыңғай тәртіпте реттейтін шынайы құжат деп атауға болады.

ТМД елдерінің мемлекеттік соттарының шешімдерін тану және орындау мәселелерін реттейтін актілер ретінде Минск конвенциясы және Кишинев конвенциясы аталады. Аталған конвенциялар Киев келісімінің, тіпті, Мәскеу келісімінің арнайы нормаларымен салыстырғанда жалпы сипатқа ие. Конвенциялар құқықтық көмек көрсету, тапсырмаларды орындау, сондай-ақ сот шешімдерін тану және орындау мәселелері бойынша мемлекеттердің өзара қатынасының жалпы тәртібін белгілейді. Ал егер әңгіме жеңілдетілген орындау туралы болса, бұл мәселе Мәскеу келісімінің арнайы нормалары негізінде реттелуге тиіс.

Мәселен, Минск конвенциясының 82-бабына сәйкес, ол Уағдаласушы Тараптар қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелеріне әсер етпейді [112]. Ал Кишинев конвенциясының 118-бабының 3-тармағына сәйкес, оның ережелері Уағдаласушы Тараптардың өздері қатысушы болып табылатын немесе қатысуы мүмкін өзге халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне әсер етпейді [94]. Осылайша, *lex specialis* принципінің басымдығы бекітілген. М. Лицтің пікірінше, бұл тұжырым екі халықаралық шартқа да қол қойған мемлекеттер сәйкес келген

жағдайларда ерекше маңызға ие. Аталған шарттар біртекті құқықтық қатынастарды реттегенімен, олар сот шешімдерін орындаудың әртүрлі тетіктерін белгілейді: 1993 жылғы Конвенция шетелдік сот шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындауға қатысты арнайы рәсімді айқындайды, ал 1998 жылғы Келісім мұндай шешімдерді орындаудың жеңілдетілген тәртібін қарастырады [16, с. 104].

Бұл екі конвенцияның айырмашылығы келесіде. Грузия Минск конвенциясына қосымша хаттамасын ратификациялаған жоқ.

Осы конвенцияның 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Сот Әкімшілігі негізгі орган болып табылады. 2017 жылғы 1 шілдеден бастап Сот Әкімшілігі осы Конвенция бойынша өз өкілеттіктерін аумақтық органға – өңірлердің Сот әкімшілігі департаментіне берді. Бұған дейін барлық құжаттар Сот әкімшілігі арқылы, яғни соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті арқылы өткізілсе, қазіргі уақытта істер шет мемлекеттердің департаменттері мен құзыретті органдары арасында тікелей алмасады. Тек Грузияның құжаттары ғана Минск конвенциясының хаттамасын ратификацияламағандықтан, әлі де Сот Әкімшілігі арқылы өтеді. Алайда көбінесе соттар Минск және Кишинев конвенцияларын қолданған кезде оларды шатастырады. Кишинев конвенциясы мазмұны жағынан неғұрлым кеңейтілген. Сонымен қатар, Ресей Федерациясы үшін Кишинев конвенциясы 2023 жылғы 28 маусымда күшіне енді. Осы күнге дейін Ресей Федерациясы Минск конвенциясының қатысушысы болып келген. Қазіргі уақытта Кишинев конвенциясының қатысушысы болып табылады.

Кишинев конвенциясының 120-бабының 3-тармағына сәйкес «Минск конвенциясының күші жойылады». Сондықтан да, қазіргі таңда соттар тану және орындау туралы өтініштерді қарауға қатысты осы конвенцияны қолдана алмайды.

Жалпы алғанда, шетелдік шешімдерді тану және орындауды реттейтін нормаларды өңірлік біріздендіру тұрғысынан ТМД, ЕАЭО және ЕО-дан тыс келесі елдер тобын атап өтуге болады: а) 1972 жылғы 8 мамырда қабылданған Халықаралық жеке құқықтың жалпы нормалары туралы Америкааралық конвенция, ол Америка мемлекеттерінің ұйымында қолданылады; ә) Оңтүстік Америка елдерінің жалпы нарығында (МЕРКОСУР): 1992 жылғы 27 маусымда Валле де Лас Леньяс қаласында қабылданған Азаматтық, сауда, еңбек және әкімшілік істер бойынша құқықтық ынтымақтастық пен көмек туралы хаттама; 1994 жылғы 17 желтоқсанда Оуро Прето қаласында жасалған Оңтүстік Америка елдерінің жалпы нарығының Оуро Прето хаттамасы (МЕРКОСУР); б) 1980 жылғы 8 мамырдағы Шетелдік сот және төрелік шешімдерін эксаумақтық әрекеті туралы Америкааралық конвенция; г) 1952 жылғы 14 қыркүйектегі Араб лигасының сот және төрелік шешімдерін орындау туралы конвенциясы; д) 1983 жылғы 6 сәуірдегі Сот мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы Эр-Рияд конвенциясы [25, с. 83].

Осылайша, шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану және орындау мәселелері бойынша өңірлік біріздендіру мен өзара іс-қимылдың жақсы деңгейі

калыптасқанын айтуға болады. Яғни, өңірлік біріздендіру жақсы дамыған. Алайда, өңірлік бірыңғайландыру қазіргі таңдағы жаһандық процестердің интеграциялануына сай емес, себебі қоғамдық қатынастар бір өңірмен шектелмейді, керісінше, трансшекаралық қатынастардың географиясы кеңеюде.

Осы бөлімшедегі шолуымызды Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын жалпы талдаумен аяқтаймыз. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ұлттық деңгейде тану және мәжбүрлеп орындау мәселелері ҚР АПК [92], «Төрелік туралы» ҚР Заңымен [113] және АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңымен реттеледі [91].

ҚР АПК ҚР аумағында орындау мақсатында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тануды реттейтін негізгі процестік нормалар белгіленген. «Төрелік туралы» ҚР Заңында төрелік шешімді орындаудың процестік аспектілері қарастырылмағанымен де, төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің тізімі берілген. Аталған негіздер НҰК-да бекітілген негіздерден ерекшеленеді. Бұл айырмашылық НҰК-сы Қазақстан тарапынан ратификацияланбағандықтан туындайды деген ойдамыз. Егер нормалардың қайшылығы орын алған болса, Қазақстан үшін қандай нормалар басымдыққа ие болады? Шындығында, ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармағында Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың басымдығы қарастырылған.

ҚР АІЖЖСОМ туралы Заңында [91] өндіріп алушы атқару парағын алғаннан кейін жүзеге асырылатын тікелей атқарушылық іс жүргізу тәртібі айқындалған. Айта кетерлік жәйт: шешімдерді орындау әр елдің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Алайда салалық заңның айтарлықтай кемшіліктері бар: біріншіден, ол мүлдем жүйеленбеген, тиісінше, шетелдік өндіріп алушы логикалық тәртіппен құрылған нақты, құрылымдық және жүйеленген нормалармен танысу мүмкіндігінен айырылған.

Заңның нормалары, қарапайым тілмен айтқанда, жүйесіз тәртіпте шашыраңқы орналасқан және оларды тек білікті маман ғана түсіне алады. Сол себепті бұл шетелдік өндіріп алушыға қиындық тудыруы мүмкін. Екіншіден, алдыңғы бөлімшеде айтылғандай, бұл заң шетелдік шешімдердің орындалуын мүлдем реттемейді және ескермейді. Мәселен, бүкіл заң бойынша халықаралық, шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындауға 5-бап қана арналған [91]. Бұл баптың 1-тармағында ҚР аумағында шетелдік шешімдерді орындау тәртібі ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда және осы заңда айқындалатыны көрсетілген. Ал 2-тармағында ҚР аумағында атқару парағы шешім заңды күшіне енген сәттен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындауға ұсынылуы мүмкін делінген. Яғни, заң мәтінін талдауға сүйене отырып, адамдардың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру мәселесінде негізгі болып табылатын бұл нормативтік акт, жалпы алғанда, елдің халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытын және шетелдік инвестицияларды тарту мүмкіндігін елемейтінін көрсетуге болады. Онда шетелдік өндіріп алушыға арналған бірде-бір норма жоқ. Біз жаһандану жағдайында бұл заңның осындай деңгейдегі нормативтік-құқықтық акт үшін

елеулі кемшілігі бар деп санаймыз. Бұл заңның заман талабына сай емес екенін көрсетеді. Үшіншіден, 5-баптың 1-тармағында «Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік соттардың, сондай-ақ төрелік соттардың шешімдерін орындау тәртібі Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарттарда және осы Заңда айқындалады» делінген. Яғни халықаралық соттардың және төрелік соттардың шешімдері туралы айтылған. Осыған орай, қандай соттар туралы айтылып отыр? – деген сұрақ туындайды. Мысалы, бұл Еуропалық адам құқықтары сотының (ЕАҚС) шешімдері ме? Егер солай болса, сот орындаушысы мұндай шешімдерді орындау процесіне қалай араласа алады? Сонымен қатар, бұл заң төрелік пен төрелік соттардың айырмашылығын ескермейтіні де көрініп тұр. Олай болса, жеке институт ретінде қалыптасқан төреліктердің шешімдері орындалуға жата ма? деген сұрақ туындайды. Себебі, екі ұғымды салыстыратын болсақ, жалпы алғанда, төрелік сот деп Ресей Федерациясындағы шаруашылық соттар секілді, яғни біздің елде Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарды айтады. Ал төрелік дегеніміз дауларды шешудің баламалы әдістеріне жататын институт. Біздің ойымызша, бұл заңның 5-бабының 1-тармағын келесідей редакцияға өзгерту керек: «1. Қазақстан Республикасында шетелдік соттардың, сондай-ақ төреліктердің шешімдерін орындау тәртібі Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарттарда және осы Заңда айқындалады». Осылайша, олқылықтарды түзеп, заңда бекітілген ұғымдарды заңи тұрғыдан дұрыс қолданар едік. Яғни, «халықаралық соттар» деген азаматтық-құқықтық және коммерциялық дауларға қатысты қолданылмайтын ұғымды жоюымыз керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау рәсімдерін құқықтық тұрғыдан реттеуге арналған халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейдегі негізгі актілерді талдап, қазіргі таңдағы негізгі құжаттарға сыни талдау жүргізілді.

Халықаралық және өңірлік деңгейдегі актілер туралы айтқанда, олардың атауында «тану және орындау» деген сөз тіркесі болса да, әдетте тек тану мәселесін ғана қамтитынына назар аудару қажет. Яғни, бұл актілер өз рөлін толық орындамай, тек жартылай жүзеге асырады деп айтуға болады. Сонымен қатар, аталған құжаттарда орындау механизмі нақты көрсетілмеген. Тек 1998 жылғы Мәскеу келісімі бұл тұрғыдан сәл ерекшеленеді, себебі кішігірім көлемде орындау механизмін де қамтыған. Алайда оның да мәтінінде осы рәсімнің жалпылама түрде баяндалуына байланысты кемшіліктері жоқ емес. Біздің ойымызша, «тану және орындау» тіркесі екі рәсімді қамтитынын білдіреді. Сол себепті, егер осы тіркес актінің атауына енгізілген болса, мәтінде екі рәсім де толық ашылуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, осы құжаттардың мазмұны мәлімделген атауға толық сәйкес келмейтіні анықталады. Біздің пікірімізше, бұл жәйт қарастырылып отырған салаға қатысты жаңа халықаралық құжатты әзірлеу кезінде міндетті түрде ескерілуі қажет.

Ал АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының кемшіліктері оның ішкі қисынсыз реттеуінде. Заңның нормалары жүйесіз түрде жазылған. Біздің елдің құқықтық

жүйесінің ерекшеліктерімен таныс емес шетелдік өндіріп алушыға оны түсіну қиын болып табылады. Сонымен қатар, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауға қатысты нормалар бекітілмеген. Жалпы алғанда, бұл заң заманауи талаптарды және әлемдік тәжірибені ескере отырып, алдыңғы бөлімде айтылғандай, шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалуы туралы арнайы бөлімді енгізу арқылы жетілдіруді талап етеді.

Осы бөлімде жүргізілген талдау нәтижесінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалуы шетелдік өндіріп алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің кепілі екенін дәлелдедік. Ұлттық атқарушылық іс жүргізу нормалары осы процедураның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді және құқық жүйесінде дербес құқық саласын құрайды. Ал шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды реттейтін нормалар кешені аталған құқық саласының ішіне бөлек институт ретінде кіреді.

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың құқықтық реттелуі қазіргі таңда халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейде қалыптасқанымен, әртүрлі себептерге байланысты (мысалы, жүйесіздік, қоғамдық қатынастар алға кетіп, құжат шынайы қатынастардан қалып қойған, нормалар императивті емес болғандықтан, бірізділіктің жоқтығы және т.б.) жаһандық айналымның деңгейіне сай келмейді. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау арқылы тұлғалардың құқықтары қалпына келтіріледі. Тұрақтылық пен құқықтық айқындылықты қамтамасыз ету мақсатында халықаралық біріздендірудің жаңа деңгейіне қол жеткізу қажет.

2 ШЕТЕЛДІК СОТ ПЕН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

2.1 Тану – шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін орындаудың алғышарты мен ерекшелігі

Бір мемлекетте шығарылған шешімнің күші, әдетте, сол мемлекеттің аумағымен шектеледі. Заңды күшіне енген шешімі ол шығарылған елдің аумағында орындалуға тиіс. Ал халықаралық қатынастардың кеңеюіне байланысты, бір елде шығарылған шешім осы елдің аумағынан тыс жерлерде де орындалу мүмкіндігі қарастырылған.

Халықаралық тәжірибеге және ұлттық заңнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында орындалуға жататын шешімдер сот арқылы танылуы тиіс. Тануды растайтын актімен қатар сот атқару парағын береді. Дәл осы атқару парағының негізінде шешімді орындау рәсімі басталады.

Сот шешімі оны шығарған мемлекеттің шегінде ғана заңды күшке ие болады. Л.А. Лунц жазғандай, «шетелдік сот шешімі өздігінен құқықтық күшке ие емес: ол тек осы мемлекеттің іс жүргізу заңнамасы шетелдік сот шешімдерін тануға немесе орындауға жол берген жағдайда ғана заңды күшке ие болады» [40, с. 899]. Г.К. Дмитриеваның пікірінше, «бір мемлекеттің соты шығарған шешімінің заңды күші, әдетте, сол мемлекеттің аумағымен ғана шектеледі. Бұл, ең алдымен, сот шешімі шығарылған мемлекеттің юрисдикциясы шегінде әрекет ететіндігімен және оның ұлттық құқықтық тәртіптің құрамдас бөлігі болып саналатындығымен түсіндіріледі». Демек, шетелдік сот шешімін тану мен орындауға жол берілуі нақты мемлекеттің ұлттық заңнамасымен, сондай-ақ оның қатысуымен жасалған халықаралық шарттармен айқындалады. Басқа мемлекеттің сот шешімдерін белгілі бір мемлекеттің аумағында тану – бұл шешімдерге аталған мемлекеттің соттары заңды күшіне енгізген шешімдермен тең заңдық күш беру дегенді білдіреді. Мұндай шешімдер даусыздық, өзгешелік және, егер шешім мүліктік сипатта болса, орындаушылық қасиетке ие болады. Олар осы мемлекеттің лауазымды тұлғалары мен мемлекеттік органдары үшін міндетті сипатқа ие. Осылайша, Г.К. Дмитриеваның оймен жалғастырсақ, «шетелдік соттың танылған шешімі отандық сот шешіміне тең құқықтық салдар тудырып, азаматтық және өзге де құқықтар мен міндеттерді дәлелдейтін құқықтық құжат ретінде қарастырылады. Шетелдік сот шешімін тану – оны мәжбүрлеп орындаудың қажетті алғышарты болып саналады» [38, с. 578].

Ғылыми әдебиеттерде тану ұғымы шетелдік сот шешімін орындау аумағының (мысалы, Қазақстан Республикасының) заңды күшіне енген сот шешімімен теңестіру ретінде түсіндіріледі. М.О. Лицтің пайымдауынша, «бұл рәсім шешімге міндеттілік, өзгермейтіндік, айырықшалық қасиеттерін беруді және бір мезгілде оны орындау аумағында қолданысқа енгізуді білдіреді. Шетелдік сот шешімін тану оны орындаудың міндетті алғышарты болып табылады» [16, с. 47]. Осылайша, бір мемлекеттің билік актілері мен соттан тыс дауларды реттеу органдарының танылған актілері басқа мемлекеттің егемен

аумағында құқықтық салдар туғызады. Танылған шетелдік шешім жергілікті шешімге теңестіріледі.

О.А. Шеповалова айтқандай, «әрбір мемлекет белгілі бір юрисдикциялық өлшемшарттар негізінде шетелдік сот шешімдерін тану немесе танудан бас тарту туралы дербес шешім қабылдауға құқылы» [23]. Нақты айтқанда, тану рәсімі арқылы орындауға рұқсат беру мәселесі әр мемлекеттің ішкі ісі болып табылады. Өйткені осы аумақта орындалуы көзделген шетелдік шешім шетелдік құқықтың іс жүргізу және (көбінесе) материалдық нормаларына сәйкес қабылданады. Бұл өз кезегінде орындау аумағының құқығымен қайшылыққа түсуі мүмкін. Сондықтан әрбір мемлекет шетелдік шешімнің орындалуына байланысты туындайтын жағымсыз салдардан ұлттық құқықтық тәртіпті қорғауға құқылы. Алайда, халықаралық сыпайылық пен ынтымақтастық принциптеріне сәйкес, мемлекеттің мұндай еркі барынша шектелуі тиіс деп санаймыз, себебі әлемдік қауымдастық өз қызметін ең алдымен адам құқықтарының басымдығына негіздеуі қажет.

Жалпы алғанда, шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен оны орындау екі дербес құқықтық құрал болып табылады. Ендігі кезекте танудың мәнін және оның орындаумен өзара байланысын қарастырайық.

Шетелдік шешімдерді тану және орындау тәртібі мен шарттарын айқындаудың әртүрлі тәсілдері қолданылып келеді. Әртүрлі авторлар әлемде қалыптасқан шетелдік сот шешімдерін орындау жүйелеріне әр қырынан қарайды.

Мәселен, Н.И. Марышева экзекватура жүйесін және ағылшын-американдық «жалпы құқық» жүйесін ажыратады [41]. Ал М.М. Богуславский келесі үш жүйені бөліп көрсетеді: «1) шетелдік сот шешімін орындау үшін оның дұрыстығын ресми тұрғыдан тексеру, сондай-ақ оның сот өтетін елдің жария тәртібіне және бірқатар өзге де шарттарға қайшы келмейтінін анықтау қажет (мысалы, Италия); 2) шетелдік сот шешімін орындау үшін экзекватураны беру талап етіледі (Франция, Бельгия). Сот тиісті өтінішті қарағаннан кейін орындауға рұқсат беру туралы қаулы шығарады. Францияда, егер шешім француз азаматына қарсы шығарылған болса, оны мәні бойынша тексеру мүмкіндігі көзделген; 3) шетелдік сот шешімдерін орындау жүйесінің үшінші түрі – шешімдердің орындалуына өзара құқықтық көмек көрсететін мемлекеттерде шығарылған шешімдерді арнайы тізілімге тіркеу тәртібі (мысалы, Ұлыбритания). Тіркеу белгілі бір талаптар сақталған және бірқатар шарттар орындалған жағдайда жүзеге асырылады» [86, с. 426].

Т. Бендевский бұндай тәсілдердің басым бөлігін егжей-тегжейлі талдап, оларды бірнеше жүйеге топтастырып қарастырады [45, с. 385-388].

1. Шектеулі бақылау жүйесі. Бұл жүйе бойынша шет мемлекет сотының шешімі жергілікті сотпен танылады және оның сол мемлекеттің іс жүргізу нормаларына сәйкестігі анықталғаннан кейін ғана орындауға қабылданады.

2. Шексіз бақылау жүйесі. Бұл жүйені қолданатын мемлекеттердің құзыретті соттары шетелдік сот шешімдерін тану және орындау барысында тек ресми құқықтың ғана емес, сонымен қатар материалдық құқықтың да дұрыс

қолданылуын тексереді. Әдетте, бұл сот шешімі сот мемлекетінің азаматының немесе заңды тұлғасының мүдделеріне қатысты болған жағдайларда қолданылады.

3. Мәні бойынша тексеру жүйесі (*revision au fond*). Бұл жүйені қабылдаған мемлекеттерде құзыретті сот шетелдік сот шешімінің ресми де, материалдық та жағын шексіз бақылау жүйесіне ұқсас түрде тексеру өкілеттігіне ие болды. Айырмашылығы – сот тек шетелдік сот шешімін тану немесе танудан бас тарту жөнінде ғана емес, сонымен қатар оны өзгерту туралы да шешім қабылдау құқығына ие болды. Қазіргі кезде мемлекеттер бұл жүйеден толығымен бас тартқан.

4. *Prima faciae evidence* жүйесі. Бұл жүйе Англияда және «жалпы құқық» жүйесіне жататын басқа мемлекеттерде қолданылған. Аталған жүйенің ерекшелігі – шетелдік сот шешімін тану және орындау туралы өтініш берілген мемлекеттің соты оны істі түпкілікті шешілген деп қарастырмайды, тек тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын салмақты (сенімді) дәлел ретінде қабылдайды. Осылайша, ағылшын соты күшіне енген және орындалуға жататын шетелдік сот шешімінің негізділігіне өз бағасын бере алады. 1870 жылы *Godard v. Gray* ісі бойынша құзыретті шетелдік соттың шешімі түпкілікті болып табылады және оны Англияда оның негізділігі тұрғысынан қайта қарауға болмайды деген ұстаным қабылданған. Мұны *prima facie evidence* жүйесінен бас тарту ретінде бағалауға болады.

5. Шетелдік сот шешімдерін танымау жүйесі. Қазіргі таңда шетелдік сот шешімдерін танымайтын және олардың орындалуына тыйым салатын мемлекеттер сирек кұбылыс болып табылады. Заң әдебиетінде мұндай мемлекеттер қатарына Ауғанстан, Мальдив Республикасы және Сауд Арабиясы жатқызылып жүр.

Тану процедурасына теорияда көп назар аударады. М.М. Богуславский танудың мәні мен маңызын шетелдік шешімнің тану мемлекетінде материалдық-құқықтық қатынастардағы дауларды жоюға қабілетті, отандық сот шешімінің декларациялық күшімен тең дәрежеге ие болуында деп түсіндіреді. Мұндай шешім «отандық соттың шешімі сияқты азаматтық және өзге де құқықтар мен міндеттерді растау құралы» болып қызмет етеді [86, с. 425]. Л.П. Ануфриева да шетелдік шешімді тануды осылайша қарастырады, нақтылай келе, тану нәтижесінде шетелдік шешімдер «даулы емес және айырықша күшке ие болады, ал өндіру туралы шешімдер – орындалу күшіне де ие болады; олар осы мемлекеттің лауазымды тұлғалары мен мемлекеттік билік органдары үшін міндетті болып табылады» [88, с. 379]. З.Х. Баймолдинаның пікірінше, шетелдік соттар мен төрелік органдардың шешімдерін тану – бұл шешімдердің жергілікті соттардың шешімдерімен бірдей құқықтық қасиеттерге (заңды салдарға) ие болуын білдіреді [12]. И. Дробязкина шетелдік соттардың шешімдерін тануды соттардың құзыретті шетелдік әділет органдарының шешімдеріне өз мемлекетінің аумағында заңды күш беру жөніндегі келісімі ретінде түсінуді ұсынады [32, с. 108]. Сонымен қатар, теорияда шетелдік шешімді тану ұғымы оның отандық сот шешімдерінің заңды күшімен тең заңды

күшке ие болуы немесе оның заңды күшінің тану мемлекетінің аумағына таралуымен байланыстырылатыны атап көрсетіледі [24].

Біздің ойымызша, сотымыздың тануына қарамастан, шешімнің табиғатына және халықаралық сыпайылық принципіне байланысты өзге мемлекеттің уәкілетті органы (соты) немесе төрелік шығарған және заңды күшіне енген шетелдік шешімнің кез келген жағдайда заңды күші бар деп саналады. Мұндай заңды күш бұл шешімге, кез келген мемлекеттің оны тануына немесе танымауына қарамастан, тән болады. Жалпы, халықаралық практикада шетелдік шешімдерді міндетті тану презумпциясы бар деп болжанады [114, с.651]. В. Барциц ұлттық соттың бұл шешімді тануы немесе танымауы оның өмір сүру фактісін жоққа шығармайтынын атап өтеді. Ұлттық сот пен ұлттық әкімшілік органдар бұл шешімді танымаса да, оны орындауға ұмтылмаса да, оның қабылданған фактісін және өзге юрисдикциялардағы салдарын толықтай елемей қоя алмайды [25, с. 149]. Шынында да, біз тану актісін, ең алдымен, орындау аумағы шетелдік шешімнің оның негізгі қағидаларына қайшы келмейтінін және қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірместен (аса императивті нормаларды бұзбау принципіне сүйене отырып), орындалуына жол берілетінін растайтын құқықтық әрекет деп санаймыз.

Біздің ойымызша, тануды заңды күш беру актісі ретінде қарастыру дұрыс емес, өйткені «тең – теңге үстемдік жүргізбейді» қағидасы бойынша, бір мемлекет басқа мемлекеттің соты немесе төрелігі шығарған шешімнің заңды күші туралы мәселені шеше алмайды. Алайда, шетелдік шешім өзге аумақтың заңдарына сәйкес шығарылатындықтан, біз оның орындау аумағының заңдарымен ықтимал қайшылықтарын растай немесе теріске шығара аламыз.

Тану рәсіміне, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық нормаларға сәйкес, толығырақ тоқталайық.

Шетелдік шешімдерді тану және орындау рәсімі НҰК [98], өңірлік немесе екіжақты келісімдердің ережелеріне, ҚР АПК [92], «Төрелік туралы» ҚР Заңын [113], сондай-ақ АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңына [91] сәйкес реттеледі.

Өзіне қарсы сот немесе төрелік шешім шығарылған тарап бұл шешімді өз еркімен орындамаған жағдайда, әрбір мемлекет тану мен мәжбүрлеп орындау рәсімінің тәртібін ұлттық заңнама деңгейінде дербес айқындайды. Егер халықаралық төрелік шешімі туралы сөз болса, онда ол НҰК белгіленген талаптарды сақтай отырып орындалады. Ал сот шешіміне қатысты айтқанда, Қазақстан үшін бұл – өңірлік және екіжақты келісімдер, өйткені Қазақстан 2019 жылғы Гаага конвенциясына қатысушы болып табылмайды.

Жалпы, осы нормативтік актілердің негізгі ережелерін талдауды қорытындылау мынадай талаптарды сақтауды қажет ететінін көрсетеді:

– біріншіден, шешімдерді тану және орындау рәсімі оларды тану мен орындау үшін қажетті құжаттардың құрамы жөніндегі талаптарға, сондай-ақ танудан немесе орындаудан бас тартуға не шешімді орындау рәсімін кейінге қалдыруға негіз болатын мән-жайлардың түрлеріне сәйкес келуі тиіс;

– екіншіден, шетелдік шешімдерге қойылатын талаптар резиденттер арасында және ел аумағында шығарылған шешімдерге қойылатын талаптардан ауыр болмауы тиіс. Бұған тану және орындау кезінде төленуге тиіс ақшалай алымдар (баждар) да кіреді.

НИК қатысты – ол халықаралық төрелік шешімдерді тану және орындау тәртібіне қойылатын жалпы талаптарды айқындайды, ал осы талаптарды одан әрі нақтылау, тарылту немесе кеңейту Конвенцияға қатысушы әрбір мемлекеттің ұлттық заң шығарушыларының құзыретіне жатады. Әрбір мемлекетте осы Конвенцияны қолдану практикасы да, оны түсіндіру әдістері де ерекшелене түседі [42, 115, 116]. Мысалы, Аргентинаның соттары оның халықаралық сипатын аса ескермей, ұлттық құқыққа сәйкестендіріп қараса, Австрияның соттары, керісінше, оны өз құқығының бір бөлігі ретінде қабылдап, толығымен қолданады [42]. Қатысушы елдер өздерінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, халықаралық төрелік шешімдерді тану және орындау рәсімінің тәртібіне қойылатын талаптарды айқындайды. Бұл жағдайдың теріс әсері жоққа шығарылмайды, өйткені трансшекаралық қатынастарға қатысты мұндай мәселеде тәжірибенің бірыңғай болмауы ұлттық заңнамалардағы әртүрлі айырмашылықтарға байланысты бір мемлекеттің субъектілерінің басқа мемлекеттің аумағында бұзылған құқықтарын қорғау мүмкін еместігіне әкелуі ықтимал.

Қазақстан Республикасында жоғарыда аталған талаптар ҚР АПК-да көзделген. Жалпы тәртіп мынадай: ҚР АПК-нің 501-бабының 1-тармағына сәйкес татуласу келісімдерін бекіту туралы шешімдерді, қаулыларды және ұйғарымдарды, шетелдік соттардың сот бұйрықтарын, сондай-ақ шетелдік төреліктердің төрелік шешімдерін, егер осындай актілерді тану және орындау заңнамада және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта не өзара түсіністік негізде көзделсе, Қазақстан Республикасының соттары таниды және орындайды [92].

ҚР АПК-нің бұл нормасы шешімдерді орындау рәсімінің тәртібін реттеуге арналған, алайда іс жүзінде барлық шешімдер мәжбүрлеп орындауды талап етпейді. Осыған байланысты шешімді тану мен оны мәжбүрлеп орындауды ажырату қажет. Қазақстанның практикасында тану және орындау бір өтінішхат шеңберінде қаралады. Бұл жағдай, біздің пікірімізше, дұрыс емес, себебі сот арқылы тану және сот орындаушылары арқылы орындау шатастырылуы мүмкін. А.Н. Кузнецов дұрыс айтқандай, құзыретті сот шетелдік соттың шешімін тек таниды және оны орындауға рұқсат береді. Ал шетелдік шешімдерді орындау үшін екі маңызды кезенді өткеру қажет. Біріншіден, мәжбүрлеп орындаудың құқықтық негіздері. Екіншіден, шетелдік сот немесе төрелік шешімін тану мен орындауға жіберудің құқықтық режимдері (немесе рәсімдері) [117]. Расымен, шығарылған шешімді орындау соттан тыс, атқарушылық іс жүргізу шеңберінде жүзеге асырылады. Және де басқа елден келген шешім орындау территориясына енбес бұрын міндетті түрде танудан өтеді.

Қазақстан Республикасында заңнамалық деңгейде шешімді тану рәсімі мен оны орындау рәсімінің ара-жігі ажыратылмаған. Сонымен қатар, ҚР АПК-нің 502-бабында мәжбүрлеп орындауды қажет етпейтін шетелдік сот шешімдерін тану мүмкін болатын жағдайлар да көзделген. Алайда аталған бапқа мәжбүрлеп орындауды талап етпейтін төрелік шешімдерді тану жағдайлары енгізілмеген [92].

Төрелік іс бойынша шешім шығарылғаннан кейін, төрелік шешімде жауапкерге оны ерікті түрде орындау үшін белгілі бір мерзім белгіленеді. Мемлекеттік сот шешіміне қатысты алғанда, әдетте әрбір юрисдикцияда шешімнің заңды күшіне енуінің процестік мерзімдері болады. Содан кейін борышкерге шешімді өз еркімен орындауға мүмкіндік беріледі. Мысалы, АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 11-бабының 1-1-тармағына сәйкес, атқарушылық құжаттар заңды күшіне енгеннен кейін бес жұмыс күні өткенде ғана мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін [91].

Осылайша, ҚР АПК-нің 503-бабының 1-тармағына сәйкес «борышкер шешімді белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, өндіріп алушы мәжбүрлеп орындату үшін сотқа жүгінуге құқылы. Құзыретті сотты айқындау мәселесінде өндіріп алушыда өтінішхатпен дауды қараған жер бойынша не борышкердің тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша сотқа жүгіну мүмкіндігі бар. Егер борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса, онда оның мүлкі орналасқан жері бойынша сотқа жүгінеді» [92]. Өндіріп алушы бұл бойынша құзыретті сотқа жүгініп, өтінішпен бірге тиісті құжаттарды да ұсынуы керек. Шетелдік шешімді тану бойынша құзыретті сотты айқындау мәселесіне біз осы бөлімшеде кейінірек қайта ораламыз.

Осылайша, НЙК-нің IV бабына және ҚР АПК-нің 503-бабына сәйкес «өндіріп алушы тиісті түрде куәландырылған төрелік шешімнің түпнұсқасын немесе оның тиісті түрде куәландырылған көшірмесін, сондай-ақ дауды төрелікке беру туралы түпнұсқа келісімді (төрелік ескертпені) немесе оның тиісті түрде куәландырылған көшірмесін» ұсынуға міндетті» [98, 92]. Шетелдік сот шешімі танылған жағдайда, ҚР АПК-нің 503-бабының 2-тармағына сәйкес, өтінішке шешімнің түпнұсқасы немесе оның тиісті түрде куәландырылған көшірмесі қоса беріледі [92]. Сонымен бірге, ҚР Салық кодексінің 664-бабына сәйкес [118] шетелдік төреліктердің және соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парақтарын беру туралы арыздардан мемлекеттік баж алынады. ҚР Салық кодексінің 665-бабында мемлекеттік баждың мөлшері белгіленген [118]. Жоғарыда аталған құжаттарға мемлекеттік баждың төленгені туралы құжат та қоса беріледі. Ал ТМД елдеріне қатысты қолданылатын Кишинев конвенциясына сәйкес мемлекеттік баж төлеу талап етілмейді. Яғни, мемлекеттік баж төленбеген жағдайда бұл бұзушылық немесе танудан бас тартуға негіз болып табылмайды, себебі өтініш беруші өз мемлекетінде істі қарау үшін мемлекеттік баж төлеген, ал тану кезінде (төрелік шешімдерді қоспағанда) іс мәні бойынша қаралмайды.

Қазақстан Гаага Конвенциясына қатыспағанымен, салыстыру мақсатында, осы Конвенцияның 12-бабында көзделген, ұсынылуға жататын құжаттардың мазмұнын келтіреміз. Осылайша, сот шешімін тану немесе оны орындау туралы өтініш берген тарап мына құжаттарды ұсынуға тиіс:

(a) сот шешімінің толық және тиісті түрде куәландырылған көшірмесі;

(b) егер шешім сырттай шығарылған болса, сот ісін қозғауға негіз болған құжаттың немесе соған ұқсас құжаттың жауапкердің (болмаған тараптың) назарына жеткізілгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмесі;

(c) сот шешімінің заңды күшіне енгенін не, қажет болған жағдайда, шыққан мемлекетте орындалатынын растайтын кез келген құжат;

(d) татуласу келісімі жасалған жағдайда – шыққан мемлекеттің соты берген, бұл келісімнің немесе оның бір бөлігінің сот шешімі сияқты орындалуға жататынын куәландыратын құжат [107].

Осы бапта көрсетілгендей, «егер сот шешімінің ережелері өтініш берген сотқа осы талаптардың сақталғанын тексеруге мүмкіндік бермесе, аталған сот кез келген қажетті құжаттарды талап етуге құқылы».

Осылайша, біз Гаага Конвенциясына сәйкес сот шешімдерін тану үшін ұсынылатын құжаттарда елеулі айырмашылықты байқай аламыз. Бір жағынан, осы рәсімді егжей-тегжейлі реттеу Конвенция ережелерінің шектеулі сипатта екендігін растайды. Екінші жағынан, мұндай реттеу Конвенцияны қазіргі уақытта тану және орындау мәселесінде егжей-тегжейлі процедураны қамтымайтын басқа халықаралық және аймақтық құжаттармен салыстырғанда артықшылыққа ие етеді деп бағалауға болады.

Өндіріп алушының өтінішін қараудың нәтижесінде атқару парағы беріледі немесе оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарылады. Шешімді орындау туралы өтініш сотқа өтініш түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады [91, 92].

АІЖЖСОМ туралы Заңның 37-бабының 4-тармағына сәйкес, «сот өндіріп алушының өтінішін қанағаттандырып, атқару парағын берген жағдайда, өндіріп алушы атқарушылық іс жүргізуді қозғау үшін сот орындаушыларына жүгінуі қажет. Атқару парағын алғаннан кейін сот орындаушылары үш жұмыс күнінен кешіктірмей, атқарушылық іс жүргізуді бастайды». Атқарушылық іс жүргізу екі айдан аспауы тиіс. Осы мерзім өткеннен кейін сот орындаушылары атқару парағын берген сотты орындау туралы, орындалғаны немесе орындалмағаны және орындалмаған жағдайда себептерін баяндап хабардар етеді [91].

Айта кету керек, іс жүзінде соттар халықаралық төрелік шешімдерді орындау рәсіміне қолданылатын актілерді дұрыс анықтамай жататын проблемалар кездеседі. Мысалы, Бас прокурор 2010 жылғы 14 қыркүйекте Мәскеу сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы төрелік шешімді мәжбүрлеп орындау ісі бойынша наразылықта 2002 жылғы Кишинев конвенциясына [94] сілтеме жасайды. Алайда сот бұл негіздемені қабылдамады. Өйткені бұл Конвенцияның нормалары төреліктердің шешімдерін орындауды емес, ұлттық сот шығарған шешімді орындау мәселелерін реттейді [119].

Тәжірибедегі тағы бір мәселе – шетелдік шешімдерді орындауға құзыретті мемлекеттік органның юрисдикциясын анықтау болып отыр.

Әдетте, халықаралық және өңірлік келісімдердің ережелерінде шетелдік сот немесе төрелік шешімдерін орындауға тиіс мемлекеттік органға қатысты нақты талаптар көрсетілмейді, тек шешімнің орындау елінің ішкі іс жүргізу заңнамасына сәйкес орындалатыны ғана белгіленеді.

ҚР АПК-нің 503-бабына сәйкес, «төрелік талқылауды жеңіп алған тарап дау қаралған жер бойынша немесе борышкердің тұрғылықты жері бойынша төрелік шешімді орындау туралы сотқа өтініш бере алады. Егер борышкер заңды тұлға болса, онда өтініш сол заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша беріледі. Ал егер борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері өндіріп алушыға белгісіз болса, онда ол борышкердің мүлкі орналасқан жері бойынша сотқа жүгінуге құқылы» [92]. Алайда нақты соттылық мәселесі ҚР АПК-мен реттелмегенімен. «Соттардың төрелік заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2023 жылғы 2 қарашадағы №3 Нормативтік қаулысының [120] 18-тармағына сәйкес, төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы арыз жалпы юрисдикция сотына беріледі, ал егер төрелік талқылаудың тараптары заңды тұлғалар немесе заңды тұлға құрмай-ақ дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болса, онда төрелік шешімді мәжбүрлеп орындату туралы арыз мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа беріледі делінген. Дегенмен, заңнамада шетелдік сот шешімдерін тану бойынша соттылық мәселесі анық реттелмеген. Әсіресе үлкен қалаларда сырттан келген шешімді орындатқысы келетін өтініш беруші (шетелдік өндіріп алушы) құзыретті сотты анықтай алмай, қиындыққа тап болуы мүмкін. Біздің ойымызша, бұл жағдайды тиімді реттеу мақсатында шетелдік өндіріп алушыға түсінікті болатындай ҚР АПК-де бөлек бап белгіленуі керек. Ол бапта шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану туралы өтініштердің соттылық ережелері түсіндірілуі қажет.

Жоғарыда көрсетілгендей, шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану және орындау рәсімінде, төрелік шешімдерді мәжбүрлеп орындау туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың толық және дұрыс рәсімделген пакетін ұсыну маңызды элемент болып табылады [92]. Бұл талаптың себебі мынада: егер қандай да бір құжат ұсынылмаса немесе дұрыс куәландырылмаса, өтініш қараусыз қалдырылып, уақыт пен күштің шығынына әкелуі мүмкін.

Көбінесе сот немесе төрелік шешімдері және/немесе төрелік келісім шешімнің орындалатын еліндегі ресми тілден өзгеше тілде жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда төрелік шешімді орындауды сұраған тарап құжаттардың аудармасын ұсынуға міндетті. Шешімді «тиісті түрде» куәландыру мәселесі екі негізгі аспектіні қамтиды. Біріншісі – шешім көшірмесінің түпнұсқаға сәйкестігін растау, екіншісі – аударма қажет болған жағдайда шешімнің аудармасын куәландыру. Мысалы, егер төрелік шешім тұрақты жұмыс істейтін төрелік орган арқылы шығарылған болса, оның түпнұсқасын куәландыру хатшылық немесе институционалдық төреліктің басқа тұрақты жұмыс істейтін органы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда төрелік шешімді *ad hoc*

төрелігі шығарған жағдайларда, шешімнің көшірмесінің түпнұсқалығын растайтын нотариусқа жүгіну қажет болады, бұл нотариус төрелік шешім шығарылатын елдің заңнамалық ережелері бойынша қызмет көрсетеді. Қалай болғанда да, төрелік шешімін институционалдык төрелік немесе ad hoc төрелігі шығарған-шығармағанына қарамастан, нотариалды куәландыру артық болмайды. Бұл болашақта аударма жасау қажеттілігінің туындау мүмкіндігімен байланысты, себебі 1961 жылғы 5 қазанындағы Шетелдік ресми құжаттарды легализациялау талабын алып тастайтын конвенцияның нормаларына сәйкес, нотариат куәландырмаса, құжатты заңдастыру немесе апостиль рәсімінен өткізуге мүмкіндік болмайды.

Бұл ретте, төрелік келісімді «тиісті түрде» куәландыру мәселесі әлдеқайда күрделі болып табылады, себебі төрелік ескертпе әртүрлі нысандарда болуы мүмкін. Мысалы, ол ұйымның жарғылық құжаттарында қамтылуы, хат алмасу барысында пайда болуы немесе талап арыздармен алмасу арқылы көрінуі мүмкін. Заңнамаға сәйкес, егер төрелік келісімді қамтитын құжат шет тілінде жасалған болса және оған ҚР тыс жердегі тараптар қол қойған болса, бұл құжат заңдастыру немесе апостильдеу рәсімінен өтуі тиіс [92].

Жоғарыда айтылғаннан шетелдік шешімдерді орындау мақсатында сотқа ұсынылуы тиіс құжаттардың тізімі халықаралық актілермен де, ұлттық заңнамалық актілермен де айқын белгіленгені туралы қорытынды жасауға болады. Бірақ іс жүзінде бұл мәселелерді қолдануда әлі де бірқатар сұрақтар туындайтыны байқалады. Мәселен, Қостанай облысы МАЭС-тің 14.04.2015 жылғы №2м-521/2015 іс бойынша ұйғарымымен 25.02.2015 жылғы коммерциялық төрелік тәртібімен шығарылған және 06.03.2015 жылғы №4444-МКА/ЕК азаматтық іс бойынша сот құрамымен қол қойылған Сібір аралық сотының шешімін орындаудан бас тартылды. Бас тарту 20.03.1992 жылғы «Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы» Келісімнің [95] 8-бабына сәйкес, шетелдік төрелік шешімді мәжбүрлеп орындау туралы өтініште «шешімнің заңды күшіне енгендігі туралы мәліметтердің болмауымен» негізделді. Алайда судьяның бұл бас тартуы қате және уәждеммеген деп есептеледі, себебі келтірілген халықаралық келісім төрелік шешімдерге қатысты қолданылмайды, ал төрелік шешім, қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, әдетте қол қойылғаннан кейін күшіне енеді.

Осындай жағдай «Yelyubayev & Partners» заңгерлік компаниясының да тәжірибесінде тіркелген. Аталған жағдайда төрелік шешім тұрақты жұмыс істейтін төрелік орган емес, ad hoc бойынша шығарылған. Ad hoc төрелік шығарған шешімінде оның күшіне енуі туралы белгі болмады да, сот оны танудан бас тартты [121]. Алайда, бұл ретте де соттың бас тартуы заңсыз, себебі, біріншіден, ad hoc төреліктерде институционалды төрелікке қарағанда ішкі құрылымы және осыған байланысты қандай да бір құжаттарды растайтын орган болмайды, ал екіншіден, жоғарыда айтылғандай төрелік шығарған шешім оған төрешілер қол қойғаннан бастап күшіне ене береді.

Шешімдерді мәжбүрлеп орындау туралы өтініш берген кезде соттардың құжаттарға қосымша талаптар қоюы немесе қосымша құжаттарды ұсынуды

талап етуі халықаралық құжаттар мен Қазақстанның ұлттық заңнамасын тікелей бұзу болып табылады.

Оның үстіне, жоғарыда аталған жағдайларда соттардың төрелік шешімді мәжбүрлеп орындаудан бас тартуға құқығы жоқ, өйткені НҰК-да да, «Төрелік туралы» ҚР Заңында да қандай да бір құжаттың ұсынылмағанымен немесе ұсынылған құжаттың тиісті түрде рәсімделмеуімен байланысты бас тарту негіздері көзделмеген.

Осылай, мәселені теориялық тұрғыдан талқылағаннан кейін, бұл рәсімнің көрнекі мысалы ретінде Алматы қаласы МАЭС-тің №2-10756/2011 ісі бойынша шығарған үш ұйғарымын қарастырамыз.

Іс өндіріп алушы – Vitol Central Asia (Bermuda) Limited (Бермуд аралдары) компаниясы және борышкер «Қазнефтехим Копа» ЖШС арасындағы дау бойынша жүргізілді [122]. Өндіріп алушы Vitol Central Asia (Bermuda) Limited компаниясы сотқа шетелдік төрелік соттың шешімін, атап айтқанда 27.09.2010 ж. Лондон халықаралық төрелік сотының ішінара түпкілікті төрелік шешімін тану және орындау туралы өтінішпен жүгінді. Шешім бойынша борышкер – «Қазнефтехим-Копа» ЖШС-нен 2 887 754,24 АҚШ доллары көлеміндегі қарыз сомасы мен 22 274,66 еуро мөлшеріндегі сот шығындарын өндіріп алу көзделген.

Шетелдік төрелік соттың шешіміне сүйенетін болсақ, ол заңды күшіне енген және борышкер оны 30.09.2010 жылға дейін орындауға міндетті болды. ҚР АПК-нің 253-бабының 3-тармағы мен 503-бабының 3-тармағына сәйкес, атқару парағын беру туралы өтінішті төрелік шешімді ерікті түрде орындау үшін белгіленген мерзімнің аяқталу күнінен бастап үш жыл ішінде беруге болады [92]. Аталған Кодекстің 253-бабының 1-тармағы мен 503-бабының 1-тармағына сәйкес, «егер төрелік шешім белгіленген мерзімде өз еркімен орындалмаса, пайдасына төрелік шешім шығарылған тарап (өндіріп алушы) төрелік шешімді орындауды сот арқылы мәжбүрлеу үшін өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы. Өтінішті төреліктің дауды қараған орны бойынша, борышкердің тұрғылықты жері немесе заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша беруге болады; егер тұрғылықты жері немесе орналасқан жері белгісіз болса, өтініш борышкердің мүлкі орналасқан жері бойынша беріледі» [92]. Осылайша, жауапкер (борышкер) өз еркімен орындамаған төреліктің түпкілікті және заңды күшіне енген шешімі танылуға және орындалуға жатады.

ҚР АПК-нің 253-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес, «атқару парағын беру туралы өтініш ҚР АПК-нің 148-бабының 2-бөлігінің 1), 2), 3), 5), 7) және 8) тармақшаларының және 4-бөлігінің талаптарына сәйкес келуге тиіс» [92]. Осылай, өтініш түскен соң, 2011 жылғы 13 желтоқсанда МАЭС судьясы азаматтық іс қозғау және сот ісін жүргізу тілін белгілеу туралы ұйғарым шығарды. Дәл осы күні істі сот талқылауына дайындау жөніндегі ұйғарым қабылданды. Сол ұйғарымға сәйкес сот келесі іс-әрекеттерді жүргізуді көздеді:

– талап қоюшыға сот отырысында қарау үшін талап қоюға қоса берілген құжаттардың түпнұсқаларын беру ұсынылады. Бұл талап заңнаманың ережелеріне сәйкес келеді. Мәселен, ҚР АПК-нің 253-бабының 2-тармағы және

503-бабының 2-тармағына сәйкес атқару парағын беру туралы өтінішке: 1) төрелік шешімнің түпнұсқасы немесе көшірмесі қоса берілуі тиіс. Тұрақты жұмыс істейтін төрелік шешімнің көшірмесін осы төреліктің басшысы куәландырады, ал нақты дауды шешу үшін шығарылған төрелік шешімнің көшірмесі нотариат арқылы куәландырылуы тиіс; 2) заңда белгіленген тәртіппен жасалған төрелік келісімнің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі [92]. Егер құжаттар шет тілінде әзірленген болса, тарап олардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі тиісті түрде куәландырылған аудармасын ұсынуға міндетті. Сотқа берілген өтініш талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, ол ҚР АПК-нің 152-бабының 2-бөлігінде белгіленген тәртіппен қараусыз қайтарылуы мүмкін [92];

– талап қоюшы мен жауапкер 2011 жылғы 20 желтоқсанда сағат 15:25-ке іс бойынша олардың мәлімдеген талаптарының мәні бойынша сұрақтар қою мақсатында шақырылады. Сот шығарған ұйғарымның бұл ережесі заңнама талаптарына сәйкес келеді, себебі ҚР АПК-нің 253-бабының 7-тармағына сәйкес, өндіріп алушының төрелік шешімді мәжбүрлеп орындау туралы өтініші келіп түскен жағдайда, сондай-ақ сот отырысында өтініштің қаралатын орны мен уақыты туралы сот борышкерді хабардар етеді. Өндіріп алушыға да оның өтініші қаралатын орны мен уақыты хабарланады [92]. Осыған орай, борышкердің немесе өндіріп алушының сот отырысына келмеуі егер борышкер сот отырысына келуге мүмкіндік болмағанының негізді себептерін көрсетіп, қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш бермеген жағдайда, өтінішті қарауға кедергі болмайды;

– жауапкерге талап арыздың көшірмесін жолдау және оны өз пікірін негіздей отырып, талап арызға жауап беру және дәлелдемелерді ұсынуға міндеттеу. МАЭС-тің ұйғарымындағы бұл ереже тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципін бекіткен ҚР АПК-нің 15-бабының талаптарына сәйкес келеді. Атап айтқанда, осы баптың 1-тармағына сәйкес, «азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың бәсекелестігі мен теңдігі негізінде жүргізіледі». Яғни, процеске қатысушы тараптарға өз ұстанымдарын қорғау үшін тең мүмкіндіктер беріледі. ҚР АПК-нің 15-бабының 5-тармағына сәйкес сот тараптарға тең және құрметпен қарайды. Осылайша, сот бұл ережені енгізу арқылы екі тараптың да сот талқылауына толық қатысу құқығын қамтамасыз етеді;

– жауапкерге талап етілген дәлелдемелердің ұсынылмауы, істе бар дәлелдемелер негізінде істі қарауға кедергі келтірмейтінін түсіндіру. Сөйтіп, сот жауапкерге сот ісін жүргізу аясында өз мүдделерін қорғауға толық мүмкіндік береді. Алайда, егер жауапкер осы құқықты пайдаланбаса және өз құқықтарын қорғау бойынша әрекетсіздік танытса, бұл оның іске мүдделі емес екенін білдіреді. Тиісінше, өз құқықтарын қорғау жауапкершілігі тараптың өзіне жүктеледі.

Осылайша, аталған талдау арқылы біз шетелдік шешімді тану және орындау ісінің қозғалысын көрсеттік.

2011 жылғы 20 желтоқсанда ҚР АПК-нің 253-бабының 6-тармағына сәйкес, «атқару парағын беру туралы өтініш судья тарапынан жеке дара

каралып, өтініштің сотқа түскен күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде каралды және осы іс бойынша ұйғарым шығарылды».

Талданып жатқан кейсте борышкердің өкілі белгісіз себептерге байланысты сот отырысына келмеді. Дегенмен ол өтінішті қарау орны мен уақыты жөнінде тиісті түрде хабарланған болатын. Сол себептен, сот өтінішті борышкердің қатысуынсыз қарады. Өндіріп алушының өкілі сотқа берілген өтінішті қолдайтынын көрсетті. Сот процесінде ол соттан шетелдік төрелік шешімін тануды және оны орындауды сұрады.

Талданып жатқан кейсте, Лондон халықаралық төрелік сотының 27.09.2010 жылғы ішінара түпкілікті төрелік шешімі заңды күшіне енгені және өндіріп алушының өтініш берген сәтінде борышкер оны ерікті түрде орындамағаны ескеріле отырып, сот Vitol Central Asia (Bermuda) Limited компаниясының өтінішін қанағаттандырды. Осы ұйғарымды шығарғанда сот НҰК-нің 3-бабына, ҚР АПК-нің ережелеріне және 2011 жылы қолданыста болған «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» ҚР Заңына сүйенді [123]. Сонымен қатар, ҚР АПК-нің 253-бабының 8-тармағына сәйкес [92], сот төрелік шешімді мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы өтінішті қарау барысында шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқығы жоқ; яғни, сот ұлттық құқық нормаларына сәйкес шетелдік шешімді одан әрі орындауға кедергі жоқ екенін ғана растайды.

ҚР АПК-нің 253-бабының 9-тармағына сәйкес, сот өтінішті қарау нәтижесі бойынша атқару парағын беру немесе оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады [92]. Алматы қаласының МАЭС ұйғарымымен Vitol Central Asia (Bermuda) Limited компаниясының шетелдік төрелік сот шешімін тану және орындау туралы өтініші қанағаттандырылады. Ұйғарымның қарар бөлігінде төрелік шешім танылып, атқару парағының берілуі және әрі қарай мәжбүрлеп орындатуға жіберілуі көзделді [122].

Заңнамада өтініш «мәжбүрлеп орындау туралы» және «атқару парағын беру туралы» деп аталатынын ескере отырып, ұйғарымның уәждемелік бөлігінде осы Кодекстің 501-бабының 1-бөлігінде көрсетілген актіні орындауға беру мүмкіндігі мәселесін талқылау орынды болып табылады. Ал теорияда «ұйғарымның резолютивтік бөлігінде атқару парағын беру немесе оны беруден бас тарту туралы көрсетілуі керек» деп ұсынылады [124]. Біздің пікірімізше, өтініштің пәні тұтастай алғанда тану және орындау болып табылады. Оның негізінде атқару парағын беру мәселесі туындайды. Сол себептен, ұйғарымның уәждеу бөлігінде орындау мүмкіндігі, соның ішінде тану мәселесі талқылануы тиіс. Ал қарар бөлігінде – өтініштің пәні аясындағы барлық мәселелер, сондай-ақ қорытынды ретінде атқару парағын беру мүмкіндігі шешілуі қажет.

ҚР АПК-нің 253-бабының 9-тармағының ережелеріне сәйкес, «соттың атқару парағын беру туралы ұйғарымы дереу орындалуға тиіс». Осы рәсім негізінде ҚР аумағында шетелдік шешімге «рұқсат берілгенін» байқаймыз. Бұл рұқсат жергілікті сот органының актісі арқылы берілген, яғни шешім іс жүзінде Қазақстанның құзыретті сотының ұйғарымы негізінде орындалады. Бұл ретте, бұрын осы бөлімшеде атап өткеніміздей, біз соттың жергілікті ұйғарымы

арқылы «шетелдік шешімге заңдық күш беру немесе оның жарамдылығын растау» дұрыс деп санамаймыз. Біз соттың бұл актісін қарама-қайшылықтардың жоқтығын растайтын және аталмыш шетелдік шешімнің Қазақстанға немесе оның аумағындағы субъектілерге зиян тигізбестен орындалуына кепілдік беретін құжат деп қарастырамыз.

Осылайша, шетелдік сот шешімдерін мәжбүрлеп орындату рәсімі, ең алдымен, мүдделі өндіріп алушының шешім орындалатын мемлекеттің сотына өтініш беріп, орындатуға қажетті құжаттарды ұсынуын қамтиды. Сонымен қатар, ықтимал жағдай ретінде, өтініштер іс бойынша шешім шығарған сотқа жолданып, ол арқылы шешімнің орындалу мәселесін қарауға құзыретті сотқа жіберуі де қарастырылады. Мұндай құжаттарды жолдау тәртібі, әдетте, халықаралық шарттармен реттеледі. Осы мәселелерді қараған кезде құзыретті сот шешімді мәні бойынша тексермейді, тек тиісті халықаралық шарттар және/немесе ұлттық заңнамада белгіленген талаптардың сақталуын ғана қадағалайды. Сот шешімнің заңдылығы мен негізділігіне баға беруге құқылы емес. Осыдан кейін сот басқа елден келген шешімді мәжбүрлеп орындатуға рұқсат беру немесе одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Шетелдік шешімдерді тану мен орындау бойынша қабылданған және күшіне енген ұйғарым негізінде атқару парағы беріліп, ол борышкердің орналасқан жері бойынша орындауға жіберіледі. Содан соң шешімдерді орындау тәртібі іске асады.

Осы тәртіпке сәйкес, орындауға жататын шешім оны танудан өткізіп, орындалуға жатады деп жариялаған елдің шешімі ретінде қарастырылады.

И. Дробязкинаның пікірінше, «халықаралық құқықта мемлекеттерді шетелдік сот шешімдерін тануға және орындауға міндеттейтін жалпыға бірдей танылған норма болмағандықтан, халықаралық шарттың болмауы жағдайында әрбір мемлекет өз аумағында шет мемлекеттердің сот актілерін тану мен орындаудың мүмкіндігін және олардың жүзеге асырылу шарттарын дербес айқындайды» [32, с. 106]. Біздің ойымызша, бұл жағдайда әр мемлекет өз бетінше әрекет етуі мүмкін, ал ол, өз кезегінде, трансшекаралық айналымға кері әсерін тигізеді де тұрақсыздыққа әкеп соғады. Бұл кезекте В.П. Звековтың пікірі неғұрлым орынды болып көрінеді. Ол құқықтық көмек көрсетуді реттейтін халықаралық шарт немесе ұлттық заңнама болмаған жағдайда оны көрсетуден бас тарту халықаралық сыпайылық принциптерін бұзу ретінде қаралады дейді [125]. Расымен де, басқа елдің сот немесе төрелік шешімдерін тану барысында халықаралық сыпайылық принципі негізге алынуы керек, ол арқылы әрбір мемлекет басқа елге, оның егемендігіне және онымен байланысты шығарылған актілеріне құрметпен қарайды дегенді білдіреді. Сонымен қатар, В. Звеков «құқықтық көмек» деген сөз тіркесін қолданғанына келіспейміз. И. Дробязкина да шетелдік соттардың шешімдерін тану мен орындауды құқықтық көмек нысаны ретінде қарастыру қажет және мұндай өтініштер тиісті құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес ресімделуге тиіс деп пайымдайды [32, с. 106]. Біздің ойымызша, егер бұл жағдайда тек құқықтық көмекпен шектелер болсақ,

онда оның аясынан төрелік шешімдері түсіп қалады, себебі төрелік шешімдер құқықтық көмекке жатпайды.

Осылайша, шетелдік шешімдерді орындауды ішкі шешімдерді орындаудан өзгешелендіретін басты ерекшелік – оларды міндетті түрде тану болып табылады. Біз байқағанымыздай, тану – бұл шешімдерді орындау алдындағы бірінші кезең, бірақ орындаумен тікелей байланысты емес. Кейбір жағдайларда тану орындаусыз жүзеге асуы мүмкін. Алайда алдын ала танусыз орындау жүзеге асырылмайды. Егер тану орындалатын аумақтың соты шешімнің ұлттық заңнамаға қайшы келмейтінін растау арқылы одан әрі орындалуына мүмкіндік беруін білдірсе (яғни бұл соттың қызметі), онда орындаудың өзі (бұл жерде басқа субъект – сот орындаушысы) шетелдік сот немесе төрелік шешімдерінің қарар бөлігін тікелей іске асыруға бағытталған қызмет болып табылады. Бұл жайт заңнамада да, халықаралық құжаттарда да ажыратылмайды. Барлық жағдайларда бұл рәсім «тану және орындау» біртұтас тіркеспен сипатталады, алайда бұл мазмұндық тұрғыдан дұрыс емес.

Сонымен қатар, біздің заңнаманың ережелерінен хабарсыз шетелдік өндіріп алушылар үшін заңнаманы жүйелеу мен алгоритмдеудің жоқтығы өзекті мәселе болып табылады (бұл мәселе 3.1-бөлімшеде қарастырылады). Яғни, Қазақстан аумағында шетелдік элементпен күрделенген жеке құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруге қатысты нормалар ұлттық заңнамада бөлек топ болып жүйеленіп, айқын түрде ұсынылуы қажет.

Бүгінгі таңда АІЖЖСОМ туралы ҚР Заң мәтінінде, оның 5-бабынан басқа, шетелдік шешімдердің орындалу ерекшеліктері еш жерде қарастырылмайды. Жүргізілген талдауды негізге ала отырып, келесідей пікірге келдік. Қазақстанда (шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін тану және орындау тұрғысынан қарасақ) халықаралық экономикалық байланыстарды кеңейту, инвестициялар тарту және өзге де бағыттар бойынша даму үшін жеткілікті жағдайлар жасалмаған. Жалпы, шетелдік шешімдерді тану және орындау рәсімдерін жүзеге асырудағы әлемдік тәжірибе барған сайын ауқымды сипатқа ие болып келеді, ал бұл мәселені реттейтін ұлттық құқықтық актілер әр жыл сайын жетілдіріліп, халықаралық талаптарға барынша жақын мазмұнға ие болуы тиіс.

Сондай-ақ НҰК-сы нормаларының іс жүзінде біркелкі қолданылмауы және ұлттық құқықтық актілерде осы Конвенцияға қатысты кейбір сәйкессіздіктердің болу мәселесі туындайды. Біздің ойымызша, осы Конвенция мен 2019 жылғы Гаага Конвенциясы арасындағы айырмашылықтарды және 1958 жылы (70 жылға жуық уақыт бұрын) қабылданған НҰК-сын, сондай-ақ төрелік саласындағы тез өзгеріп жатқан жағдайды ескерсек, шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындауды реттейтін бірыңғай нормаларды бүкіл әлем бойынша енгізу қажет. Бұл ретте, ішкі шешімдерді орындау әр мемлекеттің егеменді ісі болып табылады және ұлттық құқықпен реттелуі тиіс деп санаймыз. Халықаралық сыпайылық қағидатын ескере отырып, шетелдік шешімдерге қатысты шешімдердің әлем бойынша еркін қозғалысын

қамтамасыз ету үшін жаһандық деңгейдегі тәсілдерді біріздендіру мүмкіндігін қарастырған жөн (бұл туралы 3.2-бөлімшеде толығырақ айтылатын болады).

Трансшекаралық мәселелерді қарау сапасын арттыру мақсатында соттың мамандануын қарастыру қажет. Бұл арнайы сотты құруды талап етпейді. Тек судьялар арасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану бойынша берілген өтініштерді бөлу кезінде шетел элементімен күрделенген істермен практикасында көбірек шұғылданатын судьяларға беруді білдіреді. Атап айтқанда, судьялардың кәсібилігін қамтамасыз ету мақсатында [126] шетелдік шешімдерді тану мәселелері осы салада арнайы білімі мен дағдылары бар судьяларға берілгені жөн. Өйткені шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану шетелдік құқықтың процестік және (көбінесе) материалдық нормаларына негізделеді. Сол себептен, мұндай мәселелерді халықаралық жеке құқық, халықаралық азаматтық процестен хабары бар судьяларға беру тиімдірек болар еді деген ойдамыз. Ол, өз кезегінде, тану туралы өтініштерді сапалы деңгейде, негізсіз бас тартуды болдырмай қарауды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындамас бұрын, олардың тану рәсімінен өткізілетіні анықталды. Сырттан келген шешімдерді орындау осымен ерекшеленеді, себебі ішкі шешімдерге танудан өту қажеттігі туындамайды. Тану ол басқа елден келген шешімге орындау территориясына кіруге рұқсат беру ретінде қарастырылады. Танылған шешім әрі қарай атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жіберіледі.

Тану мен орындау бір-бірімен байланысты іс-әрекеттер тізбегін құрайды. Құқықтық реттеу барысында, тәжірибе және доктринада «тану және орындау» сөз тіркесі кеңінен қолданылатыны анықталды. Алайда бұл тіркес әрбір әрекеттің субъектілік құрамы, құқықтық реттелуі мен рәсімдік ерекшеліктерін ескермейді. Бұл екі өзара байланысты, бірақ мазмұны жағынан бөлек іс-әрекет болғандықтан, тану – қажетті алғышарт, ал орындау – өндіріп алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің мәні болып табылады. Сондықтан шетелдік сот пен төрелік шешімдерін «тану» және «орындау» ұғымдарын әртүрлі іс-әрекеттер ретінде ажыратып қарастыру, сондай-ақ бұл терминдерді құқықтық реттеуде, доктринада және тәжірибеде біртұтас байланысқан іс-әрекет ретінде қолданбау ұсынылады. Бұл екі әрекеттің субъектілері, негіздері, құқықтық реттелуі және салдарлары өзара ерекшеленеді. Аталған сөз тіркесін біртұтас ұғым ретінде қолдану шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану кезінде сот жүзеге асыратын, сондай-ақ, оларды орындау барысында сот орындаушысы атқаратын іс-әрекеттердің шынайы мәні мен рәсімдік кезеңдері жөнінде жаңсақ түсінік тудырады.

2.2 Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін танудан бас тарту негіздері

Басқа елдің аумағында оның соты немесе төрелігі шығарған шешімдерінің кейде орындалуы мүмкін емес болады.

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік төрелік органдар қабылдаған шешімдерді мәжбүрлеп орындау туралы өтінішті қабылдау кезінде соттар мұндай шешімдерді мәжбүрлеп орындаудың құқықтық негіздері мен тәртібі, сондай-ақ атқарушылық парақтарды беру мәселелері ҚР АПК-нің 501, 503 және 504-баптарымен реттелетінін назарға алуға тиіс [92]. Бұл ретте, шетелдік төрелік шығарған атқару парағын беру және оны беруден бас тарту ҚР АПК-нің 254, 255-баптарымен көзделген ережелер бойынша іске асырылады [92].

Орындау аумағы үшін шетелдік сот және төрелік шешімдері құқықтық табиғаты жағынан бөгде болып саналатындықтан (олар шетелдік юрисдикцияға сәйкес, шетелдік іс жүргізу нормаларына және көбінесе шетелдік қолданылатын құқыққа негізделе отырып шығарылады), оларды танудан және орындаудан бас тарту мәселесі жиі көтеріледі. Мұндай акт арқылы орындау аумағының құзыретті билігі өз юрисдикциясындағы субъектілерді не құқықтық тұрғыдан мәні бар нормаларды қорғауды көздейді.

Мұндай негіздер 1958 жылғы НҰК-да [98], өңірлік келісімдерде (негізінен ТМД шеңберінде), Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттермен жасасқан екіжақты келісімдерінде, сондай-ақ «Төрелік туралы» ҚР Заңында [113] және ҚР АПК-да [92] көзделген. Сонымен қатар, төрелік шешімдерді тану мен орындау мәселелері «Соттардың төрелік заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2023 жылғы 2 қарашадағы №3 нормативтік қаулысында қозғалған [120]. Шетелдік сот шешімдерін танудан және орындаудан бас тарту мәселелері 2019 жылғы Гаага конвенциясында [107] да қарастырылған. Алайда Қазақстан бұл конвенцияға қатысушы мемлекеттердің қатарына кірмегендіктен, аталған құжат тек салыстырмалы талдау тұрғысынан қарастырылады.

Шетелдік шешімді тану және мәжбүрлеп орындау мәселелерін шешу барысында соттардың құзыретіне оны мәні бойынша қайта қарау, яғни шешімді жан-жақты бағалау немесе төрешілердің құқықтық дәлелдерінің дұрыстығын тексеру кірмейді. Соттың міндеті – шетелдік төрелік шешімді тану және орындау үшін тиісті халықаралық шартта көзделген барлық талаптардың орындалғанын тексеру [16, с. 127].

Сонымен қатар, тану мен орындаудан бас тарту негіздері сот пен төрелік шешімдері үшін ажыратылуы қажет деп санаймыз.

Жалпы, Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында шетелдік сот шешімдерін танудан және оларды республика аумағында орындаудан бас тартудың айқын және нақты негіздері белгіленбеген. ҚР АПК-нің 501-бабының 1-тармағының сөзбе-сөз мазмұны іс жүзінде ұлттық құқыққа сәйкес шетелдік сот шешімдерін танудан және орындаудан бас тарту мүмкін еместігі жөнінде тұжырым жасауға негіз береді [92]. Бұл нормаға сәйкес шетелдік шешімдер заңнама мен халықаралық шартта көзделген тәртіппен, немесе өзара түсіністік негізінде танылып, орындалады. Халықаралық шарт болмаған жағдайда, соттар өзара түсіністік принципін негізге алуға тиіс. Алайда қолданыстағы заңнамада «өзара түсіністік» ұғымының мазмұнына нақты анықтама берілмеген. Ол тек

шетел құқығын қолдануға қатысты (ҚР АҚ-нің 1089-бабы) және Қазақстан Республикасы сотында шет мемлекетке қарсы талап қоюды қарауға қатысты (ҚР АПК 497-бабы) нормаларда ғана көзделген. Дегенмен шетелдік сот шешімдерін тану және орындау мәселесіне қатысты «өзара түсіністік» ұғымы айқындалмаған әрі құқықтық тұрғыдан реттелмеген.

Үлкен заң энциклопедиясында өзара түсіністік онсыз мемлекеттердің ынтымақтастығы мүмкін болмайтын негізгі принцип ретінде анықталады, ол бір мемлекеттің басқа мемлекеттің құқықтық жүйесі мен туындайтын субъективтік құқықтарын өзара тануында көрінеді. Сол энциклопедияда өзара түсіністік басқа тараптың дәл осындай әрекеттерді жүзеге асыруына жағдай жасау кезінде құқықтар беру немесе жұмыстар орындау арқылы іске асады делінген [127, 485-486 бб.]. Ғалымдардың өзара түсіністікке деген пікірі бір бағытта белгіленбеген. Негізінен, өзара түсіністік халықаралық жария құқық принципі ретінде қарастырылады [128]. Мемлекеттер бұл принципті халықаралық қатынастарда басшылыққа алады. Ал халықаралық жеке құқық саласында өзара түсіністік принцип емес, керісінше, ерекше жағдай ретінде қарастырылады, себебі жалпы ережеге сәйкес өзара түсіністіктің бар-жоғына қарамастан, шетел құқығы қолданылуы керек. Тек нақты салаларда ол заңнамада талап етілсе ғана сот басқа елдің құқығын қолданбас бұрын өзара түсіністікке назар аудару керек және басқа елде ҚР құқығын қолданудан бас тартылса, жауап ретінде сол елдің құқығын қолданудан біздің еліміздің соты бас тартады. Б.Н. Видин өзара түсіністікті негізінен халықаралық құқық тұрғысынан қарастырады. Оның айтуынша, ол бір тараптың өз міндеттерін орындау екінші тараптың да дәл сондай міндеттерін орындауға байланысты көрініс табады [129, 30 б.]. Л.Н. Галенская да өзара түсіністікті жария құқықтағы егеменділік теңдігінің жалпы қағидатын сипаттау үшін қолданылады деген пікірде [130, 33 б.]. Л.П. Ануфриеваның пайымдауынша, «шетелдік тұлғаларға қандай да бір құқықтар беру және оларға міндеттер жүктеу, егер осы мемлекеттің өз азаматтары мен ұйымдары шет мемлекетте ұқсас құқықтармен қамтамасыз етілетін болса, өзара түсіністік деп аталады» [131, 114 б.]. Ш.М. Менглиев те бұны мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың негізі ретінде қарастырып, «мемлекеттердің өз аумағында өзара мойындауды негізге алады» деп жазған [132, 67-68 бб.].

Сондай-ақ, халықаралық жеке құқық тұрғысынан өзара түсіністікті қарастырған авторлар, оны бір мемлекеттің жеке және заңды тұлғалары өз елінде иеленетін құқықтарын басқа мемлекетте де пайдалана алу мүмкіндігі ретінде [86, 113 б.]; шетелдік азаматтар мен шетелдік заңды тұлғаларға режимді (ұлттық, барынша қолайлы режим) немесе белгілі бір құқықтарды өзара беру ретінде түсіндіреді [мысалы, 133, 31 б.]. Ал шетелдік шешімдердің орындалуына қатысты өзара түсіністік келесідей түсіндіріледі. Е.Есимханов жазғандай, белгілі бір елде шығарылған шешім, Қазақстанда шығарылған немесе қазақстандық деп саналатын төрелік шешім сол елде танылып, орындалған жағдайда ғана, Қазақстанда танылып, орындалады. Басқаша айтқанда, басқа елде қазақстандық төрелік шешімдердің орындалуы сол елдің

төрелік шешімдерінің Қазақстанда орындалуы үшін қажетті шарт және негіз болып табылады [134, 515 б.]. Өзара түсіністік туралы, шетелдік шешімдердің танылуына қатысты, біздің ойымызша, дұрыс пікір айтқандардың бірі – Д.В. Кайсин. Ол өзара түсіністікті мазмұны анық еместігінен сынға алған [135].

Біздің ойымызша, өзара түсіністік – нақты мазмұны мен дәлелдеу өлшемшарттары жоқ ұғым. ҚР АҚ-нің 1089-бабында шетелдік құқықты қолдану процесінде осы ұғымды қолдануға қатысты жалпы ережелер болса да, біз қарастырып отырған тақырыпқа қатысты өзара қарым-қатынас нормасының іске асуының шарттары белгіленбеген. ҚР АПК 501-бабы шетелдік шешімдерді тану мен орындау халықаралық шарт болмаған жағдайда өзара түсіністік негізінде жүзеге асырылады деп көрсеткен. Алайда, өзара түсіністік дәлелденуге жататын факт болғандықтан, оның жеткіліктілігін тексеру өлшемшарттары қандай? – деген сұрақ туындайды. Мәселен, өзара түсіністікті қолдануды негіздеу үшін шетел сотының ҚР шешімдерін тану мен орындаудан бас тартуы қанша шешімде көрініс табуы керек? Шын мәнінде, өзара түсіністік туралы айтқанда, кез келген ереженің шартсыз әрекет етуі қарастырылады. Яғни, өзара түсіністікке қатысты жиі былай делінеді: «егер өзге дәлелденбесе, онда ол бар деп қабылданады». Яғни, егер шет мемлекетте Қазақстанның сот шешімдерін танымау немесе орындамаудың нақты фактілері дәлелденбесе, онда біз мұндай фактілер жоқ деп есептейміз және шетелдік шешімді танимыз және орындаймыз. Біздің пікірімізше, өзара түсіністік ұғымын қолданудың орнына халықаралық сыпайылық (*comitas gentium*) ұғымына жүгіну қажет, себебі өзара түсіністік принципін дәлелдеу қиын, уақытты көп алуы мүмкін және оның негізінде орынсыз танудан бас тарту орын алуы мүмкін. Мәселен, А мемлекетінің территориясына Б мемлекетінің соты немесе төрелігі шығарған шешімі орындалу үшін келді дейік. А мемлекетінің соты нақты бір себептермен орынды түрде (мысалы, шетелдік шешімнің танылуы мен әрі қарай орындалуы орындау территориясының императивті ережелеріне қайшы келсе) ол шешімді танудан бас тартады. Уақыт өте келе, Б мемлекетінің территориясына А мемлекетінің соты не төрелігі шығарған шешімі тану мен орындату үшін келген кезде, Б мемлекетінің соты кезінде А мемлекетіндегі танудан бас тартуды негізге алып, өз кезегінде сырттан келген шешімді танудан бас тартады. Алайда бұл жердегі сұрақ: Б мемлекеті сотының танудан бас тартуы қаншалықты негізді? Біздің ойымызша, негізді емес. Алайда, өзара түсіністік принципі дәл осылай жүзеге асырылады. Яғни, осы принцип негізінде «сен менің шешімімді орындамасаң, мен сенің шешіміңді орындамаймын» дегендей ұстаным қалыптасады. Осылайша, А мемлекетінің соты нақты себеппен бас тартып отырғанда, Б мемлекетінің соты өзара түсіністікке негізделіп, танудан бас тартады. Ал халықаралық сыпайылық ережесі қолдану жағынан ешқандай негативті жауапты талап етпейді, яғни «сен – маған, мен – саған» дегенді емес, керісінше, сыпайылық танытып, шетелдік сот шешімдеріне құрметпен қарауды білдіреді, себебі ол шешім басқа егеменді елдің уәкілетті органы шығарған юрисдикциялық акт болып табылады.

Т.Н. Нешатаева атап өткендей, «халықаралық сыпайылық» – бұл «халықаралық әдет-ғұрып», оған сәйкес мемлекет шетелдік құқықтық тәртіпке «сыпайы және ілтипатпен» қарауы қажет [136]. Халықаралық сыпайылықтың табиғатын Н.Г. Елисеев сипаттайды. Автордың пікірінше, халықаралық сыпайылық (халықаралық сыпайылық принципі) БҰҰ Жарғысының преамбуласынан туындайды, оған сәйкес мемлекеттер бір-бірімен жақсы көрші ретінде бейбіт өмір сүруге міндеттеме алған. Осы тұжырымнан мемлекеттердің сот шешімдерін өзара тану және орындау саласында бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеу міндеті туындайды [137, 138]. Жалпы, халықаралық сыпайылық принципі қазіргі таңда дұрыс бағаланбай жүр, әрі оны коллизиялық құқық тұрғысынан қайта тұжырымдау керек деген пікірге [139] қосыламыз. Біздің ойымызша, нақты мазмұны жоқ ереже ретінде өзара түсіністік принципі халықаралық сыпайылық принципімен ауыстырылуы тиіс. Бұл принцип бойынша кез келген мемлекет шетелдік юрисдикциядан шыққан шешімдерге құрметпен қарауы қажет, сондай-ақ аталған шешімдердің заңды күші бар екенін мойындауы керек.

Өзара түсіністік пен халықаралық сыпайылыққа салыстырмалы талдау жүргізейік. Өзара түсіністік принципі басқа елдің тану мен орындау бойынша іс-әрекеттерімен немесе өзара түсіністік бар-жоқтығын дәлелдеумен тығыз байланысты, яғни сырттан келген шешімді тану мен орындау осы шешім шығарылған елде орындау елінің шешімдері танылуымен байланысты (яғни, ол елде танылмаса, жауап ретінде танудан бас тартуға болады немесе шешімнің танылғанына дәлел болмаса, танудан бас тартуға болады). Ол, негізінен, егемендікті қорғауға бағытталады. Халықаралық сыпайылық принципі басқа юрисдикцияға деген құрметті білдіреді. Ол егеменді теңдікті мойындаумен және басқа елдің сот жүйесіне деген сеніммен тығыз байланысты. Демек, өзара түсіністік қорғауға бағытталса, халықаралық сыпайылық ынтымақтастыққа негізделеді. Өзара түсіністік тануға біркелкі емес, таңдалған жағдайларда ғана жол берсе, халықаралық сыпайылық тануға қатысты бірізділік пен тұрақтылықты және болжамдылықты қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, өзара түсіністік мемлекеттердің бір-біріне деген сенімсіздікті және күдіктенушілікті, ал халықаралық сыпайылық – шетел соттарының таза ниетін алға тартады. Өзара түсіністік принципі мемлекеттің танудан бас тартуы салдарынан тұлғаны жазалайды, ал халықаралық сыпайылық басқа елге деген сенімділікті білдіреді. Мысалы, бір ситуацияны екі принципті қолдану арқылы қарастырып көрейік: А мемлекетінде шығарылған шешім, егер оны шығару барысында процестік және материалдық тұрғыдан бұзушылық орын алмаса және ол жария тәртіпке қайшы келмесе, алайда өзара түсіністікті негізге алсақ, Б мемлекетінде танудан бас тарту орын алуы мүмкін, себебі (жоғарыда келтірілгендей) кезінде А мемлекетінің соты Б мемлекетінде шығарылған шешімді танудан бас тартты. Ал халықаралық сыпайылықты қолдансақ, шешім танылады, себебі сот төрелігі тиісті түрде жүзеге асырылды. Өзара түсіністікті қолданғанда құқықтық айқынсыздық орын алып, екі елдің арасындағы саяси жағдайға көп көңіл бөлінуі мүмкін, ал халықаралық сыпайылықты қолданғанда назар шетелдік сот

шешімінің сапасына ауады. Демек, тұлғалардың құқықтарын қалпына келтіруді мақсат ететін трансұлттық сот төрелігінің міндеттері халықаралық сыпайылық арқылы тиімді жүзеге асырылса, өзара түсіністік орындау елінің мүдделерін қорғауға бағытталған.

Қорытындылай келе, келесіні атап өткен жөн: өзара түсіністік құқыққолдануды саясаттандырады, құқықтық айқындылық пен болжамдылықты жояды, юрисдикциялық шектеу болып табылады; өз кезегінде, халықаралық сыпайылық құқыққолдануда икемділікті білдіріп, шетелдік шешімдерді танудың әмбебап стандарттарына жақын болып табылады. Осыған байланысты, біздің пікірімізше, өзара түсіністік принципінің орнына халықаралық сыпайылық принципі құжаттар мен заңнамада бекітіліп, қолданысқа енгізілуі керек. Өзара түсіністіктің классикалық мысалы АҚШ Жоғарғы Соты қараған *Hilton v. Guyot* (1895) ісі болып табылады [140]. Бұл іс бойынша шешімінде сот Францияның сот шешімін танудан бас тартып, Францияда АҚШ шешімдерінің танылғандығын дәлелдейтін практиканың жоқтығымен негіздеген. Бұндай жағдайда, әрине, тұлғаның құқықтары назарға алынбайды, танудан бас тарту актісі тек бір елдің басқа елге деген көзқарасының нәтижесі болуы мүмкін. Егер осындай жағдайда халықаралық сыпайылық принципі қолданылса, сырттан келген шешімдерді орындау территориясына қабылдар едік, алайда, әрине, ол шешім орындау территориясының императивті нормаларына қайша келсе ғана, танудан бас тартар едік. Демек, халықаралық сыпайылықты қолдану танудан бас тартудың нақты негіздерін қамтамасыз етеді. Ал өзара түсіністікті қолдану барысында, дәлелденуге жататын, саяси астары бар жағдай орын алуы мүмкін.

Шетелдік сот шешімдерін танудан және орындаудан бас тарту үшін нақты негіздердің қай жерде көрсетілгені туралы жалпы ескертулердің болмауы үлкен кемшілік болып табылады (*мысалы, мұндай негіздер 2019 жылғы Гаага конвенциясының 7-бабында көрсетілген, алайда ол Қазақстанға қолданылмайды*). Алайда болашақта мұндай негіздер пайда болуы мүмкін. Сәйкесінше, соттың «өзара түсіністікті» кеңінен түсіндіру құқығын теріс пайдалануы немесе оны дұрыс қолданбауы мәселесі туындауы ықтимал. Шетелдік төрелік шешімдерді тану мен орындауға қатысты айтатын болсақ, бұл мәселеде белгілі бір айқындылық бар.

Бұнда, ең алдымен, НҰК-ның V-бабының ережелері негізге алынады. Бұл Конвенцияның ережелері, дәлме-дәл болмаса да, ҚР ұлттық заңнамасында – ҚР АПК-да және «Төрелік туралы» ҚР Заңының ережелерінде қайталанған. Осылайша, Конвенция шетелдік төрелік шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің толық тізімін қамтиды. Бұл негіздер екі топқа бөлінеді: 1) шешімге қарсы тараптың өтініші бойынша қолданылатын негіздер (бұл жағдайда тарап оларды дәлелдеуге міндетті) және 2) даудың төрелікке жатпайтындығы және жария тәртіпке қайшылық жағдайында дәлелсіз қолданылатын негіздер.

Төмендегі 1-кестеде НҰК мен «Төрелік туралы» ҚР Заңының ережелері салыстырылған.

Кесте 1 – НҰК-сы мен «Төрелік туралы» ҚР заңының танудан бас тарту туралы негіздерін салыстыру

НҰК ережелері	«Төрелік туралы» ҚР Заңының ережелері
1	2
Өзіне қарсы шешім шығарылған тараптың өтініші бойынша қолданылатын негіздемелер, егер ол мыналарға қатысты дәлелдемелер ұсынса:	
«тараптар келісімді жасауда негізге алынған қайсыбір заң бойынша, ал мұндай заңға сілтеме болмаған кезде – шешім шығарылған елдің заңы бойынша жарамсыз» [113]	«тараптар төрелік келісімді жасауда негізге алынған қайсыбір мемлекеттің заңдары бойынша, ал мұндай заңға сілтеме болмаған кезде – шешім шығарылған елдің заңы бойынша жарамсыз» [113]
«келісім тараптары өздеріне қатысты қолданылатын заң бойынша біршама әрекетке қабілетсіз болды» [113]	«төрелік келісім тараптарының бірі сотпен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектелген деп танылған» [113]
«шешім төрелік келісімнің немесе шарттағы төрелік ескертпенің ережесіне жатпайтын немесе онымен көзделмеген дау бойынша қабылданды немесе төрелік келісімнің немесе шарттағы төрелік ескертпенің аясынан тыс шыққан мәселелер бойынша қаулыны қамтиды» [113]	«төрелік шешім төрелік келісіммен көзделмеген немесе оның ережелеріне жатпайтын дау бойынша қабылданды немесе төрелік келісімнің, немесе шарттағы төрелік ескертпенің аясынан тыс шыққан мәселелер бойынша қаулыны қамтиды, сондай-ақ даудың төреліктің шешуіне жатқызылмағанына байланысты» [113]
«өзіне қарсы шешім шығарылған тарап төрешіні тағайын дау туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісінше хабардар етілмеген немесе басқа себептерге байланысты өз түсініктемелерін ұсына алмады» [113]	«өзіне қарсы шешім шығарылған тарап төрешіні тағайындау туралы немесе төрелік талқылау туралы тиісінше хабардар етілмеген немесе <i>сот дәлелді деп таныған басқа себептерге</i> байланысты төрелікке өз түсініктемелерін ұсына алмады» [113]
жоқ	«дәл сол тараптар арасындағы дау бойынша, дәл сол дау нысанасы бойынша және дәл сол негіздемелер бойынша шығарылған және заңды күшіне енген сот шешімі немесе төрелік шешім не соттың немесе төреліктің жауапкердің талап қоюдан бас тартуына байланысты іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарымы бар» [113]
«төрелік органның құрамы немесе төрелік процесс тараптардың келісіміне сәйкес келмеген болса немесе, ондай келісім болмағанда, төрелік орын алған елдің заңына сәйкес келмеген болса» [113]	«төрелік құрамы немесе талқылаудың төрелік рәсімі тараптардың келісіміне сәйкес келмеген болса немесе ондай келісім болмағанда, төрелік талқылау өткен елдің заңдарына сәйкес келмеген болса» [113]
«тараптар үшін <i>түпкілікті</i> шешім әлі қабылданбаған немесе өзі шығарылған елдің, немесе заңы қолданылып жатқан елдің құзыретті билігімен күші жойылды немесе уақытша тоқтатылды» [113]	«тараптар үшін шешім әлі <i>міндетті</i> сипатқа ие болмаған немесе күші жойылды, немесе оның орындалуы өзі шығарылған елдің заңына сәйкес елдің сотымен уақытша тоқтатылды» [113]

Мыналарды анықтағанда, орындау аумағының соты қолдануға тиіс негіздемелер:	
«дау нысанасы бұл елдің заңы бойынша төрелік талқылаудың пәні бола алмайды» [113]	«төрелік шешім шығарылған дау «Төрелік туралы» ҚР Заңына сәйкес төрелік талқылаудың пәні бола алмайды» [113]
«бұл шешімді тану және орындау аталған елдің жария тәртібіне қайшы келеді» [113]	«осы төрелік шешімді тану және (немесе) орындау Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келеді» [113]

Осылайша, Қазақстан НҰК-ның ережелерімен салыстырғанда бас тарту негіздерінің тізбесін кеңейтті деп айтуға болады. Құзыретті мемлекеттік органның төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартуына мүмкіндік беретін негіздердің кеңеюі елдің беделіне ғана емес, жалпы кез келген халықаралық шарттық қатынастарға да кері әсерін тигізеді. Пайымдауымызша, мәселе Қазақстанның Конвенцияға қосылғанымен, оны ратификацияламауында да жатыр (Конвенция ережелерінде субъектілердің құқықтары мәселелері қарастырылғандықтан, оны ратификациялау қажет еді). Қазақстан Конвенцияға қосылу арқылы халықаралық міндеттемелерді мойнына алғанымен, негіздер тізбесінің осылайша кеңейтілуі Қазақстанның өзін аталған Конвенция шарттарымен байланысты деп есептемейтіндігін көрсетеді.

Төрелік шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту мәселесінде НҰК-сы төрелік шешімді орындау туралы өтінішті қарайтын сотты жоғарыда көрсетілген негіздердің бірінің болуына байланысты бас тартуға міндеттемейтіндігін атап өту маңызды. Конвенцияда «керек» сөзі қолданылмаған, оның орнына «мүмкін» сөзі қолданылған. Осыдан шығатыны – төрелік шешімді тану мен орындаудан бас тартуға заңмен көзделген негіздер болғанымен, оны орындау туралы өтінішті қанағаттандыру НҰК талаптарына қайшы келмейді. Алайда «Төрелік туралы» ҚР Заңына сәйкес егер төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартуға кемінде бір негіз анықталса, соттың мұндай жағдайда таңдау құқығы болмайды және ол бас тартуға міндетті. Демек, НҰК бойынша сотта таңдау құқығы болады, ал ҚР Төрелік туралы заңына сәйкес, ондай мүмкіндігі жоқ. «Төрелік туралы» ҚР Заңында мынадай тұжырым пайдаланылған: «сот төрелік шешімнің қай елде шығарылғанына қарамастан, оны танудан және (немесе) орындаудан бас тартады» [113]. Алдыңғы сөйлемнен көрініп тұрғандай, сот «мүмкін» емес, бас тартуға «міндетті». Дәл осындай тұжырым ҚР АПК-да да кездеседі, бұл төреліктің шешімін тану және орындау рәсімін реттейтін ұлттық заңнаманың жетілмегендігін тағы бір мәрте көрсетеді. Бірінші топқа жатқызылған бас тарту негіздері тараптан өтініш түскен жағдайда ғана сот тарапынан қолданылуы мүмкін. Бұл топта көзделген бас тарту негіздерін төреліктің шешімін орындау туралы мәселені қарайтын сот өздігінен қолдана алмайды. Бұндай жағдайда соттың төрелік шешіміне араласуы және төрелік шешімнің орындалуына кедергі келтіруі шектеледі. Төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартуға мүдделі тарап тиісті өтініште заңнамамен көзделген бас тарту негіздерінің біріне сілтеме жасамаса, сот оны назарға алмайды [113, 92].

Мысалы, Мәскеу қалалық соты жауапкердің өтінішін қанағаттандырудан бас тартты. Себебі, жауапкер төрелік шешімді орындатудан бас тартуды талап еткен, мұны төрелік талқылауға қатысушы тарап болып табылатын ұйымның осы талқылау кезеңінде қайта ұйымдастыру рәсімінен өткенімен дәлелдеген. Алайда Мәскеу қалалық соты төрелік шешімді орындаудан бас тартуға негіз болатын жағдайлар тізімінде тұлғаны қайта ұйымдастыру секілді негіздің жоқ екенін айтып, бұл талапты қанағаттандырудан бас тартты [141].

Сонымен қатар, сот төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, бұл жеңген тарапқа басқа мемлекеттің сотына жүгінуге кедергі болмайтынын атап өту маңызды. Демек, соттың әрекеті тек өзінің құзыретіне кіретін аумақта ғана жүзеге асады және мұндай бас тарту төрелік шешімді заңды күшінен айырмайды.

Осылайша, шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау рәсімінің негізгі принциптерінің бірі жүзеге асырылады.

Төрелік келісімнің және төрелік юрисдикциясының мәселелерімен байланысты бас тарту негіздерін қарастырайық. Бұл негіздемелерге мыналар жатады:

– біріншіден, егер төрелік келісім НҰК-ның барлық талаптарына сәйкес жасалса және бұл ретте, келісім тараптарының біріне өздеріне қолданылатын заң бойынша осындай келісімді жасасуға уәкілеттік берілмеген немесе оның жеткілікті құқықтары болмаған жағдайда орын алуы мүмкін [98]. «Төрелік туралы» ҚР Заңындағы бұл негіздеме біршама басқаша тұжырымдалған, осыған орай оның мағынасы да өзгерді. «Төрелік туралы» ҚР Заңында сот бір тарапты әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп таныған жағдайда, бас тартуға болады деп тұжырымдалған [113]. Жоғарыда аталған НҰК пен «Төрелік туралы» ҚР Заңының нормаларын талдай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады. НҰК-да тараптың азаматтығы бар, заңды тіркелген немесе негізгі қызметін жүзеге асыратын елдің заңнамасына сәйкес, тараптың төрелік келісім жасауға қабілеттілігі қарастырылады. «Төрелік туралы» ҚР Заңында «сот таниды» деп көрсетілгендіктен [113], бұл төрелік келісім жасау үшін емес, жалпы тараптың әрекетке қабілетті немесе әрекет қабілеттілігі шектелген деп қарастырылады. Бұл төрелік шешім өзіне қарсы шығарылған тарап өзінің әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі екендігін сот шешімімен дәлелдесе, жеткілікті болады дегенді білдіреді. Ұлттық заңнама нормаларының халықаралық актімен келтірілген сәйкессіздіктері ұлттық деңгейде төрелік шешімді тану және орындау мәселесін реттеудің кемшілігі және жетілмегендігі болып табылады.

Сондай-ақ осы бөлімдегі НҰК-ның ережелерін талдау келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Тараптың әрекетке қабілетсіздігі туралы мәселе келісімнің жарамдылығына әсер ететіні анық. Бұл ретте, Конвенцияда «қолданылатын (жеке тұлғаға) құқық бойынша» деген тіркес көрсетілген. Бұл құқық, ҚР АҚ-нің 1094 және 1095-баптарына сәйкес, сондай-ақ 1110-бабына сәйкес, тұлғаға қатысты қолданылатын құқық – *lex personalis* немесе *lex societatis*. Тиісінше, борышкер-қазақстандық субъект өндіріп алушы-шетелдік

субъектіге қарсы бұл жөнінде мәлімдейтіндіктен, сот осы өтініш болған жағдайда, оны шешу үшін қажет болса, шетелдік құқықты қолдануға тиіс.

Осы ретте, ҚР АҚ-нің 1086-бабына сәйкес әрекетке қабілетсіздікті анықтау мәселесінде шетелдік құқықтың мазмұнын айқындау мәселесі туындайды. Аталған норманың негізгі мәселесі – Қазақстанда шетелдік құқықтың мазмұнын айқындау жөніндегі міндеттің сотқа жүктелгендігі болып табылады. Біздің ойымызша,

– біріншіден, борышкер-жауапкердің өндіріп алушының әрекетке қабілетсіздігіне қатысты мәлімдемелерін қарастырғанда, борышкер қолданылатын құқыққа сәйкес қарама-қарсы тараптың әрекетке қабілетсіздігін айқындауға қатысты шетелдік құқықтың мазмұнын да дәлелдеуге міндетті екенін негізге алу қажет. Өкінішке қарай, бұл жағдайда қолданылатын құқықты дәлелдеуді міндеттейтін ереже біздің заңнамада бекітілмеген;

– екіншіден, «төрелік келісім келісімде айқындалған елдің заңдары бойынша жарамсыз деп танылса немесе төрелік келісім төрелік шешім қабылданған елдің заңына сәйкес жарамсыз деп танылса» [98]. Бұл жерде төрелік келісім нысанының сақталмауы, оның жарамдылығын реттейтін құқық нормаларына қайшы келуі, тараптардың шынайы еркіне сәйкес келмеуі және басқа да жағдайлар көзделуі мүмкін;

– үшіншіден, «төрелік келісімде көрсетілмеген дау түрі бойынша немесе төрелік келісімнің шарттарына сәйкес келмейтін жағдайда төрелік шешім қабылданса, сондай-ақ, егер төрелік шешім төрелік келісімде қамтылған мәселелермен қатар, оның шегіне кірмейтін мәселелер бойынша да қаулыларды қамтыса» [98]. «Төрелік туралы» ҚР заңында бұл тармақ ұқсас тұжырымдалған және өзге мазмұнда түсінілмейді. Бұл төреліктің өз құзыретінен тыс шешім қабылдауына қатысты. Төрелікке берілетін даулардың ауқымы тараптар төрелік келісім жасасқан кезде айқындалады. Төрелік шешім айқындалған ауқымнан тыс қабылданса, мұндай шешім орындалуға жатпайды. Демек, төрешілер дауды қарауға қабылдағанға дейін төрелік келісімде көзделген даудың ауқымын тексеруі керек. Олай болмаса, олар шығарған төрелік шешімнің құқықтық салдарсыз қалу қаупі бар деп санаймыз

Іс жүзінде көбінесе жеңілген тарап төрелік шешімді тануға және орындауға кедергі жасау мақсатында жоғарыда аталған бас тарту негіздерін пайдаланады. Б.Р. Карабельников атап өткендей, мұның себебі НҰК-ның авторлары мемлекеттік соттардың істің мән-жайларын зерттеуге араласу мүмкіндігін қанша шектегісі келгенімен, дау төрелік келісімде айқындалған даулар тізіміне кірмеген деген негізді пайдалана отырып, мемлекеттік соттар істің мән-жайларын зерделеу мүмкіндігіне ие болады [142].

Бас тартудың қалған негіздерін процесік сипаттағы негіздерге жатқызуға болады. Мысалы, өзіне қарсы төрелік шешім шығарылған тарапты тиісті түрде хабардар ету мәселесі бір қарағанда мүдделі тараптың төрелік шешімді орындауға кедергі келтіруінің ең қолайлы әрі жеңіл тәсілі болып көрінеді. Алайда бұл басында ғана солай. Қазіргі уақытта жауапкерге төрелік іс жүргізу туралы хабарлаудың көптеген тәсілдері бар. Мысалы, әлемге әйгілі курьерлік

қызметтер, хабарламаның оқылған сәтін тіркейтін электрондық хабарламалар және, ақырында, кейін куәлік бере алатын жергілікті заң қызметтері. Талап қоюшы төрелік талқылауға қатысудан әдейі жалтарып жүрген теріс пиғылды жауапкерге тап болған жағдайда, оған төрелік іс жүргізу туралы хабарлаудың барлық мүмкін тәсілдерін пайдалануға міндетті. Өйткені бұл теріс пиғылды жауапкердің төрелік шешімнің орындалуына кедергі келтіруіне жол бермеуге тиіс.

Төрелік талқылау туралы тиісті түрде хабар алған тарап төрелік талқылауға қатысудан бас тартуы мүмкін. Бұндай жағдай даудың оның қатысуынсыз қаралуына кедергі бола алмайды. Осылайша, төрелік талқылауға қатысудан бас тартқан тарап, керісінше, өз мүдделерін қорғау мүмкіндігінен өзі айырылады.

«Өз түсініктемелерін ұсыну» жөніндегі уәж төрешілер тарапынан төрелік талқылауды жүргізу рәсімінің барлық кезеңінде ескерілуі тиіс. Кей жағдайда төрешілердің тарапқа өз түсініктемелерін білдіруге кедергі келтіретін шешімдері төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін.

Тараптың түсініктеме бермеуі негізінде төрелік шешімді орындаудан бас тартудың себептеріне төрелік келісімде белгіленген өте қысқа іс жүргізу мерзімдері жатады. Сондай-ақ төрелік келісімде тікелей көрсетілген және қандай да бір түрде төрелік талқылау үшін «ерекше шектерді» айқындай алатын өзге де мәселелер қарастырылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, егер төрелік келісімде іс жүргізу мерзімдеріне және/немесе төрелік талқылауды жүргізу ережелеріне қатысты қандай да бір «ерекше ережелер» көзделмесе және тарапқа өз «түсініктемелерін ұсынуға» кедергі келтіретін төтенше жағдайлар болмаған жағдайда, өз позициясын ұсынбау негізінде төрелік шешімді орындаудан бас тарту ықтималдығы өте төмен. Теріс пиғылды жауапкердің төрелік талқылауды жүргізу кезінде іс жүргізу сипатындағы әртүрлі кемшіліктерге сілтеме жасай отырып келтірген барлық дәлелдеріне қарамастан, мемлекеттік құзыретті орган төрелік шешімді орындаған жағдайдың мысалы ретінде 1996 жылғы 24 мамырда Мәскеу қалалық сотының шығарған ұйғарымын атауға болады. Аталған ұйғарыммен 1994 жылғы 5 шілдеде Стокгольм қаласында Стокгольм Сауда палатасы жанындағы Төрелік институтының ережелеріне сәйкес «Тяжпромэкспорт» компаниясына қарсы істе шығарылған төрелік шешім орындалды. Бұл істе жауапкер бастапқыда өзі төрешіні тағайындап, кейін сол төрешіге қарсылық білдірді. Бұдан соң ол төрелік тыңдауды өткізу туралы хабарлама алмағанын мәлімдеді. Алайда тыңдау өтетін күнге бірнеше күн қалғанда, ол төрешілерді өз өкілдерінің Стокгольм қаласына келе алмайтынын, өйткені оларға кіру визаларын беруден бас тартылғанын хабардар еткен. Кейіннен ол барлық өкілдерінің сырқат екенін мәлімдеді. Жауапкердің өкілдерге кіру визалары берілмегені жөніндегі дәлелі жоққа шығарылды. Атап айтқанда, Швеция елшілігі аталған өкілдердің елшілікке кіру визаларын алу үшін мүлдем жүгінбегенін хабарлаған. Ал өкілдерінің сырқаттанып қалғаны туралы уәж

ешқандай құжатпен расталмаған. Осылайша, жауапкердің төрелік іс жүргізудің оның қатысуынсыз өтуіндегі іс жүргізу кемшіліктері туралы дәлелдері Мәскеу қалалық соты тарапынан ескерусіз қалдырылды [141, р. 740-741].

Келесі негіз – төреліктің түпкілікті емес шешімі. Егер төрелік регламентіне немесе төрелік келісімде белгіленген рәсімге сәйкес төрешілердің шешіміне басқа органға шағым жасауға мүмкіндік берілсе, не болмаса өзіне қарсы төрелік шешім шығарылған тарап мемлекеттік сотта оның күшін жою туралы өтініш білдірсе, онда мұндай шешім түпкілікті болып саналмайды.

Қазақстан Республикасында төрелік шешім қабылданғаннан кейін оның түпкілікті екенін растау үшін қандай да бір қосымша шаралар қолданудың қажеті жоқ. Ал Нидерланд, мысалы, төрелік шешімнің түпкіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында, төрелік шешім шығарылған соң дтың Азаматтық процестік кодексінің 1059-бабы 1-тармағы b) тармақшасына сәйкес оны жергілікті сотта тіркеу қажет. Осылайша, төрелік шешім тек тіркелгеннен кейін ғана түпкілікті сипатқа ие болады. Дегенмен төрелік шешімнің тіркелуі мүдделі тараптың шағымдану құқығын шектемейді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: шетелдік төреліктің шешімдерін тану және орындау мәселесін шешуге құзыретті мемлекеттік соттарға өз юрисдикциясына жататын аумақта шығарылған төрелік шешімді даудың мәніне тікелей байланысты негіздер бойынша жою мүмкіндігі берілген мемлекеттер бар. Б.Р. Карабельниковтың айтуынша, «мұндай тәжірибе НҰК-ның да, ЮНСИТРАЛ-дың Үлгілік заңының да талаптарына сәйкес келмейді. Алайда бар тәжірибе қазіргі таңда НҰК-да көзделгеннен артық негіздер бойынша төрелік шешімдерді танудан және орындаудан бас тартуды көздейтін мемлекеттердің шеңбері біртіндеп тарылып келе жатқанын көрсетеді. Бұл әлемдік практиканың төреліктің рөлін күшейту мен мемлекеттік органдардың төрелікке араласу мүмкіндіктерін шектеу бағытында дамып келе жатқанын дәлелдейді» [142, с. 161].

Осылайша, талданған негіздер тұрғысынан алғанда төрелік қатынастарды реттейтін ұлттық заңнамадағы ең елеулі теріс ерекшелік төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің тізбесін кеңейту болып табылады. Екіншіден, жоғарыда айтылғандай, НҰК-да егер сотқа төрелік шешімді мәжбүрлеп орындау туралы өтінішпен жүгінген болса, оған төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту мәселесінде таңдау құқығы берілген [98]. Алайда ұлттық заңнамада бұл құқық міндеттікке айналған. Демек, егер Конвенцияға қатысушы бір мемлекетте мемлекеттік сот шешімді орындаудан бас тартуға негізі болса да төрелік шешімді орындаса, Қазақстан Республикасында дәл осындай шешім орындалмайды.

Төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің келесі тобына өзіне қарсы төрелік шешім шығарылған тарапқа оны дәлелдеудің қажеті жоқ жағдайлар жатады. Бұл негіздерді құзыретті сот өз қалауы бойынша мынадай жағдайлардың бірінде қолданады: дау шешімнің танылуы мен орындалуы сұратылған аумақтың заңнамасына сәйкес төрелікке жатпайтын болса, сондай-ақ төрелік шешімнің танылуы мен орындалуы оны жүзеге асыру

кажет елдің жария тәртібіне қайшы келетін болса [98]. Төрелікке жатқызылу және жария тәртіпке қайшы келу мәселесін шешу lex fori қағидатына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Яғни, бұл мәселелерді қарау барысында құзыретті сотқа осыған қатысты шетелдік құқық нормаларын зерделеу немесе қолдану қажеттілігі туындамайды.

Даудың төрелікке жатқызылу мәселелері бойынша құзыретті мемлекеттік орган төрелік шешімді орындаудан бас тартуы мүмкін, алайда НҰК-да төрелік тәртіппен қарауға жатпайтын даулардың нақты тізімі көзделмеген. НҰК-ның бүкіл мәтінінде «төрелікке жатқызылу» ұғымы ашып көрсетілмейді. Тек «шарттық немесе өзге де құқықтық қатынастарға байланысты даулар төрелік қарауға берілуі мүмкін» деген норма ғана бар [98]. Сыртқы сауда төрелігі туралы Еуропалық конвенция да төрелікпен қаралмайтын даулардың нақты тізімін қарастырмайды. Бұдан НҰК даудың төрелікке жатқызылу шарттарын анықтау мәселесін өз бетінше шешпейді және бұл мәселені қатысушы елдердің ұлттық заңнамалық актілерінің құзыретіне қалдырады деп пайымдауға болады.

Төрелікте қаралуға жатпайтын даулардың тізбесін әрбір қатысушы ел өзінің ұлттық заңнамасы негізінде дербес айқындайды. Осыған орай, дау нысанасының төрелікке қатысуын қарағанда, төрешілер мынадай жайттарды зерделеуге және тексеруге міндетті:

- төрелік келісімде қолданылатын құқық ретінде айқындалған елдің құқығы;

- дау қаралатын елдің құқығы;

- дау тараптары тіркелген елдердің құқығы.

Б. Карабельниковтың пікірінше, төрелікпен қаралмайтын мәселе бойынша шығарылған шетелдік төрелік шешімді орындаудан бас тарту жария тәртіп доктринасын қолданудың жекелеген жағдайы ретінде қарастырылуы мүмкін [15, с. 161]. Алайда біз бұл көзқараспен келісуге болмайды деп санаймыз. Біздің ойымызша, төрелікке жатқызу жария тәртіптің емес, императивтік нормалардың әрекет ету аясында қарастырылады. Жария тәртіп мәселесі шетелдік шешімнің сипатына байланысты болғандықтан, оның танылуы мен орындалуы қоғам мен мемлекеттің негіздеріне, адамгершілікке, іргелі қағидаттарға және өзге де құндылықтарға теріс әсер етуі мүмкін. Ал төрелікке жатқызу ұғымы, керісінше, ұлттық заңнамада нақты және айқын белгіленген даулардың төрелік қарауға жататын және жатпайтын түрлерін императивтік тұрғыда шектеумен байланысты.

«Төрелік туралы» ҚР Заңының 8-бабында дауды төреліктің шешуіне жатқызуға жол бермейтін жалпы шарттар айқындалған [113]. Әр елде өзіне тән төрелікте қарауға жатпайтын даулардың санаттары белгіленеді. Сонымен қатар, ҚР аумағында төреліктің шешуіне жатпайтын даулардың түрлері әлемдік тәжірибеде қалыптасқан санаттарына сәйкес келеді. Мемлекет төрелік арқылы шешілуі мүмкін даулардың аясын шектеу арқылы мемлекеттік, атап айтқанда, жария мүдделерді қорғауды қамтамасыз етеді. Бұған дейін атап өтілгендей, НҰК-ке қатысушы әрбір мемлекет төрелікпен қаралмайтын даулардың тізбесін

дербес айқындайды. Кейбір елдерде бұл тізбе Қазақстан Республикасына қарағанда кеңірек болса, кейбірінде тар ауқымда белгіленген.

Әлемдік тәжірибеде төрелікпен қаралмайтын даулар қатарына еңбек даулары кіруі мүмкін, себебі еңбек қатынастары көбінесе ұлттық заңнамамен нақты әрі толық реттеледі. Мұндай заңнамада дау туындаған жағдайда жұмысшылардың да, жұмыс берушілердің де құқықтарын қорғауға құзыретті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттілігі көзделеді.

Төрелікпен қаралмайтын даулар қатарына салықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар да жатады. Алайда кез келген даудағыдай, мұнда да әкімшілік дауларды азаматтық-құқықтық даулардан мұқият зерделеп, нақты ажырату қажет. Мысал ретінде мына жағдайды келтіруге болады: 1999 жылғы 15 маусымда Стокгольм сауда палатасының Төрелік институты «Кваттроджемини» компаниясының талабын қанағаттандырады. Аталған талапта талап қоюшы өз тарапынан салық ретінде төлеген әрі оның пайымдауынша, жауапкер қайтаруға тиіс соманы жауапкерден өндіріп алуды сұраған. Іс бойынша жауапкер ресейлік «Нева Чупа-Чупс» ЖАҚ компаниясы болды. Жауапкер салық даулары төрелікпен қаралмайтынын алға тартып, Ресей Федерациясының аумағында төрелік шешімнің орындалуына кедергі келтіруге тырысты. Алайда Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты талап қоюшының даудың мәні салықтық қатынастарға емес, азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысты болғанын ескеріп, Ресей Федерациясының аумағында төрелік шешімді орындауға рұқсат берді [143].

Жоғарыда аталған барлық дауларды біріктіретін ортақ белгі – олардың тек қана жеке құқықтық қатынастардан туындамайтындығы. Әрбір мемлекет белгілі бір даудың нысанасын «жария» құрамдас бөлігіне берілген маңыздылыққа сүйене отырып, төрелікпен шешілмейтіндігін айқындайды. Даудағы «жария» элемент мемлекет үшін қаншалықты маңызды болса, мұндай даудың төрелікпен шешілмеуін тану ықтималдығы да соғұрлым жоғары болады.

Осылайша, әлемде теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да азаматтық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар төрелікпен қаралуға беріледі деген қорытынды шығаруға болады. Бұл А.С. Комаровтың кез келген дауды төрелік арқылы шешуге болады деген пікіріне сәйкес келеді [144]. Ұқсас көзқарасты А.Л. Маковский мен Б.Р. Карабельниковтің еңбектерінен де кездестіруге болады. Олар: «осы экономика саласына қатысты қандай да бір заңнамалық актілерде төрелік соттар туралы айтылуына не айтылмауына қарамастан, кешенді сипаттағы заңнамалық актілермен реттелетін мәмілелерден туындайтын жеке құқықтық, мүліктік және шарттық қатынастар, жалпы ереже бойынша, төрелікпен қаралуға жатады деп есептелуі тиіс» деп тұжырымдайды [145].

Шетелдік төрелік шешімді танудан және оны орындаудан бас тартудың келесі негізі – Қазақстанның жария тәртібіне қайшы келуі. Бұл негіз қолданылуы жағынан ең маңызды әрі күрделі негіздердің бірі болып табылады.

Жария тәртіп ұғымы әртүрлі елдердің заңнамасында және халықаралық құжаттарда бекітілгенімен, теорияда қаралып, сот практикасына да ұзақ уақыттан бері тән. Дегенмен бүгінгі күнге дейін қандай жағдайларды жария тәртіпке жатқызу қажет екендігі және қандай жағдайларда соттар бұл норманы негізсіз кеңейтіп қолданады деген мәселеде нақты түсінік қалыптасқан жоқ. Тиісінше, шетелдік шешімді тану үшін жүгінетін тарап мұндай жағдайларда өзінің субъективтік құқықтарын қорғау мен қалпына келтіру тетігінен айырылуы мүмкін. Шешімдердің орындалуына шетелдік инвестор компаниялар да жүгіне алатынын ескерсек, жария тәртіпті негізсіз қолдану немесе оны кеңейтіп түсіндіру инвестициялардың елден кетуіне әкелуі ықтимал. Себебі шектеулер бойынша нақты құқықтық негіздер мен тұрақты практика жоқ (атап айтқанда, шешімдерді орындау мүмкіндігі тұрғысынан) және субъективтік құқықтардың қалпына келуіне толық кепілдік бере алмайтын мемлекет инвестиция тарту жағынан тартымсыз болып саналады. Жалпы алғанда, егер шетелдік контрагент белгілі бір аумақта құқықтық қорғаудың қамтамасыз етілетініне сенімді болмаса, ол осы аумақ субъектілерімен міндеттемелік қатынастарға түспейді. Тиісінше, бұл жағдай аталған мемлекеттің тауар-ақша айналымына теріс ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, жария тәртіптің басқа да қыры бар – ол шетелдік шешімнің орындалуы сұралатын мемлекеттің құқықтық жүйесіне елеулі зиян келтіруі мүмкін шетелдік нормалардың немесе шешімдердің ықпалынан және енгізілуінен қорғау тетігі болып табылады. Осыған байланысты жария тәртіп институты заңнамалық тұрғыда бекітіліп, қолданылуы қажет, алайда оны шамадан тыс кеңейте түсіндіру және субъективті тұрғыда қолдану тәжірибесі теріс әсерін тигізеді. Демек, жария тәртіп санатын сақтай отырып, оның өлшемшарттары мен қолдану ережелерін тәжірибеде нақты айқындау аса маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасында мұндай бірыңғай шарттар жоқ, жария тәртіпті қолдану мәселесін қарайтын судьяларға нұсқаулық ретінде қызмет ететін нормативтік қаулы немесе өзге де акт бекітілмеген. «Төрелік туралы» ҚР Заңының 52-бабы 3-тармағын ҚР-ның Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» ҚР Конституциялық Сотының 2024 жылғы 13 қыркүйектегі №51-НП нормативтік қаулысында [146] «төрелік талқылау қағидаттарын (тараптар еркінің дербестігі, тәуелсіздік, әділеттілік және басқалар) назарға ала отырып, атап өтілген терминологияның формальды айқындылығы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында оны түзету ұсынылады» деп атап өтілген. Яғни, Конституциялық Сот та «жария тәртіп» санатын түсінуде белгілі бір проблемалардың бар екенін көрсетті.

Халықаралық жеке құқық теориясында «жария тәртіп» тіркесінің оның мәнін толық ашатын бірыңғай анықтама әлі шығарылмаған [10, 147, 148]. Әлі күнге дейін әртүрлі елдердің ғалымдары жария тәртіп санатының түрлі қырларын қарастыруға талпынып келеді. Атап айтқанда, ол шетелдік сот және төрелік шешімдерді танудан әрі орындаудан бас тартудың негізі ретінде

қарастырылып, көбінесе осы ұғымның мазмұнын айқындау тұрғысынан зерттелуде [149-151].

Өз заңнамасында жария тәртіпке қатысты ережені бекіте отырып, іс жүзінде ешбір мемлекет оның мазмұнын нақтыламайды [152]. Францияның Азаматтық кодексінің 6-бабында «жария тәртіп пен ізгі ниеттерге қатысты заңдарды жеке келісімдер арқылы бұзуға болмайды» деген норма көзделген [153]. ГФР-де Германияның Азаматтық кодексіне Кіріспе заңның 6-бабында: «егер оны қолдану неміс құқығының негізгі принциптеріне айқын сәйкес келмейтін нәтижеге әкелсе, басқа мемлекеттің қандай да бір құқықтық нормасы қолданылмайды. Әсіресе, егер бұл қолдану негізгі құқықтарға сәйкес келмесе, ол қолданылмайды» деп белгіленген [154]. Ағылшын заңгерлері Дж. Чешир мен П. Норттың пікірінше, «жария тәртіп – ешқандай ерекшеліксіз қорғауға жататын ерекше мәнге ие моральдық, экономикалық және әлеуметтік принциптердің жиынтығы» болып табылады [44].

Сот практикасына келетін болсақ, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, «жария тәртіп» ұғымы әр мемлекетте әртүрлі түсіндіріледі [14, 79, 155-161]. Талдау нәтижесінде барлық елдердегі «жария тәртіп» ұғымы өте кең мағынаға ие деген қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты төрелік шешімді орындаудан жалтарғысы келетін жауапкерлер, егер орындаудан бас тартуға өзге негіздер болмаса, шешімнің орындалуы қажет елдің жария тәртібіне қайшы келетініне сілтеме жасайды. Бұл тұжырым 1824 жылы айтылған ағылшын судьясының «басқа дәлелдер болған кезде жария тәртіп туралы ешқашан айтылмайды» деген сөзімен расталады [162].

Төрелік шешімді орындаудан бас тартудың негізін төрелік талқылау барысында жауапкердің құқықтары бұзылып, соның нәтижесінде оның өз заңды құқықтарын қорғау мүмкіндігінен айырылған жағдайларда қолдануға болады. Мұндай бұзушылықтың мысалы ретінде ГФР-дың мемлекеттік соты Американың төрелігінде қабылданған төрелік шешімді орындаудан бас тартқан ісі келтіріледі. Бұл істе жауапкер неміс компаниясы болған. Америкалық төреліктің бұзушылығы жауапкердің талапкер ұсынған құжаттармен танысу мүмкіндігінен айырылуында көрініс тапқан. Сол себепті неміс соты дауды шешу барысында әділеттілік принципінің сақталмауы жария тәртіпке қайшы келеді деп таныды [163].

Қазақстандық тәжірибеге келетін болсақ, Қазақстан Республикасында жария тәртіп туралы нормалардың дұрыс түсінілмеуі мен қолданылуы қалыптасып келе жатқан қолайсыз тенденция байқалады [81-83; 164].

Пікірлердің осындай әртүрлі болуына байланысты, белгілі бір аумақ үшін жария тәртіп нормасын қолдану мақсатында бірыңғай өлшемшарттар мен ережелерді анықтау ең дұрыс шешім болып табылады [50]. Өйткені әртүрлі құқықтық, саяси және моральдық категорияларды «жария тәртіп» ұғымына жатқызу арқылы судья шетелдік шешімдердің танылуын шектеу жөніндегі өкілеттілігін кеңейте алады, бұл өз кезегінде жеке құқықтық қатынастарға қатысушылардың субъективтік құқықтарына теріс әсер етуі мүмкін.

Бұл ұғым азаматтық айналымға қатысушылардың субъективтік құқықтарын қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына және тиісінше, әрі қарай экономикалық дамуына және жалпы елдің халықаралық аренадағы беделіне тікелей әсер ететіндіктен, жария тәртіп туралы ескертпенің негізсіз кеңейтілген қолданылуын нормативтік түрде жою қажет.

ҚР Конституциялық Сотының 2024 жылғы 13 қыркүйектегі №51-НП «Төрелік туралы заңның 52-бабының 3-тармағының ҚР Конституциясына сәйкестігін қарастыру жөніндегі» Нормативтік қаулысында жария тәртіп ұғымының мәселесі қарастырылып, оған қатысты «оның формалды айқындылығын және анықтығын қамтамасыз ету мақсатында терминологияны нақтылау қажет» делінген [146]. Заң деңгейінде жария тәртіп ұғымының өлшемшарттарын бекіту мүмкін болмаса да, оны қолдану практикасын біріздендіру қажет [165].

Біздің ойымызша, бұл мәселені ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының жобасы түрінде жария тәртіп тұжырымдамасын әзірлеу және жария тәртіп туралы норманы қолдану шарттары жөнінде бірыңғай ережелерді қалыптастыру арқылы шешуге болады. Жария тәртіп пен аса императивті нормалар жайындағы доктриналдық түсіндірмелерді [166, 167] негізге ала отырып, келесі тұжырымға келдік.

Жария тәртіп ұғымын тар мағынада қолдану бекітілуі керек және оның мазмұны тек ҚР құқықтық жүйесінің іргелі принциптері мен оның аса императивтік нормаларының жиынтығын қамтуы тиіс деп санаймыз. Оның ішінде, аса императивті нормаларға ҚР АҚ-нің 1091-бабында бекітілген *(норманың өзінде көрсетілуі салдарынан немесе азаматтық айналымға қатысушылардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қамтамасыз ету үшін олардың ерекше маңызы болуына байланысты, қолданылуға тиісті құқыққа қарамастан, Қазақстан Республикасы заңдарының тиісті қатынастарды реттейтін императивтік нормалары)* ережені, ал іргелі принцип ретінде ҚР Конституциясының «Адам және азамат» атты II бөлімінде бекітілген, сонымен қатар, ҚР экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылымының негізін құрайтын, жоғары императивтілікке ие және ұлттық заңнамада бекітілген жалпы құқықтық принциптерді жатқызуды ұсынамыз. Бұл ұсынысымыз императивті нормалардың әрдайым жоғары күші бар болуымен түсіндіріледі, ал Конституцияның II-бөлімінде бекітілген адам құқықтары дүниежүзі бойынша жалпыға бірдей қабылданған құқықтар мен бостандықтар жүйесіне негізделеді. Мысалы, шетелдік сот немесе төрелік шешімінде ҚР Конституциясының 12-бабының 1-тармағында бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының танылуы және оларға кепілдік беру принципі бұзылып, ол шешім жалпы алғанда адамның негізгі құқықтарына қайшы шығарылса; 14-бабының 1-тармағында көрсетілген заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең саналатындығы нормасы бұзылып, шешімнің мәтінінде қандай да бір кемсітушілікке жол берілсе; немесе шетелдік шешімінде Конституцияның 26-бабында кепілдік берілген меншік құқығына

қолсұғушылық жасалса, бұндай шешімдер Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келеді деп танылуы керек және соның негізінде орындауға жіберілмеуі тиіс. Әрине, жария тәртіпке қайшы келетін принциптер ретінде тек осындай тәріздес адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары қарастырылып, жария тәртіп ескертпесін тек ерекше жағдайларда ғана қолдануға жол берілуі керек және оны қолдану кезінде шетелдік шешімдерінің адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарына теріс әсерін тигізуі мүмкін салдарын ескеру маңызды. Сонымен қатар, әрбір мемлекет үшін оның экономикалық жағдайы, саяси тұрақтылығы және әлеуметтік жағдайы өте маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Осылайша, жария тәртіп ескертпесі негізгі құқықтар мен құндылықтарды Конституциялық тұрғыдан қамтамасыз етілген қорғау тетігі ретінде қарастырылуы маңыздылығы аса зор мәнге ие. Бұл ретте, мораль мен ізгілік принциптері субъективті түсіндіруге жатпауы тиіс, яғни нақты бір адамның осы ұғымдарға қатысты бағалауына байланысты болмауы тиіс. Сондай-ақ, жария тәртіп саяси жағдайларға тәуелді болмауы керек, яғни оны қолдану кезінде судья саяси айырмашылықтарға емес, ең алдымен шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану салдарына назар аударып, жағымсыз салдарының пайда болу мүмкіндігімен жария тәртіп туралы ережені қолдануын уәждеуі тиіс. Осы ұсыныстарға негізделген ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысының жобасы жұмыстың (Қосымша Б)-да берілді.

Ұттық заңнаманы дамытудағы сот практикасының ролін ескере отырып [168], біз ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы түріндегі құжатты ұсынып отырмыз. Оның себебі, ол судьялар үшін құқыққолданудың бағытын анықтайтын нормативтік акт болып табылады. ҚР 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілгендей, нормативтік қаулылар соттардың заңдар мен заңға тәуелді нормативтік актілердің біркелкі және дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге арналған. Олар әртүрлі түсінулер мен проблемаларды жояды және сонымен бірге заңды қолданудың дұрыс бағытын береді. Сондай-ақ атап өтілгендей, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу ұлттық қауіпсіздікті, адам өмірі мен денсаулығын, экологияны, құқықтық тәртіпті, имандылықты қозғайтын тәуекелдерді жою қажеттілігімен шектелуге тиіс [61], бұл жеке құқықтық қатынастарда да, соның ішінде жария тәртіп санатына қатысты, ескерілуі тиіс негізгі аспектілер бар екенін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында сот шешімдерінің сапасын арттыру және олардың біркелкілігін қамтамасыз ету мәселесі көтеріліп, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету қажеттігі атап өтілді [169]. Осылайша, судьялар жария тәртіп туралы ескертпені қолдануда бірыңғай нұсқаулыққа ие бола алады.

Төрелік шешімнің жария тәртіпке қайшы келуіне байланысты оны орындаудан бас тарту негіздемесіне сілтеме ұтылған тарапқа төрелік шешімді орындамауға қосымша мүмкіндік береді. НИК-ның V бабының I-тармағында

белгіленген бас тарту негіздерін қолдануға мүмкіндік болмаған немесе төрешілердің жасаған бұзушылықтарын осы негіздердің біріне жатқызуға мүмкіндік болмаған жағдайларда жария тәртіптің бұзылғанына сілтеме жасауға болады. Жоғарыда айтылғандай, жария тәртіпке қайшы келу түріндегі бас тарту үшін негіздемені сот өз бетінше және өз қалауы бойынша, тіпті өтініш қаралған кезде жауапкер қатыспаса да, қолданады.

Алайда, бір қарағанда, бәрі оңай емес, өйткені жария тәртіпке қатысты ережені қолдану үшін төреліктің өтінішті қарау барысында жеңілген тараптың процестік құқықтарын бұзғаны немесе төрелік шешім құқықтық тәртіп пен мемлекеттің адамгершілік негіздеріне сәйкес келмейтін құқықтық салдарды тудыратыны туралы даусыз дәлелдер келтірілуі қажет.

Сонымен қатар, құзыретті мемлекеттік сот төрелік шешімнің жария тәртіпке сәйкес келуін тексеру кезінде төрешілердің дау мен мән-жайларды құқықтық бағалауын талдау арқылы шектен шықпауға тиіс. Төрелік шешімді мәжбүрлеп орындау туралы өтінішті қарайтын құзыретті соттың міндеті – осы мемлекеттің жария тәртібін міндетті түрде ескере отырып, төрелік шешімді тану және орындау нәтижесінде туындауы мүмкін салдарларды зерделеу және болжау.

Халықаралық төрелік шешімдерін орындаудан бас тарту тәжірибесіне мысал ретінде 2016 жылдың жазында Алматы қаласында болған жағдайды келтіруге болады. Алматы қаласы МАЭС-тің 2016 жылғы 27 маусымдағы ұйғарымымен Қазақстан Республикасының жария тәртібіне қайшы келуіне байланысты Қазақстан халықаралық төрелігінің (ҚХТ) 2016 жылғы 6 сәуірдегі шешімінің күші жойылды. Алайда бұл ұйғарым ұлттық заңнаманы ғана емес, сонымен қатар ратификацияланған халықаралық конвенциялар мен келісімдерді де бұзу болып табылады, өйткені ұйғарымның сипаттамалық бөлімінде жария тәртіпке қайшы келу негіздемесі көрсетілмеген. Судья ұйғарымда дауды төрелік қарау барысында жауапкер пайдаланған негіздемелерді келтірген, атап айтқанда, мерзім өткізілмегеніне қарамастан, ескіру мерзімін өткізіп алу және алдын ала шарт жасамау, дегенмен осы алдын ала шарт негізінде жауапкер ақшалай қаражат алған. Бұдан әрі бұл ұйғарым апелляциялық сатыда қаралса да өзгеріссіз қалды. Бірақ ҚР Жоғарғы Сотының Сот алқасының қаулысымен бірінші сатыдағы соттың ұйғарымының күші жойылды [81]. Біз бұл жағдайды халықаралық байланыстарды дамытуға бағыт алған ел үшін қолайсыз прецедент деп бағалаймыз.

Жалпы, қазіргі уақытта әлемде «жария тәртіп» ұғымына жалпыға бірдей қабылданған және нақты тұжырымдалған анықтама жоқ деген қорытынды жасауға болады. Әр ел тарихи ерекшеліктерге, құқықтық жүйеге, ғылыми зерттеулер деңгейіне және соттың тәжірибесіне негізделіп, жария тәртіптің мәнін өз бетінше анықтайды. Дегенмен барлық елдердегі жария тәртіп ұғымының ортақ белгілері бар. Осы уақытқа дейін әлемде жария тәртіп ұғымының нақты анықтамасы берілген жоқ деп санаймыз, өйткені бұл тұжырымның абстрактілі болып қалуы елдерге тиімдірек және ол орындаудан бас тартуға негіз бола алатын жағдайлар мен оқиғаларды қамтуы мүмкін.

Алайда, біз ұсынатын шетелдік шешімдерді орындау принциптерін (2.3-бөлімше) ескере отырып, қарқынды дамып келе жатқан халықаралық қатынастарға байланысты, жария тәртіпке қайшылықты анықтау мәселесінде соттың кең қарауын шектеу және осы норманы қолдану негіздерін нақтылау қажет.

Сот шетелдік төрелік шешімін орындаудан бас тарту негіздемелерін нақты айқын бұзушылықтар болған жағдайда ғана қолдануға тиіс. НҰК-те мемлекеттік соттың халықаралық төрелік шешімді танудан және орындаудан бас тарту құқығы ғана белгіленгендіктен, бұл халықаралық төрелік шешімінің маңыздылығын көрсетеді. ҚР төрелік туралы заңнамасының ережелері НҰК-на сәйкес келтірілуі тиіс деп санаймыз. Сонымен қатар, шетелдік шешімді тану мен орындау мәселесін қарайтын ұлттық сот қолданатын нормалар нақты және айқын болуы қажет деген ойдамыз.

Тұтастай алғанда, сот мәжбүрлеп орындаудан бас тартқан әрбір негіздемені сот актісінде дәлелдер келтіріліп, құқық нормаларына сілтеме жасай отырып көрсетуге тиіс [120].

Сонымен қатар, осы бөлімшеде қаралған негіздер шешімдерді орындаудан емес, тек қана танудан бас тартуға негіз болып табылатынын атап өткен жөн. Алайда бірақ құжаттарда олар шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту негіздері ретінде көрсетілген. Яғни, іс жүзінде орындаудан бас тарту негіздері НҰК-ның ережелерімен қамтылмағанын анықтадық. Орындаудан бас тарту негіздері АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңында көзделген. Осыған орай, шетелдік шешімдерді тану және орындау саласындағы халықаралық құжаттар қайта қаралып, өзгертіліп, олардың мәніне сәйкес келтірілуі тиіс деп санаймыз. Яғни, НҰК-ның V-бабы іс жүзінде орындаудан бас тарту негіздерін қамтымайды, тиісінше, Конвенцияның тақырыбы оның мазмұнына сәйкес келмейді деп ой түйуге болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайық. Орындалу елінің территориясына басқа елден келген шешім әрдайым орындала бермейді. Қазіргі таңда НҰК-да төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздері мен ҚР АПК-да сот шешімдерін танудан бас тарту негіздері бекітілген. АПК сәйкес, «сот шешімдеріне қатысты заңнамада бекітілген ережеге сәйкес, егер халықаралық шарт болмаса, сот шешімдері өзара түсіністік негізінде танылуы тиіс». Өзара түсіністік ұғымын талдау нәтижесінде оны қолдану құқықтық айқындылықты қамтамасыз етпейтіні, сонымен қатар, дәлелдеу фактісі мен екі ел арасындағы саяси жағдайға тәуелді екені анықталды. Сондай-ақ, бұл принцип көбінесе теріс жауап ретінде қолданылады. Осы себептерге байланысты өзара түсіністік принципін халықаралық сыпайылық принципімен алмастыру ұсынылып отыр, себебі ол мемлекеттер арасындағы бір-бірінің юрисдикциясы мен сот органдары шығарған шешімдеріне сенімділікті білдіріп, тек нақты бас тарту негіздеріне сүйенуге мүмкіндік береді.

Төрелік шешімдерді танудан бас тартуға келер болсақ, НҰК пен ұлттық заңнамада бекітілген ең даулы ереженің бірі – жария тәртіп туралы ескертпеге – түсіндірме беріліп, шетелдік сот және төрелік шешімдерін танудан бас тарту

негізі ретінде жария тәртіпті қолдану бойынша судьяларға арналған ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысының жобасы әзірленіп, оның ережелері негізделіп, ұсынылды. Одан басқа да төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздері талданып, әрқайсысы бойынша қолдану бағыттары анықталды.

2.3 Шетел шешімдерін мәжбүрлеп орындатудан бас тартудың әмбебап негіздері мен халықаралық орындаудың принциптер жүйесі

Сонымен, алдыңғы бөлімшеде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындатудың алғышарты болып табылатын тану рәсімін қарастырдық. Бұл рәсім кез келген сырттан келген шешімдер үшін міндетті саты, себебі тану ол орындату территориясында шетелдік шешімді заңи күші бар құжат ретінде қабылдауға рұқсат беру болып табылады. Сот арқылы Қазақстан Республикасында танылған шешімдер әрі қарай орындауға жіберілуі мүмкін. Кей жағдайларда, орындауды талап етпейтін шешімдер үшін танудың өзі жеткілікті болады (мысалы, заңи фактіні тану туралы шешімдер) [170]. ҚР аумағында танылған шешімдер, ұлттық заңнамаға сәйкес орындалады. Яғни, бір елде шығарылған шешім басқа елде сол аумақтың ерекшеліктерімен немесе ұлттық заңнамасының нормаларын ескеруімен орындалады. Мысалы, 2020 жылы Польша елінің Опочно қаласының аудандық соты шешім шығарды. Ол шешімге сәйкес ҚР азаматы А.О. Гусактан Польшаның азаматшасы Х.Новаковская пайдасына 2003 жылы туылған қызы Р.Новаковскаяға 2018 жылдан бастап саналған алимент өндіріліп алынуы керек болған. Бұл шешім Ақмола облысының Көкшетау қалалық сотымен 2020 жылғы 22 желтоқсанында танылды. Әрі қарай орындалуға жіберілді. Алайда А. Гусак бұл шешімді 2024 жылға дейін орындамай келген және бірнеше сот отырысы болған (соманы түзету, екі тарапты татуластыру және т.б. жөнінде). Ең соңында Ақмола облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2024 жылғы 17 шілдеде 2а/517/24 қаулы шығарып, 2018 жылы Р. Новаковская кәмелетке толғанын негізге алып, алимент сомасының жалпы көлемін қайта есептеген болатын [171]. Осылайша, сотпен танылған шешімдер тану туралы ұйғарымның негізінде берілген атқару парағы бойынша атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру үшін сот орындаушыларына жіберіледі. Осы сәттен бастап атқарушылық іс жүргізу орын алады.

Алайда, бұл танудан өткен кез келген шешім орындала береді дегенді білдірмейді, себебі әрбір елдің ішкі заңнамасында мәжбүрлеп орындатудан бас тарту ережелері бекітілген [172]. Бұл жерде айта кететін жайт, шетелдік заңнамаға жүргізілген талдау екі ұстанымды анықтауға көмектеседі: бірінші топтағы елдерде тану мен орындау екі саты ретінде бөлек актілерде ажыратылып, тану мен орындатудан бас тарту негіздері бекітіледі. Мысалы, Ұлыбританияның Administration of Justice Act 1920 (AJA) [173] заңы мен Foreign Judgments (Reciprocal Enforcement) Act 1933 (FJA) [174] заңдарында, сонымен қатар, Францияның French Code of Civil Procedure және French Code of Civil Enforcement Procedures [175] бөлек актілерінде танудан және орындаудан бас тарту негіздері қарастырылған, алайда, осы актілердің мәтінін талдау

нәтижесінде тану мен орындаудан бас тарту негіздері бір тізімде көрсетілгендігі анықталды. Ал екінші топтағы елдерде тану мен орындау екі саты ретінде ажыратылса да, олар бір нормативтік актіде қарастырылғанын көруге болады, мысалы, Германияның Zivilprozessordnung (Code of Civil Procedure (ZPO) [176] кодексінде. ҚР құқық жүйесінде тану рәсімдері ҚР АПК-мен реттеліп, мәжбүрлеп орындату АІЖЖСОМ туралы ҚР заңымен реттеледі. Мысалы, ҚР АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 38-бабының 2-тармағында [91] ҚР сот орындаушылары үшін атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту негіздері бекітілген. Осылайша, әрбір ел өзінің ішкі заңнамасында мәжбүрлеп орындатудан бас тарту (немесе атқарушылық іс жүргізуді қозғау) негіздерін бекіткен. Демек, көріп тұрғанымыздай, танудан бас тарту мен орындаудан бас тарту ережелері бөлек қарастырылғаны орынды, себебі бұл екі процедура 2.1-бөлімшеде айтылып кеткендей субъектілер, объектілер, жасалатын іс-әрекеттер тұрғысынан әртүрлі болып келеді. Сонымен қатар, осы жұмысты дайындау кезіндегі басқа елдердің заңнамасын талдау барысында орындауда бірізділік жоқ екеніне де көз жеткіздік. Бұл дегеніміз, өз пайдасына шығарылған шешімі қолында бар бір елдің өндіріп алушысы басқа елге барып, осы шешімді мәжбүрлеп орындатқысы келсе, оған қиындық тудырады. Себебі өз еліндегі орындату процедурасын біліп тұрса да, басқа елде ол өзгеше жаңа процедурамен және негіздермен ұштасуы мүмкін және өз құқықтарын қалпына келтіру ол үшін күрделі мәселелердің бірі болмақ. Біздің пікірімізше, атқарушылық іс жүргізу шетелдік өндіріп алушының құқығын қалпына келтіру тұрғысынан қарастырылса, оның ережелері ашық түрде жарияланып, түсінікті әрі бірыңғай болуы керек. Осы мақсатпен бірнеше елдің заңнамасын талдау нәтижесінде, біз шетелдік шешімдерді мәжбүрлеп орындатудың кез келген юрисдикция үшін түсінікті, әрі елдердің ішкі заңнамасымен қайшы келмейтін әмбебап атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартудың келесі негіздерін ұсынамыз.

Бірінші негіз – атқару құжатының жарамсыздығы немесе күшінің жойылуы. Мәселен, А мемлекетінің соты Б мемлекетінің заңды тұлғасының пайдасына шешім шығарып, оның негізінде С мемлекетінің территориясында оның орындалуына негіз болатын атқару құжаты беріледі. Алайда, уақыт өте келе, А мемлекетінің жоғары сатыдағы соты қайта қарау нәтижесінде бұл шешімнің күшін жояды. Оған қарамастан, өндіріп алушы С мемлекетінің мәжбүрлеп орындату органдарына бұрын берілген шешімнің көшірмесін ұсынып, атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтінішпен жүгінеді. Бұл жағдайда келесіге көз жеткіздік. Атқарушылық іс жүргізу қозғалып, шешім заңсыз орындалса, борышкердің құқықтары бұзылар еді. Атқару құжаты – мәжбүрлі және міндетті түрде орындалуға жататын нақты іс-әрекеттің жасалуын қамтамасыз ететін жазбаша акт [49]. Белгілі болғандай, атқару құжаты өзінің заңмен берілген қасиеттеріне қарай атқарушылық іс жүргізуді бастауға негіз болып табылады. Атқару құжатының негізінде атқарушылық іс жүргізу қозғалады [177]. Атқару құжатының күші оның мәнімен байланысты, яғни мәжбүрлеп орындату тек атқару құжатының негізінде жүзеге асырылады

[34], ал маңыздылығы оның алдында жүргізілген юрисдикциялық құқыққолдану іс-әрекеттерінің нәтижесін біріктіріп, одан кейінгі нақты іс-әрекеттердің моделі мен бұйрығын бекітеді [178]. Яғни, атқару құжаты талаптың өзін, оның көлемі мен орындалуын растайды және ол болмаған жағдайда атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру мүмкін емес, себебі оның негізі жоқ дегенді білдіреді. Мысалы, Германияның Zivilprozessordnung актісінің 775§-на [179] сәйкес атқару құжатының жойылғандығын растайтын сот шешімі болған жағдайда мәжбүрлеп орындатуға жол берілмейді. Олай болса, атқару құжаты жарамсыз немесе оның күші жойылған болса, мәжбүрлеп орындату борышкердің құқық аясына жол берілмейтін заңсыз араласу болып саналады, себебі атқарушылық іс жүргізудің заңды негіздері болмайды. Атқарушылық іс жүргізу автономды емес, туынды процесс болып келетіндіктен, ол құзыретті орган шығарған жарамды және күші бар шешімге негізделеді. Осыған байланысты, шешімнің жойылуы қисынды және заңды түрде оның мәжбүрлі орындалуын жоққа шығарады. Яғни, сот немесе төрелік шешімінің жойылуы ол шешімнің міндетті сипаты мен құқықтық күшін жоғалтуын білдіреді. Олай болса, мәжбүрлеп орындатудың материалдық және процессуалдық негізінің де жойылғанын білдіреді. Жойылған шешім танудың да, орындаудың да объектісі болып табыла алмайды.

Екінші негіз – атқару құжатын орындауға ұсыну мерзімінің өтіп кетуі. Мәселен, 2020 жылы А мемлекетінің төрелігі шешім шығарды. Борышкердің мүлкі ҚР орналасқандықтан, ол шешім ҚР территориясында орындалуы керек. Өндіріп алушы сол жылы тану үшін сотқа жүгініп, атқару парағын алды. Алайда, мәжбүрлеп орындату үшін себепсіз жағдайларға байланысты тек 2025 жылы сот орындаушысына жүгінеді. Сот орындаушысы АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының 11-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес [91], төреліктің шешімдерін, халықаралық және шетелдік төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары үш жыл ішінде орындауға берілуі керек деген нормаға сүйене отырып, атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартты. Сот орындаушысының іс-әрекеті орынды және заңды, себебі әрбір елдің заңнамасында өндіріп алушыға өз құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін осындай шектеу мерзімдері орнатылады. Сонымен қатар, әрбір елде бұндай шектеу мерзімдері әртүрлі. Мысалы, Францияда он жылды құраса [180], Ұлыбританияда алты жылға тең болып келеді [181]. Бұл норма өндіріп алушының құқықтары мен борышкердің міндетіне қатысты құқықтық айқындылықты және тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Яғни өндіріп алушы осы берілген мерзім ішінде оның құқықтары бар екенін білсе, борышкер – орындауға қатысты оның міндеті бар екенін түсінуі тиіс. Германияға келер болсақ, мүлдем шектеу мерзімдері бекітілмеген екен, алайда неміс заңнамасына сәйкес заңи күші бар шешімге негізделген талаптар өз күшін 30 жылдан кейін жояды. Сол себептен осы мерзім шетелдік шешімдерге де қатысты қолданылуы керек деп танылған [172, р. 76-77]. Біздің ойымызша, мерзімді шектемейтін бұл ұстаным кері әсерін тигізуі мүмкін, себебі егер мерзім шектелмесе және анықталмаса, борышкер

үшін құқықтық айқынсыздық жағдайы орын алады, ал өндіріп алушыға шексіз мүмкіндік берудің өзі оны борышкерден анағұрлым жоғары етіп, өзінің құқықтарын қалпына келтіруге мүдделі болу керектігін ескермейді. Нақты шектелген өндіріп алудың мерзімі өндіріп алушыға уақтылы атқарушылық іс жүргізуді бастауды ынталандыратын ереже деп санаймыз және оған өз құқықтарын асыра пайдалануға, борышкерді ұзақтығы белгісіз мерзім ішінде кез келген кезде қудалауға жол бермейді. Сонымен қатар, жылдар бойы орындалмай жатқан шешімдер де атқарушылық іс жүргізу тиімділігінің теріс көрсеткіші болып табылады. Осылайша, біздің пікірімізше, бұл негіз халықаралық азаматтық айналымға тұрақтылық беріп, құқықтық айқындылықты және екі тараптың да құқықтарын теңдей қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл негіз әмбебап әрі дүниежүзі бойынша қолданылатын болғандықтан, шектеу мерзімнің өзі де бірыңғайландырылған болуы керек деп есептейміз. ҚР заңнамасында бекітілген үшжылдық мерзім тым аз болып келеді, себебі бұл мерзім шетелдік өндіріп алушыға ғана емес, Қазақстандық өндіріп алушының өзіне де құқықтарын тиісті түрде қалпына келтіруге жеткіліксіз. Сонымен қатар, еш шектеусіз әрі кез келген уақытта атқарушылық іс жүргізуді қозғай берген де тиімсіз, себебі жоғарыда айтылғандай, өндіріп алушы құқықтарын қалпына келтіруге мүдделі болуы керек. Негізгі юрисдикциялардың заңнамаларына талдау жүргізу нәтижесінде бұл мерзім орташа көрсеткішке теңестіріліп, он жылды құрауы керек деп санаймыз. Бұл мерзім шын мәнінде екі тарапқа да құқықтары мен міндеттеріне қатысты құқықтық айқындылықты және болжамдылықты қамтамасыз етеді деп тұжырымдауға болады.

Үшінші негіз – атқару құжатында орындау үшін маңызды мәліметтердің болмауы. Мәселен, атқару парағында шетелдік шешімнің қарар бөлігі толығымен көрсетілуі керек. Алайда орындауға ұсынылған атқару парағында тараптар, орындау орны, өндіріп алуға жататын сома немесе мүлікке қатысты ақпарат нақты белгіленбеген. Оның ішінде, борышкердің орналасқан жері туралы тиісті ақпарат болмаса, оған хабарлама жіберу мүмкіндігінің жоқтығынан орындаудың қиын болуы; өндіріп алынуға жататын сома белгісіз болса, борышкер үшін шектен тыс асыра орындау немесе өндіріп алушыға тиесілі сома толығымен өндірілмеу қаупі туындауы мүмкін. Бұл жағдайда кімді не істеуге мәжбүрлеу керектігі, сондай-ақ, қайда және қалай өндіріп алу керектігі туралы ақпарат алмасақ, орындау бойынша іс-әрекеттер қалай жасалмақ? – деген сұрақ туындайды. Яғни сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыру үшін қажет мәліметтің барлығын анық білуі керек. Мысалы, Нью-Йорк штатының Civil Practice Law & Rules нормативтік актісінде өндіріп алушы атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтініш берген сәтте берешек сомасын, борышкердің атын немесе аталуын және соңғы белгілі болған мекен-жайын көрсетуі тиіс [182]. Бұндай мәліметтер көрсетілмеген жағдайда атқару құжаты өндіріп алушының қолында болса да, мәжбүрлеп орындату үшін оның практикалық пайдасы болмайды, себебі нақтылық жоқ. Ал керекті мәліметтердің нақты көрсетілуі мәжбүрлеп орындату мүмкіндігінің

шарты болып табылады, сондай-ақ, сот орындаушысын еш мәні жоқ іс-әрекеттерді жасаудан қорғайды. Осылайша, бұл негіз орындалуға жатқызудың өлшемшарттарын анықтайды. Сот орындаушысына тараптарды сәйкестендіруге, орындаудың объектісі мен көлемін анықтауға, керекті іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік берілуі тиіс. Осы ұсынылған негіздің енгізілуі атқарушылық іс жүргізуге нақтылық сипатын береді және рәсімдердің бақылауда болуын қамтамасыз етеді.

Төртінші негіз – шешімнің негізінде берілген атқару құжатының бұрын орындалуы. Мәселен, А мемлекетінің өндіріп алушысы өз пайдасына шығарылған шешімді алып, борышкер оны өз еркімен орындады. Оны растайтын құжаттар борышкердің қолында. Алайда, бір жылдың ішінде өндіріп алушының басшылығы ауысып, борышкердің мүлкі орналасқан басқа территорияда атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтініш беріледі. Нәтижесінде ол елде борышкердің шоттарына тыйым салынады. Осы жағдайда борышкер қолында бар дәлелдерді негізге алып, атқарушылық іс жүргізуді тоқтату туралы өтініш бере алады, себебі оның міндеті орындалып, берешегі жабылған. Олай болса, орындалып қойған міндеттеме бойынша мәжбүрлейтін іс-шараларды қолдану артық, қисынсыз және экономикалық тұрғыдан орынсыз болып табылады. Осылайша, бұл негіздің болуы борышкерді еселеп орындаудан қорғайды. Атқарушылық іс жүргізу тек орындалмаған міндеттемелер бойынша орын алуы тиіс және ол материалдық талаптың жүзеге асырылу сатысы, оның мақсаты – шығарылған шешіммен расталған өндіріп алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру. Олай болса, борышкер тарапынан шешімнің қарар бөлігін толығымен немесе ішінара орындау оны міндетінен және оған қатысты мәжбүрлеп орындату шараларын қолданудан толығымен немесе ішінара орындалған көлемде босатады. Мысалы, Ұлыбританияның Foreign Judgments (Reciprocal Enforcement) Act 1933 жылғы заңының 2(1)-бабында бекітілгендей, егер шешім толығымен орындалса, оны орындау үшін тіркелмейді [174]. Ал Нью-Йорк штаты заңының 54-бабының 5402-секциясына сәйкес, өндіріп алушы шешімді орындату туралы өтінішімен бірге шешім толық немесе ішінара орындалмағаны, орындалмаған берешек көлемін көрсете отырып, аффидевит жазып береді [182], яғни міндеттеме орындалмағанын растау керек. Солайша, талап тиісті түрде орындаумен аяқталып қойса, одан кейінгі мәжбүрлеп орындату өзінің құқықтық мақсатын жоғалтып, бұл жағдайда қозғалған жаңа атқарушылық іс жүргізу өндіріп алушы тарапынан негізсіз баюға айналып, адал ниеттілік принципінің бұзылуына және құқықты асыра пайдалануға әкеп соғады. Осы жағдайда егер өндіріп алушы жаңа атқарушылық іс жүргізуді қозғауға ниеттенсе, бұл негіздің бар екенін дәлелдеу борышкерге жүктеледі, себебі осы жағдайды дәлелдеу оның мүддесімен байланысты. Ұсынылып отырған негіз енгізілсе, ол арқылы тиісті берешек көлемінде ғана өндіріп алуды және мөлшерлес принципінің орындалуын қамтамасыз етеді. Сондай ақ, жалпы атқарушылық іс жүргізу жүйесінің жүктемесін азайтады.

Бесінші негіз – атқару құжатын орындауға уәкілеттігі жоқ тұлғаның ұсынуы (оның ішінде, егер өндіріп алушы өкілінің уәкілеттілігі жоқ болса немесе өндіріп алушы атқару парағында көрсетілген тарап болмаса). Мәселен, заңды тұлғаның пайдасына шығарылған шешімнің көшірмесі мен тиісті құжаттар осы заңды тұлғаның бұрынғы қызметкерінің қолына түсіп, ол өзінің реквизиттерін көрсете отырып, жұмыс істеп жүрген кездегі сенімхатты қоса беріп, атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтінішпен сот орындаушысына жүгінеді делік. Осы жағдайда сот орындаушысы субъектілік құрам мен тиісті түрде рәсімделген құжаттарға назар аудармай, өндіріп алуды жүзеге асырса, барлық өндіріп алуға жататын соманың уәкілеттігі жоқ тұлғаға кету қаупі туындайды. Сол себептен, үшінші тұлғалардың өз құқықтарын асыра пайдалану немесе алаяқтық мақсатпен осы тәріздес іс-әрекеттерін болдырмау үшін аталған негіз ұсынылып отыр. Атқарушылық іс жүргізу өндіріп алушының мүддесін және бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді көздейді. Демек, атқарушылық іс жүргізудің бастаушысы – өндіріп алушының өзі, ал орындауды талап ету құқығы үшінші тұлғаға емес, өндіріп алушыға тиесілі. Уәкілеттігі жоқ тұлға тарапынан атқару құжатын ұсынуға процестік тұрғыдан жол берілмеу керек, себебі бұл жағдайда мәжбүрлеу шараларына жүгінетін тиісті субъект жоқ болады. Осыған ұқсас негіздер бірқатар елдерде бекітілген. Мысалы, Ресей Федерациясында Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 31-бабының 1-тармағының 1)-тармақашына сәйкес, «егер атқару парағы өндіріп алушының өтінішінсіз ұсынылса немесе өтінішке өндіріп алушының не оның өкілінің қолы қойылмаса, сот пристав-орындаушы атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тартады» [183]. Ұлыбританияның Foreign Judgments (Reciprocal Enforcement) Act 1933 жылғы заңында өндіріп алуды талап етуге құқығы бар тұлға ретінде «a person, being a judgment creditor», яғни шешімде кредитор болып табылатын тұлға [174], ал Эстонияның Атқарушылық іс жүргізу кодексінде (Code of Enforcement Procedure) «party seeking enforcement» [184], яғни орындауды қалайтын тарап көрсетілген. Яғни, әртүрлі юрисдикцияларда субъектілік құрамға көңіл бөлінеді. Бұл ретте сот орындаушысы өтініш беруші шешімде көрсетілген кредитор болып (немесе оның атынан әрекет ететін өкілі) табылатындығын, өтінішке өндіріп алушының немесе оның өкілінің қолы қойылғандығын, тиісті нысанда берілген уәкілеттікті растайтын құжаттың қоса берілуін тексеруі керек. Ұсынылған негіздің маңыздылығы борышкерді өндіріп алушы болып табылмайтын үшінші тұлғалардың іс-әрекеттерінен қорғау және атқарушылық іс жүргізуді тек өндіріп алушының бастамасымен қозғау арқылы мәжбүрлеп орындатуды заңдастыруда. Бұл атқару құжаттарын шын мәнінде өндіріп алушы болып табылмайтын тұлғалар тарапынан берілу мен шешімдердің заңды мүддесі жоқ тұлғалардың пайдасына орындалу қаупінен сақтап, өндіріп алушы мен борышкерді үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен қорғайды.

Алтыншы негіз – атқару құжатының орындалатын жері бойынша берілмеуі (яғни аумақтық құзыреттілік бұзылса). Мәселен, А мемлекетінің соты шешім шығарды. Өндіріп алушы борышкердің орналасқан жері Б мемлекетінің

аумағы деп ойлады. Сәйкесінше, атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтінішпен Б елінің сот орындаушысына жүгінеді. Ал оған дейін борышкер орналасқан жері мен активтерін ауыстырған болып шығады. Осылайша Б мемлекетінің сот орындаушысы берілген өтініш бойынша тексеру шараларын қолданып, борышкердің орны ауысқанын білгенше біраз уақыт өтіп кетеді. Ол уақыт ішінде міндеттемесін орындаудан жалтарған борышкер уақытты ұтып, шешімнің орындалу мүмкіндігін төмендету үшін әрекет жасауы ықтимал. Бұл негіздің мәні – борышкердің өзіне немесе активтеріне қатысы бар орындау органы ғана мәжбүрлеп орындату шараларының заңдылығына жауап бере алады және тараптардың құқықтарын қамтамасыз ете алады, яғни мәжбүрлеп орындатуды жүзеге асыратын орган немесе тұлғаның тек нақты аумақта атқарушылық іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі болады. Осы аумақтан тыс тұратын немесе орналасқан борышкерге не оның активтеріне қатысты сот орындаушысының құзыреті жоқ. Бұл жағдайда орындау органы немесе тұлға атқару құжатын қабылдаса да, заңда белгіленген құзыретіне сәйкес оны орындауға мүмкіндігі болмайды. Бұл негіз осы бөлімшеде әрі қарай қарастырылатын тығыз байланыс принципіне сәйкес келеді. Атқарушылық іс жүргізуді тиісті емес жерде (яғни орындаумен байланысы жоқ аумақта) жүзеге асыру, біріншіден, мүмкін емес (себебі борышкердің активтері немесе өзімен байланыс үзіледі), екіншіден, тиімсіз (себебі ақылға қонымды мерзімдер мен шаралардың орындалуына кедергі келтіреді). Бұл негіздің маңыздылығы трансшекаралық қатынастар аясында нақты аумақты анықтауға көмектесетіндігінде, осыған байланысты құқықтық айқындылықты қамтамасыз етуінде. Аумақтық байланыс бірқатар елдің заңнамасында қарастырылған. Мысалы, ҚР АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 38-бабының 1-тармағының 2)-тармақшасында [91] атқарушылық құжат атқарушылық әрекеттердің жасалған жері бойынша берілмесе, сот орындаушысы өзіне атқарушылық құжат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады делінген. Ресей Федерациясының Атқарушылық іс жүргізу туралы заңының 31-бабының 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес те, егер атқару құжаты орындау іс-әрекеттерін жасау жері бойынша берілмесе орындаудан бас тартылады [183]. Ұсынылып отырған осы негіз, бір жағынан, аумақтық құзыреттілікті сақтап, екінші жағынан, сот орындаушысы үшін борышкер мен оның активтеріне қатысты шынайы қолжетімділігін қамтамасыз етіп, атқарушылық іс жүргізудің тиімділігіне жол ашылады.

Жетінші негіз – борышкердің мәжбүрлеп орындатудан иммунитетінің болуы. Иммунитет мәселелері, оның ішінде, мемлекеттердің юрисдикциялық иммунитеті Н.А. Чурилинаның ғылыми еңбегінде [20], соттық иммунитеттің кейбір сұрақтары М.К. Сулейменовтің еңбектерінде [65; 185] толыққанды қарастырылған, сонымен қатар, БҰҰ-ның 2004 жылғы Мемлекеттердің және олардың мүлкінің иммунитеттері туралы конвенциясы бар [186] (ол әлі күшіне енген жоқ, алайда ҚР оны ратификациялағандықтан [187], ҚР АПК-нің мазмұнына конвенцияның ережелері енгізіліп қойылған). Басқа елдерде де

иммунитет мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді, мысалы, Англияның State Immunity Act 1978 (SIA) [188] заңына сәйкес, егер мемлекет бас тартпаса, оның иммунитеті бар деп есептеледі, сондай ақ, АҚШ-тың Foreign Sovereign Immunities Act (FSIA) [189] сәйкес заңда қарастырылған шектеулерді ескермеген жағдайларда мемлекеттің иммунитеті бар деп есептеледі. ҚР АПК-нің 4-бөлімінде шетел мемлекетінің иммунитеті туралы айтылып, егер мемлекет кәсіпкерлікпен байланысты даулардың тарапы болмаса, немесе одан бас тартпаса, иммунитеті бар деп саналады делінген. Біз иммунитеттің ұғымын және оның орнатылуы мен қолданылуының жалпықұқықтық мәселелерін қарастырмаймыз, себебі ол бұл жұмыстың зерттеу пәніне кірмейді. Бұл ұғымның біз тек ұсынылып отырған орындаудан бас тарту негізіне қатысы бар тұстарын ғана айтып кетуді жөн көріп отырмыз. Мәселен, А мемлекетінің соты борышкер болып табылатын Б мемлекетіне қарсы шешім шығарды. Алайда, Б мемлекетінің заңнамасына сәйкес, мемлекетке қатысты шығарылған шешімді орындату үшін мемлекет иммунитетінен бас тартуы керек. Олай болмайынша, өндіріп алушы өз пайдасына шығарылған шешімді Б мемлекетінің аумағында орындата алмайды немесе басқа елдің аумағында Б мемлекетінің активтерін іздестіруі қажет, немесе Б мемлекеті тарапынан иммунитеттен бас тартуын талап етуі керек. Бұл негізді қолдану үшін ең алдымен субъект пен оның мүлкі саралануы керек. Егер ол иммунитеті бар ерекше мәртебелі субъект немесе осындай мәртебеге ие субъектінің мүлкі болса, шешімнің орындалуы екіталай. Біз осы диссертациялық жұмыста өндіріп алушының мүддесін негізге алсақ та, иммунитеті бар субъектілерді ескермесек болмайды, себебі ондай субъектілердің дүниежүзі бойынша болуы – факт. Олай болса, осы фактіні ескермей бұл негізді ұсынбасақ, зерттеуіміздің нәтижесі шынайылыққа жанаспайтын еді. Сол себептен біз осындай мәртебесі бар субъектілер бар екенін мойындап, осы негізді ұсынып отырмыз. Бұл негіз, бір жағынан, халықаралық сыпайылыққа, егемендікті құрметтеуге және басқа да халықаралық жария құқыққа тән принциптерге негізделеді, себебі расымен де мемлекет, дипломатиялық өкілдер немесе халықаралық ұйымдардың ерекше мәртебесі бар деп танылады. Екінші жағынан, бұл негіз біздің тарапымыздан орындаудан жалтаруды құптаймыз дегенді білдірмейді, тек кез келген мемлекет немесе басқа да иммунитеті бар субъектілермен жасалған трансшекаралық қатынастарда екінші тараптың мәміленің барлық аспектілеріне, оның ішінде болашақтағы міндеттемені орындамау жағдайындағы өндіріп алу мүмкіндігіне алдын-ала көңіл бөлуін қамтамасыз еткен жөн деп есептейміз. Осылайша, алдын-ала қабылданған әрекет болашақтағы орындату бойынша проблемалардан құтқаруы әбден мүмкін.

Сегізінші негіз – сол атқару құжатымен қатар атқарушылық істің жүргізіліп жатуы. Мәселен, төрелік өндіріп алушының мүддесіне борышкерден 7 млн АҚШ долларын өндіріп алу туралы шешім шығарды. Борышкердің активтері А мемлекетінде (мысалы 7 млн АҚШ доллары) және Б мемлекетінде (7 млн АҚШ доллары) орналасқан. Өндіріп алушы екі мемлекетте де атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтініш береді. Екі елдің сот

орындаушысы екінші елде өндіріп алу шаралары жүргізіліп жатқандығы туралы бейхабар болып, қатар екі шотқа да тыйым салып тастайды. Нәтижесінде 7 млн АҚШ доллары көлемінде берешегі бар борышкерден 14 млн. АҚШ доллары өндіріліп алынуының қаупі бар. Бұл жағдайда, ең алдымен осы бөлімшеде әрі қарай қарастырылатын мемлекеттердің өзара әрекеттесуі мен ынтымақтастық принципі көмегін тигізер еді, сонымен қатар, егер әрекеттесу негізінде екінші елде берілген атқару парағы бойынша сот орындаушысы хабардар болып, орындауды тоқтата тұрса, борышкердің құқығы бұзылмас еді. Бұл негіздің енгізілуі қосарласқан атқарушылық іс жүргізудің орын алуына жол бермейді. Яғни борышкерден бір шешім шеңберінде тек бір рет орындатуды жүзеге асыруға болады, себебі жалпы ережеге сәйкес, бір бұзушылыққа бір жауапкершілік шарасы қолданылады. Басқа юрисдикциялардың заңнамасына жүргізілген талдау нәтижесінде дәл осындай негіздің жоқтығына көз жеткіздік. Сонымен қатар, ұсынылып отырған негізге мазмұны жақын ережелер РФ Атқарушылық іс жүргізу заңының 31-бабының 1-тармағының 5)-тармақшасында [183] және АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 38-бабының 1-тармағының 5)-тармақшасында бекітілген [91]. Осылайша, егер бір шешім шеңберінде осы субъектілер арасында дәл осы негіз бойынша атқарушылық іс жүргізу қозғалған болса, екінші елдің сот орындаушысы қосымша атқарушылық іс жүргізуді қозғамауы керек. Олай болмаған жағдайда борышкер атқарушылық іс әрекеттердің көптігіне тап болуы мүмкін, бұл, өз кезегінде, мөлшерлес орындату принципін бұзады. Ұсынылып отырған осы негіз еселенген өндіріп алудан қорғап, тараптардың өз құқықтарын асыра пайдалануына жол бермей, мәжбүрлеп орындатудың мөлшерлес шараларды қолдану ережесіне сәйкес келеді.

Тоғызыншы негіз – объективті себептерге байланысты (олар жойылғанша) атқару құжатын орындаудың мүмкін болмауы. Мәселен, егер борышкер орындау уақытында соғысқа қатысушы болса немесе оған қатысты санкция қабылданса, не оның мүлкі осы шешіммен байланысы жоқ басқа іс бойынша тыйым салынған болса, борышкерге қатысты мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану қиын болады. Атқарушылық іс жүргізуді формальды қозғау бірде бір атқарушылық іс-әрекетті жасауға мүмкіндік бермес еді. Аталған объективті жағдайларда тараптардың еркінен тыс себептермен тиісті құқықтық нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес болғандықтан, атқарушылық іс жүргізу өзінің рационалды және құқықтық негіздерін жоғалтады. Бұл тұрғыдан алғанда да, ұсынылып отырған негіз борышкердің міндеттерін орындаудан жалтаруын құптамайды, тек уақытша объективті түрде туындаған жағдайлардың орын алуына байланысты орындау мерзімін әрі қарай жылжытуды және жағдайлар жойылғаннан кейін өндіріп алушының қайта атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы өтінішімен жүгінуге құқығы бар екенін білдіреді. Мысалы, Германияның *Insolvenzordnung* (Дәрменсіздік туралы) кодексіне сәйкес банкроттық рәсім жүріп жатқан кезде мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға болмайды [190] деген ереже бекітілген. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде Украинадағы жағдайға байланысты соғыс кезіндегі мәжбүрлеп

орындату шараларын қолдану мәселелері қарастырылып, бұндай жағдайда атқарушылық іс жүргізу кейінге қалдырылуы керектігі туралы айтылған [191]. Ұсынылған негіз әртүрлі себептермен өмірде орын алатын тұлғалардың еркінен тыс туындауы мүмкін жағдайлардағы өндіріп алушының құқықтарын сақтап қалып, осы жағдайлар жойылған кезде атқарушылық іс жүргізу арқылы оның құқықтарын қалпына келтіруді көздейді.

Осындай әмбебап сипатқа ие негіздер дүниежүзілік деңгейде қолданылса, бірізділік пен құқықтық айқындылыққа қол жеткізуге болады.

Егер шетелдік шешімге қатысты аталған негіздердің ешқайсысы қолданылмайтын болса, әрі қарай атқарушылық іс жүргізу қозғалып, ол шешім орындауға жіберіледі. Осы тұрғыдан, шетелдік шешімдерді орындау шеңберінде атқарушылық іс жүргізудің принциптерін қарастырайық. Жалпы алғанда, бұл принциптерді ұлттық (ішкі сот шешімдерін орындау кезінде қолданылатын) және халықаралық (шетелдік сот шешімдерін орындау кезінде қолданылатын) деп екі топқа бөлуге болады [19, с. 12-36]. Мысалы, АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 3-бабында атқарушылық іс жүргізудің принциптері бекітілген [91].

Ол принциптерді сот орындаушылары Қазақстан Республикасының аумағында атқарушылық іс жүргізу шеңберінде сақтауы тиіс, себебі шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін Қазақстан Республикасының аумағында орындау біздің ұлттық заңнамамызға сәйкес жүзеге асырылады.

Алайда, біз зерттеп отырған тақырып шетелдік шешімдердің орындалуына қатысты болғандықтан, бұдан әрі орындаудың халықаралық принциптеріне тоқталамыз. Принциптер – ерекше әлеуметтік реттеуші ретіндегі құқықтың мәнін білдіретін негізгі бастамалар, ережелер мен идеялар. Олар құқықтың заңдылықтарын, оның табиғаты мен әлеуметтік маңыздылығын айқындайды және мінез-құлықтың жалпы ережелері болып табылады. Принциптер құқықтық реттеудің бағытын көрсетіп, оның негізгі құндылықтарын білдіреді [89, с. 123]. Біздің пайымдауымызша, принцип – іргелі бастама болғандықтан (шетелдік сот және төрелік шешімдерді орындауға қатысты), ол тұрақты, айқын әрі нақты сипатқа ие болуы тиіс. Осы тұрғыдан, Club Resorts Ltd. v. Van Breda сот ісінде Канада Жоғарғы Сотының «бұл мәселенің шешімі «әділеттілік», «тиімділік» сияқты абстракттілі тұжырымдамаларға емес, объективті өлшемшарттарға негізделуі тиіс» деген пікіріне қосыламыз [23, с. 94], себебі бұл болжамдылықты қамтамасыз етеді. Демек, принциптер нақты ережені білдіруі тиіс.

Қазіргі таңдағы доктринада басқа авторлардың тарапынан ұсынылатын халықаралық атқарушылық іс жүргізу принциптеріне шолу жасайық.

К. Малюшин Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияны талдай отырып, уақытылық принципін (ақылға қонымды мерзімде өндіріп алу құқығы) және мәжбүрлеп орындау рәсімін тиімді жүзеге асыру принципін атап өтеді [19, с. 102]. Қазақстан бұл Конвенцияға қатысушы болып табылмайды, ал осы конвенцияның 6-бабында әділ сот талқылауы мен әділ атқарушылық іс жүргізудің кепілдіктері ретінде көрініс тапқан халықаралық принциптер біздің

ойымызша декларативті сипатқа ие. К. Малюшин Еуропа Кеңесі Министрлер комитетінің мүше мемлекеттерге мәжбүрлеп орындау туралы №17 ұсынысын талдай отырып, құқық үстемдігі, борышкердің мүлкітік иммунитеті, адалдық, пропорционалдылық, тиімділік және борышкердің мүлкіне қатысты ақпарат жинау жылдамдығы, сондай-ақ тараптар үшін атқарушылық іс жүргізудің ашықтығы принципін атап көрсетеді [19, с. 107-121]. Алайда, біздің ойымызша, бұл принциптер әрқырлы түсіндіріледі, бағалау сипатын қамтиды және шетелдік шешімдерді орындаудың нақты негізі ретінде қолданылуы қиын. Еуропалық Одақ құқығын мысал ретінде қарастыра отырып, К. Малюшин сот шешімінің еркін қозғалысы принципін бар екенін атап көрсетеді [19, с. 169-171]. Ол сот шешімінің орындалу орнын еркін ауыстыру принципін негізге ала отырып, шетелдік сот шешімін басқа уағдаласушы мемлекет тарапынан шешімді тану және орындау рәсімін қосымша жүргізбей, автоматты түрде тану және орындау қажет деп есептейді. Егер мұндай рәсім қажет болса, ол елеулі кедергі туғызбайды: рәсім жылдамдатылған және жеңілдетілген тәртіппен жүргізілуі тиіс [19, с. 171]. Біздің ойымызша, еркін қозғалыс принципін басқа тәсілмен және басқа екпінмен ескеру қажет. Біз шешімдердің еркін қозғалысы принципін біршама басқа реңкпен назарға алу қажет және шешімдердің бүкіл әлемде еркін айналымы ретінде түсіндірілуі тиіс деп санаймыз, бұл кез келген жерде орындалу мүмкіндігін қамтамасыз ететінін білдіреді.

Келесі кеңінен талқыланатын принцип – өзара түсіністік принципі. М.М. Богуславскийдің пікірінше, өзара түсіністік принципі бірінші кезекте шет мемлекеттің жеке және заңды тұлғаларына осы мемлекеттің азаматтарына берілген құқықтар мен өкілеттіктердің бірдей мөлшерін беруді білдіреді [36]. Г. Комарова атап өткендей, «шетелдік сот шешімдерінің орындалуы халықаралық сыпайылық пен халықаралық өзара түсіністік принциптері негізінде халықаралық шарт болмаған кезде жүргізілуі мүмкін» [192]. Өзара түсіністік ережесін қолдана отыры, мемлекет басқа елдің ұқсас іс-әрекеттеріне жауап ретінде шетелдің құқығын қолдануы немесе белгілі бір құқықтар көлемін белгілеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында өзара түсіністік принципін іске асырылуы ҚР Конституциясының 8-бабынан басталады [1]. ҚР АПК-да өзара түсіністік принципін қолданылуы 497-бабында нақты көрсетілген [92]. Сондай-ақ ҚР АПК-нің 501-бабымен ҚР соттарына өзара түсіністік негізінде шешімді тану және орындау мүмкіндігі беріледі [92]. Осылайша, өзара түсіністік принципі ратификацияланған халықаралық келісімдер болмаған жағдайда қолданылуы керек. Бұл ұстаным сот практикасында да қалыптасқан [75].

В. Барциц Еуропалық адам құқықтары сотының тәжірибесін талдай отырып, Ресейдің жалпы юрисдикциялық соттары екіжақты шарттың бар-жоғына қарамастан, өзара түсіністік принципін өздері үшін міндетті деп есептейтінін атап өтті [25, с. 90]. Алайда Ресей Федерациясының кейбір соттарында халықаралық келісім болмаған жағдайда да, соттар өзара түсіністік принципі негізінде шетелдік шешімдерді таниды деген басқа тәсіл

қолданылатыны байқалады [193]. В.И. Барциц Британдық құқық доктринасының келесідей ұстанымдары бар екенін келтіреді: «шетелдік соттардың шешімдерін тану және орындау өзара түсіністік принципінің жалғасы болып табылмайды. Ол Ұлыбритания аумағында шетелдік сот шешімін орындау жауапкердің талап қоюшы алдындағы борышының презумпциясын сақтау болып табылады. Бұл тәсіл 1870 жылы Лордтар палатасында қалыптасқан және шетелдік сот шешімі емес, оны туындататын міндеттеме орындалатыны түсінігінен шығады. Ағылшын құқықтық әдебиетінде Англияға қатысты «шетелдік сот шешімдерін орындау» ұғымы сынға алынады. Ағылшын құқықтық жүйесі іс жүзінде шетелдік сот шешімін танымайды және оны ел аумағында орындауды тапсыру арқылы жүзеге асырмайды; шетелдік сот шешімі негізінде жауапкердің өз құқықтары мен мүдделерін іске асыруда құқықтық көмек қажеттілігіне байланысты өз шешімін қабылдайды және сол шешім орындалады» [25, с. 96].

Тұтастай алғанда, өзара түсіністік принципінің нақты мазмұнының анықталмағандығы және оны дәлелдеу қиындықтарына байланысты проблемалық сипатын атап өткен жөн, өйткені заңнама бұл үшін нақты критерийлерді белгілеген жоқ. Өзара түсіністіктің салыстырмалы толық мазмұны ҚР АҚ-нің 1089-бабында көрсетілген. Алайда бұл норма тек өзара түсіністік негізінде шетелдік құқықты қолдануға қатысты, ал бұл шетелдік шешімді тану және орындау процедурасынан елеулі түрде ерекшеленеді. И.В. Гетьман-Павлова айтқандай, «өзара түсіністік принципі голландиялық заңгер У. Губер шығарған халықаралық сыпайылық (international comity) принципімен бірге немесе оның орнына жиі қолданылады» [37]. В. Губердің тұжырымдамасына сүйенсек, халықаралық сыпайылық ешқандай нормативтік бекітуді қажет етпейді, ол құқықтан бастау алады және өздігінен өмір сүреді. С.В. Николукин бұл принципті «халықаралық қарым-қатынасқа қатысатын мемлекеттердің мінез-құлқының белгілі бір ережелерінің жиынтығы» ретінде түсінуді ұсынады. Ол өзара түсіністік негізінде немесе белгілі бір мемлекеттің қалауы бойынша қолданылады, яғни заңды түрде міндетті емес» [194]. XX ғасырдың басындағы ағылшын сот практикасы халықаралық сыпайылық шетелдік құқықты құрметтеуді талап етеді деген қорытындыға келді [195]. *Morguard Investments v. De Savoye* ісі бойынша Канада соты атап өткендей, халықаралық сыпайылық принципі ұлттық және халықаралық деңгейде қолданылуы керек [196]. Америка сотының 1895 жылғы *Hilton v. Guyot* ісі бойынша шешімінде сыпайылық бір ұлт екінші ұлттың заңды актілерін тануды ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің өз азаматтарының, сондай-ақ осы мемлекет құқықтық қорғауды қамтамасыз ететін басқа тұлғалардың құқықтарын қорғау құралы екенін атап өтті [140].

Өзінің барлық тартымдылығына қарамастан, халықаралық сыпайылық принципі ағылшын-американдық және континенталдық құқықтық доктриналардың өкілдері атап көрсететін маңызды кемшіліктерден ада емес. И.В. Гетьман-Павлова атап өткендей, сыпайылық принципі ол пайда келтіргенде ғана қолданады [37, с. 180]. Халықаралық сыпайылықты

қолданудың мұндай артықшылықтарының критерийлері жоқ немесе анық емес болып табылады және көбінесе нақты судьяның қалауына тәуелді болады [22]. А.В. Асосков континенталдық доктринада ХІХ ғасырдың аяғында халықаралық сыпайылық теориясы дәрменсіз деп танылғанын және оны халықаралық жеке құқық жүйесінің негізі ретінде қарастыруға болмайтынын атап өтті [197]. Біздің ойымызша, халықаралық сыпайылық принципін қолданған кезде сот басқа аумақтың егеменді билігінен шыққан сот шешімдерін құрметтеуі тиіс әрі бұл жағдайда өзара түсіністікке қарағанда нақтылық пен болжамдылық қамтамасыз етіледі..

Шетелдік шешімдерді тану және орындау процедурасының келесі негізгі принципі – *res judicata*. «*Res judicata*» латын тілінен аударғанда «шешілген іс» дегенді білдіреді. И.А. Покровский түсіндіргендей, қорытынды сот актісі шығарылғанда іс жүргізу аяқталады және заңды күшіне енгеннен кейін дауласқан тараптар үшін міндетті болып табылып, қайта қаралуға жатпайтынын білдіреді [198].

Бұл принциптің мәні – бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін сотқа жүгінген тұлғаның белгілі бір материалдық игіліктерге құқығы бар екенін мойындауда. Заңды күшіне енген сот актісі болса, ол құқықтарды растайды әрі келесі жолы осы фактілердің бар екенін де дәлелдейді.

Г.А. Вишневскийдің пікірінше, «*res judicata* принципі біріншіден, заңды күшіне енген сот актісін қарапайым негіздер бойынша қайта қарауға тыйым салуды, оны тек істің нәтижесіне әсер еткен елеулі сот қателіктері болған жағдайда ғана, қатаң белгіленген мерзімде және рәсімдерде қайта қарау қажеттілігін, екіншіден, бір рет шешілген істі соттың қайта қарауына жол бермеуді, сондай-ақ субъектілердің түпкілікті сот актісінде қанағаттандырылған талаптарды қайта ұсынуына мүмкіндік бермеуді және үшіншіден, субъектілердің заңды күшіне енген сот актісін орындау міндеттілігін қамтиды» [199].

Қалайша *res judicata* принципі шетелдік шешімдерді тану және орындау процедурасымен тікелей өзара әрекеттеседі? НҰК-ның 3-бабында конвенцияға қатысушы барлық елдерге шығарылған төрелік шешімдерді тану бойынша міндеттеме белгіленген [98], ал Мәскеу келісімінің 3-бабында бір қатысушы елдің төрелігі шығарған шешімдер Келісімге қатысушы басқа елдің аумағында сөзсіз орындалуы тиіс деп көрсетілген [96]. Осылайша, *res judicata* принципіне сәйкес, шетелдік төрелік шешімі заңды күшіне енгеннен кейін шағымдануға жатпайды және істің мәні бойынша қайта қаралуы мүмкін емес. Сонымен қатар, бұл принцип кеңінен таралған және қабылданған болса да, шешімнің түпкіліктілігі әртүрлі объективтік және субъективтік факторларға тәуелді болады. Ол жағдай, өз кезегінде, шешімдердің тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды.

Жоғарыда жүргізілген зерттеу нәтижесінде біз аталған принциптердің кемшіліктері бар екенін ескеріп, халықаралық атқарушылық іс жүргізу принциптерінің жаңа кешенін қарастыру керек деп санаймыз. Бұл принциптер, біздің ойымызша, бағалануға жатпайтындықтан, болжамдылық пен

айқындылыққа негіз болады. Ұсынып отырған принциптер әмбебаптыққа негізделсе, дүниежүзі бойынша шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындату процедурасы жеңілдейтін еді және азаматтық айналым шеңберінде өндіріп алушылардың құқықтарын қалпына келтірілуге кепіл болар еді. Төменде келтірілген принциптер кешені бір-бірімен байланысты негіздердің логикалық тізбегі ретінде құрылған:

1. Халықаралық сыпайылық – жұмыстың 2.2-бөлімшесінде айтылғандай, дәлелденуге жататын аморфты өзара түсіністік принципін алмастыруы тиіс. Өзара түсіністік ережесінің кемшілігі – оның негативті (симметриялық) жауап беру түріндегі алдын-ала шектеу қоюында, дәлелдемелік сипатында және саяси жағдайларға тәуелділігінде. Сыпайылық дегеніміз – мемлекеттер арасындағы бір-біріне ашықтық және басқа елдерде шығарылған актілерге құрметпен қарау мен оларды өз аумағына енгізуге мүмкіндік беру. Бұл принциптің қолданылуы шешім шығарылған елдің территориясынан тыс осы шығарылған шешімнің практикалық нәтижесіне кепіл болады. Сонымен қатар, мемлекеттер арасында келісім-шарт болмаған жағдайда да халықаралық сыпайылық ынтымақтастықты білдіреді. Халықаралық сыпайылық дәлелдеуді талап етпейді, ол презумпция ретіндегі жалпыға бірдей ұстаным болып қабылданған. Өзара түсіністікке қарағанда халықаралық сыпайылық тұрақтылықты орнатып, болжамдылықты қамтамасыз етеді. Демек, жаһандану дәуірінде халықаралық сыпайылық принципі заманауи азаматтық айналымның мәніне сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, бұл принцип бір мемлекет тарапынан басқа мемлекеттің соты не төрелігі шығарған актілерге белгілі бір дәрежеде құрмет көрсетуді білдіреді және елдер арасындағы өзара ықпалдастықты қамтамасыз етеді. Әрине, мұндай құрмет көрсетудің өз шегі бар (атап айтқанда, орындау көзделетін елдің жария тәртібі, императивті нормалары).

Бұл принципті қолдану қазіргі кездегі трансшекаралық экономикалық және құқықтық қатынастардың өсуіне негізделеді. Шетел элементімен күрделенген даулар бойынша шығарылған шешімдер әртүрлі юрисдикцияға тиесілі болуы мүмкін (бір аумақта шығарылып, басқа аумақта орындалуға жатады). Сол себептен шешімнің орындалуы көзделген ел шешім шығарған елге құрметпен қарап, артық процессуалдық формализмді болдырмай, шешімдердің өз аумағына кіруіне рұқсат етіп, субъектілердің құқықтарын қалпына келтіру мақсатында өзара әрекеттесуі тиіс. Сонымен қатар, халықаралық шарт болмаған жағдайда, осы халықаралық сыпайылық принципіне негізделу – құқықтық реттеудегі олқылықтарды толықтыруға мүмкіндік береді.

2. Шешімдердің еркін қозғалуы сыпайылық принципінің жалғасы болып табылады және түпкілікті шешім (әрине, онымен нақты тығыз байланыстағы) кез келген аумақта орындалуға жататынын білдіреді. Бұл принцип құқықтық айқындылықты және болжамдылықты қамтамасыз етеді, себебі шешімнің қарар бөлігінде көрсетілген талап қоюшының (өндіріп алушының) құқықтарын қалпына келтірудің жолдары тиісті аумақта орындалады. Бұл принцип ұлттық құқық жүйелерінің интеграциясын күшейтуге ықпалын тигізеді, себебі ол

енгізілсе, шетелдік шешімдер дүниежүзі бойынша ішкі шешімдер ретінде айналымда болады. Сонымен қатар, тараптар да шығарылған шешімнің басқа елде күші танылатынын біліп отырады. Ол, өз кезегінде, тараптардың адал ниеттілігін күшейтеді. Ал мемлекеттер үшін бұл принциптің ролі сенімділікті нығайтуда.

Бұл принциптің мәні келесіде. Ол әрбір адамның өз құқықтарын дүниежүзі бойынша заңға қайшы келмейтін тәсілдер арқылы еркін қорғауға хақымен байланысты қарастырылады. Бір елдің соты шешім шығарғаннан кейін, ол шешім орындалу үшін кез келген аумаққа жіберілуі мүмкін. Егер бір елде шығарылған шешім, тек шығарылған елдің аумағында ғана орындалуға жатса, ал борышкердің мүлкі басқа елде орналасқан болса, бұндай шешімнің еш мәні болмайды. Сол себептен шешімдердің еркін қозғалуы субъективті құқықтарды қалпына келтірудің шынайлығын білдіреді. Халықаралық сыпайылық принципімен бірге шешімдердің еркін қозғалу принципі халықаралық азаматтық айналымды қамтамасыз етеді, яғни шетелдік шешімдерге құрметпен қарап, кез келген аумаққа олардың орындалу үшін енуіне негіз береді.

Жалпы айтқанда, шетелдік шешімдердің еркін қозғалуы халықаралық деңгейде атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталады. Ол әртүрлі елдердің құқықтық жүйелері арасында құрмет пен бір-біріне деген сенімді нығайтады. Сондай-ақ, шетелдік шешімдердің шынайы орындалуына кепіл болып, кез келген елде шығарылған, заңға қайшы келмейтін, адам құқықтарына қолсұғушылық жасамайтын шешім дүниежүзі бойынша орындалу мүмкіндігіне ие болады. Демек, бұл принцип шетелдік шешімдер үшін «шекара жоқ» деген сөзді білдіреді. Әрине, басқа елден келген шешім орындату аумағының құқықтық жүйесі үшін жат болып табылады. Сол себептен, оны орындамас бұрын мемлекеттің іргелі қағидат-негіздеріне қайшы келмейтіндігіне көз жеткізуіміз керек. Бірақ, қайшы келмейтін жағдайда, кез келген елдің шешіміне басқа елде (еш негізсіз және орынсыз кедергі жасалмай) орындалуға мүмкіндік берілуі керек.

3. Нақты байланыс – алдындағы шетелдік шешімдердің еркін қозғалу принципінің міндетті өлшемшарты мен шекарасы ретінде қарастырылады. Атқару құжатын орындау кез келген аумаққа бағытталуы мүмкін, бірақ шешімнің мән-жайлары мен орындау аумағы арасындағы нақты байланысты ескеру қажет (мысалы, борышкердің мүлкі тығыз байланыс факторы болып табылады, өйткені өндіріп алушының құқықтарын қалпына келтіру үшін шешуші мәнге борышкерден қарызды өндіріп алу мүмкіндігі ие болады, ал бұл тек оның мүлкі орналасқан аумақта ғана орын алуы мүмкін). Осы бөлімшеде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту негіздерін қарастыру барысында аумақтық құзыреттілік мәселесін көтерген болатынбыз. Нақты байланыс принципі сот орындаушысының аумақтық құзыреттілігіне тәуелді, себебі бір елдің сот орындаушысы басқа елдің аумағында мәжбүрлеп орындатуды жүргізе алмайды. Сот орындаушысы тек өз аумағында орын алған атқарушылық іс жүргізуге қатысты жауапкершілікті алып, бақылауды жүзеге асыра алады. Ал

принциптің логикасы мен практикалық маңыздылығы келесіде: егер шетелдік шешім нақты байланысты ескермей, кез келген аумаққа орындау үшін ұсыныла берсе, ол аумақта борышкерге қатысы бар еш актив болмауы мүмкін, борышкердің өзінің де ол аумаққа қатысы болмауы мүмкін. АҚШ соттарының практикасы қазіргі таңда, егер орындау юрисдикциясында борышкердің мүлкі немесе іскерлік белсенділігі болмаса, атқарушылық іс жүргізу негізсіз деген тұжырымға келген [200]. Демек, нақты және объективті байланыстың болмауы атқарушылық іс жүргізудің практикалық мәнін жоққа шығарады, себебі орындау территориясында борышкердің шынайы экономикалық мүддесі болуы керек. Ұсынылып отырған принцип атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын және ақылға қонымдылығын қамтамасыз етеді және оның тиімділігінің өлшемшарты болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, шешімдердің еркін қозғалу принципіне сәйкес шешімдер дүниежүзі бойынша еркін айналымда бола алады. Алайда, шетелдік шешімді орындау нақты мемлекет аумағымен шынайы және объективті байланыста болуы керек. Бұл принцип атқарушылық іс жүргізудің нәтижелі болуын арттырады, себебі шешімді кез келген аумақта орындату мүмкін әрі тиімді бола бермейді. Атқарушылық іс жүргізуді ол үшін ең қолайлы юрисдикцияда жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ондай қолайлы юрисдикция, жоғарыда айтылып кеткендей, борышкердің негізгі активтері орналасқан, сол себептен борышкерден өндіріп алу мүмкіндігі жоғары территориямен байланысты. Нақты байланыс принципі сақталмаса, борышкердің активтеріне еш қатысы жоқ аумаққа шешімді орындату үшін жүгіну ақылға қонымсыз іс-әрекет болып табылады, себебі одан өндіріп алушының мүддесіне сай келетін еш оң нәтиже шықпайды.

Осылайша, нақты байланыс принципі шетелдік шешімді, оны орындату жерімен, өндіріп алушының мүліктің мүддесі мен борышкердің активтері шоғырланған жерін бір-бірімен үйлестіреді.

4. Орындау аумағының аса императивті нормаларын бұзбау – шетелдік сот және төрелік шешімдерді тану және орындау кезінде қоғамдық қатынастардың ең маңызды салаларын қорғауды ескере отырып, орындау аумағының маңызды мүдделерін сақтау негізінде жүзеге асырылуы тиіс, себебі қалай болғанда да әр мемлекет өз аумағын, егемендігін, өз жұрты үшін маңызды мүдделерін қорғауға құқылы. Еркін қозғалуға жататын шешім орындау аумағына барған кезде сол елдегі кез келген құқыққолданушы ең алдымен орындау аумағымен ара-қатынасына және өзара әсеріне көңіл бөледі. Құқыққолданушы өз аумағының мүдделерін қорғау керек. Демек, шетелдік шешімді орындату осы аумақтың императивті нормаларын бұзуы мүмкін деген қауіп төнсе, ондай шешім орындалуға жатпауы тиіс, себебі кез келген елдің ұлттық императивті нормалары басымдыққа ие. Яғни, мемлекеттер арасында халықаралық сыпайылық пен құрмет болуы керек, алайда өзінің міндетті реттеуші нормалары есебінен емес. Ұсынылған принцип атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын органдардың заңға қайшы келетін іс-әрекеттерді жасау қаупін төмендетеді. Сонымен қатар, 2.2-бөлімшеде жүргізілген талдауды

негізге ала отырып, тану барысында жария тәртіпке қайшы келетін жағдайлар қарастырылса, мәжбүрлеп орындату кезеңінде императивті ережелерге басымдылық берілуі керек деген тұжырымға келдік. Бұл тұжырымымыз келесімен түсіндіріледі. Әдетте, жария тәртіп аумақтық сипатқа ие, яғни басқа елдің құқығын қолдану немесе басқа елден келген шешімнің орындалуын қарастырған жағдайда талқыланатын ереже. Жария тәртіп туралы ескертпені сырттан келген жағымсыз әсерден қорғану үшін қолдану керек. Ал аса императивті нормалар аумақтық сипатқа ие, яғни оларды қолдану басқа елдің құқық нормаларының әсеріне байланысты болмайды, тек ұлттық императивті норманың мазмұны маңызды болып саналады.

Шетелдік шешімдер, халықаралық сыпайылық және еркін қозғалыс принципі негізінде нақты аумақта орындалуға жатса да, оны орындату бойынша іс-әрекеттер басқа елдің юрисдикциясымен (оның ішінде, оның құқықтық тәртібімен) байланысты болады. Нақты территорияға орындату үшін енген шетелдік шешімнің жүзеге асырылуының шекарасы да болуы керек, себебі әр мемлекет ең алдымен өзінің ішкі құқықтық негіздерін қорғайды әрі қамтамасыз етеді. Сол себептен, шетелдік шешім оны орындау мемлекетінің императивті нормаларына қайшы келмесе ғана мәжбүрлеп орындалуы мүмкін. Бұндай императивті нормалар әрбір елдің конституциялық, саяси, экономикалық, әлеуметтік негіздерін, адам құқықтарын қорғауға бағытталған.

Атқарушылық іс жүргізу саласы мемлекеттің мәжбүрлеу билігінің бір көрінісі болып табылады. Сол себептен де, бір елдің мәжбүрлеп орындату жүйесі сол елдің тыйым салатын немесе қатаң түрде реттейтін ережелеріне қайшы келмеуі керек. Яғни, бұл принцип нақты мемлекеттің әрі оның субъектілерінің мүдделеріне сәйкес, шетелдік шешімдердің орындалуының шекарасын белгілейді.

Бұл принцип нақты юрисдикциядағы шетелдік шешімдерді сүзгіден өткізгендей функцияны атқарады. Ұлттық императивтік нормаларға қайшы келмейтін шешімдер ғана нақты территорияда орындалуға жатады. Ол әрбір елдің егемендігімен байланысты.

5. Өндіріп алушының құқықтарын қорғау – өндіріп алушының мүдделері басымдыққа ие, өйткені борышкер оның құқықтарын бұзған. Өндіріп алушы өзінің азаматтық құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгінеді, нәтижесінде сот процесі жүргізіліп, өндіріп алушының пайдасына шешім шығарылады. Борышкер шешімді өз еркімен орындағысы келмеген жағдайда мәжбүрлеп атқарушылық іс жүргізу басталады. Мұнда әділеттілік пен тепе-теңдікті қалпына келтірудің қарапайым ережесі қолданылады: егер қарызды төлеуді қаламасаң – басқалардың құқықтарын бұзба; егер бұзған болсаң – өз әрекеттерің үшін жауап бер және міндеттемені орында; өз еркінмен орындамасаң – мәжбүрлеп орындауға дайын бол. Бұл принципті ұсынуымыздың себебі осы жұмыстың 1.1-бөлімшесінде жүргізілген талдаумен байланысты. Аталған бөлімшеде дәлелдегеніміздей, өндіріп алушының бұзылған құқықтары сот шешімі орындалған кезде қалпына келеді. Демек, атқарушылық іс жүргізудің нәтижесі – өндіріп алушының құқықтарын қалпына

келтіру арқылы әділеттілікті орнату, себебі егер борышкер өндіріп алушының азаматтық құқықтарын бұзбаған болса, сотта істі қарау нәтижесінде өндіріп алушының пайдасына шешім шығарылмас еді. Шешім өндіріп алушының құқығын растайды. Атқарушылық іс жүргізу барысында шешімнің қарар бөлігі орындалады. Осылайша, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру міндетін анықтап берген шешім оны орындау барысында практикалық және логикалық тұрғыдан өз мәресіне жетеді. Сондай ақ, неліктен борышкердің емес, өндіріп алушының құқықтарын жоғары қоямыз? – деген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Бұның жауабы: борышкер өзінің іс-әрекеттері арқылы басқаның құқықтарын бұзып, әуелден-ақ мәжбүрлеп орындату шараларын қолданудың себепкері болды. Ұсынылған принцип тараптар арасындағы әділеттік пен тепе-теңдікті орнатуға бағытталған.

Өндіріп алушы бұл мәртебеге борышкер тарапынан өз міндеттерін тиісті түрде орындамағаны және өндіріп алушының құқықтарын бұзғаны үшін ие болып отыр. Яғни, атқарушылық іс жүргізудің мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша жүзеге асырылатын шаралары борышкер тарапынан өндіріп алушының құқықтары мен мүдделерін бұзғаны үшін қозғалады емес пе? Сол себептен, борышкер – бұзушы тарап, ал өндіріп алушы – қорғалуға мәжбүр болған тарап.

Сәйкесінше, бұл принцип өз пайдасына шығарылған шешімді қолына алған кез келген субъектінің құқықтарын іс жүзінде әрі тиімді қалпына келтіруді білдіреді. Шетелдік өндіріп алушы ұлттық өндіріп алушыға қарағанда әлдеқайда осал жағдайда болады. Атқарушылық іс жүргізу барысында ол өзіне таныс емес юрисдикцияға тәуелді болады әрі одан өз құқықтарын қалпына келтіру мүмкіндігіне ие болу үшін көмек сұрайды. Алайда, соған қарамастан, ол атқарушылық іс жүргізудің екінші тараппен тең құқылы субъектісі болып табылады. Демек, шетелдік өндіріп алушыны ұлттық борышкерге қарағанда, төмен сатыға қойып, оған кемсітушілік көрсетуге жол берілмеу керек. Керісінше, егер орындатуды талап ететін мемлекет халықаралық аренадағы адам құқықтарын қолдайтын дамыған құқықтық жүйесі бар ел ретінде қалыптасқысы келсе, өз құқықтарын қорғау үшін жүгінген өндіріп алушыны мейлінше қолдауы керек деген ойдамыз.

Шетелдік өндіріп алушының құқықтарын қорғау принципі шетелдік шешімдердің нақты әрі тиімді орындалуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, орындау талап етілетін елдің юрисдикциясына деген сенімді арттырады және шетелдік шешімдердің еркін қозғалысына қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы жұмыстың негізгі нәтижелерінің бірі – шетелдік шешімдерді орындау жөніндегі алгоритм мен соның негізінде әзірленген нұсқаулық, ең алдымен, шетелдік өндіріп алушыға өзіне жат елдегі атқарушылық іс жүргізудің реті мен кезеңдерімен таныс болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сол арқылы да өндіріп алушы біздің елде атқарушылық іс жүргізуіне нық қадам жасай алады.

6. Құқықтық айқындылық – шетелдік шешімдерді орындаудың барлық негіздері мен шарттары нақты анықталуы және белгіленуі тиіс, екіұдай немесе

кеңейтілген түсіндіруге мүмкіндік бермеу қажет дегенді білдіреді. Осы жұмыстың барлық бөлімдерінде айтылып кеткендей, құқықтық реттеу тетігі құқықтық айқындылықты қамтамасыз етуі керек, яғни тараптарда атқарушылық іс жүргізу туралы анық түсінік қалыптасуы керек. Бұл принцип екі тарап тиесілі мемлекеттер арасында сенімді нығайтуға көмектеседі, себебі оны қолдану азаматтық айналымдағы тұрақтылықты, болжамдылықты және екі тараптың мүдделеріне қатысты барлық ережелердің айқын әрі ашық болуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, ұсынылған принцип бағалауға жататын ережелердің қысқартылуын, орындаудың түсінікті де қарапайым алгоритмін басшылыққа алуды, ережелердің біркелкі қолданылуын, негізсіз шараларды қолдану қаупінің алдын алуды белгілеуге бағытталған.

Бұл қағиданың мәні – атқарушылық іс жүргізудің тараптарына мәжбүрлеп орындатудың әрбір кезеңі, олардың құқықтары мен міндеттері туралы анық әрі түсінікті ережелердің болуын қамтамасыз етуде. Егер құқықтық айқындылық болмаса, онда атқарушылық іс жүргізу барысында түрлі тәуекелдердің саны артып, шетелдік шешімнің орындалуы талап етілетін елдің құқықтық жүйесіне деген сенім азаяды.

Құқықтық айқындылық халықаралық азаматтық айналымға, оның ішінде, инвестиция саласына, қатысушылардың нақты бір елге деген қызығушылығын арттыратын принциптердің бірі. Себебі, әрбір тұрақтылық пен болжамдылықты талап ететін инвестор немесе шетелдік контрагент әрбір қадамның, ереженің, қолданылатын шараның айқын болғанын әрі бағалауға жататын жағдайлардың нақты өлшемшарттары болғанын қалайды. Ал ондай инвесторлар мен контрагенттерді сол арқылы қызықтыру, өз кезегінде, осы елдің экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Ал шетелдік шешімдерді орындауға келер болсақ, құқықтық айқындылық принципі субъектілерге сол шешімдерді басқа мемлекет аумағында орындау ықтималдығын бағалауға мүмкіндік береді.

7. Жәрдемдесу – шетелдік шешімдерді орындау барысында елдер арасындағы құқықтық көмек пен өзара жәрдемдесу маңызды рөл атқарады, бұл өзара шешімдерді орындау арқылы адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Егер мемлекеттер бір-біріне көмек көрсетпесе, онда халықаралық сыпайылық бұзылып, жалпы әлемдік ынтымақтастықтың жүзеге асырылуы екіталай. Осы бөлімшеде айтылып кеткендей, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық неғұрлым қарқынды болса, соғұрлым дүниежүзі бойынша шешімдердің еркін қозғалысы да, ақпарат алмасу да жеңілдер еді. Шетелдік шешімдерді тану мен орындау мәселесі бір мемлекеттің территориясымен шектелмейді. Бұл рәсім эксаумақтық сипатқа ие, яғни шешім оны орындату үшін бір аумақтан тыс шығады. Бұның нәтижесінде шешім шығарылған аумақ пен мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылатын аумақ өзара әрекеттесуге түседі. Демек, олар халықаралық сыпайылық принципіне негізделіп, бір-біріне ерікті түрде көмек көрсетіп, өндіріп алушының құқықтарын қалпына келтіру мақсатында, барлық тиісті процедураларды жеңілдетуге жол беруі керек. Бұл қазіргі таңдағы трансшекаралық айналымдағы мемлекеттердің ортақ жауапкершілігінің болуын

білдіреді. Сол себептен де, алдында айтылғандай, бұл мақсатқа қол жеткізу жолында өзара түсіністік ережесі кері әсерін тигізеді, өйткені оның мазмұны негативті сипатта белгіленген. Халықаралық сыпайылық, керісінше, мемлекеттер арасындағы құқықтық көмек пен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді. Осы халықаралық сыпайылыққа негізделген жәрдемдесу принципі өндіріп алушының құқықтарын басқа елдің территориясында қалпына келтіруге ықпалын тигізеді.

Бұл принциптің маңыздылығы заманауи геоэкономикалық, геосаяси өзгерістерге сәйкес, елдер арасындағы ынтымақтастық пен өзара көмек көрсетумен байланысты. Мәжбүрлеп орындату шаралары әр елдің ұлттық заңнамасымен реттелсе де, шетелдік шешімдерді орындауға келгенде, халықаралық тетіктердің орнатылуын және әмбебап деңгейдегі әрекеттесуді талап етеді. Сол себептен осы жұмыстың 3.2-бөлімшесінде ұсынылған бірыңғайландырылған ережелерді бекітетін конвенция мен оның негізінде құрылуы ұсынылған Халықаралық сот орындаушылар палатасы заманауи талаптарға сай келетін жаңа халықаралық тетік ретінде қарастырылып отыр.

Бір елдің соты не төрелігі шығарған шешімді басқа елде орындату, сөзсіз, осы екі елдің өзара ынтымақтастығын әрі жәрдемдесуін талап етеді. Оның ішінде, ақпарат алмасу, құқықтық көмек көрсету, сұранысқа жауап беру, атқарушылық іс жүргізу бойынша әрекеттерді үйлестіруді талап етеді.

Елдер өзара жәрдемдеспесе, халықаралық атқарушылық іс жүргізудің тиімділігі төмендейді. Керісінше, бұл принциптің орындалуы мемлекеттердің бір-біріне деген халықаралық сыпайылығын және халықаралық міндеттемелерін орындауды білдіреді.

Сөйтіп, жоғарыда аталған принциптер шетелдік сот пен төрелік шешімдеріне қатысы бар барлық органдар мен қауымдастықтар үшін және атқарушылық іс жүргізудің субъектілері үшін ірге тас болып қалануы керек деген тұжырымға келдік. Аталған принциптердің әмбебаптығы 3.2-бөлімшеде көрсетілген халықаралық тетік арқылы жүзеге асырылып, дүниежүзі бойынша қолданылса, шетелдік шешімдердің айналымы жеңілдеп, әрбір елде өндіріп алушының құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз ететіндей жағдай жасауға көмегін тигізер еді. Ұсынылып отырған принциптердің артықшылығы – олардың нақтылығында. Егер кез келген құқық нормасы нақты болса, ол құқықтық айқындылықты қамтамасыз етеді.

Осы бөлімде айтылғандарды қорытындыласақ, шетелдік шешімдерді орындау ең алдымен олардың танылуымен ерекшеленетінін айтқан жөн. Тану шетелдік шешімді орындау территориясына жіберуді білдіреді. Танудан бас тарту негіздері қазіргі таңда халықаралық құжаттарда және ұлттық заңнамада білгіленген. Тану рәсімін жүзеге асыратын субъект сот болып табылады. Танудан өткен шешім әрі қарай орындауға жіберілуі мүмкін. Бұл кезеңде орындауды жүзеге асыратын субъект – сот орындаушысы. Танудан өткен барлық шешімдер орындауға жіберіле бермейді. Әр елде орындаудан бас тартудың негіздері қарастырылған. Алайда, біздің пайымдауымызша, шетелдік сипаттағы шешімдерді орындатуға келгенде, бұндай негіздер әмбебап болуы

керек. Осылайша, дүниежүзі бойынша бірізділік қамтамасыз етіледі. Олай болса, басқа кез келген елдің өндіріп алушысы өз құқықтарын түсінікті әрі анық механизм арқылы қалпына келтіре алатын болады. Сонымен қатар, егер шетелдік шешімге қатысты атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту негізі қолданылмаса, әрі қарай ол шешім атқару құжаты негізінде мәжбүрлеп орындатуға ұсынылады. Бұл ретте халықаралық атқарушылық іс жүргізу өзіне тән принциптерге негізделуі тиіс деп есептейміз. Қазіргі таңда шетелдік шешімдердің орындалуының негізін қалайтын бірыңғайландырылған принциптер жүйесі белгіленбегенін анықтап, біз әмбебап принциптер кешенін негіздеп ұсындық.

3 ШЕТЕЛДІК СОТ ПЕН ТӨРЕЛІК ШЕШІМДЕРІН МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУДЫ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТЕНДІРУ

3.1 Қазақстан Республикасының территориясында шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ұлттық тетіктері

Атқарушылық іс жүргізу әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасымен реттеледі. ҚР-да шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдері бойынша атқарушылық іс жүргізу, егер Қазақстан ратификациялаған тиісті халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, АІЖжСОМ туралы ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған заңның 1-бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізу борышкерден атқарушылық санкциясын атқарушылық іс жүргізу бойынша өсімпұлдарды, шығыстарды, жеке сот орындаушысының қызмет ақысын өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар болып табылады [91].

АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының 9-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төрелік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар атқару құжаты болып табылады [91]. Яғни шет мемлекеттердің шешімдері Қазақстанда орындалуына ұлттық заңнама кепілдік береді. Алайда шетелдік соттар мен төреліктер шешімдерін біздің мемлекетімізде орындаудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақстан Республикасында шетелдік соттар мен төреліктер шешімдерін орындау тәртібіне тоқталатын болсақ, өз мемлекетінде заңды күшіне енген түпкілікті шешімді тану үшін өндіріп алушының өтініші бойынша Қазақстанның жергілікті соттарына беріледі (тану ережелері 2.1-бөлімшеде қарастырылған). Соттылық борышкердің орналасқан жері бойынша анықталады. Жергілікті сот шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін танып, атқару құжатын беру немесе танымай, атқару құжатын беруден бас тарту туралы он бес күнтізбелік күн ішінде ұйғарым шығарады. Атқару парағы өндіріп алушыға немесе әділет органына не өндіріп алушының өтініші бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындау үшін жіберіледі.

А.Н. Кузнецовтың пікірінше «қазіргі уақытта *forum execution* феномені туралы айтуға болады. Бұл ұғым өндіріп алушының борышкер мүлкінің бірнеше мемлекеттің аумағында немесе құқықтық жүйелері әртүрлі бір мемлекеттің ішінде орналасуына байланысты, атқарушылық іс жүргізудің неғұрлым тиімді әрі қолайлы ұлттық рәсімін таңдау мүмкіндігін білдіреді» [117, с. 138].

Шетелдік соттар мен төреліктер шешімдерін Қазақстан Республикасы аумағында орындау тәртібіне қадам бойынша кезең-кезеңімен тоқталып өтер болсақ:

I-Кезең. *Атқару құжатын ерікті түрде орындау.*

Атқару құжатын борышкер тарапынан ерікті түрде орындау сот шешімінің міндеттілігін мойындап, оны жүзеге асырудың нысаны болып табылады. Ерікті орындау мәжбүрлеп орындату кезеңіне жеткізбей, атқарушылық іс жүргізу жүйесінің жүктемесін азайтады. Ерікті орындау екі тарапқа да тиімді, өндіріп алушы үшін уақыт үнемдеу, ал борышкер үшін сот орындаушысына төленетін пайыз бен мәжбүрлейтін шаралардың қолданбауы. Жалпы алғанда, ерікті орындау құқықтық жүйенің жетілу және тұлғаларда құқықтық сананың жоғары болуының көрсеткіші. WJP деректері бойынша азаматтық шешімдерді орындау рейтингіндегі ең жоғары орын алатын елдерде (мысалы, Дания, Сингапур және Швеция бірінші үштіктің қатарына кіреді) [4] ерікті түрде орындау мәселесі аз туындайды.

Қазақстан Республикасының соты шетелдік соттар мен төреліктер шешімдерін 2.1 және 2.2-бөлімшелерде ашылған тәртіппен танығаннан кейін уәкілетті орган (атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі) белгілеген нысандағы атқару парағы жазылып беріледі. Атқарушылық құжаттар заңды күшіне енгеннен кейін, борышкерге бес жұмыс күні ішінде оны өз еркімен орындауға мүмкіндік беріледі. Бұл жағдайда борышкер өз еркімен шешімде белгіленген міндеттерін толығымен орындаған болса, шешім шығарған сотты бұл факт туралы үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Ал керісінше, берілген бес жұмыс күннің ішінде борышкер атқару парағын өз еркімен орындамаса, өндіріп алушы оны мәжбүрлеп орындатуға ұсынуға құқылы. Сонымен қатар, АІЖЖСОМ туралы Заңына сәйкес [91] атқару құжатының орындалу мерзімі өткен соң оны орындамау себептері туралы ақпаратты сот орындаушысы сотқа беруге міндетті.

Егер атқарушылық құжат борышкер тарапынан ерікті түрде орындалмаса, келесі кезең ретінде атқарушылық іс жүргізудің мәжбүрлі шаралары жүзеге асырылады.

II-Кезең. *Атқару құжатын мәжбүрлеп орындату.*

Енді шетелдік соттар мен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатуды егжей-тегжей түрде модельдеу әдісін қолдана отырып, 1.1-бөлімшеде қаралған кейстердің бірі негізінде талдап кетейік (2024 жылғы 25 маусымда ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы «China Development Bank»-тің (Қытай Даму Банкі) Қытай халықаралық сауда-экономикалық төрелік комиссиясының 2021 жылғы 14 наурыздағы шешімін тану және Қазақстан Республикасының аумағында орындау туралы өтінішін қарау қорытындысы бойынша №6001-24-00-3гп/279 қаулысын негізге алайық [78]).

2021 жылғы 14 наурызда талап қоюшы – «China Development Bank» (Қытай Даму Банкі) және жауапкер – «International Financing Company KZ Establishment» арасындағы дау бойынша Қытай халықаралық сауда-экономикалық төрелік комиссиясының төрелік соты шешім қабылдады. Талап қоюшының өкілі Ақтөбе облысының МАЭС өтініш бере отырып, жауапкердің банкке кепілге берген мүлкі – «FIAL» БК (ЖШС) Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 42А мекенжайында орналасқанын көрсете отырып, төрелік

шешімді мәжбүрлеп Қазақстан Республикасының аумағында орындауды сұрады.

Сот істі қарап, шешімді танымай, атқару құжатын беруден бас тартады, себебі:

- даудың тараптары – ҚР резиденті емес тұлғалары;
- борышкер ҚР аумағында орналаспаған;
- жауапкердің Ақтөбе қаласында орналасқан мүлкі («FIAL» БК ЖШС жарғылық капиталының 100% үлесі) ҚР аумағында төрелік шешімді мәжбүрлеп орындау үшін негіз болмайды, себебі «FIAL» БК ЖШС даудың тарапы болған жоқ;

- өтініш беруші төрелік шешімнің Қытай Халық Республикасында мәжбүрлеп орындау үшін ұсынылғандығы туралы құжатты табыс еткен жоқ.

АПК-нің 255-бабының 3-тармағына сәйкес сот төрелік шешімді орындау туралы мәселе бойынша ұйғарым шығарады, оған жеке шағым берілуі мүмкін. Осы құқықты пайдалана отырып, «China Development Bank» Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жүгінген. Алайда, сот бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын қолдаған. ҚР АПК-нің 438-бабының 5-тармағын негізге ала отырып, іс кассациялық тәртіппен ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасында қайта қаралған.

Жоғарғы Сот төменгі сатыдағы соттардың кемшіліктерін анықтап, өндіріп алушының өтінішін қанағаттандырды. Нәтижесінде, Қытай халықаралық сауда-экономикалық төрелік комиссиясының төрелік сотының шешімі танылды. ҚР аумағында ол шешімді мәжбүрлеп орындатуға жіберу керек екендігі көрсетілген болатын.

Жалпы ереже бойынша атқару парағы ҚР АПК-нің 241-бабына сәйкес шешім заңды күшіне енген немесе іс жоғары тұрған соттан қайтып келген кезден бастап үш жұмыс күннің ішінде беріледі. Атқару құжаты уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша беріледі [201].

1-қадам. Атқарушылық істі қозғау.

Бұл сатыда сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізудің құқықтық негіздері бар-жоқтығын анықтайды. Сот орындаушысы тек атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығарғаннан кейін ғана атқару құжатының талаптарын орындау мақсатында мәжбүрлеу шараларын қолдана алады [34, с.105]. Бұл – атқарушылық іс жүргізудің бастапқы сатысы. Ол арқылы сот актілерінің міндеттемелік күші және құқық қорғаушылық функциясы жүзеге асырылады. Осы сәттен бастап сот шешімінде жазбаша түрде көрсетілген тұлғаның құқықтары іс жүзінде борышкер, өндіріп алушы және сот орындаушысы арасындағы құқықтық қатынасқа айналады. Өндіріп алушы үшін бұл саты мемлекет тарапынан оның бұзылған құқықтары мойындалғанын, ал борышкер үшін оған қатысты мемлекеттің мәжбүрлеу тетігін қолданудың басталуын білдіреді.

1.1 Атқарушылық құжатты орындауға ұсыну.

Атқару парағын (2.3-бөлімшеде айтылып кеткендей) уәкілетті тұлға ұсынуы керек. Атқару парағын өндіріп алушы территориялық принципке

сәйкес орындатуға береді. Территориалдық принцип дегеніміз, борышкердің тіркелген немесе тұратын жері, немесе оның жұмыс орны бойынша, оның мүлкі тіркелген не орналасқан жері бойынша орындауға берілуі. Демек, борышкер – «International Financing Company KZ Establishment» – заңды тұлға мүлкінің орналасқан жері Ақтөбе қаласы болғандықтан, өндіріп алушы атқару құжатын Ақтөбе облысының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына не Ақтөбе қаласының жеке сот орындаушыларына орындауға ұсынады. Жалпы ереже бойынша шетелдік төреліктердің шешімдерін Қазақстанда мәжбүрлеп орындатуға ұсыну мерзімі үш жылды құрайды (ҚР АПК-нің 253-бабының 3-тармағы және АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының 11-бабының 1-тармағының 2)-тармақшасы).

Әр шешім бойынша бір атқару парағы беріледі. Атқару құжаты өндіріп алушыға беріледі не оның арызы бойынша сот аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындау үшін жібереді [91]. Алайда, қазіргі таңда атқарушылық іс жүргізу заңнамасына заңға тәуелді нормативтік құқықтық актімен [202] бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Атап айтқанда, олардың бірі – өндіріп алушының атқару құжатын өндіріп алушы тарапынан тікелей сот орындаушысына беруге тыйым салу [203]. Бұл өзгерістермен біз келіспейміз, себебі олар өндіріп алушының құқығын шектеуге бағытталған. Біздің ойымызша, өндіріп алушыға сот орындаушысын таңдап алуға ерік берілуі тиіс. Мысалы, жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының интернет ресурсында сот орындаушыларының рейтингі көрсетілген [204]. Осы рейтингке қарап, сот орындаушыларының қызметін бағалай аламыз. Осыған байланысты өндіріп алушының өзіне атқару құжатын сапалы орындайтын сот орындаушысын таңдап алу мүмкіндігі болады. Жоғарыда көрсетілген өзгерістер, біріншіден, АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының 37-бабының 1-тармағына қайшы келеді, екіншіден, өндіріп алушыны өз құқықтарынан айырады. Оның үстіне, Д. Абжанов айтқандай, бұл өзгеріс сот орындаушылары арасындағы бәсекелестікті жойып қана қоймай [205], заңға тәуелді нормативтік құқықтық актімен заңға қайшы келетін өзгерісті енгізу арқылы құқықтық актілердің иерархиясын [206] да бұзуда. Біз заңи күші жоғары болып табылатын АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының ережелеріне сүйенуді жөн көріп отырмыз.

1.2 Атқарушылық құжатты іс жүргізуге қабылдау және тексеру

Атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы арызға өндіріп алушының өзі немесе сенімхат арқылы оның өкілі қол қоюға тиіс. Егер сот орындаушысына атқару құжаты сот секілді лауазымды адам жіберген жағдайда, сондай-ақ, автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлінсе, атқарушылық іс жүргізуді өндіріп алушының өтінішінсіз қозғай береді.

Егер атқару құжаты өндіріп алушының арызы бойынша қозғалса, АІЖжСОМ туралы ҚР заңына сәйкес, сот орындаушысы мен өндіріп алушының арасында келісім шарт жасалады. Онда атқару құжатын орындау тәртібі мен шарттары белгіленеді. Бұл жағдайда, сот орындаушысы өндіріп алушыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Жоғарыда негізге

алынған кейс бойынша, «China Development Bank» пен сот орындаушысы арасында келісім шарт жасалады.

Атқарушылық құжат немесе оны орындау тәртібі түсініксіз болған жағдайда, сот орындаушысы түсіндіру үшін сотқа жүгінуге құқылы.

1.3 Сот орындаушысының шешім қабылдауы

Сот орындаушысы өндіріп алушы «China Development Bank» арызы бойынша атқарушылық іс жүргізуді үш жұмыс күннің ішінде қозғауы тиіс. Егер АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 38-бабында көрсетілген негіздер орын алған болса [91], сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Ол қаулының үлгісі ҚР Әділет министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 148 бұйрығымен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарын бекіту туралы [207] ережелерінде қарастырылған.

Қайтару туралы қаулыда атқарушылық құжатты қайтарудың негіздері көрсетілуге тиіс. Қайтаруға негіз болған мән-жайлар жойылған жағдайда, атқарушылық құжатты қайта орындау үшін беруге кедергі болмайды. Ал, керісінше, қайтару туралы қаулыда көрсетілген кемшіліктер жойылмаған жағдайда, атқарушылық құжат орындалуға жатпай, оны жіберген органға немесе адамға қайтарылады.

Егер көрсетілген мәселелер орын алмаса, сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.

Атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бірге сот орындаушысы атқару құжатының орындалуын қамтамасыз ететін шараларды да қабылдайды. Сондай-ақ, борышкер болып табылатын «International Financing Company KZ Establishment» қатысты өзге де атқарушылық іс жүргізу орын алуы мүмкін. Оның бар-жоғын сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы анықтайды.

Борышкер болып табылатын «International Financing Company KZ Establishment» өндіріп алушы болып табылатын «China Development Bank» алдындағы міндеттерін орындау туралы сот орындаушысын міндетті түрде хабардар етуі тиіс.

Атқарушылық құжаттарды рәсімдеу атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі айдан аспайтындай мерзімде аяқталады. Басқа заңда белгіленбеген мерзімдер өндіріп алушы мен жеке сот орындаушысы арасында жазбаша нысанда көрсетілуі мүмкін.

2-қадам. Борышкерді хабардар ету.

Атқарушылық іс қозғалғаннан кейін сот орындаушысы келесі іс-әрекеттерді жасайды. Д.Х. Валеевтің пікірінше, «бұл сатыда құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері жүзеге асырылып, процестік әділеттілік пен құқықтық айқындылық орнатылады. Яғни, борышкердің құқықтарының сақталуына кепілдік беріледі» [208]. деп көрсеткен болатын. Сонымен қатар, борышкерді хабардар ету арқылы мемлекет атқарушылық іс жүргізуді заңдастырады, себебі хабарландырусыз басталған өндіріп алу атқарушылық іс жүргізу жүйесіне деген сенімді жоққа шығарады. Расымен де, осы сәттен

бастап борышкер өзінің атқарушылық іс жүргізудің субъектісі ретіндегі мәртебесін білетін болады.

Атқарушылық іс жүргізу тараптары «International Financing Company KZ Establishment» және «China Development Bank» атқарушылық әрекеттер және мәжбүрлеп орындату шаралары туралы хабархатпен хабарландырылады. Мысалы, атқарушылық іс жүргізу қозғалғаны; берешектің мөлшері; атқарушылық құжатының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданғаны, атқарушылық құжатты орындамағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны және т.б.

Сот орындаушысына не атқарушылық әрекеттер жасалатын жерге шақырулар шақыру қағазын жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаға жолданған хабархат немесе шақыру қағазы оның орналасқан жерінің, филиалының немесе өкілдігінің орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жіберіледі.

3-қадам. Борышкердің мүлкі мен табыс көздерін анықтау.

Келесі қадам ол борышкердің өзінде бар мүлік туралы ақпарат беруі. Бұл саты маңызды және шешуші болып табылады, себебі шешімнің қарар бөлігін жүзеге асыруды нақты қамтамасыз етеді, яғни атқарушылық құжаттың формальді нысанда болуынан оны мәжбүрлеп орындатудың шынайы мүмкіндігіне ауысады. Бұл қадамсыз атқарушылық іс жүргізудің негізгі мәні жоғалуы мүмкін, себебі бұнсыз орындату процедурасының практикалық мәні жойылады (егер сот орындаушысы мүлік пен табыс көздерін анықтамаса, осыдан кейінгі кезеңдерді орындау мүмкін емес).

Борышкер сот орындаушысының талабы бойынша оған өзінде бар мүлік туралы ақпарат беруге, сондай-ақ табыс көздері туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті. Осы сатыда «International Financing Company KZ Establishment» жеке сот орындаушысына түсініктеме-декларациясын толтыруға міндетті.

Берілетін ақпаратта борышкер «International Financing Company KZ Establishment» өзіне тиесілі барлық мүліктік талаптардың негіздерін көрсетуге де міндетті. Мәліметтерді ұсынудан бас тарту не көрінеу жалған мәліметтер ұсыну атқарушылық құжатты орындамау болып табылады. Сәйкесінше, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669, 670, 667 және 673-баптарына сәйкес [209] және ҚР Қылмыстық кодексінің 430-бабына сәйкес [210] жауапкершілік қарастырылған.

4-қадам. Мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану.

Бұл қадам атқарушылық іс жүргізудің түйіндісі, себебі өндіріп алушының құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз етеді. Бұл сатыда екі тараптың тепе-теңдігі ескерілуі керек: екі тараптың да құқықтары қорғалады, яғни өндіріп алушыға өзіне тиесілі мүлік не сома беріліп, борышкерге қатысты мөлшерлі емес шараларды қолданбау кепілдігі беріледі. Бұл шараларды жаза ретінде қарастырмау керек деп санаймыз, олар құқықтық міндеттемені орындатудың тетігі болып табылады да сол арқылы құқықтық қатынастағы тепе-теңдік пен әділеттілік орнатылады.

Қарастырылып отырған кейске сәйкес сот орындаушысы борышкер «International Financing Company KZ Establishment» қатысты мәжбүрлеу шараларының бірін қолдана алады. Олар АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының 32-бабында белгіленген [91].

5-қадам. Мүліктен өндіріп алу.

5.1 Ақша сомаларынан өндіріп алу.

Егер атқарушылық құжатта өзгеше тәртіп белгіленбесе, онда атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алу борышкердің ақша сомаларына қолданылады. Оның ішінде банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда тұрған ақша сомаларына қатысты қолданылады. Ал егер борышкерде берешекті өтеу үшін жеткілікті ақша сомасы болмаса, онда өндіріп алу борышкерге тиесілі басқа мүлікке қолданылады.

5.2 Мүлікке тыйым салу.

Жоғарыда айтылғандай, борышкерде ақшалай сома жеткіліксіз болған жағдайда, борышкердің мүлкінен өндіріп алу қарастырылған. Оның ішінде, мүлікті алып қою, оны мәжбүрлеп сату не өндіріп алушыға беру көзделген. Борышкердің мүлкінен өндіріп алу барысында орындау жөніндегі шығыстар және жеке сот орындаушысының қызметіне төленетін ақы ескерілуі тиіс. Борышкердің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, атқарушылық құжатты орындау кезінде тек қажетті мөлшерде және көлемдегі мүлкінен өндіріп алуға болады.

Осы шараларды қолданбас бұрын сот орындаушысы ең алдымен мүліктің борышкерге тиесілілігін және мүліктегі ауыртпалықты анықтауы керек.

5.3 Мүлікті сату.

Жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асырған сот орындаушысы он жұмыс күні ішінде бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығарады.

Атқарушылық іс жүргізу тараптары мүліктің құны туралы жазбаша келісім жасасуы мүмкін. Бұл жағдайда бағалаушы тыйым салынған мүлікке қатысты бағалауды жүргізбейді. Ал сот орындаушысы бағалаушыны тағайындау туралы қаулы шығармайды.

Бағаланған мүлікке қатысты сот орындаушысы сақтау шарты негізінде оны сақтауға беруді жүзеге асырады. Ол үшін сот орындаушысы сақтаушыдан сақтау қолхатын алуы керек. Тыйым салынған мүлік сот орындаушысы тарапынан электрондық аукцион тәсілімен өткізіледі. Болады деп жоспарланған электрондық аукцион туралы хабарландыру бірыңғай электрондық сауда алаңында жариялануы керек. Бұл шараны қолдану электрондық аукцион өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Борышкерден өндіріп алынған сомадан ең алдымен атқарушылық құжатты орындау кезіндегі борышкерге салынған айыппұлдар өтеледі. Содан кейін жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төленеді. Келесі кезеңде атқарушылық құжат бойынша шығыстар төленеді. Қалған сома өндіріп алушылардың, оның ішінде өзінің әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде басқа сот орындаушыларындағы атқарушылық құжаттар бойынша талаптарын

канағаттандыруға түседі. Одан қалған сома барлық талаптар канағаттандырылғаннан кейін борышкерге қайтарылады.

6-қадам. Атқарушылық іс жүргізудің аяқталуы.

Бұл қадамның заңи маңыздылығы осы сәттен бастап нақты нәтижеге қол жеткізіп, мемлекеттің мәжбүрлейтін шараларды қолдануының аяқталуын білдіруде. Теориялық тұрғыдан бұл саты шынайы орындаумен аяқталмауы да мүмкін, себебі әртүрлі объективті немесе субъективті негіздермен заңда белгіленген үш жылдық мерзім аяқталып, сот орындаушысы қолданған барлық шараларға қарамастан, өндіріп алу мүмкіндігі болмауы ықтимал. Сол себептен 2.3-бөлімшеде ұсынғанымыздай, өндіріп алу мерзімі 10 жыл деп заңнамада бекітілсе, орындау мүмкіндіктері артар еді.

6.1 Атқару құжатының толық орындалуы.

Атқарушылық іс жүргізудің соңғы сатысы – атқарушылық іс жүргізудің аяқталуы.

Егер атқарушылық құжат өндіріп алушыға қайтарылса (АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының 48-бабы), атқарушылық іс жүргізу тоқтатылса (АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының 47-бабы) және соттың немесе құжатты берген басқа органның талабы бойынша атқарушылық құжат орындалмай қайтарылған болса, онда қолданыстағы атқарушылық іс жүргізу заңнамасына сәйкес атқарушылық іс жүргізу аяқталды деп есептеледі.

Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу тоқтатылғаннан кейін бір тәуліктің ішінде ол туралы қаулы шығарады. Тиісті белгісі бар атқарушылық құжат не оның көшірмесі сот орындаушысы тарапынан он жұмыс күні ішінде сотқа немесе құжатты берген басқа органға жіберіледі.

Мәжбүрлеп орындату шараларының күші атқарушылық іс жүргізудің тоқтатылуымен бір мезгілде жойылуға тиіс. Жалпы ережеге сәйкес, тоқтатылған атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға болмайды. Алайда, егер сот орындаушысы іс жүргізу тоқтатылған атқарушылық құжатты орындау кезінде заңсыз әрекет жасаған болса, және ол факт танылса, тоқтатылған атқарушылық іс жүргізу қайта қозғалуы мүмкін.

6.2 Атқару құжатының ішінара орындалуы.

Борышкер атқарушылық құжатта көрсетілген талаптардың бір бөлігін ғана орындаған жағдайда, атқарушылық құжатта көрсетілген берешек сомасының белгілі бір бөлігі ғана төленеді және сот орындаушысы атқарушылық құжатқа төленген сома туралы белгі қояды.

Егер борышкердің өндіріп алуға жататын мүлкі болмаса және оның мүлкін немесе табыстарын анықтау шаралары оң нәтиже бермесе, сот орындаушысы атқару құжатын өндіріп алушыға қайтарады.

Атқарушылық құжатты өндіріп алушыға қайтару заңда белгіленген атқарудың ескіру мерзімі шегінде осы құжатты орындауға қайталап ұсынуға кедергі болып табылмайды.

Жоғарыдағы талдау мен АІЖжСОМ туралы ҚР Заңының ережелеріне сәйкес қадамдарды жүйелеу барысында біз әр ел өз заңнамасында атқарушылық іс жүргізудің ережелерін бекітетіндігіне және ол заңнаманы


ғаламтор желісі болмаса, тауып, онымен танысу қиын соғатынына көз жеткіздік. Барлық керекті мәлімет әртүрлі парақшаларда, көбінесе ұлттық тілде, практикалық қадамдарды қамтымайтын жүйелі емес түрде көрініс тапқан. Бұл атқарушылық іс жүргізу барысында шетелдік өндіріп алушылар зардап шегуі әбден мүмкін, себебі олар өздеріне жат құқықтық жүйеде өз құқықтарын қалпына келтіруге мәжбүр болады деген сөз. Сол себептен осы аумақпен байланысы бар борышкерге қарағанда, олар әлдеқайда осал жағдайда болады. Осыған байланысты сот төрелігіне және өз құқықтарын қорғауға тең мүмкіндік алу принципіне сәйкес келмейтін құрылымдық мәліметтік ассимметрия жағдайы туындайды, яғни басқаша айтқанда атқарушылық іс жүргізу тараптары арасындағы тепе-теңдік бұзылады.

Келесі беттегі 6-суретте, жоғарыда көрсетіліп кеткен барлық сатыларды жүйелеп, келесідей алгоритм шығарып ұсындық. Алгоритм жүйелеу негізінде шетелдік өндіріп алушыларға негізгі қадамдар бойынша ақпарат беріп, процестік тұрғыдан қателікке жол бермеуді қамтамасыз етеді. Егер әрбір ұлттық құқықтық жүйеде осыған ұқсас алгоритм жасалса, ол шетелдік сот пен төрелік шешімдерін стандарттау мен бірыңғайландыру бағытындағы бірінші қадам болар еді, сонымен қатар, құқықтық айқындылықтың негізін қалар еді. Осылайша, бұл бөлімшенің негізгі мақсаты атқарушылық іс жүргізу аясында жасалатын іс-әрекеттердің қисынды тізбегін ұсына отырып, Заңда көрсетілген шашыраңқы нормаларды бір жүйеге келтіріп, бірізділендіру болып табылады.

Қолданыстағы атқарушылық іс жүргізу заңнамасы жүйелендірілмеген. Яғни, нормалары шашыраңқы орналасқан және сол себептен атқарушылық іс жүргізу тараптарына оның тәртібін түсінуге қиындық туғызады. Сондықтан, теория, заңнаманың ережелері мен практикада қалыптасқан тәртіпті талдай келе, осы бөлімшеде атқару құжатын орындау алгоритмін ұсынып отырмыз.

Бұл бөлімде ұсынылып отырған алгоритм Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау барысында өндіріп алушы үшін көмекші құрал болып табылады. Яғни, бұл алгоритмнің маңыздылығы – біздің құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен таныс емес өндіріп алушы осы сатыларға бөлінген ережелерді негізге алып, оларды «тексеру парағы» (check-list) ретінде қолданса болады. Алгоритм оған өндіріп алушы ретіндегі өз құқықтарын қорғаудағы әрбір қадамын нық басуға көмектеседі.

Ал сот орындаушыларына келер болсақ, әрине, бұл сатылар оған заңнамаға сәйкес белгілі болып тұрғанымен де, заңнамадағы шашыраңқы жүйеленбеген нормаларды жинақтап, логикалық тізбекпен жасалған шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулық ретінде қолдануға ұсынылады (Қосымша В).



Ұсынылған нұсқаулықтың заңи күшін қамтамасыз ету мақсатында, оның «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына сәйкес [211] заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт нысанында бекітілгендігін дұрыс деп санаймыз. АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңына сәйкес атқарушылық іс жүргізу саласындағы уәкілетті орган Әділет министрлігі болып табылады. Сонымен қатар, аталған Заңның 167-бабының б)-тармақшасына сәйкес, уәкілетті органның құзыретіне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқаулық және түсіндіру материалдарын әзірлеу кіреді [91]. Сол себептен, осы зерттеу жұмысының нәтижесінде әзірленген нұсқаулықты Әділет министрлігінің бұйрығымен бекітілген ҚР аумағында барлық сот орындаушылары үшін міндетті құжат ретінде пайдалануға енгізуді ұсынамыз. АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңы біз ұсынған орындау алгоритміне сәйкес атқарушылық іс жүргізу шеңберіндегі барлық қадамдарды толық қайта қарауды, жүйелеуді және орналастыруды талап етеді. Қазіргі уақытта заңның ең үлкен проблемасы оның нормаларында логикалық дәйектіліктің болмауы болып табылады. Мысалы, сот орындаушылардың мәртебесі туралы нормалар заңның соңында, ал атқарушылық іс жүргізуді тоқтату туралы нормалар ортасында орналасқан, бұл тек сот орындаушыларының қызметінде ғана емес, сонымен қатар, шетелдік өндіріп алушылар үшін де қиындықтар туғызады. Атқарушылық іс жүргізуді реттейтін заң 175 баптан тұрса, сот орындаушыларының құқықтары Заңның соңғы жақтарында тұр, ал атқарушылық істі жүргізу ережелері Заңның бас жағында орналасқан. Алайда, сот орындаушысы осы Заңда бекітілген құқықтарын пайдалана отырып, атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асырады. Сонда қалайша осы құқықтарын Заңның басында ескермей, атқарушылық іс жүргізу туралы сөз қозғалады? деген қисынды сұрақ туындайды. Яғни сот орындаушыларының құқықтық мәртебесімен таныспай жатып, олардың атқару құжаттарын орындау процесін қарастыру ақылға қонымсыз деп санаймыз. Заң мүмкіндігінше интеграцияланған болуы және халықаралық орындау стандарттарына жақындатылуы керек. Біздің ойымызша, АІЖЖСОМ туралы ҰР Заңының соңғы бөлімі шетелдік шешімдерді орындауға арналған болуы тиіс. Ал қазіргі таңда бұл заң шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындаудың ерекшеліктерін мүлдем ескермейді. Атқарушылық іс жүргізу әр елдің ұлттық заңнамасымен реттелгендігімен, алайда алдыңғы бөлімшелерде келтірілгендей, басқа юрисдикцияларда шетелдік шешімдердің орындалуын реттейтін арнайы тараулар немесе бөлек актілер қабылданған. Ол дұрыс, себебі қазіргі таңдағы жаһандану үрдістерін, инвесторларды тарту мәселесін де ескеріп, жалпы Қазақстанның шетелдік юрисдикцияға деген құрметін көрсетіп, шетелдік өндіріп алушылар адам құқықтары туралы ережелерге сай өз құқықтарын қалпына келтіре алатындай жағдай жасалуы керек.

Атқарушылық іс жүргізуде негізгі субъект сот орындаушысы болып табылатындықтан, ол өндіріп алушының құқықтарын қалпына келтірудің кепілі ретінде қарастырылуы керек. Әрбір елде өзінің атқарушылық іс жүргізу ережелері бар, олар аумақтық сипатта болады. Мысалы, АҚШ-та атқару құжатын орындау басқа құқыққорғау органдарымен тығыз байланыста болатын

Маршалдардың федералды қызметіне жүктелген, сондай-ақ Финляндияда мәжбүрлеп орындатудың мемлекеттік қызметіне жүктелген [212]. Беларусь, Германия, Дания, Израиль, АҚШ, Финляндия, Швецияда тек мемлекеттік атқару жүйесі қызмет етеді. Ресейде, АҚШ пен Финляндияда ол органдар атқару билігінің ішіне кіреді. Бельгия, Мажарстан, Италия, Латвия, Литва, Люксембург, Нидерланд, Польша, Румыния, Словакия, Словения, Франция, Эстония, Литвада жеке сот орындаушылар жүйесі қалыптасқан. Болгария мен Канадада сот орындаушыларының аралас моделі қалыптасқан [213]. Түркияда мәжбүрлеп орындату органдары әділет органдарының жүйесіне қарайды [214]. Қазақстанда атқарушылық құжаттарды орындау мемлекеттік сот орындаушылары мен жеке сот орындаушыларына жүктелген [47]. Сот орындаушыларының рөлі мен мәртебесін арттыру жөніндегі ұсыныстарымыз ғылыми басылымдардың беттерінде жарияланды [47, с. 276-282]. Сонымен қатар, қазіргі таңда елімізде сот орындаушыларына қатысты теріс пікірдің қалыптасқанын көруге болады. Мәселен, 2024 жылғы 17 желтоқсанда Қазақстанда жеке сот орындаушыларды жою туралы петиция жарияланған болатын [215]. Біздің пікірімізше [55], петицияның авторлары борышкердің міндеті мен кінәсін жеке сот орындаушылар институтын жоюмен алмастырғандай көрініп, борышкердің атқарушылық іс жүргізу аясында міндеттемені орындаудан жалтарғанын ақтағанға ұқсас болып келеді. Бірақта шын мәнінде мәжбүрлеп орындату борышкердің тарапынан міндеттемені орындамау арқылы өндіріп алушының құқықтарын бұзу негізінде туындайтын рәсім екені белгілі. Егер борышкер өз міндеттерін тиісті түрде орындаса, атқарушылық іс жүргізу орын алмайтын еді. Жеке сот орындаушыларына заңмен белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану жүктелген. Сол себептен сот орындаушылары өндіріп алушының бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтірудің кепілі болып табылады, ал жеке сот орындаушылар институтының өзін әрі қарай дамытып, осы салада білікті мамандардың қалыптасуына (1.2-бөлімшеде айтылып кеткендей) жоғары оқу орындары да атсалысуы керек.

Осылайша, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау рәсімінің кезеңдері мен тәртібін, сондай-ақ осы шешімдерді тану және орындау рәсіміне қойылатын талаптарды жүйелеу және айқындау нәтижесінде біз ұлттық заңнамада шашыраңқы болып бекітілген нормаларды біртұтас алгоритм ретінде қарастырдық. Осы алгоритм негізінде сот орындаушылары өз практикасында қолдана алатын нұсқаулықты ұсындық. Сонымен қатар, бұл алгоритм шетелдік өндіріп алушыларға да Қазақстандағы атқарушылық іс жүргізудің сатыларын түсінуге көмегін тигізеді. Егер Қазақстан инвестициялық ахуалды жақсартуға, өз субъектілерінің шетелдік әріптестермен жаһандық байланыстарын күшейтуге және бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз етуге бағытталса, онда ұлттық заңнаманы жаңғырту, нормативтік базаны жүйелеу және сот орындаушысының қызметін жеңілдету үшін шетелдік шешімдерді орындау тетігін алгоритмдеу қажет деп санаймыз.

3.2 Шетелдік соттар мен төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың халықаралық тетіктері

Осы еңбекте атап өтілгендей, қазіргі заманның басты сипаттарының бірі – барлық саладағы трансшекаралық байланыстар мен қатынастардың қарқынды кеңеюі. А.А. Мережконың пікірінше, бұл ауқымды үдерістің тікелей нәтижесі – жаһандық азаматтық қоғамның пайда болып, қалыптасуы. Мұндай қоғамның өмір сүруінің материалдық негізін әлемдік нарық пен бірыңғай халықаралық экономикалық жүйе құрайды [216]. Осы тұжырымды толықтыра отырып, біздің ойымызша, бүгінгі күні әлем тығыз өзара іс-қимылды талап ететін жекелеген салаларда бірыңғай құқықтық тәртіпті қалыптастыру қажеттілігіне келіп отыр.

Қазіргі кезеңде қалыптасқан қоғамдық қатынастардың жай-күйі мен оларды реттеудің жеткіліксіз тетіктері мен әдістері арасында бірқатар проблемалар мен қайшылықтар туындауда. Атап айтқанда, бір мемлекеттің сот немесе өзге де органдарының шешімдерін екінші мемлекеттің аумағында тану мен орындау жаһандық сипатқа ие бола бастағанымен, олардың құқықтық реттелуі әлі де ұлттық шеңберде қалып отыр. Соның нәтижесінде қалыптасып келе жатқан қатынастар мен құқықтық реттеу арасында сәйкессіздік туындайды, ал ол өз кезегінде әрбір нақты мемлекеттің немесе аумақтың ұстанымдарына қарай жіктеліп, бытыраңқы сипатқа ие болады.

Тағы бір өзекті мәселе – қарастырылып отырған салаға қатысты трансұлттық қатынастардың өзгеру қарқыны. Шетелдік сот шешімдерін тану мен орындаудың бастапқы кезеңінде ұсынылған құқықтық реттеу қазіргі таңда шынайы қалыптасып отырған қатынастардан айтарлықтай артта қалуда. Осындай жағдайда трансшекаралық қатынастар, соның ішінде шетелдік шешімдерді тану мен орындау процесі күрделене түсуде, өйткені ұлттық деңгейдегі реттеу тиісті қатынастарды тиімді үйлестіретін құқықтық нормалардың бірыңғай әрі тұрақты жүйесін қалыптастыруға қауқарсыз.

Осылайша, шетелдік сот шешімдерін тану және орындау мәселелерін құқықтық реттеудің заманауи әрі барабар әдістерін іздестіру қажеттілігі туындайды. Мұндай әдістер осы қатынастардың халықаралық табиғаты және тану мен орындау тәртібін реттеудің ұлттық сипаты арасындағы алшақтықты еңсеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында жүргізілген талдау өңірлік деңгейде күш-жігерді біріктірудің табысты жүзеге асырылып отырғанын көрсетті. ТМД елдерінен бөлек, шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындауды реттеуді біріздендіру немесе үйлестіру тәжірибесі Еуропалық Одақ пен Латын әлемі елдері аясында да қолданылуда.

Мәселен, Еуропа Кеңесі Министрлер комитетінің шешіміне сәйкес 2001 жылғы 4-5 қазанда Мәскеуде Әділет министрлерінің 24-ші конференциясы өтті. Конференцияның жалпы тақырыбы – «Еуропалық стандарттарға сәйкес сот шешімдерін орындау» болды. Конференцияда талқыланған негізгі мәселе де сот шешімдерін еуропалық стандарттарға сай орындау проблематикасына арналды. Конференция қорытындысы бойынша қатысушылардың негізгі тұжырымы ретінде сот шешімдерін тиімді әрі ұтымды мәжбүрлеп орындаудың мемлекеттер

үшін зор маңызы бар екендігі айқындалды. Ол бойынша №3 «Сот шешімдерін тиімді орындауға қол жеткізудің жалпы тәсілдері мен құралдары» қарары қабылданды. К.А. Малюшин жазғандай, «бұл құжат мықты әрі беделді сот жүйесін құру, нығайту және дамыту үдерісінде аталған институттың шешуші рөлін атап өтті». Сот шешімдерін, сондай-ақ өзге де сот және соттан тыс мәжбүрлеп орындалатын актілерді орындау мәселелерінде бірыңғай саясат жүргізу мақсатында Министрлер комитетінің қорытындысын білдіру нысаны ретінде ЕО Министрлер комитетінің №17 ұсынымы қабылданды. Аталған акт Еуропа Кеңесі мемлекеттерінде атқарушылық іс жүргізудің тиімділігі мен ұтымдылығын арттыру мақсатында қабылданып, атқарушылық іс жүргізуді үйлестіруге, яғни жалпы принциптерге сүйене отырып, әртүрлі еуропалық мемлекеттердің құқықтық жүйелерін жақындастыруға бағытталды. Бұл халықаралық-құқықтық акт міндетті күшке ие емес екендігін айта кету керек, алайда Еуропалық адам құқықтары соты нақты істерді қарау барысында оны ескеретіні анық [19, с. 70-72]. О.Е. Лиц конференцияда айтылған еуропалық мемлекеттердің атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасын біріздендірудің негізгі бағыттарын әзірлеу және Еуропалық атқарушылық іс жүргізу кодексін (сот орындаушыларының мінез-құлқына қатысты мәселелерді қоса алғанда) дайындау жөніндегі ұсыныстарды өте уақытылы деп санайды [16, с. 4].

Мақсаты – сот шешімдерін орындаудың нормативтік базасы мен тәжірибесін қалыптастыруда Еуропа үшін ортақ стандарттарды әзірлеу болды. Бұл жалпыеуропалық, ал болашақта тіпті дүниежүзілік құқықтық кеңістікті құру жолында елеулі жетістікке айналуы мүмкін. Қазіргі таңда ЕО-та шешімдерді тану мен орындау рәсімі барынша біріздендірілген және еуропалық атқарушылық парақты енгізу жөнінде регламенттер қабылданған [217].

Латын Америкасында шетелдік сот шешімдерін тану саласындағы халықаралық құралдар – Америка мемлекеттері ұйымы (ОАГ) шеңберінде өткен халықаралық жеке құқық жөніндегі Америкааралық конференциялардың жұмысының нәтижесі. ОАГ – 1890 жылы Вашингтонда өткен Америка мемлекеттерінің бірінші халықаралық конференциясы негізінде құрылған аймақтық ұйым Солтүстік және Оңтүстік Американың 35 мемлекетін біріктіреді және жартышардағы басты саяси, құқықтық әрі әлеуметтік үкіметтік форум болып табылады. Сонымен қатар, ОАГ 70 мемлекетке, сондай-ақ ЕО-ға тұрақты бақылаушы мәртебесін берді және Оңтүстік конус елдерінің жалпы нарығы (МЕРКОСУР) аясында жұмыс істейді. Латын Америкасындағы шетелдік сот шешімдерінің танылуы және орындалуы 1979 жылғы 5 тамызда Монтевидеода өткен Халықаралық жеке құқық жөніндегі екінші америкааралық конференцияда (CIDIP-II) қабылданған «Сот және төрелік шешімдердің эксаумақтық тиімділігі туралы америкааралық конвенциямен», сондай-ақ 1992 жылғы 27 маусымда Лас-Леньяс қаласында МЕРКОСУР елдері қабылдаған «Азаматтық, сауда, еңбек және әкімшілік құқық мәселелеріндегі құқықтық ынтымақтастық пен өзара көмек туралы хаттамамен» реттеледі. 1979 жылғы Америкааралық конвенцияда бекітілген реттеу тәсілінің айқын жеткіліксіздігі көп ұзамай 1984 жылы Ла-Пастада өткен халықаралық жеке құқық жөніндегі

үшінші мамандандырылған америкааралық конференция (CIDIP-III) аясында 1984 жылғы 24 мамырда қабылданған «Шетелдік сот шешімдерінің аумақтан тыс әрекетіне қатысты халықаралық саладағы юрисдикция туралы америкааралық конвенцияның» қабылдануына себеп болды [23, с. 136].

Болашақта мұндай қатынастардың кезең-кезеңімен дамуын Түркі мемлекеттері ұйымынан күтуге болады. Ұйымның негізгі мақсаты – бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту, ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынастарды кеңейту, сондай-ақ мүше мемлекеттердің әлеуетін арттыру [218].

Сонымен қатар, біз өңірлік бірлестіктердің тарих, құқықтық жүйе, дәстүрлер және басқа да ортақ негіздерге сүйене отырып оң нәтиже бергенін мойындаймыз. Алайда қазіргі таңда өңірлік деңгейдің жеткіліксіз екені айқын көрінеді. Сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау мәселесі өңірлік шеңберден әлдеқайда асып, жаһандық маңызға ие болды. Осы зерттеудің бірінші бөлімінде келтірілген сот практикасына сүйенсек, Қазақстан Республикасының территориясында ҚХР, Англиядан басқа да алыс және жақын шетелдерден келген сот және төрелік шешімдерінің танылып, орындалуға жіберілетініне көз жеткізуге болады.

Бұл ретте, аталған мәселелерді құқықтық реттеудегі бірізділіктің болмауы сот актілерінің әлемдік деңгейде еркін айналымына айтарлықтай тосқауыл қояды. Ал, керісінше, тану мен орындаудың тиімді тетігін қалыптастыру олардың қозғалысын айтарлықтай жеңілдетеді.

К.Е. Сюрмеев атап өткендей, нормативтік-құқықтық реттеудің бытыраңқылығы әртүрлі мемлекеттердің тәсілдері мен тетіктерін біріктірмесе де, үйлестіруге қабілетті [22, с. 131], атап айтқанда шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау мәселесін шешуге бағытталған белгілі бір құқықтық әмбебап тетікті іздеудің қажеттілігін айғақтайды. Демек, өңір (ЕО, ТМД және т.б.) шеңберіндегі біріктірудің жеткілікті жақсы деңгейі әлемдік қоғамдастыққа бүкіл әлем бойынша өз субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында жаңа құжат әзірлеуге мүмкіндік береді. Мұндай құжатта танудың бірыңғай ережелері, танудан бас тартудың бірыңғай негіздері, сондай-ақ шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындаудың бірыңғай тетігі қамтылатындай болуы керек.

Алдыңғы бөлімдерде айтылып кеткендей, жарты ғасырдан астам уақыт бұрын қабылданған НИК қазіргі таңда өзектілігін жоғалтуда және шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау қатынастарын реттеудің жаңа форматы қажет. Оның себептері де аталып кеткен. Қысқаша айтсақ, бұл Конвенцияның мәтіні императивті түрде қабылданбағандықтан, әртүрлі елдерде оны қолдану практикасы бірізді емес (7-сурет).



Сурет 7 – 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясына SWOT талдау

Ал Қазақстан қосылмаған 2019 жылғы сот шешімдерін тану мен орындау туралы Гаага конвенциясы туралы айтар болсақ [51], оның шеңберінде әлі де халықаралық ынтымақтастық орнатылған жоқ, себебі ол барлық дерлік даулардың санаттарын қамтымайды және мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен қайшылықтарға түсуі әбден мүмкін. Бұл конвенция одан күтілгендей қарапайым және бірыңғай емес (8-сурет).



Сурет 8 – 2019 жылғы Гаага конвенциясына SWOT талдау

Жоғарыда келтірілген SWOT талдауды негізге алып, одан келесідей қорытынды жасауға болады. 1958 жылғы НЙК қабылданғаннан бастап жылдар

бойы әмбебаптықты жақсы деңгейде қамтамасыз етіп отырды. Бұл Конвенция жалпы төреліктің дамуына да зор үлесін қосты, себебі ол шешімдердің танылуы мен орындалуын реттеуді мақсат етті (егер төрелік шешім шығарып, ол орындалмаса, төрелік дауларды балама шешудің танымал тәсіліне айналмас еді). Алайда, заманауи жаһандану деңгейі халықаралық құқықтық реттеуге жаңа талап қойып отыр. Соңғы алпыс жылдан астам уақыт ішінде көптеген өзгерістер орын алғаны анық, әлем даму үстінде: төреліктің жаңа түрлері немесе кешендері пайда болды, төрелік саласындағы цифрландыру, халықаралық мәмілелердің бұрын болмаған көптізбектілігі және т.б. Әрине, НҰК осы сын-қатерлерге қаншалықты төтеп бере алады? - деген сұрақ туындайды. Оның үстіне, алдында айтылған кемшіліктері де бірталай: мазмұны императивті болмағандықтан, әр елде әртүрлі практика қалыптасып, біріздендіру деңгейі төмен; танудан бас тарту негіздері тым жалпылама түрде белгіленген. Біздің ойымызша, бұл Конвенция тым ескі болғандықтан, төрелік шешімдері орындалуының негізін қалаған құжат ретінде қарастырылып, қазіргі заман талаптарына сай жаңа конвенция әзірленуі керек. Ал 2019 жылғы сот шешімдерін тану мен орындауды реттеуге бағытталған Гаага конвенциясы бұл салада бұрын-соңды унификация болмаса да, оның қатаң ережелеріне байланысты әлі күнге дейін НҰК деңгейіндегі әмбебаптылыққа қол жеткізген жоқ. Екі құжаттың да ортақ кемшілігі – атауында көрсетілгенімен, тану мен орындауды қатар реттемей, орындаудың тетіктерін мүлдем қамтымағанында. Екі құжат қазіргі таңда бір жүйені құрамайды.

Білетініміздей, халықаралық шарттың болмауы шетелдік сот шешімдерін тану мен орындауға айтарлықтай кедергі келтіреді. Әртүрлі мемлекеттер арасында тиісті халықаралық шарттар мен конвенцияларды әзірлеу және қабылдау рәсімі негізінен саяси факторлармен айқындалатын күрделі әрі ұзаққа созылатын процесс болып табылады [22, с. 158]. Алайда қазіргі кезеңде мемлекеттердің өзара сеніміне негізделген шетелдік шешімдерді тану мен орындаудың табысты жүйесін құруымыз керек. Оның негізін әмбебап ұйым мен әмбебап шарт қалауы мүмкін. Бұл ретте осы бөлімшеде ұсынылған тұжырымдар ішкі сот және төрелік шешімдерінің орындалуына тікелей қатысты еместігін атап өткен жөн. Сонымен бірге, ұсынылып отырған өзгерістер осы мәселеде ұлттық заңнаманы біріздендіру (бірыңғай нормаларды қалыптастыру) және үйлестіру (жақындастыру) үдерістерінде маңызды рөл атқарады деп пайымдауға болады. Біріздендіру бірыңғай халықаралық шарттарды әзірлеу нәтижесінде жүзеге асады, бұл ұлттық реттеу әдістерін қолдану қажеттілігін жояды. Ал үйлестіру – стандартталған ережелерді енгізу арқылы бытыраңқы нормалардағы белгілі бір дәрежедегі біркелкілікті қамтамасыз етуге бағытталған. Егер біріздендірудің бастамашылары мемлекеттер болса, үйлестіру халықаралық қауымдастықтар шеңберіндегі қызмет барысында жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы зерттеу барысында жүргізілген талдау нәтижесінде анықталған кемшіліктерді ескере отырып, сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау бойынша бірыңғай конвенция әзірленуі қажет деп ойлаймыз. Бұл конвенцияның

ерекшелігі – қазіргі құқықтық реттеудің артықшылықтарын негізге алып, кемшіліктерін ескеріп, 2.3-бөлімшеде ұсынылған орындаудан бас тарту негіздері мен принциптерді, 3.1-бөлімшеде ұсынылған нұсқаулықты басшылыққа алып, әмбебап сипатқа ие болуы. Конвенция тану рәсімін де, шетелдік шешімдерді орындау тетігін де қамтуы тиіс. Сонымен қатар, көптеген ережелердің ортақтығын ескере отырып, конвенция сот және төрелік шешімдеріне қатысты тетікті бірдей қамтуы тиіс. Тану және орындау принциптерін нақтылау қажет, сондай-ақ шетелдік шешімдерді танудан және орындаудан бас тартуға негіз болатын нақты және бірыңғай өлшемшарттарды бекіту қажет. Конвенцияда бірыңғай атқарушылық құжат, оның формасы, мазмұны және айналымға қабілеттілігі де анықталуы тиіс.

Конвенцияның тұжырымдамасы (Қосымша Г) да берілген жобаға сәйкес – бүкіл әлем бойынша шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен орындауда әртүрлі елдерде туындайтын қайшылықтарды жойып, тұлғалардың құқықтарын тиімді қалпына келтіруге ықпал ету. Бұл құжатта шетелдік сот пен төрелік шешімдерін танудың әмбебап ережелері және танудан бас тартудың бірыңғай қарапайым және түсінікті ережелері, сондай-ақ, осы шешімдерді орындаудың ортақ тетіктері қарастырылуы керек. Оның негіздемесі – тану мен орындау тетігі сот шешімдеріне де, төрелік шешімдеріне де ортақ. Қазіргі таңда практикада соттардың өздері құқық нормаларын шатастырып, сот шешімдеріне қатысты қолданылатын нормалардың орнына төреліктің шешімдеріне қатысты қолданылатын ережелерді қолданып жүр. Мысалы, Алматы қаласының МАЭС 2024 жылдың 18 қыркүйегінде Челябинск облыстық арбитраждық соты шығарған шешімді тану туралы №7527-24-00-2м/584 іс бойынша ұйғарым қабылдады [219]. Осы ұйғарымда шешімді орындату үшін атқару парағының берілуі қарастырылған. Алайда, сот «арбитраждық сот» деген ұғымды төреліктермен шатастырып, ҚР АПК 253-бабын және ҚР Төрелік туралы заңын қолданған. Борышкер тарапы осы ұйғарымға қатысты жеке шағым береді. Ол шағымында Челябинск облыстық арбитраждық соты мемлекеттік соттар жүйесіне кіретінін алға тартып, ол шығарған шешімге ҚР АПК 501-бабы қолданылуы керектігіне назар аударды. Және сот тарапынан жіберілген процессуалдық қате екенін көрсетті. Бұл, әрине, бір жағынан соттардың процессуалдық нормаларды дұрыс қолданбауларын білдіреді. Сонымен қатар, біздің ойымызша, шешімді сот немесе төрелік шығарғанына тәуелсіз, екеуінің танылуы мен орындалуы бір болып келеді. Олай болса, сот пен төрелік шешімдерін тану мен орындауға қатысты бірдей нормаларды бекіткен жөн. Ал енді тану мен орындау тектіктеріне келер болсақ, оларды бөлек іс-әрекет ретінде ажыратуымыз керек. Осылайша, конвенция әмбебап тану мен орындау ережелерін сот шешімдеріне де, төрелік шешімдеріне де қатысты бірдей қылып бекіту керек; алайда тану мен орындаудың механизмдерін реттейтін нормалардың өзін бөлу керек те, екеуіне де реттеу жағынан көңіл бөлінуі қажет. Танудан бас тарту ережелері тараптардың субъективтік құқықтарына, шешімнің кемшіліктеріне қатысты және мемлекеттің императивті ережелеріне қатысты орнатылса, оларды орындаудан бас тартудың негіздері барлық елдерге ортақ

қолданылатын (мысалы, шешім түпкілікті болмаса, атқарушылық құжат бұрын орындалған болса, атқарушылық құжатты орындау сот орындаушысының құзыретіне жатпаса және т.б.) ережелер ретінде, сонымен қатар осы жұмыстың 2.3-бөлімінде ұсынылған принциптер де бекітілуі тиіс.

Сонымен қатар, біз бірнеше рет атап өткендей, бұл тетік тек шетелдік шешімдерге қатысты жұмыс істеуі керек. Ішкі шешімдер ұлттық заңнамаға сәйкес орындалады. Ұсынылып отырған жаңа конвенция ратификацияланудан өтсе, ішкі заңнаманың бір бөлігі ретінде имплементацияланып, қолданысқа енгізілуі тиіс. Осылайша, біз бұл конвенцияның әлем бойынша міндетті болуына қол жеткізе аламыз. Ол үшін мемлекеттер шетелдік шешімдерді орындау – адам құқықтарының қалпына келтірілуінің бір көрінісі ретінде түсініп, қабылдау керек.

Бұл ретте, адам құқықтарының құндылығын негізге ала отырып, жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қалпына келтіруді мақсат тұтқан мемлекеттер осы міндеттемелерді өз мойнына алуға және біріздендіру мен үйлестіру процесіне қосылуға дайын болуы тиіс. Осылайша, шетелдік шешімдерді орындау рәсімі шетелдік өндіріп алушы үшін неғұрлым ашық, түсінікті және ыңғайлы болады. Халықаралық міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін мәжбүрлеу тетігі міндетті түрде қарастырылуға тиіс. Мұндай тетік болмаған жағдайда, осы ұсынылып отырған конвенцияны қазіргі халықаралық реттеудің тағдыры күтеді.

Конвенцияның негізінде Халықаралық сот орындаушыларының палатасы құрылуы тиіс.



Сурет 9 – 1952 жылы құрылған Халықаралық сот орындаушылары одағының SWOT талдауы

9-суретте, бүгінгі таңда осындай қауымдастықтардың бірі – өз қызметін 1952 жылы бастаған Халықаралық сот орындаушылары одағы. Аталған

Одақтың қызметін талдау оның қызмет аясының шектеулі екенін, негізінен ұсақ-түйек іс-шаралармен шектелетінін көрсетеді [220]. Одақтың жарғысын талдасақ, ол рухани бірлестік және халықаралық қоғамдастық үшін құрылғаны көрінеді. Алайда жарғысының ережелерінен оның жергілікті сот орындаушыларына, тараптарға нақты көмек көрсету, мемлекеттерге олардың заңнамаларын жақындату секілді функциялары мүлдем қарастырылмаған.

Мәселен, Одақтың біріздендіруге қатысты жаһандық мақсаттарының ауқымдылығына қарамастан, оның ұлттық құқықтық жүйелерге ықпал ету тетігі жоқ. Яғни оның кімге қандай көмек көрсететіні, практика тұрғысынан пайдасы және мемлекеттерге деген ықпалы, сондай ақ, шешімдерді орындату бойынша тетіктерді тиімді қылу, оңайлату және жаһандық деңгейде құқықтық реттеудің негізін қалау секілді қарапайым, бірақ өмірде керек іс-әрекеттері көрініс таппаған. Демек, ықпал ету тетігінің болмауы айтарлықтай нәтижелердің де болмауына әкеледі. Одақтың қызметі негізінен консультациялық немесе символикалық сипатқа ие, сондықтан оның ұсынымдары міндетті күшке ие болмайды және халықаралық міндеттемелердің туындауына себеп болмайды. Одақтың құрамына Африка, Америка, Еуропа және Океания мемлекеттері кіреді. Азия елдерінің ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Тайланд, Моңғолия және Біріккен Араб Әмірліктері мүше болып табылады. Жалпы мүшелердің саны 101 елді құрайды.

Негізінен, Одақтың қызметі Еуропаға көбірек бағытталғандықтан, оның басқа өңірлердің ұлттық құқықтық жүйелерімен ықпалдастығы төмен деңгейде. Одақтың басты нұсқаулықтары мен стандарттары (мысалы, Жаһандық кодекс) негізінен еуропалық сот орындау үлгісін ескере отырып әзірленген.

Жалпы алғанда, Одақтың ресми сайтында ұсынылған деректерде ресми әрі ашық есептердің болмауы оның жұмысының айтарлықтай жабық сипатын аңғартады.

Қазақстан Одақтың мүшесі ретінде көрсетілгенімен, біздің аумақта бұл Одақ тәрпынан ешқандай белсенді жұмыс жүргізілмейді. Бұл жағдай Қазақстан сот орындаушылары кәсіби қауымдастығының шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау саласындағы халықаралық кеңістікке толыққанды тартылуына мүмкіндік бермейді. Яғни, әдетте бұндай қауымдастықтардың құрылу себебі – осы қауымдастықтың мүшелеріне әртүрлі сипаттағы көмек көрсету, жұмысына жәрдемдесу, мүдделерін қорғау. Бұл Одақтың ондай қыры еш айқындалмаған.

Мәлімделген мақсатында тәжірибе алмасу мен халықаралық стандарттарды әзірлеуде елеулі рөл атқаруы тиіс болғанымен, Одақ іс жүзінде белгілі бір аумақта да, жалпы жаһандық деңгейде де атқарушылық іс жүргізу мәселелерін шешуге нақты бағытталмаған.

Осы Одақ қызметінің елеулі нәтижелерінің бірі ретінде тек Жаһандық мәжбүрлеп орындату кодексін [221] атауға болады.

Халықаралық сот орындаушылары одағының тұжырымдамасына сәйкес, Жаһандық атқарушылық іс жүргізу кодексі атқарушылық құжаттарды

мәжбүрлеп орындату процесін құрылымдауға бағытталған қағидаттардың тұтас жиынтығын белгілейтін құжат болып табылады.

Ол Еуропа Кеңесінің Rec(2003)17 ұсынымында берілген анықтамаға сәйкес келеді. Аталған құжатта атқарушылық іс жүргізу – борышкерді белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға, белгілі бір іс-әрекеттен тартынуға немесе тағайындалған ақшалай соманы төлеуге міндеттейтін сот шешімдері мен өзге де (соттық немесе соттан тыс) атқарушылық құжаттарды заңға сәйкес орындату ретінде айқындалады.

Кодекс мәжбүрлеп орындатудың барлық рәсімдері үшін толыққанды техникалық ережелерді белгілеуді мақсат етпейді. Мұндай шешім екі негізгі уәжге сүйенеді. Біріншіден, мәжбүрлеп орындату әрбір мемлекеттің егемендігімен ажырамас байланыста екендігі атап өтіледі. Осыған орай, мәжбүрлеп орындату, әдетте, борышкердің активтері орналасқан аумақпен шектеліп, тиісті мемлекеттің рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Екіншіден, азаматтық мәжбүрлеп орындату рәсімдері әртүрлі елдерде айтарлықтай өзгешеленетін ерекше мәдени, әлеуметтік және экономикалық жағдайларды бейнелейді. Борышкерлердің мінез-құлқы, мүліктің сипаты және жылжымалы мүліктің құрамы әр елде әртүрлі болып келеді. Осы айырмашылықтарды ескере отырып, Жаһандық атқарушылық іс жүргізу кодексінің мақсаты – әрбір елдің нақты мәжбүрлеп орындату жүйесіне бейімделуі мүмкін әмбебап принциптердің негізгі жиынтығын айқындау. Аталған принциптер қолданыстағы құқықтық дәстүрлерге қарамастан, мәжбүрлеп орындаудың мінсіз үлгілерін белгілеуге мүмкіндік береді деп белгіленген [221]. Осылайша, Жаһандық атқарушылық іс жүргізу кодексі бүкіл әлемде азаматтық мәжбүрлеп орындаудың әділ әрі тиімді жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесуге бағытталған халықаралық стандарттарды белгілейді.

Жаһандық кодекстегі іргелі принциптердің ішінде мыналар атап көрсетіледі: шешімнің орындалуына деген құқық; борышкер өзінің барлық мүлкі мен өз борыштары үшін жауап береді; атқарушылық күші бар барлық сот шешімдері атқарушылық құжаттар ретінде танылады; мәжбүрлеп орындау дереу жүзеге асырылуы тиіс; мәжбүрлеп орындауға кеткен шығыстар борышкерге жүктеледі, алайда өндіріп алушы оларды алдын ала төлеуі тиіс (соның ішінде шығыстардың ашықтығы, атқарушылық алымның айқындылығы мен болжамдылығы, іс-әрекеттің өзектілігі қамтамасыз етілуі қажет); орындаушы мәжбүрлеп орындауды адал және ақылға қонымды мерзімде жүзеге асыруы тиіс; борышкер әрбір атқарушылық әрекетпен танысуға құқылы; ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс [221]. Бұл принциптер деп аталатын ережелер жалпылама түрде, іргелі негізге алынуы керек және әмбебап нормаларға жатпайтыны анық. Нормалар аморфты сипатта бекітілген.

Сонымен қатар, Жаһандық кодекстің мәтінін Одақтың қызметімен бірге талдау кодекстің нормалары декларативті сипатқа ие екенін көрсетеді, ал Сот орындаушыларының одағы өз функцияларын тек номиналды түрде орындайды.

Жоғарыда айтылғандай, Одақ негізінен Еуропаға бағытталған. Сол себепті Жаһандық кодекс еуропалық емес елдердің құқықтық жүйелерінің ерекшеліктерін ескермейді.

Бүгінгі таңда атқарушылық іс жүргізу саласындағы жалғыз халықаралық органның қызметінде жоғарыда аталған барлық проблемалар анықталғанын ескере отырып, біз оның қызметін жаңғырту және сот орындаушыларының ұлттық өкілдіктерін біріктіретін халықаралық ұйымдарға жататын жаңа бірлестікті – Халықаралық сот орындаушыларының палатасын құруды ұсынамыз (Қосымша Г)-ға сәйкес. Бұл палатаның негізгі мақсаты – бүкіл әлем бойынша атқарушылық іс жүргізу ережелерін біріздендіру және ұлттық заңнаманы үйлестіру бойынша жұмыс жүргізу. Біз бұл қызмет алдағы бірнеше жыл ішінде, тиімді жұмыс жасай отырып, ықтимал қақтығыстарды жоюға немесе біркелкілендіруге мүмкіндік беретін бірыңғай орындау тәртібін қалыптастыруға әкеледі деп болжап отырмыз. Палата сот орындаушылары мен атқарушылық іс жүргізу саласындағы уәкілетті органдардың қызметін ұйымдастырушылық және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты болу керек. Палата нысанындағы ұйымның одақтан айырмашылығы (әртүрлі одақтар мен палаталардың жұмысын талдау нәтижесінде), палата нақты бір сала бойынша мамандарды біріктіріп, институционалды платформа болып табылады. Одаққа қарағанда палатаның жұмысы жоғарыдан міндеттеуші фактор арқылы емес, ішкі тұрғыдан оның құрылымына енгізілген келісім негізінде жүзеге асырылады. Одаққа қарағанда палата күрделі бюрократиялық рәсімдерді талап етпейді, алайда, сарапшылар орталығы болып, мамандардың танымал болуы арқылы оның рөлі артады. Негізінен, кәсіби қауымдастықтар палата түрінде құрылады, ал олардың негізгі қызметі нақты саладағы практиканы жетілдіруге бағытталады. Одақ негізінен саясатқа жақын болса, палата тек сала бойынша мәселелерді қамтып, бейтарап ұйым болып табылады. Бұл палатаның шешімдері міндетті емес дегенді білдірмейді, керісінше, практика көрсеткендей (мысалы Халықаралық сауда палатасының жұмысын талдасақ), палатаның құжаттары ұлттық сарапшылар желісі арқылы барлық юрисдикцияларға тарап, практикасына сәтті енгізіледі. Сол себептен атқарушылық іс жүргізу саласындағы біз ұсынып отырған халықаралық ұйымды палата түрінде құруды жөн көріп отырмыз.

Палатада әр мемлекеттен екі ұлттық өкіл болуы тиіс. Екі өкіл елдердің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету үшін жеткілікті кепілдік болып табылады. Қазақстан Республикасының жағдайында бұл өкілдер ретінде Республикалық жеке сот орындаушыларының палатасы мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитетінің өкілі тағайындалуы тиіс. Егер біріншісінің функциялары ҚР территориясында сот орындаушыларының практикалық қызметін үйлестіруді, жеке сот орындаушыларының мүдделерін қорғауды, оларға әдістемелік, практикалық, кеңестік көмек көрсетуді қамтыса [222], екіншісі атқарушылық іс жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырып, атқарушылық іс жүргізу жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдайды, сондай-ақ, Комитет

реттеу, іске асыру және бақылау функцияларын орындап, атқарушылық құжаттарды орындаудың мемлекеттік саясаты саласындағы стратегиялық функцияларды орындауға да қатысады [223].

Палатада жалпы органдар да (елдер өкілдерінің қатысуымен жылына 1 рет өтетін жалпы кеңес), сондай-ақ жекелеген комиссиялар, мысалы, ғылыми-сараптамалық комиссия (ол орындау ережелерін әзірлеу жөніндегі идеяларды дамытатын және іске асыратын) құрылуы тиіс. Бұл комиссия әр елден келген сарапшылар (теоретиктер, практиктер) пулын біріктіре алады. Әрбір мемлекет палатаның мүшесі бола отырып, өз аумақтарында шетелдік сот және төрелік шешімдерін тануға және орындауға қатысты атқарушылық іс жүргізудің бірыңғай ережелерін енгізу бөлігінде халықаралық міндеттемелерді өз мойнына алуға тиіс. Бұл ережелер палатада жергілікті деңгейдегі ұлттық өкілдіктер арқылы жинақталып, ғылыми-сараптамалық комиссияның салыстырмалы талдауы негізінде өңделуі мүмкін және осылайша жекелеген елдердің ұлттық заңнамасына қайшы келмейтін бірыңғай ережелер жасалуы мүмкін. Қазіргі Одақтың қателіктерін ескере отырып, палата елдердің барынша кең өкілдігін тарту арқылы ашық және жария қызмет атқаруы тиіс.

Осылайша, әртүрлі аймақтардың адам құқықтары саласындағы сарапшылары, заңгерлері және сот орындаушылары өз өкілдері арқылы қатысатын палата даулы жағдайларды қарастыра алады, консультативтік қорытындылар бере алады және реформалар бойынша ұсыныстар әзірлей алады.

Сонымен қатар, халықаралық актілер, орындау тетігі, қолданылатын мәжбүрлеу шаралары, статистикалық деректер және басқа да ақпаратты жинақтайтын бірыңғай цифрлық платформаны әзірлеу де маңызды болып табылады. Бұл платформа ашық болып, палатаның барлық мүшелері мен қызығушылық танытқан тұлғаларға (әлеуетті өндіріп алушыларға) қолжетімді болуы тиіс. Бұл платформа атқарушылық іс жүргізуге қатысты барлық құжаттар мен атқарушылық құжаттарды орындаумен байланысты барлық іс-әрекеттермен таныса алатындай өндіріп алушыға қолайлы болуы тиіс.

Біз осы бөлімшенің бас жағында ұсынған әмбебап конвенция негізінде Палатаға шетелдік шешімдерді орындаудың үлгілік (стандартты) тетігін (халықаралық мәжбүрлеп орындату стандарты) әзірлеуге болады. Бұл үлгілік тетік тану және орындау тәртібін нақтылай отырып, елдердің ұлттық заңнамасын үйлестіру процесін бастауға көмектеседі. Үлгілік тетік тану және орындау бойынша, сондай-ақ шетелдік сот және шетелдік төрелік шешімдеріне қатысты жеке әзірленуге тиіс. Бұл субъектілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді едәуір жеңілдетеді. Бұндай стандарттың негізі ретінде ұсынылып отырған палатаға мүше болатын әрбір елдің заңнамасын ескере отырып әзірленетін нұсқаулық болуы керек (осы жұмыстың 3.1-бөлімшесінде және Қосымша Б-да ұсынылып отырғандай). Осындай нұсқаулықтардың негізінде әрі қарай Палата бірыңғай әртүрлі елдердің заңнамасына қайшы келмейтіндей стандарт жасап шығарса, ол мемлекеттердің заңнамасын үйлестіруге ықпал етер еді.

Сонымен қатар Палата сот орындаушыларының кәсіби мінез-құлық кодексін әзірлеуге тиіс, ол этика, мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, атқарушылық іс жүргізу тараптарының мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету, адам құқықтарын сақтау және басқа да мәселелерді қамтиды.

Бұл құжаттар Палатаға кірген елдер үшін бірыңғайландыру мақсатында міндетті болып табылып, кірмегендер үшін ережелерді үйлестіру үшін ұсынымдық сипатқа ие болады. Атап өтілгендей, Конвенция біріздендіруге, ал стандарттар мен кодекс үйлестіруге бағытталады. Нәтижесінде, әлемдік қоғамдастық Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, әрбір елдің Конституциясын және басқа да іргелі құжаттарды іске асыру мақсатында шетелдік сот және төрелік шешімдерін танудың және әсіресе, орындаудың әртүрлі ережелерін біріктіре алады. Ол әлем бойынша шешімдердің еркін қозғалуын қамтамасыз етудегі және субъектілердің құқықтарын қорғаудағы үлкен қадам болар еді.

Әрине, біз ұсынатын шетелдік және ішкі шешімдер тетігін бөлек реттеу жүйесі шешімдерді танитын судьялар мен шешімдерді орындауға жауапты сот орындаушыларының жұмысын қиындататын сияқты көрінуі мүмкін. Алайда палатаға қатысушы мемлекеттердің сауатты құрылған саясаты және палатаның жүйелі әрі құрылымдық қызметі шетелдік шешімдерді тану және орындау рәсімін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстан аумағында Германиядан өндіріп алушының пайдасына Ағылшын сотының шешімі орындалуы тиіс. Біріншіден, сотта нақты тану ережелері болады, сот орындаушысында шетелдік сот шешімінің резолютивтік бөлігімен жұмыс істеу алгоритмі қарастырылған, ал өндіріп алушы бастапқы дереккөзден алынған барлық қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады. Егер борышкердің Түркия аумағында мүлкі бар екені анықталса, сот орындаушылары әділет органдары мен басқа делдалдық арналарды айналып өтіп, тікелей палата арқылы өзара әрекеттесе алады.

Бір қарағанда, сот және төрелік шешімдерін тану және орындау мәселелерінде Қазақстан, АҚШ және Сауд Арабиясы сияқты әртүрлі құқықтық мәдениет қалыптасқан елдер үшін бірдей жарамды әмбебап стандарттарды жасау мүмкін емес сияқты көрінеді. Алайда осы талдау барысында біз өңірлік деңгейде осындай тетіктерді енгізу табысқа жететінін байқадық. Сондықтан табысты іске асырылған өңірлік тетікті әлемдік деңгейге кеңейту қажет.

Бұл ретте, әрине, жаңа Палатаның Конвенцияның ережелерін орындауы ұлттық құқықтық тәртіптің еркі мен оның тетіктеріне байланысты болатынын есте ұстау қажет. Оны іске асыру үшін нақты және сенімді мәжбүрлеу тетігі болуы тиіс. Сонымен қатар өздерінің шетел шешімдерін тану және атқарушылық іс жүргізу ережелерін жаңа деңгейге шығарамын деген ел үшін *parata sunt servanda*, яғни келісім-шарт орындалуы тиіс деген қағида басымдыққа ие болуы керек.

Сонымен қатар, жаңа құжат жасаудың орнына мемлекеттердің қолданыстағы құралдарға қатысуын кеңейтіп, олардың қолданылуын дамыту әлдеқайда қисынды болар еді деген ой да туындауы мүмкін. Алайда,

жүргізілген талдау көрсеткендей, 1958 жылғы Конвенция қазіргі уақытта ескірген, міндетті сипатқа ие емес және өз функцияларын толық атқармайды, себебі онда нақты орындау тетігі қарастырылмаған. Ал 2019 жылғы Гаага Конвенциясы қатал сипатта болып, негізінен батыс елдеріне бағытталған, оның әлемдік деңгейдегі конвенция болуы екіталай.

Осылайша, егер Халықаралық сот орындаушылар палатасының идеясы дамитын болса, онда жақын болашақта біз халықаралық атқару парағы негізінде бірыңғай орындау тетігіне қол жеткізе аламыз. Жоғарыда айтылғандарды іске асыру үшін ең алдымен елдер бір-бірінің сот органдарына сенуі қажет. Бұл палата және оның құжаттары шетелдік шешімдерді тану және орындау шеңберінде қалыптасатын қатынастарды тиімді және жедел реттеуге қабілетті нормалардың тұрақты, икемді және болжамды жүйесін құру мақсатында әмбебап принциптері бар халықаралық қоғамдастықтың өнімі болуы тиіс.

Ұлттық заңнама жаңа сот орындаушылар палатасы қабылдайтын халықаралық стандарттарға мүмкіндігінше жақын болуға тиіс.

Мәжбүрлеп орындау тетігін ұлттық деңгейде жетілдіру туралы айтқанда, келесі мәселелерді атап өткен жөн.

Талдау көрсеткендей, Қазақстанда халықаралық келісім болмаған жағдайда шетелдік сот шешімдерін танудың әмбебап тетігі жоқ, бұл реттеудің толық болмауына әкеледі. Құқық қолдану практикасы, жалпы алғанда, біртекті емес және әдістемелік түсіндірулердің қажеттігін көрсетеді (біз 3.1-бөлімшеде алгоритмді ұсынып, осы бағытта бір қадам жасадық).

Тәжірибе көрсеткендей (1.1-бөлімшеде келтірілген), соттар бас тарту негіздерін әртүрлі түсіндіреді, әсіресе бағалау өлшемшарттары бойынша: «қоғамдық тәртіпке қайшы», «тиісті құқықтық рәсімнің жеткіліксіздігі», «тарапты хабардар етпеу» және т.б. Кейбір соттар нормативтік актілерде көзделмеген қосымша процестік негіздер бойынша танудан бас тартып, шамадан тыс формальды тәсіл қолданады, бұл халықаралық міндеттемелердің рухына қайшы келеді. Сонымен қатар, шетелдік актілерді тануға және орындауға қатысты шешімдердің бірыңғай базасының немесе ашық әрі қолжетімді тізілімінің жоқтығы маңызды проблема болып табылады. Бұл өндіріп алушының ақпаратқа қол жеткізуін, тараптарды сот қарауына дайындауды, тәжірибені талдауды және біз ұсынған құқықтық айқындылық принципін қиындатады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, осы күнге дейін қалыптасқан халықаралық реттеу мен әртүрлі деңгейдегі тану мен орындау тетіктерін замануи талаптарға сай келетіндей оларды жетілдіру жолдарын ұсындық. Ең алдымен шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің айналымы әлемдік деңгейде болғандықтан, оның негіздері бірыңғайландырылған болуы тиіс деп санаймыз. Бірыңғайландыру үрдісі неғұрлым қарқынды жүрсе, соғұрлым елдердің ұлттық заңнамасы да үйлестіріледі. Біздің ойымызша, егер ұсынылып отырған әмбебап халықаралық құжат қабылданса, әлем бойынша мемлекеттер оны ратификацияласа міндетті түрдегі бірізділік болып, ешқандай

карама-қайшылықтар туындамайтын еді және өндіріп алушылардың құқықтарын қорғауға кепілдік берер еді. Бұл құжат осындай әмбебап болу үшін ол қарапайым және барлығына түсінікті де оңай, сонымен қатар, тиімді тану мен орындау ережелерін ұсынуы тиіс. Бұл құжат қабылданатын болса, түрлі коллизиялардың алдын алуға болар еді. Қазіргі таңда проблема және шешімдердің орындалмай қалуы бірізділіктің жоқтығымен, басқа елден келетін шешімдерді тану мен орындау ережелерінің шашыраңқылығымен және аумаққа байланыстылығымен айқындалады. Ал басқа елдің шешімдері ол эксаумақтық деңгейде қарастырылатын мәселе, себебі бұл жерде бір мемлекеттің аумағынан тыс шығуды білдіретін құжат бар. Осындай бірыңғайландырылған құжат болған жағдайда және оның негізінде даярланған стандарт болса, ұлттық деңгейдегі шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау мәселесі туындамас еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмыс барысында Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау рәсімін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіз дамуы мен құқық қолдану тәжірибесіндегі олқылықтарға байланысты бірқатар жүйелі және практикалық қиындықтарға тап болып отырғаны айқындалды.

Осыған орай, халықаралық реттеудегі бірыңғайландыру жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасы мен практикасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу мақсат етілді. Нәтижесінде шетелдік сот және төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысындағы атқарушылық іс жүргізу мәселелері кешенді түрде зерттелді. Зерттеу үшін негізгі мүдделі субъект ретінде қарастырылған шетелдік өндіріп алушылардың мүдделерін заманауи талаптарға сай қамтамасыз етуге жол ашатын ұлттық және халықаралық тетіктер ұсынылды. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату мәселелерін зерттеу тақырып аясында қойылған мақсатқа сәйкес міндеттерді толығымен қамтып, жүргізілді.

Бірінші міндетті орындау нәтижесінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың маңыздылығы дәлелденді. Анықталғандай, құқықтық реттеу тетігі шешім шығарылған кезде емес, ол орындалған кезде толыққанды жүзеге асырылады. Шетелдік сот және төрелік шешімдерін Қазақстанның территориясында орындату арқылы өндіріп алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделері қалпына келтіріледі. Мемлекеттер, егер халықаралық қауымдастықтың адам құқықтарын құрметтейтін мүшесі болса, өздерінің атқарушылық іс жүргізу ерекшеліктерімен таныс емес шетелдік өндіріп алушыларға, олардың ішінде инвесторларға да, құқықтық реттеу жағынан қолайлы жағдай жасауы тиіс.

Екінші міндетті орындау нәтижесінде шетелдік сот пен төрелік шығарған шешімдердің орындалуын реттейтін нормалар жиынтығының құқық жүйесінде алатын орны анықталып, бұл нормалар халықаралық жеке құқық саласының ішіндегі халықаралық азаматтық процесс пен халықаралық коммерциялық төрелік бөлімдерінде қарастырылмауы тиіс екені дәлелденді, себебі бұл салалардың әрқайсының өзіне тән функциялары бар. Халықаралық жеке құқық шетел элементімен күрделенген қатынастарда қолданылатын құқықты анықтауға көмектесе, халықарылақ азаматтық процесс пен халықаралық коммерциялық төрелік трансшекаралық қатынастардан туындайтын дауларды шешуді реттейді. Бұл салалар шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындауды реттейтін нормаларды қамтымайды. Ал атқарушылық іс жүргізу сот пен төреліктердің дауды шешу бойынша жасалған жұмысы нәтижесінде шығарылған шешімдерді мәжбүрлі түрде уақытылы орындалуын реттейді. Бұндай нормалар ұлттық құқық шеңберінде атқарушылық іс жүргізу саласының ішінде қарастырылған. Сонымен қатар, егер атқарушылық іс жүргізу дербес сала болып табылса, шетелдік шешімдерді орындатуды реттейтін нормалар жиынтығы осы саланың ішіндегі институттардың бірі болып табылады. Бұл

институт атқарушылық іс жүргізу саласының ішіндегі субъектілері және объектілерімен ерекшеленетін құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталатын нормалар кешенінен тұрады деген тұжырымға келдік.

Үшінші міндетті орындау нәтижесінде шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындау рәсімдерін құқықтық тұрғыдан реттеуге арналған халықаралық, өңірлік және ұлттық деңгейдегі негізгі актілерді талдап, қазіргі таңдағы негізгі құжаттарға сыни талдау жүргіздік. Оның нәтижесінде ҚР-дағы атқарушылық іс жүргізуді реттейтін заңнамасында шетелдік шешімдердің орындалуына көңіл бөлінбейтіні анықталып, АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңға бөлек тарау енгізілуі керектігін ұсындық. Ал халықаралық деңгейде осы сұрақты реттейтін актілердің замануи талаптарға сай келмейтіндігі, тану мен орындауды ішінара реттейтіндігі, әртүрлі себептерге байланысты (мысалы, жүйесіздік, қоғамдық қатынастар алға кетіп, құжаттың шынайы қатынастардан қалып қоюы, нормалар императивті емес болғандықтан, бірізділіктің жоқтығы және т.б.) жаһандық айналымның деңгейіне сай келмейтіндігін анықтауға көмектескен шолу зерттеу нәтижесінде жасалатын маңызды тұжырымдардың әзірленуіне негіз болды.

Төртінші міндетті орындау нәтижесінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындамас бұрын, олардың тану рәсімінен өткізілетіні анықталды. Сырттан келген шешімдерді орындау осымен ерекшеленеді, себебі ішкі шешімдерге танудан өту қажеттігі туындамайды. Тану ол басқа елден келген шешімге орындау аумағына кіруге рұқсат беру ретінде қарастырылады. Танылған шешім әрі қарай атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жіберіледі. Сонымен қатар, тану мен орындау ұғымдарының ара-қатынасы анықталды. Олар бір-бірімен байланысты іс-әрекеттер тізбегін құрайды. Құқықтық реттеу барысында, тәжірибе және доктринада «тану және орындау» сөз тіркесі кеңінен қолданылатыны анықталды. Алайда бұл тіркес әрбір әрекеттің субъектілік құрамы, құқықтық реттелуі мен рәсімдік ерекшеліктерін ескермейді. Бұл екі өзара байланысты, бірақ мазмұны жағынан бөлек іс-әрекет болғандықтан, тану – қажетті алғышарт, ал орындау – өндіріп алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің мәні болып табылады. Сондықтан, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін «тану» және «орындау» ұғымдарын әртүрлі іс-әрекеттер ретінде ажыратып қарастыру, сондай-ақ бұл терминдерді құқықтық реттеуде, доктринада және тәжірибеде біртұтас байланысқан іс-әрекет ретінде қолданбау ұсынылады. Бұл екі әрекеттің субъектілері, негіздері, құқықтық реттелуі және салдарлары өзара ерекшеленеді. Аталған сөз тіркесін біртұтас ұғым ретінде қолдану шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану кезінде сот жүзеге асыратын, сондай-ақ оларды орындау барысында сот орындаушысы атқаратын іс-әрекеттердің шынайы мәні мен рәсімдік кезеңдері жөнінде жаңсақ түсінік тудырады.

Бесінші міндетті орындау нәтижесінде шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен орындаудан бас тартудың негіздерін жүйелеп қарастырдық. Орындалу елінің территориясына басқа елден келген шешім әрдайым орындала бермейтіні анықталды. Қазіргі таңда НҰК-да төрелік

шешімдерін танудан бас тарту негіздері мен ҚР АПК-да сот шешімдерін танудан бас тарту негіздері бекітілген. Сот шешімдеріне қатысты заңнамада бекітілген ережеге сәйкес, егер халықаралық шарт болмаса, сот шешімдері өзара түсіністік негізінде танылуы тиіс. Өзара түсіністік ұғымын талдау нәтижесінде оны қолдану құқықтық айқындылықты қамтамасыз етпейтіні, сонымен қатар, дәлелдеу фактісі мен екі ел арасындағы саяси жағдайға тәуелді екені анықталды. Сондай-ақ, бұл принцип көбінесе теріс жауап ретінде қолданылады. Осы себептерге байланысты өзара түсіністік принципін халықаралық сыпайылық принципімен алмастыру ұсынылып отыр, себебі ол мемлекеттер арасындағы бір-бірінің юрисдикциясы мен сот органдары шығарған шешімдеріне сенімділікті білдіріп, тек нақты бас тарту негіздеріне сүйенуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, төрелік шешімдерді танудан бас тартуға келер болсақ, НҰК пен ұлттық заңнамада бекітілген ең даулы ереженің бірі – жария тәртіп туралы ескертпеге – түсіндірме беріліп, шетелдік сот және төрелік шешімдерін танудан бас тарту негізі ретінде жария тәртіпті қолдану бойынша судьяларға арналған ҚР Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысының жобасы әзірленіп (Қосымша Б), оның ережелері негізделіп, ұсынылды. Одан басқа да төрелік шешімдерін танудан бас тарту негіздері талданып, әрқайсысы бойынша қолдану бағыттары анықталды.

Алтыншы міндетті орындау нәтижесінде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындаудан бас тарту мәселелері қарастырылды. Зерттеу барысында ҚР мен басқа юрисдикциялардың талаптарын талдай келе, төменде көрсетілген орындаудан бас тартудың әмбебап негіздері ұсынылды. Осылай, танудан өткен шешімдерді мәжбүрлеп орындатудан бас тартудың негіздерін ұсындық. Ұсынылып отырған негіздер әмбебап сипатқа ие болып, дүниежүзілік деңгейде енгізілсе, атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту негіздерінде бірізділік пен құқықтық айқындылық орнатылатын еді.

Сондай-ақ, қазіргі таңда халықаралық атқарушылық іс жүргізудің принциптері біртұтас емес, үзінді-үзінді түрінде айтылып жүр және де басқа авторлар талдап жүрген принциптер аморфты, нақты мазмұны жоқ, принцип ретінде қолдануға жатпайтын ережелерді білдіретіні анықталды. Осындай кемшіліктер бар екенін анықтап, халықаралық атқарушылық іс жүргізу принциптерінің жаңа кешенін қарастыру керек деп санаймыз. Біз ұсынып отырған принциптер әмбебаптыққа негізделсе, дүниежүзі бойынша шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындату процедурасы жеңілдер еді және азаматтық айналым шеңберінде өндіріп алушылардың құқықтарын қалпына келтіруге кепіл болар еді. Төменде келтірілген принциптер кешені бір-бірімен байланысты негіздердің логикалық тізбегі ретінде құрылған, оларға келесілерді жатқызуды жөн деп есептейміз.

1. Халықаралық сыпайылық.
2. Шешімдердің еркін қозғалуы.
3. Нақты байланыс.
4. Орындау аумағының аса императивті нормаларын бұзбау.
5. Өндіріп алушының құқықтарын қорғау.

6. Құқықтық айқындылық.

7. Жәрдемдесу.

Осылай, жоғарыда аталған принциптер шетелдік сот пен төрелік шешімдеріне қатысы бар барлық органдар мен қауымдастықтар үшін және атқарушылық іс жүргізудің субъектілері үшін іргетас болып қалануы керек деген тұжырымға келдік. Ұсынылып отырған принциптердің артықшылығы – олардың нақтылығында. Егер кез келген құқық нормасы нақты болса, ол құқықтық айқындылықты қамтамасыз етеді.

Жетінші міндетті орындау нәтижесінде халықаралық және ұлттық деңгейде шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындау тетіктерін жетілдірудің тиімді жолдары ұсынылды. АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңының ережелеріне сәйкес қадамдарды жүйелеу барысында біз әртүрлі ел өз заңнамасында атқарушылық іс жүргізудің ережелерін бекітетіндігіне және ол заңнаманы ғаламтор желісі болмаса, тауып, онымен танысу қиындыққа соғатынына көз жеткіздік. Барлық керекті мәлімет әртүрлі парақшаларда, көбінесе ұлттық тілде, практикалық қадамдарды қамтымайтын жүйелі емес түрде көрініс тапқан. Бұл іс жүргізу барысында шетелдік өндіріп алушылар зардап шегуі әбден мүмкін, себебі олар өздеріне жат құқықтық жүйеде өз құқықтарын қалпына келтіруге мәжбүр болады деген сөз. Сол себептен осы аумақпен байланысы бар борышкерге қарағанда олар әлдеқайда осал жағдайда болады. Осыған байланысты сот төрелігіне және өз құқықтарын қорғауға тең мүмкіндік алу принципіне сәйкес келмейтін құрылымдық-мәліметтік ассимметрия жағдайы туындайды, яғни басқаша айтқанда атқарушылық іс жүргізу тараптары арасындағы тепе-теңдік бұзылады.

Осы міндетті орындау барысында ҚР заңнамасындағы ережелер талдаудан өтіп, атқарушылық іс жүргізудің барлық сатылары жүйеленіп, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін орындау алгоритмі ұсынылды. Алгоритм жүйелеу негізінде шетелдік өндіріп алушыларға негізгі қадамдар бойынша ақпарат беріп, процестік тұрғыдан қателікке жол бермеуді қамтамасыз етеді. Егер әрбір ұлттық құқықтық жүйеде осыған ұқсас алгоритм жасалса, ол шетелдік сот пен төрелік шешімдерін стандарттау мен бірыңғайландыру бағытындағы бірінші қадам болар еді. Сонымен қатар, ол құқықтық айқындылықтың негізін қалар еді. Бұл алгоритм Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік сот және төрелік шешімдерін орындау барысында өндіріп алушы үшін көмекші құрал болып табылады. Яғни, оның маңыздылығы – біздің құқықтық жүйенің ерекшеліктерімен таныс емес өндіріп алушы осы сатыларға бөлінген ережелерді негізге алып, оларды «тексеру парағы» (checklist) ретінде қолдануға болады. Алгоритм оған өндіріп алушы ретіндегі өз құқықтарын қорғаудағы әрбір қадамын нық басуға көмектеседі.

Ал сот орындаушыларына келер болсақ, әрине, бұл сатылар оған заңнамаға сәйкес белгілі болып тұрғанымен де, заңнамадағы шашыранқы жүйеленбеген нормаларды жинақтап, логикалық тізбекпен жасалған шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулық ретінде қолдануға ұсынылады

(Қосымша В). Ұсынылған нұсақулықтың заңи күші болуы үшін, оның «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңына сәйкес заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт нысанында бекітілгендігін жөн көреміз, яғни АІЖЖСОМ туралы ҚР Заңына сәйкес атқарушылық іс жүргізу саласында уәкілетті орган Әділет министрлігі болғандықтан, осы органның бұйрығымен бекітілген ҚР территориясында барлық сот орындаушылары үшін міндетті құжат ретінде пайдалануға енгізілгенін ұсынамыз.

Сонымен қатар, осы күнге дейін қалыптасқан халықаралық реттеу мен әртүрлі деңгейдегі тану мен орындау тетіктерін замануи талаптарға сай келетіндей оларды жетілдіру жолдары ұсынылды. Ең алдымен шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің айналымы әлемдік деңгейде болғандықтан, оның негіздері бірыңғайландырылған болуы тиіс деп санаймыз. Бірыңғайландыру үрдісі неғұрлым қарқынды жүрсе, соғұрлым елдердің ұлттық заңнамасы да үйлестіріледі. Осылайша, зерттеу нәтижесі ретінде әмбебап халықаралық конвенцияның әзірленуі негізделіп, сол конвенция шеңберіндегі тетіктерінің бірі ретінде Халықаралық сот орындаушылар палатасының құрылуы керектігі дәлелденді конвенцияның жобасы (Қосымша Г)-да берілген. Конвенцияны оған мүше болған елдердің әрқайсысы ратификацияласа міндетті түрдегі бірізділік болып, ешқандай қарама-қайшылықтар туындамайтын еді және өндіріп алушылардың құқықтарын қорғауға кепілдік берер еді.

Жалпы алғанда, шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің орындалуы және оны қазіргі кездегі талаптарға сай дамыту халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға және атқарушылық іс жүргізу жүйесіне деген сенімді арттыруға маңызды үлес қосады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, ұлттық заңнаманы жетілдіру және сот практикасын біріздендіру қажет.

Осы саланы әрі қарай дамыту келесілерді қамтиды:

1. Халықаралық-құқықтық базаны реформалау және кеңейту.
2. Сот және сот орындаушылар практикасын біріздендіру мақсатында шетелдік сот шешімдерін тану мен орындауға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық құжаттарды қолдану жөнінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының түсіндірмелерін әзірлеу.
3. Халықаралық жеке құқық және халықаралық азаматтық процесс саласында, сондай ақ, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен орындау саласында судьялар мен сот орындаушыларының біліктілігін арттыру.
4. Мемлекетаралық цифрлік платформаларды әзірлеп, электрондық ақпарат алмасу туралы келісімдер негізінде шетелдік уәкілетті органдармен құжат айналымын цифрландыру және жеделдету.

Қарастырылып отырған мәселе күрделі, әрі тың болғандықтан, оның барлық аспектілерін түбегейлі талдау үшін алдағы уақытта бөлек зерттеулер жүргізілуі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // <https://adilet.zan.kz/>. 21.01.2026.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу: Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta>. 21.01.2026.
- 3 Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы 2016-2024 жылдардағы статистикалық есептер // <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>. 21.01.2026.
- 4 Civil Justice for Kazakhstan, 2024 // [https:// worldjusticeproject.org /rule-of-law-index/country/2024/Kazakhstan/Civil%20Justice/](https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/country/2024/Kazakhstan/Civil%20Justice/). 21.01.2026.
- 5 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы: 2024 жылдың 30 шілдесі, №611 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2400000611#z879>. 21.01.2026.
- 6 Конусова В.Т. «Негосударственные процедуры урегулирования гражданско-правовых споров»: дис... канд.юрид.наук: 12.00.03. – Алматы, 2010, 175 с.
- 7 Сарина С.А. «Разрешение споров международным коммерческим арбитражем»: дис... канд.юрид.наук: 12.00.03. – Алматы, 2010, 181 с.
- 8 Акимбекова С.А. Признание и приведение в исполнение решений иностранных судов и арбитража в Республике Казахстан: автореф. ... док. юрид. наук: 12.00.01. – Бишкек, 2011. – 46 с.
- 9 Акимбекова М.А. Особенности разрешения инвестиционных споров с участием Республики Казахстан: дис... на соискание доктор PhD. – Алматы, 2023, 118 с.
- 10 Абилова М.Н. Определение применимого права: вопросы теории и практики: дис... на соискание доктор PhD. – Астана, 2015, 174 с.
- 11 Аленов М.А. Исполнение судебных актов и актов иных органов по законодательству Республики Казахстан // В кн.: Исполнение судебных актов. – Астана, 2013. – 266 с.
- 12 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в 2 т. – Алматы, 2001. – Т. 2. – 468 С. С. 383.
- 13 Suleymenov M., Duissenova A., Ilyassova K., Ossipov Yer., Kaziyeva G. Recognition and enforcement of arbitration awards in Kazakhstan / M. Suleymenov, A. Duissenova, K. Ilyassova, Yer. Ossipov, G. Kaziyeva // The Journal of Social Sciences Research. Special Issue. 5, pp: 358-367, 2018. ISSN(e): 2411-9458, ISSN(p): 2413-6670 (Scopus, IF – 0,153). 21.01.2026.
- 14 Калдыбаев А., Линник А. Применение понятия «публичный порядок» в арбитраже // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39612021. 21.01.2026.
- 15 Карабельников Б.Р. Нью-Йоркская конвенция 1958 года о признании и приведении в исполнение иностранных арбитражных решений: проблемы

теории и практики применения: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03. – М., 2001. – 201 с.

16 Лиц М.О. Признание и исполнение решений иностранных судов и арбитражей в Российской Федерации: соотношение международно-правовой и внутригосударственной регламентации: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.10. – Екатеринбург, 2002. – 190 с.

17 Сорокина С.С. Признание и приведение в исполнение решений иностранных судов на территории Российской Федерации. Дисс.на соискание к.ю.н. М, 2004. 185 с.

18 Зайцев Р.В. Признание и приведение в исполнение в России иностранных судебных актов. Дисс... на соискание ученой степени к.ю.н. Екатеринбург, 2005, 216 с.

19 Малюшин К.А. Принципы гражданского исполнительного права: теоретические проблемы понятия и системы: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.15. – Екатеринбург, 2010. – 222 с.

20 Чурилина Н.А. Международно-правовые основания юрисдикционного иммунитета государства: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.10. – М, 2018. – 157 с.

21 Костин А.А. Правовые основания признания и исполнения иностранных судебных решений в Российской Федерации: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.10. – М, 2018. – 266 с.

22 Сюрмеев К.Е. Трансграничные коммерческие споры: проблема параллельных разбирательств: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03. – М., 2019. – 210 с.

23 Шеповалова О.А. Правовое регулирование косвенной судебной юрисдикции по трансграничным частноправовым спорам: дис. ... канд. юрид. наук: 5.1.5. – СПб., 2024. – 217 с.

24 Гильманова В.И. Возбуждение производства по делу о признании и приведении в исполнение решений иностранных судов в арбитражном процессе: дис. ... канд. юрид. наук: 5.1.3. – М., 2024. – 268 с.

25 Барциц В.И. Взаимодействие российской и иностранных юрисдикций в гражданском судопроизводстве: дис. ... канд. юрид. наук: 5.1.3. – М., 2025. – 257 с.

26 Признание и приведение в исполнение иностранных арбитражных решений: Науч.-практ. коммент. к Нью-Йорк. конвенции 1958 г. / Б.Р. Карабельников. - Москва : Юстицинформ, 2001. - 366 с.

27 Гетьман-Павлова И.В. Рассмотрение дел с участием иностранных лиц в российском гражданском и арбитражном процессе : монография / Гетьман-Павлова И. В. - Москва : Изд-во МГОУ, 2004. - 172 с.

28 Бессонова А.И. Признание и исполнение решений международных инвестиционных арбитражей / А. И. Бессонова ; Уральский государственный юридический университет, Кафедра гражданского процесса. - Москва : Статут, 2020. - 222 с.

29 Костин А.А. Правовые основания признания и исполнения иностранных судебных решений в Российской Федерации / А. А. Костин. - Москва: Статут, 2020. - 205 с.

30 Костин А.А. Признание и исполнение иностранных судебных решений в праве России и зарубежных стран : (исторический генезис понятий и их взаимное соотношение) / А. А. Костин ; Исследовательский центр частного права имени А. А. Алексеева при Президенте Российской Федерации. - Москва : Статут, 2025. - 154, [1] с.

31 Валеев Д.Х. Комментарий к Федеральному закону «Об исполнительном производстве» (с постатейными материалами). – М.: Статут, 2011. – 950 с.

32 Дробязкина И.В. Международный гражданский процесс: проблемы и перспективы. – СПб., 2005. – 321 с.

33 Исполнительное производство / под ред. В.А. Гуреева. – М.: Статут, 2021. – 550 с.

34 Мамыкин А.С. Исполнительное производство: учеб. – М., 2017, 606 с.

35 Исполнительное производство / под проф. В.В. Яркова. – М.: Статут, 2020. – 576 с.

36 Богуславский М.М. Международное частное право. – Изд. 5-е, перер. и доп. – М., 2004. – 602 с.

37 Гетьман-Павлова И.В. Наука международного частного права: Ульрик Губер // Вопросы правоведения. – 2012. – №4(16). – С. 166-230.

38 Международное частное право / под ред. Г.К. Дмитриевой. – М., 2001. – 656 с.

39 Звеков В.П. Международное частное право: курс лекций. – М., 2000. – 686 с.

40 Лунц Л.А. Курс международного частного права: В 3 т. – М.: Спарк, 2002. – Т. 2. – 1007 с.

41 Международное частное право / под ред. Н.И. Марышева – М.: Юрист, 2004. – 602 с.

42 Recognition and Enforcement of Foreign Arbitral Awards: The Interpretation and Application of the New York Convention by National Courts / ed. G.A. Bermann. – NY.: Springer International Publishing, 2017. – 1096 p.

43 Sanders P. The making of the Convention // In book: Enforcing Arbitration Awards under the New York Convention. Experience and Prospects. – N.Y., 1999. – P. 3-5.

44 North P.M. Cheshire and North's private international law. – London, 1999. – 1204 p.

45 Бендевский Т. Международное частное право / пер. с македон. – М.: Статут, 2005. – 446 с.

46 Асанов (Нұртан) А.Е. Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования // Вестник Института законодательства РК. – 2018. – №3(52). – С. 157-163.

47 Асанов (Нұртан) А.Е. Обеспечение эффективности института частных судебных исполнителей в Республике Казахстан // Вестник института законодательства и правовой информации РК. – 2022. – №4(71). – С. 276-283.

48 Нұртан А.Е. Сущность и значение исполнительного производства как отдельной отрасли права // Вестник Института законодательства и правовой информации. – 2022. – №4(71). – С. 276-283.

49 Нұртан А.Е. К вопросу о необходимости расширения перечня исполнительных документов (при внесудебном урегулировании споров // Вестник Института законодательства и правовой информации. – 2024. – №1(76). – С. 257-265.

50 Nurtan A.Ye., Abilova M.N. On the need to define the concept of “public order” in the context of recognition and enforcement of foreign judicial and arbitration decisions in the Republic of Kazakhstan (М.Н. Абиловамен авторлық бірлестікте) // <https://doi.org/10.31489/2025L2/164-173> // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы, 2025, 30, 2 (118), Б.164-173.

51 Nurtan A., Abilova M. Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Kazakhstan: A Comparative Legal Analysis of European and Asian Mechanisms // Access to Justice in Eastern Europe. – 2025. – Vol. 8, Issue 3. – P. 237-277.

52 Нұртан А.Е. Атқарушылық іс жүргізу құқықтың дербес саласы ретінде // Гражданское право в современном мире: влияние на развитие национального права: Материалы юбилейной международной конференции (в рамках ежегодного цивилистических чтений), посвященной 20-летию цивилистических чтений - 2019 - С.514-520.

53 Нұртан А.Е. Исполнительное производство как средство восстановления прав человека // «Права человека: законодательное регулирование и правоприменительная практика» сб.материалов VI Евразийского форума. – Астана: Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан, 2025

54 Нұртан А.Е., Ақтай Д. Признание и приведение в исполнение иностранных арбитражных решений: практика применения Нью-Йоркской конвенции 1958 года (на примере сравнения законодательства и практики Китая и Казахстана) // Вестник Академии правосудия.- №1 (1) - 2023 - С.44-54.

55 Нұртан А.Е. Петиция о ликвидации ЧСИ в Казахстане: есть ли основания? // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31735068&. 21.01.2026.

56 «Заң және тәртіп: сот шешімдерінің орындалуы» – QAZAQ RADIOSY эфирінде // <https://sta.edu.kz/kk/zang-zhaene-taertip-sot>. 21.01.2026.

57 «Қазақстанда шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану және тиімді орындау: сот орындаушылары мен судьялардың тәжірибесі» тақырыбында дөңгелек үстел туралы ақпарат // <https://sta.edu.kz/kk/doenggelek>. 6.10.2025.

58 Experiences, preferences and enforcement // <https://www.whitecase.com/insight-our-thinking/2025-international-arbitration-survey-experiences>. 21.01.2026.

59 Altenkirch M., von Rundstedt M.C., Enseling A. Arbitration Statistics: From Decline to Growth – Arbitration Cases Increase in 2023 // <https://www.globalarbitrationnews.com/2024/12/23/from-decline-to->. 21.01.2026.

60 Axelrod S.L. Why Arbitrate? Why Not? The Benefits of Arbitrating Commercial Disputes // <https://www.americanbar.org/groups>. 21.01.2026.

61 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: 2021 жылдың 15 қазанда, №674 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>. 21.01.2026.

62 Baltag C. Article V(1)(e) of the New York Convention: To Enforce or Not to Enforce Set Aside Arbitral Awards? // *Journal of International Arbitration*. – 2022. – Vol. 39, Issue 3. – P. 397-410.

63 Kocev L. Challenges in the Process of Recognition and Enforcement of Foreign Arbitral Awards in the Republic of North Macedonia // In book: *Alternative Dispute Resolution in the Western Balkans (INVESTinADR 2023)*: proced. conf. – Cham: Springer, 2025. – P. 67-85.

64 Garcia J.C., Gonzalez I.B. Interpretation of Article V of the New York Convention in the Eleventh Circuit: Industrial Risk Insurers // *University of Miami Law Review*. – 2020. – Vol. 74. – P. 1080-1109.

65 Сулейменов М.К. Признание и исполнение решений иностранных третейских и государственных судов по инвестиционным спорам: опыт Казахстана // <https://zangerlf.com/ru/publications/147>. 21.01.2026.

66 Lyazzat B. Nyssanbekova, Eugenia Kurzynsky-Singer, Zhuldyz T. Sairambaeva, Shaimardan M. Sharipov, Ilyas K. Kuderin. The role of the individual in the protection of their rights and interests in international courts // *RIVISTA DI STUDI SULLA SOSTENIBILITA'* 2020, №1. pp.403-422. DOI: 10.3280/RISS2020-001024. 21.01.2026.

67 Lyazzat B. Nyssanbekova. Zulfiya M. Baimagambetova, Zhanat Zhailau, Dilyana Abdilda, Yerik B. Akhmetov. International Legal Aspects of the Protection of Human Rights and Freedoms in the Development of the Integration Processes in the Post-Soviet Space // *International Annals of Criminology* 2025, Volume 63, Issue 3, pp. 609 - 623. DOI: 10.1017/cri.2025.10092. 21.01.2026.

68. Всеобщая декларация прав человека: утв. резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года, №217 А (III) // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml. 21.01.2026.

69 Ярков В.В. Отдельные направления развития исполнительного производства в государствах-членах Международного союза судебных исполнителей // *Европейский гражданский процесс и исполнительное производство: сб. матер. междунар. науч.-практ. конф.* – М., 2012. – С. 204-224.

70 Узелац А. Исполнение судебных решений как системная проблема стран с переходной экономикой // *Европейский гражданский процесс и исполнительное производство: сб. матер. междунар. науч.-практ. конф.* – М., 2012. – С. 182-194.

71 Жаглина М.Е. Исполнительное производство на современном этапе: состояние и развитие // *Вестник Воронежского института МВД России*. – 2014. – №4. – С. 49-55.

72 Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының №7527-16-3-1/3502 ұйғарымы // <https://sudebnik.bestprofi>. 21.01.2026..

73 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2017 жылғы 11 шілдедегі №6001-17-00-3гп/396 қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32342170&pos=6;-108#pos. 21.01.2026.

74 Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі. 1999 жылғы 13 шілдедегі N 411 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексімен // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000411> . 21.01.2026.

75 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2016 жылғы 20 сәуірдегі №3гп-242-16 қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32342170&pos=6;-108#pos. 21.01.2026.

76 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім. 1999 жылғы 1 шілдеде // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> . 21.01.2026.

77 Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 30 мамыр № 2309м // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002309> 21.01.2026.

78 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 25 маусымдағы №6001-24-00-3гп/279 қаулысы // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37478239&pos=8;-45#pos. 21.01.2026.

79 Radjagukguk E. Implementation of the 1958 New York Convention in Several Asian Countries: the Refusal of Foreign Arbitral Awards Enforcement on the Grounds of Public Policy // *Indonesia Law Rev.* – 2011. – Vol. 1, Issue 1. – P. 1-14.

80 Сарина С.А. Вопросы признания и приведения в исполнение решений иностранных арбитражных судов: взаимность и публичный порядок // *Eurasian Scientific Journal of Law.* – 2022. – Vol. 1, Issue 1. – P. 102-108.

81 Сулейменов М.К. Как судья по своему разумению законы трактовала // <http://www.zakon.kz/4804098-kak-sudja-po-svoemu-razumeniju-zakonyu>. 21.01.2026.

82 Сулейменов М.К. Судейский беспредел продолжается // <http://www.zakon.kz/4814246-sudejskijj-bespredel-prodolzhaetsja.html>. 21.01.2026.

83 Сулейменов М.К. Применение оговорки о публичном порядке в судебной практике // *Зангер.* – 2006. – №6. – С. 16-20.

84 Специализированная судебная коллегия Верховного Суда Республики Казахстан. Обобщение судебной практики о признании и исполнении, отмене арбитражных решений за 2016, 2017 и 1 квартал 2018 года // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36857584&base_id=1&Do. 21.01.2026.

85 Валеев Д.Х. Проблемы повышения эффективности исполнительного производства в России // *Эффективность принудительного исполнения судебных решений и актов других органов: сб. матер. междунар. науч.-практ. конф.* – Казань, 2011. – С. 186-195.

86 Богуславский М.М. Международное частное право. – Изд. 4-е, перер. и доп. – М.: Юристъ, 2002. – 462 с.

87 Ануфриева Л.П. Соотношение международного публичного и международного частного права // Журнал российского права. – 2001. – №5. – С. 114-124.

88 Ануфриева Л.П. Международное частное право: в 3 т. – М., 2001. – Т.3. – 768 с.

89 Теория государства и права / под ред. А.В. Малько, А.Ю. Саломатина. – Изд. 4-е. – СПб., 2024. – 432 с.

90 Чашин А.Н. Исполнительное производство: учеб. пос. – Саратов, 2012. – 283 с.

91 Қазақстан Республикасының Заңы. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы: 2010 жылдың 2 сәуіресі, №261-IV қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261_. 21.01.2026.

92 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі: 2015 жылдың 31 қазанда, №377-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377>. 21.01.2026.

93 Сорокина С.С. Признание и приведение в исполнение решений иностранных судов на территории Российской Федерации: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.15. – М., 2004. – 185 с.

94 Кишиневте 2002 жылғы 7 қазанда жасалған Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенция // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000531_. 21.01.2026.

95 Соглашение о порядке разрешения споров, связанных с осуществлением хозяйственной деятельности (20 марта 1992 года, г. Киев) // https://adilet.zan.kz/rus/docs/B920005800_. 21.01.2026.

96 Қазақстан Республикасының Заңы. Достыққа қатысушы мемлекеттердің аумақтарында төрелік, шаруашылық және экономикалық соттардың шешімдерін өзара атқарудың тәртібі туралы келісімді бекіту туралы: 1999 жылдың 30 желтоқсанда, №10-II қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000010_. 21.01.2026.

97 Правовая помощь по гражданским делам // <https://sud.gov.kz/rus/content/pravovaya-pomoshch-po-grazhdanskim-delam>. 21.01.2026.

98 Конвенция о признании и приведении в исполнение иностранных арбитражных решений (Нью-Йорк, 10 июня 1958 года) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1007771. 21.01.2026.

99 Шайкенов В. Призыв к ратификации Нью-Йоркской и Европейской конвенций: молчание, раздражающее инвесторов и право / Arbitration.ru – 2019. – №6(10). – С. 68-75.

100 Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы: 2005 жылдың 30 мамырда, №54 қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054_. 21.01.2026.

101 Принудительное исполнение российских арбитражных решений за рубежом // <https://danilovpartners.ru/events/prinuditelnoe-ispolnenie>. 21.01.2026..

102 Указ Президента Республики Казахстан. О присоединении Республики Казахстан к Европейской Конвенции о внешнеторговом арбитраже

1961 года: утв. 4 октября 1995 года, №2484 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U95.21.01.2026>.

103 Конвенция об урегулировании инвестиционных споров между государствами и физическими или юридическими лицами других государств // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1010717&pos=2;-106#pos=. 21.01.2026.

104 Convention of 25 October 1980 on International Access to Justice // <https://www.hcch.net/en/instruments/conventions/status-table/?cid=91>. 21.01.2026.

105 Конвенция по вопросам гражданского процесса (1 марта 1954 года) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1007538&pos=4;-106#pos=. 21.01.2026.

106 Закон Республики Казахстан. О ратификации Конвенции о вручении за границей судебных и внесудебных документов по гражданским или торговым делам: принят 22 июля 2015 года, №338-V ЗРК // <https://adilet.zan.kz>. 21.01.2026.

107 Конвенция о признании и приведении в исполнение иностранных судебных решений по гражданским и торговым делам (2 июля 2019 года) // <https://assets.hcch.net/docs/4832319f-582d-40e1-91a4-01710f403e77>. 21.01.2026.

108 Бабкина Е.В. Европеизация международного частного права // Журнал международного права и международных отношений. – 2018. – №1-2(84-85). – С. 3-12.

109 Status table for Convention of 2 July 2019 on the Recognition and Enforcement of Foreign Judgments in Civil or Commercial Matters // <https://www.hcch.net/en/instruments/conventions/status-table/?cid=137>. 21.01.2026.

110 Convention of 1 February 1971 on the Recognition and Enforcement of Foreign Judgments in Civil and Commercial Matters // <https://www.hcch.net/en/instruments/conventions/status-table/?cid=78>. 21.01.2026.

111 Кузнецов А.Н. Избранные лекции по гражданскому процессуальному праву. – Саратов, 2013. – Ч. 1. – 653 с.

112 Постановление Верховного Совета Республики Казахстан. О ратификации Конвенции о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам: утв. 31 марта 1993 года // https://adilet.zan.kz/rus/docs/B930005100_21.01.2026.

113 Қазақстан Республикасының Заңы. Төрелік туралы: 2016 жылдың 8 сәуіресі, №488-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000488>. 21.01.2026.

114 Гэри Б. Борн. Международный арбитраж: право и практика / Гэри Б. Борн; пер. с англ, под ред. Н. А. Бабаджаняна. — Москва: Российский институт современного арбитража, 2020. — 928 с.

115 International comparative legal guides. Enforcement of Foreign Judgments. 9-th edition / ed. Louise Freeman. – NY.: Covington&Burling LLP, 2024. – 174 p.

116 The guide to challenging and enforcing arbitration awards. 2-nd edition. Gen.ed. J Wiiliam Rowley QC. – UK, Law Business research, 2021. – 808 p.

117 Кузнецов А.Н. Избранные лекции по гражданскому процессуальному праву. – Саратов, 2013. – Ч. 2. – 552 с.

118 Қазақстан Республикасының Кодексі. Қазақстан Республикасының Салық кодексі: 2025 жылдың 18 шілдесі, №214-VIII ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2500000214>. 21.01.2026.

119 Постановление надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 31 октября 2012 года №3гп-946-12 // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=. 21.01.2026.

120 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік Қаулысы. Соттардың төрелік заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы: 2023 жылдың 2 қарашада, №3 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 21.01.2026.

121 Абдуллаева Ж., Тульчинская Ю. Проблемы исполнения международных арбитражных решений в Казахстане // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31208343. 21.01.2026.

122 Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының №2-10756/2011 ісі бойынша шығарған ұйғарымдары // Sudebnik.bestprofi.com. 21.01.2026.

123 Қазақстан Республикасының Заңы. Халықаралық төрелік туралы: 2004 жылдың 28 желтоқсанда, №23 қабылданған (күші жойылды) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000023>. 21.01.2026.

124 Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32469410&pos. 21.01.2026.

125 Звеков В.П. Международное частное право. – М., 1999. – 667 с.

126 Abdrasulov E.B., Saktaganova A.B. Профессиональное правосознание судей: понятие, сущность и содержание // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. - 2023. – 4(108). – С.32-41. DOI: 10.26577/JARJ.2023.v108.i4.04. 21.01.2026.

127 Большая юридическая энциклопедия / сост. В.В. Аванесян. – М.: Эксмо, 2005. – 686 с.

128 Arianna Whelan. Reciprocity in Public International Law. – Cambridge University Press, 2023. – 295 p.

129 Видин Б.Н. Проблема взаимности в международном публичном праве: дис ... канд. юрид. наук: 12.00.10. – М., 1986. – 164 с.

130 Галенская Л.Н. Международное частное право: учеб. пос. – Л., 1983. – 233 с.

131 Ануфриева Л.П. Международное частное право: в 3 т. – М.: БЕК, 2000. – Т. 1. – 263 с.

132 Менглиев Ш.М. Международное частное право. – Душанбе: Деваштич, 2002. – Ч. 1. – 328 с.

133 Сарсембаева М.А. Международное частное право: учеб. пос. – Алматы: Гылым, 1991. – 151 с.

134 Есимханов Е. Взаимность и публичный порядок как ключевые аспекты признания и приведения в исполнение иностранных арбитражных решений // Матер. междунар. науч.-практ. конф. «Проблемы совершенствования и развития Парламентаризма в условиях модернизации казахстанского

общества», посв. 10-летию Парламента Республики Казахстан. – Алматы, 2006. – С. 514-523.

135 Кайсин Д.В. Доктрина международной вежливости и приведение в исполнение иностранных судебных решений в России / Д. В. Кайсин // Закон. - 2014. - № 6. - С. 152-160.

136 Нешатаева Т.Н. Суд и общепризнанные принципы и нормы международного права // Вестник Высшего Арбитражного Суда Российской Федерации. – 2004. – №3. – С. 124-140.

137 Елисеев Н.Г. Принцип международной вежливости как предпосылка приведения в исполнение иностранных судебных решений // Законы России: опыт, анализ, практика. – 2006. – №7. – С. 73-78.

138 Елисеев Н.Г. Перспективы взаимного признания и исполнения судебных решений в отношениях между Россией и Германией // Закон. – 2016. – №12. – С. 178-191.

139 Donald Earl Childress III. Comity as Conflict: Resituating International Comity as Conflict of Laws // https://lawreview.law.ucdavis.edu/sites/g/files/dgvnsk15026/files/media/documents/44-1_Childress.pdf. 21.01.2026.

140 Hilton v. Guyot, 159 U.S. 113 (1895) // <https://supreme.justia.com>. 21.01.2026.

141 Yearbook: Commercial Arbitration / ed. by van den A.J.P. Berg. – Deventer, 1998. – Vol. 23. – 1304 p.

142 Карабельников Б.Р. Исполнение и оспаривание решений международных коммерческих арбитражей: комментарий к Нью-Йоркской конвенции 1958 г. и главам 30 и 31 АПК РФ 2002 г. – Изд. 3-е, перер. и доп. – М., 2008. – 604 с.

143 Романенков Н.С. представил доклад на Московской конференции // <http://arbitrage.spb.ru/jts/2000/3/art07.html>. 21.01.2026.

144 Комаров А.С. Основополагающие принципы третейского суда // Вестник ВАС РФ. – 2001. – №4. – С. 87-94.

145 Маковский А.Л., Карабельников Б.Р. Арбитрабельность споров: российский подход // Вестник международного коммерческого арбитража. – 2004. – №3(3). – С. 16-40.

146 Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік Қаулысы. "Төрелік туралы" 2016 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы: 2024 жылдың 13 қыркүйекте, №51-НҚ бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2400000051>. 21.01.2026.

147 Мережко А.А. Наука международного частного права: история и современность. – Киев: Таксон, 2006. – 356 с.

148 Макаров А.Н. Основные начала международного частного права. – М.: Юр. издат. Наркомюста РСФСР, 1924. – 151 с.

149 Adiasih N., Simanjuntak S.L. Non-Enforcement of Foreign Arbitration Award in Indonesia // https://doi.org/10.2991/978-2-494069-49-7_164. 21.01.2026.

150 Oelmann J. The Barriers to the Enforcement of Foreign Judgments as Opposed to Those of Foreign Arbitral Awards // *Bond Law Review*. – 2006. – Vol. 18, Issue 2. – P. 77-103.

151 Emre Y. A Refusal Reason of Recognition and Enforcement of Foreign Arbitral Awards: Public Policy // *Zbornik radova Pravnog fakulteta u Splitu*. – 2019. – Vol. 56, Issue 2. – P. 503-522.

152 *Международное частное право: иностранное законодательство* / под ред. А.Н. Жильцова, А.И. Муранова и др. – М.: Статут, 2000. – 892 с.

153 Французский гражданский кодекс // <http://oceanlaw.ru/>. 21.01.2026.

154 Вводный закон 1896 г. к Германскому гражданскому уложению // <https://pravo.hse.ru/intprilaw/doc/040401>. 21.01.2026.

155 UAE Court Rejects Enforcement of Foreign Arbitral Award // <https://www.charlesrussellspeechlys.com/en/news-and-insights/insights>. 21.01.2026.

156 Vietnam: Refusal to enforce a foreign arbitral award on the ground of violation of fundamental principles of the laws of Vietnam // <https://www.lexology.com/library/detail.aspx?g=cd8ead0b-ab1b-4565->. 21.01.2026.

157 Challenges with recognition and enforcement of arbitral awards in Africa // <https://www.ibanet.org/challenges-with-recognition-enforcement-arbitral>. 21.01.2026.

158 Enforcing International Arbitration Awards: US Courts Achieve Prompt and Efficient Enforcement, With Safeguards // <https://www.skadden.com>. 21.01.2026.

159 The High Court of Singapore Gives Additional Insight in Relation to Enforcement of Foreign Arbitral Awards in Singapore // <https://www.mayerbrown.com>. 21.01.2026.

160 Privy Council confirms the high bar for refusal to enforce arbitral awards under the New York Convention // <https://www.macfarlanes.com/what>. 21.01.2026.

161 UK Supreme Court Refuses to Enforce Arbitral Award Upheld by French Court // <https://www.cov.com/en/news-and-insights/insights/2021/11/>. 21.01.2026.

162 Redfern A., Hunter M. *Law and practice of international commercial arbitration*. – Ed. 3rd. – London 1999. – 664 p.

163 *Yearbook: Commercial Arbitration* / ed. by van den A.J.P. Berg. – Deventer, 1977. – Vol. 2. – 282 p.

164 Абилова М.Н. Оговорка о публичном порядке в правоприменительной практике Республики Казахстан // *Наука и жизнь Казахстана*. – 2016. – №6(42). – С. 145-148.

165 Калдыбаев А. О возможности раскрытия дефиниции «публичный порядок» в законе // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36177662. 21.01.2026.

166 Гетьман-Павлова И.В., Варей-Сомьер П. Нарушение «сверхимперативных норм» как основание отказа в признании и использовании иностранных арбитражных решений (судебная практика Франции и России) // *Право. Журнал Высшей школы экономики*. 2015. № 1. С. 22–42 // <https://cyberleninka.ru/article/n/narushenie-sverhimperativnyh-norm-kak-osnovanie-dlya-otkaza-v-priznanii-i-ispolnenii-inostrannyh-arbitrazhnyh-resheniy-sudebnaya>. 21.01.2026.

167 Паскаль Де Варей-Соммье, Гетьман-Павлова И. В. Международный и внутренний публичный порядок при признании и исполнении иностранных арбитражных решений (правоприменительный опыт Франции и России) // Право. Журнал Высшей школы экономики. 2014. №1. 140-168 // <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnyy-i-vnutrenniy-publichnyy-poryadok-pri-priznanii-i-ispolnenii-inostrannyh-arbitrazhnyh-resheniy-pravoprimeritelnyy-opyt>. 21.01.2026.

168 Абдрасулов Е.Б., Рысжанова Г.С., Сактаганова А.Б. Судебная практика и ее роль в развитии национального законодательства Республики Казахстан // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия Право. – 2023. – 3 (144). – С.51-62. DOI: 32523/2616-6844-2023-144-3-51-624. 21.01.2026.

169 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі: Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/ru/addresses>. 21.01.2026.

170 Костин А.А. К вопросу о признании иностранных судебных решений по экономическим спорам, не требующих принудительного исполнения (научно-практический комментарий к ст. 2451 АПК РФ) // Журнал российского права. 2017. №5 (245). С. 119-128 // <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-priznanii-inostrannyh-sudebnyh-resheniy-po-ekonomicheskim-sporam-ne-trebuyuschih-prinuditelnogo-ispolneniya-nauchno>. 21.01.2026.

171 Ақмола облысыны азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2024 жылғы 17 шілдеде шығарған 2а/517\24 қаулысы // <https://sudebnik.bestprofi.com/app/document/view/179feeb3-ae5d-4c81-bf8a-883ca6bb9f54>. 21.01.2026.

172 Enforcement of Foreign Judgments / ed. L. Freeman. – Ed. 9th. – London: Covington & Burling LLP, 2024. – 174 p.

173 Administration of Justice Act 1920 (“AJA”) // <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/Geo5/10-11/81/contents>. 21.01.2026.

174 Foreign Judgments (Reciprocal Enforcement) Act 1933 (“FJA”) // <https://www.legislation.gov.uk/ukpga/Geo5/23-24/13>. 21.01.2026.

175 French Code of Civil Procedure және French Code of Civil Enforcement Procedures // <https://french-business-law.com>. 21.01.2026..

176 Zivilprozessordnung (Code of Civil Procedure (“ZPO”)) // https://www.gesetze-im-internet.de/englisch_zpo/englisch_zpo.html. 21.01.2026.

177 Дементьева И.В., Каменева П.В., Косовская И.И. Исполнительное производство: учеб. пос. – Таганрог, 2019. – 156 с.

178 Ярков В.В. Исполнительные документы: пос. – М.: Статут, 2000. – 297 с.

179 Zivilprozessordnung // <https://www.wipo.int/wipolex/en/>. 21.01.2026.

180 Code des procédures civiles d'exécution // <https://www.legifrance>. 21.01.2026.

181 Limitation Act 1980 // <https://www.legislation.gov.uk>. 21.01.2026.

182 NY Civil Practice Law and Rules // <https://www.nysenate>. 21.01.2026.

- 183 Государственная Дума. Федеральный закон "Об исполнительном производстве": принят 2 октября 2007 года, №229-ФЗ // https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_71450. 21.01.2026.
- 184 Code of Enforcement Procedure // <https://www.riigiteataja.ee>. 21.01.2026.
- 185 Сулейменов М.К. Судебный иммунитет Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30002477&pos=6;-108#pos=6;-108. 21.01.2026.
- 186 Конвенция ООН о юрисдикционных иммунитетах государств и их собственности: утв. резолюцией Генеральной Ассамблеи от 2 декабря 2004 года, №59/38 // https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions. 21.01.2026.
- 187 Қазақстан Республикасының Заңы. Біріккен Ұлттар Ұйымының Мемлекеттердің және олардың меншігінің юрисдикциялық иммунитеттері туралы конвенциясын ратификациялау туралы: 2009 жылдың 27 қазанда, №195-IV қабылданған // https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000195_. 21.01.2026.
- 188 State Immunity Act 1978 (SIA) // <https://www.legislation.gov>. 21.01.2026.
- 189 Foreign Sovereign Immunities Act (FSIA) // <https://www.congress.gov/bill/94th-congress/house-bill/11315>. 21.01.2026.
- 190 Insolvenzordnung // <https://www.gesetze-im-internet.de/inso/>. 21.01.2026.
- 191 Berdar M. Enforcement Proceedings Under Martial Law: Problems and Ways to Solve Them // *Problems of Legality*. – 2025. – Vol. 168. – P. 54-78.
- 192 Комарова Г. Признание и приведение в исполнение арбитражных решений в практике Арбитражного суда г. Москвы https://www.lawtek.ru/analytics/28/priznaniye_i_privedeniye_v_ispolneniye. 21.01.2026.
- 193 Васильева Е.А. Россия и Германия: долгий путь к взаимному признанию иностранных судебных решений // *Океанский менеджмент*. – 2018. – №2(3). – С. 47-51.
- 194 Николюкин С.В. Международный гражданский процесс и международный коммерческий арбитраж: учеб. – М.: Юстиция, 2017. – 256 с.
- 195 Крылов С.Б., Перетерский И.С. Международное частное право. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М.: Госюриздат, 1959. – 227 с.
- 196 Morguard Investments Ltd. v. De Savoye [1990] 3 S.C.R. 1077 // <https://decisions.scc-csc.ca/scc-csc/scc-csc/en/item/700/index.do>. 21.01.2026.
- 197 Асосков А.В. Основы коллизионного права. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 352 с.
- 198 Покровский И.А. Лекции по истории римского права. – Изд. 3-е. – М.: Складъ 1907. – 244 с.
- 199 Вишневский Г.А. Действие принципа Res Judicata как необходимое условие обеспечения справедливости // *Современное право*. – 2003. – №11. – С.76-83.
- 200 The Society of Lloyd's, Plaintiff-Appellee, v. James Frederick Ashenden, et al., Defendants-Appellants // <https://www.uniset.ca/lloyddata/233>. 21.01.2026.
- 201 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Бұйрығы. Атқару парағының нысанын бекіту туралы: 2019 жылдың 15 қарашада, №550 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019663>. 21.01.2026.

202 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Бұйрығы. Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидаларын бекіту туралы: 2015 жылдың 29 желтоқсанда, №652 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012848>. 21.01.2026.

203 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №652 «Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жеке сот орындаушылар арасында атқарушылық құжаттарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығының жобасы // <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=15590914>. 21.01.2026.

204 Жеке сот орындаушыларының рейтингі // <https://aisoip.adilet>. 21.01.2026.

205 Абжанов Д. Новый порядок распределения дел ЧСИ: отмена конкуренции // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35476014&. 21.01.2026.

206 Қазақстан Республикасының Заңы. Құқықтық актілер туралы: 2016 жылдың 6 сәуіресі, №480-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz>. 21.01.2026.

207 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Бұйрығы. Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарын бекіту туралы: 2019 жылдың 28 наурызда, №148 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 21.01.2026.

208 Валеев Д.Х. Исполнительное производство в системе гражданского процессуального права // В кн.: Исполнительное производство : процессуальная природа и цивилистические основы. – М.: Статут, 2017. – С. 112-118.

209 Қазақстан Республикасының Кодексі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы: 2014 жылдың 5 шілдесі, №235-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>. 21.01.2026.

210 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 жылдың 3 шілдесі, №226-V ҚРЗ қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 21.01.2026.

211 Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>. 21.01.2026.

212 Канкулов А.Х. Исполнительное производство: опыт зарубежных стран // Право и государство: теория и практика. – 2022. – №2(206). – С. 238-240.

213 Системы принудительного исполнения зарубежных государств // https://fssp.gov.ru/deals/international/inter_experience/inter_razdel11. 21.01.2026.

214 Исполнение судебных актов / под ред. М.А. Аленова. – Астана, 2013, 262 б.

215 Петиция №П-2024-00002006 // <https://epetition.kz/petition>. 12.12.2025.

216 Мережко А.А. Транснациональное торговое право (lex mercatoria). – Киев.: Таксон, 2002. – 464 с.

217 Сборник законодательства по МЧП Европейских стран // <https://pravo.hse.ru/intprilaw/EU>. 21.01.2026.

218 Қазақстан Республикасының Заңы. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы Нахчыван келісімін ратификациялау

туралы: 2010 жылдың 27 қыркүйекте, №341-IV бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000341> . 21.01.2026.

219 Алматы қаласының МАЭС 2024 жылдың 18 қыркүйегінде Челябинск облыстық арбитраждық соты шығарған шешімді тану туралы №7527-24-00-2м/584 іс бойынша қабылаған ұйғарымы.

220 Халықаралық сот орындаушылары одағының парақшасы // <https://www.uihj.com/>. 21.01.2026.

221 Global Code of Enforcement // <https://www.uihj.com/downloads>. 21.01.2026.

222 Устав Республиканской палаты частных судебных исполнителей Республики Казахстан: принят Республиканским съездом частных судебных исполнителей 8 апреля 2016 года // <https://bestprofi.com/document/>. 21.01.2026.

223 Қазақстан Республикасы Әділет министрінің Бұйрығы. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы: 2024 жылдың 22 шілдесі, №617 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G24D0000617>. 21.01.2026.



ҚОСЫМША А

Зерттеу нәтижелерін Астана қаласы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының практикасына енгізу туралы акт



ҚОСЫМША Ә

Зерттеу нәтижелерін Бірінші экономикалық арбитраждың практикасына енгізу туралы акт

БІРІНШІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АРБИТРАЖ		ПЕРВЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ АРБИТРАЖ
<small>Индекс 010005, Қазақстан Республикасы Астана қаласы, Иманов көшесі 13, оф.709/1 тел.: 8-7172-77-95-45 E-mail: arb1st1sud@mail.ru Callr: arbitrsud.kz</small>	Первый Экономический Арбитраж	<small>Индекс 010005, Республика Казахстан, город Астана, ул.Иманова 13, оф.709/1 тел. 8-7172-77-95-45 E-mail: arb1r_1sud@mail.ru Callr: arbitrsud.kz</small>
Шығ. №15		Исх. №15
2026 ж. «14» қаңтар		«14» января 2026 г.
Нұртан Азамат Ерланұлына талап етілген жерде берілді		
Нұртан Азамат Ерланұлының ғылыми зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу туралы АКТ		
<p>Осы берілген акт Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің PhD докторанты Нұртан Азамат Ерланұлының «Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары» тақырыбы бойынша орындалған диссертациялық жұмысында ұсынылған нәтижелер, атап айтқанда, шетелдік төрелік шешімдерін орындатудың алгоритмі мен нұсқаулығы «Бірінші экономикалық арбитраж» ЖШС практикасына енгізілгенін және қазіргі таңда қолданылатынын растайды.</p>		
«Бірінші Экономикалық Арбитраждың» төрағасы	 	Хамзина Ж.К.

ҚОСЫМША Б

Қазақстан Республикасы жоғарғы сотының нормативтік қаулысы

жоба

Шетелдік төрелік және сот шешімдерін танудан және орындаудан бас тартудың негізі ретінде соттардың жария тәртіп туралы ескертпені қолдануы туралы

Шетелдік төрелік және сот шешімдерін танудан және орындаудан бас тартудың негізі ретінде жария тәртіп туралы ескертпені қолдану жөніндегі сот практикасының бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Судья шетелдік төрелік немесе сот шешімін талдау барысында жария тәртіп ұғымын тар мағынада, яғни Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің іргелі принциптері мен оның аса императивтік нормаларының жиынтығы ретінде түсіндіруге тиіс.

1.1. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің іргелі принциптеріне мыналарды жатқызу қажет:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары, атап айтқанда, «Адам және азамат» II бөлімінде келтірілген нормалар;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылымының негізін құрайтын, жоғары императивтілікке ие (ҚР АҚ 1091-бабында бекітілген санаттағы нормаларды қоса алғанда) және ұлттық заңнамада бекітілген жалпы құқықтық принциптер.

1.2. Мораль мен ізгілік принциптері субъективті түсіндіруге жатпауы тиіс.

1.3. Жария тәртіп ең алдымен ағымдағы саяси жағдайға байланысты енгізілген нормаларды қамтымауы тиіс.

Қазақстан Республикасы мен өзге мемлекеттер арасындағы қандай да бір саяси келіспеушіліктер осындай келіспеушіліктері бар сол мемлекеттің соты шығарған төрелік немесе сот шешімін танудан және орындаудан бас тартуға негіз бола алмайды.

2. Материалдық немесе процестік құқық нормаларының жай ғана бұзылуы жария тәртіп туралы ескертпені қолдану үшін негіз бола алмайды.

3. Судья шетелдік төрелік немесе сот шешімін мәжбүрлеп орындау үшін атқару парағын беру туралы өтінішті қарау барысында бұл шешімді мәні бойынша қайта қарауға құқылы емес.

4. Жария тәртіптің бұзылуына сілтеме жасай отырып, шетелдік төрелік немесе сот шешімін танудан және орындаудан бас тарту үшін судья екі белгінің бір мезгілде болуын анықтауға тиіс:

1) Шетелдік төрелік немесе сот шешімі Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің іргелі принциптерін не оның аса императивті нормаларын бұзуы тиіс;

2) Мұндай шетелдік төрелік немесе сот шешімін орындау Қазақстан Республикасының егемендігіне немесе ұлттық қауіпсіздігіне, сондай-ақ жеке тұлғалардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына зиян келтіру түріндегі теріс нәтижелерге әкелуі тиіс.

Аталған белгілер бір уақытта болған жағдайда, судья жария тәртіп туралы ескертпені қолданады.

5. Жария тәртіпті бұзуға сілтеме жасай отырып, шетелдік төрелік немесе сот шешімін жою кезінде, әрбір нақты жағдайда судья шетелдік төрелік немесе сот шешімін орындаудың жария тәртіпті қандай жолмен бұзатынын уәждеуі тиіс. Сот шешімінің дәлелдеу бөлігінде судья жария тәртіп туралы ескертпені қолданудың негіздерін толық және жан-жақты көрсетуі тиіс.

6. Егер шетелдік төрелік немесе сот шешімі бірнеше мәлімделген талаптарды қамтып, олардың кейбіреулері жария тәртіпті бұзатын және сол себепті мәжбүрлеп орындалуы мүмкін емес болса, онда мәжбүрлеп орындауды жария тәртіпті бұзбайтын мәлімделген талаптар бойынша жүзеге асырған жөн. Егер мәлімделген талаптарды осылайша бөлуге мүмкіндік болмаса, онда барлық шетелдік шешімді танудан және оны орындаудан бас тарту қажет.

ҚОСЫМША В

«Бекітілді»
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
«__» _____ ж. № _____ бұйрығы

жоба

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі нұсқаулық

1. Қазақстан Республикасында шетелді сот пен төрелік шешімдерін орындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Атқару парағы (бұдан әрі – атқару құжаты) бірінші сатыдағы соттың шешімі заңды күшіне енген немесе іс жоғары тұрған соттан қайтарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазып беріледі.

3. Әрбір шешім бойынша бір атқару құжаты беріледі.

4. Өндіріп алушының өтініші бойынша ортақ жауапкерлерден ақшалай сомаларды өндіріп алу туралы соттың шешімі немесе үкімі негізінде ортақ жауапкерлердің санына сәйкес келетін бірнеше атқару парағы берілуге тиіс. Әрбір атқару парағында өндіріп алынатын жалпы сома, барлық жауапкерлер және олардың ортақ жауаптылығы көрсетілуге тиіс.

5. Атқару құжатының нысанын атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті әділет органы бекітеді.

6. Атқару құжатында:

- шешім шығарған соттың атауы;
- істің нөмірі және шешім шығарылған күн;
- шешімнің қарар бөлігі (сөзбе-сөз);
- шешімнің заңды күшіне енген күні;
- атқару құжаты берілген күн;

- өндіріп алушының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні, оның тұрғылықты немесе орналасқан жері, оның тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер және жеке сәйкестендіру нөмірі немесе егер өндіріп алушы заңды тұлға болып табылса, оның атауы, іс жүзінде орналасқан жері, банктік деректемелері мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

- борышкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні, оның тұрғылықты немесе орналасқан жері, оның тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, оның жұмыс орны және борышкер жұмыс істейтін заңды тұлғаның банктік деректемелері туралы мәліметтер (егер істің материалдарында бар

болса), банктік деректемелер мен жеке сәйкестендіру нөмірі (егер істің материалдарында бар болса) немесе егер борышкер заңды тұлға болып табылса, оның атауы, іс жүзінде орналасқан жері, банктік деректемелері мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілуге тиіс.

7. Сот атқару құжатына сот актісінің көшірмесін не соттың мөрімен куәландырылған оның үзінді көшірмесін қоса береді.

8. Атқару құжаты өндіріп алушыға беріледі не оның арызы бойынша сот аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындау үшін жіберіледі.

9. Мәжбүрлеп орындатуға атқару құжаты ұсынылғанға дейін сот шешімін орындаған борышкер шешім шығарған сотты бұл туралы үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге тиіс. Сот атқарушылық құжатты аумағы бойынша тиісті әділет органына жіберген немесе егер атқарушылық құжат өндіріп алушыға сот шешімінің орындалуы туралы хабарланғанға дейін берілген жағдайда, борышкер өндіріп алушыны хабардар етеді.

10. Егер шешім ерікті түрде орындалмаса, мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылады. Сот орындаушысы өндіріп алушының арызы бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.

11. Атқарушылық іс-әрекеттер ұсынылған жері бойынша жүзеге асырыла отырып, атқарушылық құжат борышкер жеке тұлғаның тіркелген жері бойынша не оның тұрақты тұратын жері бойынша не жұмыс орны бойынша, сондай-ақ оның мүлкінің тіркелген жері не орналасқан жері бойынша ұсынылады. Егер борышкер заңды тұлға болып табылса, онда атқарушылық іс-әрекеттер ұсынылған жері бойынша жүзеге асырыла отырып, атқарушылық құжат тіркелген жері не оның органының (құрылтайшысының) нақты орналасқан жері, сондай-ақ оның мүлкінің тіркелген не орналасқан жері бойынша ұсынылады.

12. Сот актілерінің және төреліктердің шешімдері негізінде берілетін атқарушылық парақтар үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға берілуі мүмкін.

13. Сот орындаушысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін атқарушылық құжат өзіне келіп түскеннен кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, ол туралы қаулы шығарады.

14. Жеке сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаған кезде өндіріп алушымен атқарушылық құжаттың орындалу шарттары туралы келісім (шарт) жасасады, өндіріп алушының құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

15. Сот орындаушысы өзіне атқарушылық құжат келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

16. Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді қозғаумен бір мезгілде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

17. Өндіріп алу жүргізілмеген немесе толық көлемде жүргізілмеген атқарушылық құжат сот орындаушысының қаулысы бойынша «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (48-бап) белгіленген жағдайларда өндіріп алушыға қайтарылады, сот орындаушысы бұл жөнінде қаулы шығарады.

18. Атқарушылық іс жүргізу «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (42-бап) белгіленген жағдайларда тоқтатыла тұруға жатады, сот орындаушысы бұл жөнінде қаулы шығарады.

19. Сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (47-бап) белгіленген жағдайларда тоқтатылуға жатады. Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда сот орындаушысы бір тәуліктің ішінде бұл туралы қаулы шығарады. Тиісті белгісімен атқарушылық құжатты не оның көшірмесін сот орындаушысы сотқа немесе құжатты берген басқа органға жібереді.

20. Егер заңда өзгеше көзделмесе, тоқтатылған атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға болмайды.

21. Сот орындаушысы атқару құжатын орындаған жағдайда, бұл жөнінде он жұмыс күні ішінде шешім шығарған сотқа хабарлауға міндетті немесе орындамаған жағдайда, орындамау себептері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

22. Борышкер атқарушылық құжатты орындамағаны үшін әкімшілік не қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін. Жауапқа тартылу борышкерді атқарушылық құжатта көзделген әрекеттерді орындау міндетінен босатпайды.

ҚОСЫМША Г

Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату туралы конвенцияның жобасы

жоба

Осы конвенцияға қол қойған тараптар халықаралық азаматтық айналымның тиімділігін қамтамасыз етудің, барлық елдердің юрисдикциясына құрметпен қараудың, шетелдік сот пен төрелік шешімдерін дүниежүзі бойынша тану мен орындауды оңайлату арқылы субъектілердің құқықтарын қамтамасыз ету және қалпына келтірудің қажеттілігін түсіне отырып, төмендегіге келісті

I Жалпы ережелер

1. Осы конвенция орындау территориясынан тыс жерде орналасқан сот және төрелік шешімдерінің танылуы мен мәжбүрлеп орындатылуы бойынша бірыңғай ережелерді бекітеді.

2. Конвенция барлық азаматтық, сауда, коммерциялық қатынастардан туындайтын дауларды қарау нәтижесінде шығарылған шешімдерге қатысты қолданылады.

3. Шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану және мәжбүрлеп орындату барысында қандай да бір себептермен (саяси, тараптардың азаматтығы, орналасу жері және т.б.) кемсітушілікке жол берілмейді.

4. Қатысушы мемлекеттер шетелдік сот және төрелік шешімдерін тану мен мәжбүрлеп орындату барысында халықаралық сыпайылық принципіне негізделеді. Бұл принцип әрбір территорияда қамтамасыз етілуі керек.

II Тану ережелері

5. Орындау территориясында шешімнің танылуы және мәжбүрлеп орындатылуы үшін ол уәкілетті орган шығарған ресми әрі түпкілікті юрисдикциялық акт болуы керек.

6. Орындау территориясында қабылдау мақсатында шешімдердің түпнұсқасы немесе тиісті түрде куәландырылған көшірмесі, сонымен қатар, тиісті түрде рәсімделген орындау елінің мемлекеттік не ресми тіліне аудармасының болуы міндетті.

7. Шетелдік сот шешімдерінде олар күшіне енгендігі туралы белгі немесе анықтама берілуі керек. Шетелдік төрелік шешімдері, оларға қол қойылғаннан бастап күшіне енетіндіктен, бұндай белгіні не анықтаманы талап етпейді.

8. Шетелдік сот пен төрелік шешімдері егер олар:

- Құзыретті органмен шығарылса;
- Орындау территориясының жария тәртібіне қайшы келмесе;
- Алаяқтық немесе құқықты асыра пайдалану нәтижесінде алынбаған болса;

- Тараптардың тең құқылығын бұзбаса және сот немесе төрелік рәсімдеріне қатысу мүмкіндігінен айырылмаған болса;

- Борышкер бас тартпайынша, иммунитеті бар борышкерге қатысты шығарылмаса, орындау елінің құзыретті соты арқылы танылады.

III Мәжбүрлеп орындатудың ережелері

9. Сот арқылы танылған шешім егер төменде көрсетілген негіздер болмаса, атқарушылық іс жүргізуді мәжбүрлеп орындатуға жіберіледі:

– атқару құжаты жарамсыз не оның күші жойылған жағдайда;

– орындау үшін атқару құжатын ұсыну мерзімі өтіп кеткен жағдайда;

– атқару құжатында оны орындату үшін маңызды болып табылатын мәліметтердің болмаған жағдайында;

– атқару құжаты бұрын орындалып қойылған жағдайында;

– атқару құжатын орындатуға ол үшін уәкілеттігі жоқ тұлға жүгінген жағдайда;

– атқару құжаты орындатуға жататын жері бойынша берілмеген жағдайда;

– борышкердің мәжбүрлеп орындатудан иммунитеті бар болған жағдайда;

– осы атқару құжатымен қатар тағы қосалқы атқарушылық іс жүргізілген жағдайда;

– нақты объективті себептерге байланысты (олар жойылғанша) атқару құжатын орындатуға мүмкіндік болмаған жағдайда.

10. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату барысында орындау елінің атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті тұлғасы халықаралық сыпайылықты басшылыққа алып, келесі принциптерге негізделеді:

1) Шешімдердің еркін қозғалуы;

2) Нақты байланыс;

3) Орындау аумағының аса императивті нормаларын бұзбау;

4) Өндіріп алушының құқықтарын қорғау;

5) Құқықтық айқындылық;

6) Жәрдемдесу.

11. Шетелдік сот пен төрелік шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату келесідей кезеңдер мен қадамдарды қамтиды:

11.1 Егер атқару құжаты ерікті түрде орындалмаса, атқару құжатын мәжбүрлеп орындату атқарушылық іс жүргізу бойынша уәкілетті тұлғамен жүзеге асырылады.

11.2 Орындау бойынша уәкілетті тұлға атқарушылық істі қозғап, атқарушылық құжатты тексереді.

11.3 Орындау бойынша уәкілетті тұлға атқарушылық істі қозғағаннан кейін, борышкерді міндетті түрде хабардар етеді.

11.4 Мәжбүрлеп орындату мақсатында борышкердің мүлкі мен табыс көздері анықталып, талап етілген көлемде және нысанда тиісті мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылады.

11.5 Өндіріп алу бойынша шаралар қолданылып, өндіріп алушының құқықтары толығымен қалпына келтірілгеннен кейін атқарушылық іс жүргізу аяқталады.

IV Халықаралық сот орындаушыларының палатасы

12. Конвенцияда бекітілген тетік мемелкеттер арасындағы ынтымақтастық және жәрдемдесу негізінде жүзеге асырылады. Тетіктің орындалуын бақылау және ол бойынша әлемдік қолдау көрсету мақсатында халықаралық кәсіби ұйым – Халықаралық сот орындаушыларының палатасы құрылады.

13. Палатаға осы конвенцияға мүше болып табылатын әр елден Ассамблеяда дауыс беру құқығы бар 2 (екі) ресми өкіл кіреді. Оның ішінде әр елден бір өкіл атқарушылық іс жүргізу саласын бақылайтын уәкілетті органның қызметшісі, екінші өкіл орындауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қауымдастықтың мүшесі болып табылады.

14. Палатаның негізгі мақсаты – дүниежүзі бойынша сот орындаушыларының шынайы ынтымақтастығы шеңберінде трансшекаралық орындатуды бірыңғайландырылған стандарттар мен нысандарды әзірлеу арқылы атқарушылық іс жүргізу тараптарының құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

15. Палатаның негізгі міндеттері:

- Атқарушылық іс жүргізудің бірыңғайландырылған, бейтараптылықты қамтамасыз ететін және кез келген юрисдикцияда қолдануға жататын стандарттарын әзірлеу және оларды ұлттық заңнамаға имплементациялау;

- Конвенцияға мүше елдерде шетелдік шешімдерің міндетті орындалуының механизмін әзірлеу;

- Шешімдер мен атқару құжаттарының еркін қозғалысын қамтамасыз ету;

- Елдер арасында трансшекаралық қатынастар бойынша шығарылған шешімдер мен атқарушылық іс жүргізу туралы ақпаратпен уақтылы әрі тиімді алмасуды және сол мақсатпен бірыңғай цифрлік платформа әзірлеп, жаңартылып отыратын ақпаратты платформа арқылы таратуды қамтамасыз ету;

- Сот орындаушыларының біліктілігін арттыру және ұлттық атқару жүйесіне аудит жүргізу;

- Атқарушылық іс жүргізу саласындағы халықаралық кооперацияның тиімділігін бағалау және оны нығайтудың жолдарын әзірлеу.

16. Палата келесі үш органнан тұрады: Ассамблея – жоғары басқару органы; Атқару комитеті – атқарушылық орган (басшысы әр үш жыл сайын Ассамблея мүшелерінің дауыс беруі арқылы тағайындалады) және Хатшылық – әкімшілік орган.

17. Дүниежүзі бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыру үшін Палатада Ассамблеяға кіретін өкілдердің қатысуымен комитеттер құрылады. Комитеттер шетелдік шешімдерге қатысты бірыңғай ережелер мен атқару стандарттарын, бірыңғай атқару құжат нысанын, сот орындаушыларының жаһандық әдеп кодексін әзірлеп, олардың заманауи талаптарға сай өзгертіліп және толықтырылып отыруын қадағалайды.

18. Конвенцияға мүше әрбір ел әзірленген бірыңғайландырылған стандарттар мен ережелерді өз территориясында заңнамаға имплементациялау арқылы енгізуге міндетті.

V Қорытынды ережелер

19. Конвенцияға қатысушы әр мемлекет конвенцияның міндеттілігін мойындайды.

20. Конвенцияның ережелері мен оның негізінде әзірленген бірыңғайландырылған құжаттар барлық мүше елдерде заңнаманың бір бөлігі ретінде қолданысқа енгізілуі тиіс.